




Қазақстанның халық жазушысы, аудармашы, қазақ әдебиетінің абызы
Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісовтің 100 жылдығына арналған

**«ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН
ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы
Қазақ университеті
2024

ӘОЖ 821. (512.122.0)
КБЖ 83.3 (5Қаз)
Қ 17

Жауапты редактор:
ф.ғ.д., профессор А.Б.Темірболат

Құрастырушылар:
ф.ғ.д., профессор С.Б.Ержанова, ф.ғ.к., доцент С.Ә.Қалқабаева,
ф.ғ.к., профессор м.а. Б.С.Сарбасов
PhD, доцент м.а. Г.Даутова, аға оқытушылар Г.Оспанова,
Б.Баязитов

«Қазақ прозасының даму тарихы мен әдебиеттанудағы жаңа бағыттар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 185 б.

ISBN 978-601-04-6915-0

Жинаққа 2024 жылдың 29 қазанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология факультетінде өткен «Қазақ прозасының даму тарихы мен әдебиеттанудағы жаңа бағыттар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттары, магистранттары, студенттері және мектеп ұстаздары, көпшілік оқырман қауымға арналған.

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

«ҚАН МЕН ТЕР» РОМАНЫНДАҒЫ ДИСКУРСТЫҚ АСПЕКТ

Нұрдаулет Ақыш,

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.*

Кіріспе. Алғашқы кітабы жарық көрген күннен бастап Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» роман жайында айтылған пікірлердің басым бөлігі бір арнадан табылып, оның көркемдік-идеялық қуатының мықтылығын қадап айтып келеді. Кең тынысты фабула Қазан революциясының алдындағы қазақ қоғамының жайы-күйі хақында кестелі түрде әңгімелеуден бастау алып, жер дүниені сілкінткен тарихи құбылыстың тып-тыныш қана бұйығы өмір кешіп жатқан бір түпкірдегі қазақ ауылына да қалай келіп жеткенін бас кейіпкерлерінің бастан кешкен оқиғалары арқылы жалғасын табады.

Осылардың барлығы көркем дискурстың орынды қолданылуы арқылы өз орнын тапқан деуге болады. Көлемді туыдының эстетикалық деңгейін түсірмей, ұстап тұрған да – дискурстық аспект.

Оқырманын бірден-ақ елең еткізетін – романның прологындағы ауыл-үйді тасқаяқтай қағыстырып жүретін тырыли Қарақатынның өсек отын тұтататын айқайы. Бұл айқай – жай айқай емес, кейіпкер тағдырына өзгеріс әкелетін астары жаман айқай. Өкінішке орай, осылайша дабылдата келген өсек сөздің негізінде шындық ұшқыны жатқаны да рас.

Бірақ оқиға өрістеп, кейіпкерлер арасындағы құлықтылық, яғни, имандылық тартысы күшейе түскен сайын жаңа әлеуметтік проблемалардың да көкжиегі кеңейе береді, аласапыран уақыт қоғам алдына тың проблемаларды да көлденең тарта бастайды. Бұның өзі сюжет одан әрі қоюлануға айналған кезде шығарма салмағының көркемдік-проблемалық тұрғыдан арта түсуіне жетектейтін нышандар екендігі сөзсіз. Сол кездерде айтылған көптеген пікірлерге сүйенсек, «Қан мен тер» трилогиясы дәуір келбетін көрсете алуымен, оқиғаларының қызықтылығымен оқырманын тарта алуында дискурстық аспекттің ролі айтарлықтай.

Негізгі бөлім. Бас кейіпкер Еламан бойында образ табиғатына тән күрделі, кесек белгілер сәтімен шоғырланған. Қоғамдық-әлеуметтік тартысқа еріксіз араласып, бара-бара, сол бір аласапыран уақыттағы саяси оқиғалардың қозғаушы тетіктерінің біріне айналған ол ірілі-уақты тартыстардың нәтижесінде шын мәніндегі қаһармандық бейнеге айналады. Бұл арадағы кейіпкер көзқарасының кеңеюі, іштей түлеп, жетілуі, қайраткерлік тұрғыдан ұштала түсуі, күнделікті өмірдегі толғанатын мәселелері де, мазасын алатын жағдайлар да – кәдімгі күнкөріс үшін жүрген шаруа адамына тән болып келетін типтік құбылыстар. Былай қарағанда, өзімен өзі жүретін осынау томаға тұйық жігіттің жан дүниесін бұрқандырып жатқан нәрселер өзінен басқа ешкімді ойландырып та жатпайтын сияқты.

Бірақ өмірдің қат-қабат күрделі құбылыстары өз бетімен маңып жүрген Еламанды да шет қалдырмай, өз қақпақылына түсіріп, иіріміне сүңгітіп әкеткендей болады. Бәрін іштей ғана ойланып, сол қайнап жатқан ойларын сыртына сирек шығаратын Еламанның басындағы үлкен әңгіменің бірі – Ақбала екеуінің ара қатынасынан келіп өрбіп, елеулі әлеуметтік-моральдық проблемаға айналады.

Өз тірілігін өзі күйттеп, былайғы өмірде шаруасы жоқ сияқты көрінетін Еламан тап тартысына еріксіз араласа отырып, ақыр соңында бүкіл ауылдың бірден бір бас көтерушісі деңгейіне көтеріледі. Серіктес ағасы Мөңкенің басындағы ауыр жағдайды айтпақшы болып балық промыселының қожасы Федоровтың үйіне келген сәттегі Еламан боркеміктеу, намыссыз жігіт. Өтініш айта келіп тұрып, жазықсыз таяқ жегеніне қарамастан, қыңқ етіп қожасына қарсы ауыз аша алмайды. Өйткені бұл кезде оның қол-аяғын тұсап, жібермей тұрған тылсым күш – жылдар бойында сүйегіне сіңіп қалған құлдық психология.

Бет-ауызын қан басып кетсе де, Мөңке отбасында орын алған ауыр трагедияның жағдайын қайталап айта береді. Федоровтың бұл қорлауында тек қана озбыр қожайындарға тән үстем тап өкілінің қорлығы ғана жатқан жоқ. Ол Еламанды ұлттық тұрғыдан да қорлап, «Азиат» деп кемсітеді. Яғни, бұндай кемсіту жалғыз балықшы Еламанға ғана арналып тұрған жоқ, оның шыққан нәсілін де қорлауға бағыттылып тұр, демек бүкіл халқын қорлап тұр. Соның өзінде әбден жуасып, ез болып қалған ұлттың өкілі жұмған ауызын ашып, тұяқ серпуге жарамайды.

Осының бәрі сол дәуірдегі езілген бодан жұрттың отаршылдар алдындағы дәрменсіздігі.

Ауа райының мезгілсіз уақытында зорлықпен ауға шығып, ақыр соңында бірнеше балықшының қазаға ұшырауы – таптық-отаршылдық езгінің жан төзгісіз деңгейге жеткенін бұлжытпай айғақтайтын трагедиялық ахуал. Шыдамның да шегі бар. Бұдан ары төзу мүмкін емес. Еламан қолындағы сүйменнің Федоровқа қарсы сілтенуі өзінің әлеуметтік деңгейіндегі отаршыл психолгоияға қарсылық. Қаны әбден қарайып алған бас қаһарманның жан дүниесі бір-ақ сәтте вулкан болып жарылды.

Осынау оқыс әрекет Еламанның тағдырына ғана бетбұрыс әкеліп қойған жоқ, оның маңайындағы адамдардың өмірдегі көзқарасына да тосын серпін берді. Үстем таптың езушілігіне қарсы наразылық толқыны Арал толқынынан арман күшейіп, қоғамға түбегейлі өзгерістер әкелетін дүбірлі оқиғаны тездете түсуге ықпал жасай бастаған.

Бұдан кейін Еламанның айдауда болуы, майданның қара жұмысына алынуы оның ірілене бастауына, қоғамдық-саяси белсенділігіне жол ашатын елеулі эволюциялық оқиғалар еді. Балықшы ауылының момын, жігерсіз жігітін өз басынан өткізген әділетсіздіктер ғана емес, әлеуметтік астары қалың шиеленістер де шыңдап, қайрат-күшін, ақыл-парасатын ұштап, ширата түскен. Ауыр өткелектерден өтіп келген ол – пісіп-жетілген төңкерістің, яғни, революцияның дайын тұрған сарбазы.

Азамат соғысы басталған сәтте қолына қару алып, ақ пен қызыл соғысына тайынбай араласып кетуі сол заңдылықтың нақыт көрінісі. Кейбір сыншылар Еламанның үшінші кітапта аяқ астынан пысып-ширап, алғыр болып шыға келуін жазушы тым шапшаңдатып жіберген деген сыңайда пікір айтады. Бірақ қоғам алдына өз проблемаларын жедел ұсынып, оның тез шешілуін талап еткен қатігез заманның екпіні адамды ойланып-толғанып тұруға, созбалаңдыққа мұрша бере қоймайтын.

Өмірінде мылтық ұстамақ түгілі олардың алыстан атылғанын да көрмеген бозбас ауыл жігіттерінің талайы-ақ майданға бара салып, ерлік жасағанына тарих куә. Ендеше соншама ауыр өткелектерден өтіп келген Еламанның ер жігітке тән қайсар мінездер көрсетуіне күдіктену орынсыз.

Қаһарман табиғатын жалаңаштап, ашып көрестетін көркемдік факторлардың бірі әлеуметтік-моральдық тартыс болса, екіншісі өз басынан кешкен қиянаттары, түрлі жеңілістері. Осы арада дискурстық аспекттің көркемдік рөлінің маңыздылығына куә боламыз. Қаншама ұмтылғанымен, Еламанның соқа басының ұшпаққа шыға алмауы да өмір шындығын бүркемелеп, кейіпкер тағдырын қолдан қиындату деуге болмайды. Әділеттілік іздеген жігіт басын тауға да, тасқа да ұрды. Ауға түскен асау шортандай шамасы жеткенше бұлқынып көрді. Бірақ мықты жіптен тоқылған ауды жырта алмады.

Автордың қаһарман трагедиясын көрсету тәсілдері тағы да дискурстық аспект шеңберінде. Ақыр соңында өз сан аулаған Арал балығындай болып, ақ офицердің қылышына туралуы сондай пессимистік сарынның айғағы.

Романның финалында Еламанды қылыштап кеткен басқа ешкім емес, өзінің бір кездегі ата жауы, промысел иесі Федоровтың баласы, ақ армияның офицері болуында да символдық мән жатыр деп ұғу керек. Осынау қайғылы эпизодта бұл дүниенің кегі ол дүниеге кетпес деген астар да жатқан болар.

Дүниежүзін дүр сілкінткен Қазан төңкерісінің дүмпуі кең байтақ қазақ даласының бір қиыры Арал теңізі маңайындағы ел тіршілігін де шайқап өткен. Өзімен өзі болып тыныш жатқан бұйығы жұрт Ресейдің ең бір артта қалған пұшпағы деген күннің өзінде де енді осы

революция ісіне араласуға мәжбүр. Бұндай саяси өзгеріс романдағы жекелеген кейіпкерлер арқылы нақты көрініс тапқан.

Бұндай шетін мәселенің бір ұшқыны Тәңірберген мен Ебейсін қарым-қатынасынан байқалып қалады. Тәңірберген байдың қасында жүріп, жаңа заманның саудасы меңгеріп алған Ебейсін біртіндеп өз ісін жүргізеді де, шапшаң байый бастайды. Тіпті жағдайын түзеп алғаны сонша – енді келіп бір замандарда өзіне қамқор болған, паналатып, оң ықпалын тигізген Тәңірбергеннің сөзін жүре тыңдауға айналады.

Ал татар саудагері Темірке болса, қулығына құрық бойламайтын аяр. Ол тек кедей-кепшіктерді ғана емес, айналасындағы ауқатты деген жандардың өзін алдап соғуға икемі барлығын көрсетті. Өзінің бәсекелесі Иван Курносты бір алдаса, Тәңірбергенді ақ әскерлерге жол бастаушы етіп жіберуге ықпал жасап, шарасыз халге ұшыратады. Бұның өзі бір жағынан қазақ қоғамына біртіндеп мысықтабандап араласып келе жатқан капиталистік психологияның соншалықты қаталдығын, аярлығын көрсетуге меңзейді, адамдар арасындағы жауыздықтың түп-түркінін көркемдік тұрғысынан безбендеуге бастайды.

Махаббат тәрізді асыл сезімге қатысты кейіпкерлердің көбінесе іштей буырқанған күйге түсуі жалаң баяндалмайды, оқиғаның әрбір даму сәті психологиялық ширығыстармен, әлеуметтік-моральдық тартыстармен ұштаса келіп, образ қалпын одан әрман тосын перипетияларға қарай жетелей береді. Аталған дилогияның алғаш жарық көрген күнінен бастап оқырмандарын жалт қартатуының бір сыры кейіпкер табиғатын осылайша күрделендіру барысында туындаған мәселелерді көркемдікпен ширата түсуінде жатса керек-ті.

Балықшы ауылындағы шаруа отбасында өсіп-өнген Ақбаланың өмірді танып-білу жолы да қарапайым. Бірақ соған қарамастан, өз сезімінің екіұшты күйіне ие бола алмай жүрген, сүйіспеншілік мәселесіндегі нәзік көзқарасын іс-әрекетімен сездіретін осы бір кербез де әсем келіншекті мүлде қарапайым жан дей алмайсың. Адами қалпының өзі ауыл ақсақалы деңгейінде көрінетін әкесі Сүйеу қартқа қарағанда басқаша. Романда Ақбала махаббат атты ұлы сезімнің күрделі әрі таусылмайтын тақырып екендігін астарлы түрде кейіптей алатын, сондықтан да өз деңгейінде көркемдік-идеялық жүк көтеріп тұрған символдық бейне деуге болады.

Пенде баласына тән рухани бұлқыныстар мен құбылыстардың бір парасы әйел жынысты кейіпкерлер арқылы лек-легімен көрініс тауып отырады. Бұл жағынан келгенде, алдымен ауызға алынатыны – сөз жоқ, Ақбала бейнесі. Ол қараңғылық тұмшалаған қыр елінде жиі кездесетін қазақ әйелдерінің типтік бейнесі деуге болмайды. Бойында ұстамдылық та, төзімділік те, сыпайыгершілік те болғанымен, ол өз бағасын білетін тәккаппар жан. Реті келсе, басқалардың алдында өзін мойындата аларлық та мінезі бар. Сонымен бірге махаббат, сезім мәселесіне келгенде, қазақ әйеліне тән бұйығылықтан, қорғаншақтықтан арылып, ашық түрде батыл кететін тұстары да жоқ емес.

Бұл арада Еламан-Ақбала-Тәңірберген арасында махаббат ұштағанына тән болып келетін типтік нышандар орын алады. Осы үш кісінің сезім күйін, жүрек лүпілін ортаға ұсыну барысында жазушы оқырмандарын да әрі-сәрі күйге түсіреді, ортақ тиянақты пікірге келтірмей, сезім құбылыстарын құбылта түсіп отырады. Бұл арада базбіреулер Еламанды жақтаса, екінші бір оқырмандар Ақбаланы немесе Тәңірбергенді кінәлап жатады. Таза имандылық, құлықтылық тұрғысынан алып қарағанда, үшеуін де құптамай, сезім күйлеріне тиянақты да жауапты қарай алмағандары үшін үш кейіпкерді де жазықты етіп шығаруға болар еді.

Бір қарағанда бұл атам замандар бойы қазақ ауылында қалыптасқан түсінік-танымды бұзатын лайықсыз оқиғалардың тізбегі болып та көрінуі ғажап емес. Бір әйелдің екі еркектің арасында толқып, басы қатып жүруі қазақи қыр өмірінің тіршілігінде сирек ұшырасады. Бірақ мәселе – шығарма табиғатынан өрбіп келіп, жақсы жымдасып кететін психологиялық дәлелдің мығымдылығында.

Сонымен бірге Бөбек, Кенжекей, Қарақатын және т.б. әйел бейнелері көркемдік кестесімен жақсы сомдала келіп, қазақ әйелдерінің бір ұнасымды галареясын жасаған деуге болады. Бөбектің күйеуінен қашып кету оқиғасы, Кенжекейдің жан алып, жан беріскен қиын

сапары, Қарақатынның ауыл үйді қоңсы қондырмайтын көк айыл шарқыштығы көркем мозаикадай құралып келіп, әйел образдарының кең полотносын елестетеді.

Бұлардың бойындағы нәзіктік, адалдық, тазалықпен бірге шайпаулық, қатігездік көріністері өмір шындығынан алыс жатыр деуге болмайды. Мәселен, Қарақатынның байлаулы тұрған байталды пышақпен жарып жіберуі жантүршіктіретін көрініс, бір жағы шындыққа сыйымсыз болып көрінуі де. Ал екінші жағына алғанда оның тамақ үшін бұндай оқыс қимылға баруы ақталып та тұрған сияқты. Оқыс жағдайлар, тосын оқиғалар демекші, романның әр тұсынан шаң беріп қалатын мұндай эмоциялық бояуы қанық детальдар мен штрихтардың оқырман есінде де жақсы сақталып қалуы дискурстық аспектінің көркемдік табиғатына тән.

Бір замандарда баспасөз беттерінде «Қан мен тер» трилогиясының кейіпкерлері арасындағы схема М.Шолоховтың «Тынық Донындағы» жағдайға ұқсас деген пікірлер айтылып жүрді. Бұл негізсіз емес болатын. Қазбалай берсек, бас кейіпкерлер атақты тертарлогияның кейіпкерлерінің бейнелерін, қарым-қатынастарын еске түсіретін жағдайларды салыстыра отырып, тауып алуға болады.

Бірақ ескеретін жағдайлар да бар. Шолоховтың бұл атақты шығармасына орыс жазушыларының өздері де еліктеген. Оның көркемдік схемасын көшіріп алғандар да болған. Атап айтсақ, бұл құбылыс Константин Седыхтың «Даурия» деген дилогиясында көрініс тауыпты. Ондағы бас кейіпкер Роман Убыкин Григорий Мелеховтың әрекеттерін қайталап жатады. Азамат соғысының көріністерін беру тәсілдерінде де «Тынық Дондағы» жағдаяттарға ұқсас тұстары да кездеседі.

Салыстырып көру үшін К.Седых романының Кеңес дәуірінде ана тілімізге аударылғанын да еске салып кетсек, артық емес.

Сондықтан да қазақ жазушысының романына шүйілге бермеген дұрыс болар еді.

Қорытынды. Қазақ әдебиетіндегі туындылардың ішінде көркемдік өресі, қоғамдық-тарихи проблемалары кеңқұлашты эпикалық романдардың орыны бөлек болып келетіні мәлім. Қалай болған күнде де дискурстық аспектісінде жақындық болғанымен, кең тынысты қомақты романдардың арасынан Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» дилогиясының шоқтығы аласарған жоқ.

Жоғарыда айтылғандай, оның себебі бірнешеу. Ең алдымен, романның әлеуметтік, қоғамдық салмағының мейлінше ауырлығы, айтылар ойлардың тереңдігі, екіншіден, осындай көлемді шығарманың бір сәт те әлсіремей, биік көркемдік деңгейде жазылуы, үшіншіден, көркем шығармаға қойылатын негізгі эстетикалық талаптардың оқырман талғамымен үйлесе отырып, толығымен орындалуы.

Осы айтылғандардың барлығы айналып келгенде, дискурстық аспектінің айқындығын білдірсе керек..

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Трилогия. – Алматы: Жазушы. – 1976.-824 б.

Ә.НҮРПЕЙІСОВТІҢ «КҮТКЕН КҮН» РОМАНЫНДАҒЫ МАЙДАН ШЫНДЫҒЫН БЕЙНЕЛЕНУ ТӘСІЛДЕРІ

*Орда Гүджахан Жұмабердіқызы,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институты Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және
көркем публицистика бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы
Қазақстан, Алматы*

Кіріспе. Әдебиет тарихына қарап отырсаңыз, қай дәуір әдебиетіне де сол дәуірдің тарихи оқиғалары мен ұлт тарихынан үлкен орын алатын ұлт қаһармандарының көркем бейнесін көруге болады. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінен үлкен орын алған осындай айтулы тарихи оқиғалардың бірі – Ұлы отан соғысы. Бұл соғыс тек қазақ әдебиеті емес, Кеңестер одағына қарайтын 15 республиканың, яғни ТМД елдері әдебиетінен үлкен орын алғаны белгілі.

Ұлы Отан соғысы тұсында поэзия жауынгер жанр ретінде танылғандығын Ж.Жабаев, Т.Жароков, Ғ.Орманов, А.Тоқмағамбетов, Қ.Аманжолов, Ә.Сәрсенбаев, Ә.Тәжібаев сынды ақындардың отты жырларынан көруге болады. Сонымен бірге прозаның шағын жанрлары да белсенділік танытты. Оны Ұлы Отан соғысының қан майданын кешіп келген Ә.Сәрсенбаев, Д.Әбілев, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев, С.Сейітов тәрізді ақын-жазушылардың әңгіме, очерктері растайды. Мерзімді баспасөз беттерінде майдандағы жауынгерлерге өршіл рух беретін, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыратын үгіттік үлгімен жазылған шағын жанрдағы публицистикалық мақалалар, көркем очерктер, әңгімелер үздіксіз жарияланып отырды. Оларға негізінен Отан үшін ерлікпен қаза тапқан және басын өлімге тіккен жауынгерлер мен тылдағы еңбек майданы арқау болды. Кеңес және қазақ әдебиетінде аталған тақырыпта жазылған кең құлашты романдар да аз емес. Ұлы Отан соғысы тақырыбы сол тұстағы көп ұлтты кеңес одағы романшыларының шығармашылығынан ойып орын алды. Оған Кеңес Одағындағы көп ұлтты туысқан әдебиеттің көрнекті өкілдерінің туындылары мысал бола алады. Сонымен бірге кеңес жазушыларының арасында роман жанрының шеберлері анықталды. Бұл жылдары кеңестік әдебиеттің проза жанрында жазылған кең ауқымды эпикалық роман жетекші жанрға айналды. Соғыстан кейінгі жылдары аталған тақырыпқа жазылған кеңестік жазушылардың романдары аталған жанрдың дәстүрлі жолын қалыптастырып, дамытты [1; 5-33].

Кеңес романшыларының соғыстағы адам туралы көркем шығарма жазуына Лев Толстойдың «Севастополь әңгімелері» мен «Соғыс және бейбітшілік» шығармаларының тигізген ықпалы зор. Орыс әдебиетінде отызыншы жылдардың басында-ақ азамат соғысы жөніндегі Н.Тихоновтың «Соғыс», П.Павленконың «Шығыста» романдары жазылғаны белгілі. 1942 жылдың өзінде басылым беттерінде М.Шолохов, Л.Соболев, А.Корнейчук, К.Симонов, А.Твардовскийлердің әңгімелерімен бірге В.Гроссманның «Ажалсыз халық» және В.Василевскийдің «Кемпірқосақ» повестері жариялана бастады. Ал, 1943-44 жылдары К.Симоновтың «Күндер мен түндер» (1943-1944), А.Бектің «Волоколамск тас жолы» (1944), Г.Березконың «Дивизия командирі» романдарында майдандағы кеңес жауынгерлерінің жанкешті ерлігі көркем шындыққа айналды. Майдандағы және тылдағы жандардың ерен ерлігін шынайы көрсете білген бұл романдар сол тұстағы бүкіл кеңестер одағы жазушыларына үлгі болды. Неміс басқыншыларымен күрес тылдағы жазушыларды да қаламмен күреске шақырды.

Бейбіт елге тұтқиылдан жасаған шабуыл үлкен Одақты есеңгіретіп жіберді. Көп ұлтты Кеңес Одағын басқыншы жаудан қорғауда жауынгерлер темірмен құрсауланған басқыншыларға қарсы тұрды. Жауға найзамен шабатын батырлық қалды. Бұл соғыстың аты да, заты басқа еді. Бұл тұста қазақ жазушыларының алдында үлкен міндет тұрды. Жазушылар шағын жанрдағы шығармалармен қатар эпикалық жанрларға да құлаш сермей бастады. Олар мұз төсеніп, қар жастанған жауынгерлердің ерен ерлігін әдебиетке алып келіп, бүгінгі қазақ батырының шынайы бейнесін жасауға ұмтылды. Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» (1950, «Қазақ батыры» (1945)), Ә.Нұрпейісовтің «Курляндия» (1950, «Күткен күн» (1958)),

Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» (1956), Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» (1959) сынды кең құлашты эпикалық шығармалар Ұлы Отан соғысын арқау етті. Бұл тақырыпқа негізінен соғыс майданын көзімен көрген ақын-жазушылар ғана барды деп айтуға болады. Сонымен бірге майданда болмаса да, сондағы өмір шындығын көркем шындыққа айналдыруда көркем сөздің шебері Ғ.Мүсірепов өз үлесін қосты. Үлкен әлеуметтік мәні бар тарихи оқиғаны кең көлемді эпикаға арқау еткендердің тұңғышы да – Ғ.Мүсірепов.

Негізгі бөлім. Шығарма алғашында повесть ретінде жазылып, «Қазақ батыры» деген атпен «Майдан» альманахында жарияланды (1944, №1, №2; 1945, №1). Жазушы повесін Керч майданында көрсеткен ерлігі үшін Совет Одағының Батыры атағын алған Қайырғали Исмағұловтың өз аузынан естіген шындыққа құрды. 1943 жылы майданнан елге келген батырмен көп сұқбаттасудың нәтижесінде жазылған повесть әдебиетші қауым арасында бір-біріне кереғар көптеген сын пікірлер туғызды. Айтылған сындардың негізі автор бас кейіпкердің баяндауынан шыға алмаған, соғыс шындығы жете көрсетілмеген, публицистика басым, суреттеуден шешендік басым, романның тереңдігі, кеңдігі, ұлы соғыс бейнесін жасауы жетіспейді дегенге саяды [2].

Майдан шындығы туралы шынайы шығармалар соғыс аяқталып, майдангерлер елге келген соң, араға біраз уақыт салып жазыла бастады. Қазақ әдебиетіндегі осы мәселені толықтыратын романның бірі – майдангер жазушы Ә.Нұрпейісовтің «Күткен күні» (1958) (әуелгі аты «Курляндия» (1950). Бұл – Оңтүстік және Прибалтика майдандарында болған жауынгердің, өзімен қатар жүрген жолдастарының ерлігін көркем бейнелеген шығарма. Үлкен прозадағы тырнақалды шығармасына жазушы өзі қатысқан атақты Курляндиядағы соғыс, окоп шындығын алып келді. Осы туынды жөнінде жазушының замандасы, өзі де майдан даласынан соғыс шындығын көріп келген Т.Ахтанов: «Ә.Нұрпейісовтің «Курляндия» романы жарық көрді. Соны оқып шығып ойға қалдым. Шығарманың біраз кемшілігі болса да, маған қатты ұнады...» [3; 319], – дейді. Осылайша роман жөнінде бір-біріне кереғар түрлі пікірлер айтылып жатты. Сыншылар тарапынан роман кемшілігі айтылып жатқанда автор: «...1947 жылы әскер қатарынан босанып қайтқан шала сауатты қалпыммен роман жаздым. Әрине, шала сауатты баладан шала сауатты роман шығатыны белгілі», [4; 92], – деп айтылған сындарға мойынсұнғандай сынай танытты. Қалай дегенде де, бұл – майдан шындығын қазақ жазушыларының ішінде алғашқылардың бірі болып шынайы бейнелеген роман. Осы ойымызды ғалым М.Базарбаевтың мына пікірі растайды: «Бұл шығармада совет жауынгерлерінің, әсіресе, қазақ солдаттары Қожақ, Есей, Нұржан образдарынан батыл, ер жүрек жастардың, советтік жастардың бейнесін көреміз. Жас жазушының прозадағы тырнақалды шығармасы республиканың отыз жылдық мерекесі күндері сыйлық алды» [5; 150]. Дегенмен жазушы айтылған әділ сындарды оң қабылдап, романын күзеп-түзеп, толықтырып, олпы-солпы тұстарын жнндеп «Күткен күн» романын ұсынды.

Осылайша Ә.Нұрпейісовтің әр туындысы жазылған бойда қызу талқыланып, оқырманның да сыншылардың да назарын аударып отырды. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты академиялық кешенді еңбектің 9-томына ғалым Ш.Елеукуеновтің авторлығымен «Әбдіжәміл Нұрпейісов» деген монографиялық тарау жазылды. Онда жазушының алғашқы тырнақалды туындысы «Курляндиядан» бастап «Қан мен тер», «Соңғы парыз» романдарымен бірге көркем аударма, көркем публицистика, эссе, сын саласындағы еңбектері кеңінен таратыла сөз болды.

«Күткен күн» романының екі нұсқа жөнінде жазушы шығармашылығын зерттеуші Ш.Елеукуенов: «Курляндияның кемшіліктері оның авторының жастығынан, қаламы төселмегендігінен туған-ды. Жаңа «Күткен күн» нұсқасында жазушының сол кемшіліктердің елеулісі – тұла бойы тұңғышының композициялық олпы-солпы тұстарын жоюға күш салғаны байқалады» [6; 205], – дегендіктен, әңгіме негізгі нұсқа «Күткен күн» төңірегінде болмақ. Себебі жазушы алғашқы нұсқадағы романның композициялық құрылысы жөнінде айтылған сын-ескертпелерді түгелдей сүзгіден өткізіп, қайта жазып шықты.

«Дауыл алдында», «Бұрқасын», «Соқ дауыл, соқ!», «Тосқауылдар», «Толас», «Крумидағы «гастроль», «Қоршаудан қоршау», «Үш күн, үш түн дегенде», «Алмасу», «Кездесу», «Броньды белбеу» деген бөлімдерден құралған 29 баспа табақтан тұратын нұсқаны 11 баспа табаққа қысқартқан. Екінші нұсқада автор бөлімдерге ат қоймай, оларды төрт бөлімге

бөлген. Батыс майдандағы латыш жеріндегі соғыстың соңғы жылдарындағы оқиғалар шығармаға негіз болған. Мұндағы кезек-кезек күш жиып алып шабуылға шығу – олардың соңғы шайқастарының көрінісі. Генерал Беге, Фон Рубинштейндермен маршал Говров, генерал Разумовтың бір жарым жылдай ит жығыспен бір қадым ілгері, бір қадым кейін шегініп бір-біріне беріспей ұзақ шайқасқан қызу айқастары негізгі кейіпкерлердің төңірегінде жүріп жатады.

Негізгі оқиға бас кейіпкер зеңбірекші (артиллерист) Бержанов Есейдің айналысында өтеді. Романның басында рұқсатсыз жау шебіне барып, тіл алып келетін Есей кейінгі шайқастарда ерлігімен көзге түседі. Есей бастаған барлаушылардың жау қоршауында қалғанда өздеріне оқ атуды талап етуі, Унгри қыстағында қоршауда қалып, түгелдей ерлікпен қаза табуы жарқын эпизодтармен бейнеленген. Соңғы шешуші шайқаста шегінген жау әскері көпіді жарып кеткенде де балықшы Бекжан баласының зеңбіректерді судан өткізуі – оның қиын сәттерде де жол таба білген іскерлігі мен тапқырлығы. Есей бейнесі жауынгерлер тығырыққа тірелген осындай қиын сәттерде толығып отырған.

Улан-Удеде емделіп, екпінді армияға келіп қосылған Нұржан да өз ерекшелігі бар кейіпкер. Жазушы оның ешқайда сыймайтын ебедейсіз аяғы, олпы-солпы бітімі, аңғал мінезі арқылы батырдың аңғал келетіндігін көрсетуге тырысқан. Ол да сөздің емес, істің адамы. Жауынгерлерді «Атақаға көтерем» деп оққа ұшқан Ивановтың, Унгри қыстағында ерлікпен қаза тапқан он жеті жауынгердің, телефон сымын тісімен жалғап көгеріп қатып қалған Хмараның да өлімі – ерлік пен қаһармандықтың жарқын суреттері.

Жазушы Скориковтың Москваға келуі мен Ержанның ауылға баруы арқылы тыл өмірінен де хабар берген. Скориковтың Москваның бірнеше дүкеніне кіріп балаларына базарлық таба алмауы, дүкендердің босап қалуы – сол тұстағы ел өмірінің әлеуметтік жағдайының көрінісі болса, тозығы жетіп көз-көз болып ойылған штор – халық тұрмысынан хабар берер деталь. Шығармада шалғайдағы қазақ ауылының да тұрмыс-тіршілігі жақсы суреттелген. Балықшылардың ұстаған балығын өздері жеуге қимай майданға жіберіп отыруы – сол тұстағы көп ұлтты кеңес одағының барлығына тән өмір көрінісі.

Жергілікті тұрғындардан құралған ерікті партизандардың ерлігі шығармада шынайы көрініс тапқан. Ағаш шебері Пий атайдың менің балам латыш деп өз баласына сенім арта сөйлеуі осының бір айғағы. Жау қолына түскен кеңес офицерін тұтқыннан алып шығуы, Ян, Станга бастаған партизандармен бірге Есейдің сүйгені латыш қызы Эрикастың қаза табуы – қасық қаны қалғанша жаумен айқаса білген жергілікті халық өкілдерінің ерлігі.

Жазушы қаламына тән және бір ерекшелік – бір-біріне кереғар ұғымдарды қатар салыстыра суреттеуі. Қарама-қарсы жайттарды салыстыра отырып суреттеу майдан өмірінен де, тыл өмірінен де байқалады. Барлаушылардың өңірі сауыс болып, балшықтан қайыстай болған шинелдерінің етегі оқтан шұрқ тесік болып жүрсе, шаруашылық бөлімінің бастығы Долгушовтың етігі жалтырап, қайта-қайта киім ауыстырып, сән түзеп жүруі де осындай кереғарлықтың көрінісі. Бір-біріне кереғар кейіпкерлердің істері де, сөздері де тіпті сырт тұлғалары да бірін-бірі толықтырып отырады. Жазушы осындай жаратылысы әр алуан жандарды соғыстың өзі өзгерте алмағанын жете суреттеген. Майдандағы екі ұдай жағдайдың көшірмесі тыл өмірінде де бар. Елдің көпшілігі бір ішер асқа зар болыр отырса, Насыр үйінің жағдайы тіптен басқаша.

Кейіпкер бейнесін аша түсетін тәсілдің бірі – олардың қарсыластарының зор күш иесі болуы. Маршал Говоровтың қарсыласы – әккі генерал Гильферд. Жазушы оның соғыс тактикасы мен стратегиясын терең меңгергендігімен қатар шынжыр табанмен құрсаулана бекінген «бронды белбеуін» де ашық шайқастармен көркем бейнелеуде табысқа жеткен. Фельдмаршал Кейтель Курляндиядағы қол басыларға: «бар әскерлерің, бар қару-жарақтарыңмен Ленинград майданының әскерлеріне беріліңдер!», – деген бұйрығын келеке етіп: «Қолында отыз солдаты жоқ фельдмаршалды фельдфебель десем, ал отыздан астам дивизиясы бар инфантера генералы оның әміріне қалай көнеді» [7], – дейтін соғыс тактикасын терең меңгерген генерал Гильфердтің «бронды белбеуін» кеңес әскерлерінің тапқырлықпен, шыдамдылықпен, төзімділікпен борт-борт үзіп, оларды қалай жеңгенін, яғни, алдыңғы шептегі окоп шындығын жеткізе білуі – жазушының негізгі жетістігі..

Мұндағы орыс жігіттері Петр Денисов, капитан Скориков, капитан Тайнов, майор Долгушов, полковник Сидлер, татар жігіті кіші лейтенант Хизатуллин, латыш шалы Пий, Эрика сынды жанама кейіпкерлер негізгі орталық кейіпкерлердің бейнесін аша түсуге қызмет етеді.

Осындай жетістіктерімен бірге кейбір жайттарды аша түсу жағы ескерусіз қалып отырады. Оны контузия алған Есейдің емделмей-ақ жазылып кеткенінен, Скориковтардың хабарсыз жоқ болып кету себебінің кеш түсіндірілуінен көреміз. Романда осындай ұсақ-түйек кемшіліктер болмаса, тұтастай алғанда, жазушы өзі бел ортасында жүрген окоп шындығын көркем шындыққа айналдыруда майдан даласындағы қазақ жауынгерлерінің көзсіз батырығын, олардың көркем бейнесін жасады.

Қорыта айтқанда, майдангер жазушылар қазақ романын мазмұн, түр жағынан байыта түсті. Ұлт әдебиетіне тың образдар қосылды. Жоғарыда аталған романдар қазақ жазушыларының эпикалық кең құлашты жанрды терең игере алғандығын танытты. Деректілік пен нақтылық шығармалардағы соғыс шындығын шынайылай түссе, жазушылардың кейіпкер жандүниесіне үңілуі – психологизм мен лиризмді шебер игергендігі. Бұл шығармалар жазушылардың ғана емес, қырқыншы-елуінші жылдардағы кеңес әдебиетіндегі қазақ романының үлкен табысы болып саналды. Ұлы Отан соғысының басталған алғашқы күндерінен жеңіске жеткенге дейінгі аралығын қамтитын Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», майдангер жазушылар Ә.Нұрпейісовтің «Күткен күн», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романдары – Б.Горбатовтың «Бағынбағандар», А.Фадеевтің «Жас гвардия», М.Буббеновтың «Ақ қайың», В.Панованың «Серіктестері» сынды әдебиеттің алтын қорына кіретін туындылар. Бұл шығармалар сол тұстағы майдандағы, жау қолына түскен қала, деревнялардағы, тылдағы кеңес халқының көрсеткен ерліктерін жан-жақты қамтуымен құнды. Ұлы Отан соғысы ел өміріндегі айтулы үлкен тарихи оқиға болса, сол тарихи шындыққа қатысқан адамдардың көркем бейнесі – қазақ әдебиетіне қосылған жаңа образдар. Майдангер жазушы Бауыржан Момышұлы Мамытбек Қалдыбаевқа берген сұхбатында: «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр. Түсінікті ме? Мақсат – жас ұрпақты елін, жерін сүйуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Елін сүю, қорғау – әр солдаттың азаматтық міндеті. Сол себепті ол жоғары азаматтық санаға ие болуы керек» [8; 5], – дейді.

Қорытынды. Олай болса, қазақ жазушылары сомдаған Қайрош, Шеген, Есей, Нұржан, Көжек, Ержан, Кәкібай, Мұрат, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров сынды жөргегінен тәрбиеленген қазақ батырларының бейнелері – ұлттық мұрамызға қосылған сом образдар. Жазушылардың ортақ жетістігі – жауынгер қазақ халқының батыр ұлдарының ерлігін суреттеуде олар бірін-бірін қайталаған жоқ. Тіпті Москва түбіндегі бір майдан оқиғасының өзі екі жазушының шығармасында екі түрлі көрініс тапты. Майданның қақ ортасында болған майдангер жазушылар сондағы окоп шындығын көркем шындыққа айналдыруда қазақ романының көркемдік деңгейін биікке көтере білді. Бұл романдар – адам және соғыс, соғыс және бейбітшілік, өмір және өлім мәселелерін жан-жақты көтерген шығармалар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Роман военных лет (1941-1945). В кн.: История русского советского романа. – Москва-Ленинград: Наука, 1965, стр. 5-33.
2. Мұстафин Ғ. Ой әуендері. – А., Жазушы, 1978; Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – А., Жазушы, 1985; Жұмабеков С. Ғабит Мүсірепов. – А., Мектеп, 1989,
3. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Жазушы. – 1985. – 319-б.
4. Нұрпейісов Ә. Толғау. Раздумье. – Алматы, 1972. – 92-бет.
5. Базарбаев М., Нарымбетов Ә. Ерлік пен еңбек дастаны. – Алматы: Мектеп. – 1984. 150-б.
6. Елеуқенов Ш. Ғасырмен сырласу. – Астана: Елорда. – 2004. – 205-б.
7. Нұрпейісов Ә. Күткен күн. – Алматы: Жазушы, 1979. – 312 б.
8. Қалдыбаев М. Ұмытылмас кездесулер. – Алматы: Қазақстан, 1989, 5-б.

ТАРИХИ ДӘУІР МЕН ЕЛ ТАҒДЫРЫНЫҢ ТАМЫРШЫСЫ, КЛАССИК ЖАЗУШЫ – Ә. НҮРПЕЙІСОВ

Сейпүтанова Айымгүл Қамзақұзы
С.Аманжолов атындағы Шығыс
Қазақстан университеті
қауымдастырылған профессор, ф.ғ.к.
Өскемен қ., Қазақстан

Кіріспе. Әдеби шығармашылық жолында өткен тарихтың терең қойнауларындағы күрделі белестерді қалың жұртымен қара нардай бірге еңсеріп, өмір дариясының сеңін бірге бұзып, толарсақтан саз кешіп, замана шындығының кермек дәмін бірге татып, жиған-тергенін көкейге түйіп, сана сүзгісінен өткізіп, талғам таразысына сап, талмай ізденіп, көз майын тауысып, қарымды қаламын аянбай танытып, Кеңес және Тәуелсіз ел әдебиетіне өшпес мұра қалдырған қаламгерлер қатарынан Әбдіжәміл Нұрпейісов ойып тұрып орын алатыны сөзсіз.

«Курляндия» яғни «Күткен күн», «Қан мен тер», «Соңғы парыз» сынды тарихи кесек туындыларды және сан алуан күрделі мәселелерді арқау еткен бірнеше әдеби-сын мақалаларды, очерктерді, көптеген аудармаларды дүниеге әкелу жолында тарихи дәуір мен ел тағдырының тамыршысына айналған классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов бүгінде көзі тірі болса 100 жасқа келер еді.

Абыз жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылдың 22 қазанында Қызылорда облысы, Арал ауданы, Құланды поселкесінің Үшкөң ауылында дүниеге келген. Ол XX ғасыр қазақ әдебиетіне өшпес із қалдырған Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, II Дүниежүзілік соғыс ардагері, 1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының және 2003 жылы Халықаралық М.Шолохов атындағы сыйлықтардың лауреаты, Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», «Халықтар достығы» (1984), «Отан» (1994) ордендерімен және медальдарының, РСФСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасының, 2001 жылы Мәскеудегі Халықаралық Әдеби қордың «За честь и достоинство» марапаттарының иегері атанған. Осы жерде баса айта кететін нәрсе кезінде КСРО мемлекеттік сыйлығын үш-ақ қазақ қаламгер алған екен. Олар – Мұхтар Әуезов, Жұбан Молдағалиев және Әбдіжәміл Нұрпейісов. Бұған қоса көзі тірісінде классик дәрежесіне ие болған тек қана заңғар жазушы Әбдіжәміл екен.

Осындай атақ пен даңқ абыз жазушыға жайдан – жай, оңай келмегені, бостан - бос берілмегені айдан анық. Өмірінің ақырына дейін саналы ғұмырын шығармашылыққа арнап, ұлтына қалтқысыз қызмет етіп, өндірте жазып, жүрегі «халқым» деп соғып, бар күш-жігерін ақырғы демі сарқылғынша жұмсап, еңбектенгеніне соңында қалған рухани мол мұрасы толық куә деуге болады.

Негізгі бөлім. Жазушы өзінің әдебиетке деген қызығушылығының бастамасы жайында: «Менің оқуым ит тістеген терідей болды. 5-сыныптан бастап дұрыстап оқыдым. 6-сыныпта интернатта жаттым. Сәбит Мұқановтың «Адасқандар», «Жұмбақ жалау», Мұхтар Әуезовтің «Абай» романының алғашқы екі кітабы, Сервантестің «Дон-Кихот» романының қазақша аудармасы қол сөмкемізден түспеуші еді» [1], - дейді өз естелегінде. 10 - сыныпта оқып жүріп повесть жазуға кіріскенімен, онысы әскерден келгенше жоғалып кеткен екен. Оған жазушы аса қынжылмағандығын айтады. Өйткені, балаң шағымда жазылғандықтан қателері де көп еді дейді. Қаламгер «Курляндия» романын жазуды 1946 жылы әскер қатарында жүріп бастап, 1950 жылы аяқтаған. Кейін «Күткен күн» деген атаумен толықтырылып, қайта өңделген. Жазушы тырнақалды кітабы үшін Жамбыл атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты атанған. Проза саласында үзбей еңбектеніп, өткір сынымен, публицистикалық мақалаларымен де көзге түсе бастаған. Осылайша Әбдіжәміл Нұрпейісовтің тарихи тақырыптағы кесек туындылар қатары толық түскен.

«Қан мен тер» трилогиясы, басқа да шығармалары отыздан астам шетел тіліне аударылып, ұлттық әдебиетімізді дүниежүзіне танытты. Аталмыш трилогия (1-кітап –

«БІмырт», 1961; 2-кітап – «Сергелдең», 1964; 3-кітап – «Күйреу», 1970) 1916-1918 жылдардағы аласапыран кезең мен қазақ халқының – Арал теңізі жағалауындағы балықшылар өмірінің әлеуметтік қайшылыққа толы күрделі кезеңін көркем бейнелеген шығарма. Онда 200-ге тарта кейіпкер шеберлікпен сомдалған. Бір ғана Еламанның жігерлі бейнесі арқылы қазақ халқының өршіл қаһармандық рухы шынайы көрсетілген десек болады.

«Соңғы парыз» дилогиясы да әлем әдебиетшілерінің үздік бағасына ие болған туынды. Аталмыш шығармасын жазуға автор 25 жыл ғұмырын сарп еткен екен. Экологиялық тақырыптағы әлеуметтік-психологиялық бұл роман-дилогиясында Арал теңізінің апатқа ұшырауына себепкер образдардың да хикаясы жан-жақты суреттелген. Автор экология, табиғат пен адам арақатынасын терең толғай отырып, оқырмандарын рухани-адамгершілік мұраттарға жетелейді. Осы романы жайында Абай шығармаларының аудармашысы, белгілі неміс әдебиеттанушысы Леонард Кошут: «Сенің романыңа арқау болған проблемалар - әлемдік маңызы бар проблемалар» [2] деп пікір білдірген екен.

Әбіжамал Нұрпейісов бұл шығармасы арқылы қазақ әдебиетіне тың жаңалық ретінде «депрессиялық әдебиетті» әкелді. Демек, осы «Соңғы парыз» романында адам, қоғам, заман, табиғат депрессиясын дөп басып, оның жанды жері Арал теңізінің тартылып, сорға айналып бара жатқан тағдырын әлемдік трагедия шеңберінде суреттей отырып, адалдық пен әділеттіліктің жаршысы, тоңмойын, қырсықтау болса да еңбекқор, ауылына адал қызмет етіп, әкеден көрген балық аулау кәсібін жандандыруға тырысып баққан Жәдігер, көрікті болғанмен ақылы одан алшақ жатқан әрі екі азаматтың ортасында өзін сергелдеңге түсіріп, соңында опық жеген ару әйел Бәкизат, атақ пен даңққа мас болып, құрбанына айналған, Аралды саудаға салған ғалымсымақ Әзімдер арасындағы үштік тартыс, қайшылықтар қайнаған өмір ортасында ащы шындықпен бейнеленген. Бұл шығармада депрессияның әдеби портреті жоғарыда сөз еткен жиынтық бейнелер арқылы танылады. Автор өзінің әдеби кейіпкерлері арқылы бүгінгі психиатрлар депрессиялық спектрдің бұзылуы деп түсіндіретін жағдайларды мінез бен тартыс шеңберінде көрсетуге тырысқан.

Романда Жәдігердің, Әзімнің, Бәкизаттың басынан кешіп келе жатқан сергелдең бір кездері Еламан, Тәңірберген, Ақбала кешкен сергелдеңдерге ұқсап кеткендей болады. Автор сол арқылы бейне бір өткен заман азабының, яғни қазақ халқымен біте қайнасқан өз өмірінің бір ғасырға жуық мүшкіл халінің әлі де өзгеріссіз жалғасып келе жатқанын аңғартқандай.

Депрессия көріністерінің орын алуы, бір жағынан, автордың өзі кешкен өміріне, өзі көзімен көрген, құлағы естіген қоғам оқиғаларынан алынуына тікелей байланысты десек болады. Өмірге деген көзқарастар, әдеби кейіпкерлердің сыртқы әлеммен қарым-қатынасының ерекшеліктері көбінесе өте дәл эскиздермен берілген. Жазушы әр шығармасының кейіпкерлерін, олар сезінген сезімдердің реңктерін айна қатесіз шынайылықпен көркем түрде суреттеп берген.

Күнделікті өмірде қарапайым адамның ғана емес, тіпті депрессия мәселесімен арнайы айналысатын дәрігердің немесе психологтың назарынан тыс қалатын көптеген қалтарыс-бұлтарыстарды әлем әдебиетінің классик жазушылары кейіпкерлерінің характерін сомдауда асқан шеберлікпен айқын таныта алғанын байқауымызға болады. Мысалы XIX-XX ғасырда орыс жазушыларынан А.П. Чеховтың «Оттар», Н.Гоголь «Өлі жандар», америкалық жазушылар Э.М. Хемингуэй «Шал мен теңіз», Джек Лондон «Теңіз қорқауы», қазақ жазушыларынан Ә.Кекілбаев «Аңыздың ақыры», Т.Әбдіктің «Парасат майданы», «Оң қол», О.Бөкей «Кербұғы», «Қайдасың, қасқа құлыным», «Сайтан көпір», «Қар қызы» тағы басқа қаламгерлер шығармалары толық дәлел болып табылады.

Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тері» Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде сергелдеңге түскен, соры ашылмаған қазақ даласының күлді-көмеш өмірін еш боямасыз бейнелесе, «Курляндиясы» қанды майдан - Ұлы отан соғысын, «Соңғы парызы» жаңа заманның кесірлі қасіретін суреттеген. Осы үшеуінде де қаламгер үлкен ізденіспен, қажырлы еңбекпен, асқан қайсарлықпен тарихи кезең оқиғаларын өзі сомдап отырған кейіпкерлерінің айналасына шоғырландырып, тұтас бірлікте көрсеткен.

Қара сөзден қамшы өрген, аңыз әрі абыз жазушы Әбіш Кекібаев өз кезінде: «Нұрпейісовтың Аралы кесек мінездер мен кесекті тартыстардың қорығы сияқты» [3] деп айтуы да жайдан - жай емес. Сондай-ақ «Соңғы парызды» «жаңа әдебиеттің мұз жарғыш кемесіне» теңеген.

Жазушы кейіпкерін сомдағанда монументалист мүсіншідей тұлға – кескінін дәл соғып, психологиялық талдауда да ең бір нәзік құпия сырларын майдан қыл суырғандай шеберлікпен танытып, деталь, штрих дегендерді шебер қолданып, әр сөзі орынын дұрыс тапқанша аса қырағылықпен қарап, тіпті ерінбестен неше қайта түзетіп, астарына терең ой сыйғыза отырып, өрнекті кесте тудырған. Бір ғана шығармасында сандаған образдар галереясын жасаса да әрқайсысы өз алдына бір-біріне ұқсамайтын дара мінездерімен ерекшеленіп отырады.

Автор болашаққа алаңдай отырып, жаһандану жағдайында әсіресе адамзаттық және ұлттық құндылықтарды сақтап қалу мәселесін, сондай-ақ қай романында болмасын құлдық сананы жойып, рухани жағынан тазармаса, имани бағыт түземесе, жүректерін махаббат пен мейірімділікке толтырмаса бұл індеттен, қоғамның қасіретті зауалынан құтылу екіталай екенін терең түйсікпен, парасатты пайыммен, жеріне жеткізе танытуға тырысқан.

Ұлттық әдебиетті дүние жүзіне танытқан қаламгер, феномен тұлға Әбдіжәміл жайында өз кезінде француз Луи Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Николай Афанасьев, Лев Аннинский, Леонид Теракопьян, Валентин Оскоцкий, испандық Август Видаль, қырғыздық Ш. Айтматов, башқұрттық Мұстай Карим, немістер Лео Кошут, Ральф Шрейдер, қазақ ішінен М. Әуезов, С.Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Т. Ахтанов, С. Қирабаев, З.Қабдолов, Герольд Бельгер, А. Сейдімбектер тебірене жазып, әділ бағасын беріп, өте жоғары дәріптеген.

Осы орайда «Мен Қазақстанның көкжиегінен таң кердім» (1974) атты кітабының авторы, Бельгияның қоғам қайраткері, ақын - жазушы Жорж Буйон өз естелігінде: «Біз, мына батыс оқырмандары, француз тіліне аударылған нағыз қазақ қаламгерлері Мұхтар Әуезов пен Әбдіжәміл Нұрпейісовті мысалға келтіре аламыз. Әуезов жайлы айтқанбыз, енді Нұрпейісовті атап өткім келеді. Иә, Қазақстан мақтана беруіне болады. Революция шапағымен бірге азаттық пен әділеттік жолында өз халқының қасіреті мен ұлылығын паш еткен нағыз жауһар - шедеврлер бере білген жазушыларымен мақтана беруіне болады. Осының бәрі бір буын ұрпақ жазушыларының маңдайына жазылыпты» [2] деп тамсана баға берген екен.

Қорытынды. Классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов өзі өмір сүрген заманның қыспағына қарамастан әділетсіздік атаулыға жаны қарсы екендігін ашық білдіріп, қарапайым тілімен ащы шындықтың қанын судай ағызып, мақтамен бауыздап, әр сөзге мән беруде кірпияздықпен қарап, таңдап, талғап қолдануды өз машығына айналдырғанын баса айтуға болады.

Қорыта айтсақ, Әбдіжәміл Нұрпейісов өз ғұмырында ашаршылықтың нәубетін де көрді, сұрапыл Ұлы отан соғысына да қатысты, Тәу еткен тәуелсіздіктің куәсі де болды. Тұтас бір дәуірдің куәгері, қазақ әдебиетінің абызы, мінезді жазушы, кірпияз қаламгер 98 - ге қараған шағында 2022 жылдың 5 ақпанында дүниеден өтті. Туған халқының жан жарасын дөп басып, ұлттық руханияттың тамыршысына айналып, ана тілінің құдыретті күшімен дем салып, емдеп жазуға бар күш – жігерін жұмсаған, болашаққа зор сенім мен үміт артқан классик жазушының қадірлі есімі, баға жетпес рухани мұрасы халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://sputnik.kz/20191217/Abdizhamil-Nurpeysov-12313409.html>
2. Уалиева С. Әбдіжәміл Нұрпейісов: өмірі, шығармашылығы және тағдыры.- <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2115024-abdizhamil-nurpeiisov-omiri-shygarmashylygy-zhane-tagdyry>
3. Кекілбаев Ә. Сең соққандай сергелдең.- <https://adebiportal.kz/kz/news/view/abis-kekilbaiuly-sen-soqqandai-sergelden-12203>
4. Нұрпейісов Ә. Күткен күн. – Алматы: Қаз. мемл. көркем әдеб. бас., 1958. - 371 бет.
5. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – Алматы: «Қазақпарат», 2015 – 960 бет.

6. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. - Алматы: Жазушы, 1999. - 472 бет.
7. Байхонов С. Алып пен қалып: Әбді-Жәмил әлемі / роман-элегия /. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2021. – 320 бет.

ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Оразов Бағдат Төлепбергенұлы
Гүлстан мемлекеттік университеті
Өзбекстан

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде де өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау елдің ұлттық саясатының басты бағыты.

Ия, өзіміздің ұлттық танымымыз бен төлтума мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды танып, бойға сіңіру басты міндет. Егер елдің келешегі үшін қам жеп, жаһандану үдерісінде бет-бейнемізді жоғалтпай сақтап, жастарымыз жат, шетелдік ұғымда болмасын, рухани құндылықтардан ажырап қалмасын, адамгершіліктен мақұрым тұрмасын десек, онда жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды сабақтастықпен жеткізу біздің борышымыз.

Биыл Қазақстанның халық жазушысы, кемеңгер тұлға Әбдіжәміл Нұрпейісовтың туғанына 100 жыл.

Әбдіжәміл Нұрпейісов есімі халықаралық аренада алпысыншы жылдар басында әлемнің әдеби өрісіне жол тартқан “Абай жолын” жалғастыра жаңғыртқан “Қан мен тер” болып еске түседі. “Қан мен тердің” арқасында қазақ әдебиеті өзінің әлем оқырмандары алдында Әуезовпен алған биігін сақтап қала білді. Әбдіжәміл Нұрпейісов есімімен бірге тағы да Арал апаты еске түседі. Жазушы шығармашылық ғұмырының тең жартысын туған жері – Аралға арнапты. Қаламын найзадай білеп, Аралға араша түсу – жазушы ғұмырының “Соңғы парызына” айналыпты. Бұл екі шығарманың екеуі де әлем оқырмандары алдында қазақ әдебиетінің айбынын асқақтатты. Беделін көтерді. Оған дәлел – төменде келтірілген отандық және шетелдік қаламгерлердің Нұрпейісов романдары туралы әр жылдарда айтқан пікірлері. Берген бағалары. Соның бір тобын жазушы мерейтойына орай оқырман назарына ұсынып отырмыз.

“Қан мен тер” әлем оқырмандарынан өз бағасын алған шығарма, өз бағасы болғанда да ең жоғары бағасын алған шығарма. Абырой болғанда қазақ қара сөзінің беделін ұлы Әуезовтен кейін сол биікте ұстап тұра білген шығарма. Эпопея – бір ауылдың ғана емес, исі қазақтың Қазан төңкерісі алдындағы қатал тағдырының алуан бояулы полотносы дерлік. Судыр Ахмет, Сүйеу қарт, Тәңірберген, Еламан, Ақбала, Қарақатын ұлттық рухани жадымыздың ажырамас бөлшегіне айналды.

Әбдіжәміл Нұрпейісов – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңба қалдырған қаламгер. Жазушының қаламынан шыққан “Қан мен тер” романы бірнеше тілге аударылған. Шоқтығы биік туындыны әлем жазушылары өте жоғары бағалады. Атап айтқанда белгілі сыншы-ғалым, Зейнолла Қабдолов – «Осы бір жазушы бойына біткен табиғи талант тұтастығына таң қаламын. Егер де, “Қан мен тер” қазақ тағдыры мен тұрмысындағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңді қамтыса, “Соңғы парыз” сол халықтың кеңестік дәуірдегі тағдыр-талайын қамтыған. Дей келгенде, Нұрпейісов трилогиясы мен дилогиясы – Отанымыздың ғасырлық тарихының айнасы”, - деген пікірге тоқталған.

Ал, Бельгия жазушысы Жорж БУЙОН “Біз, мына батыс оқырмандары, француз тіліне аударылған нағыз қазақ қаламгерлері Мұхтар Әуезов пен Әбдіжәміл Нұрпейісовті мысалға келтіре аламыз. Әуезов жайлы айтқанбыз, енді Нұрпейісовті атап өткім келеді. Иә, Қазақстан

мақтана беруіне болады. Революция шапағымен бірге азаттық пен әділеттік жолында өз халқының қасіреті мен ұлылығын паш еткен нағыз жауһар – шедеврлер бере білген жазушыларымен мақтана беруіне болады. Осының бәрі бір буын ұрпақ жазушыларының маңдайына жазылыпты”, - дейді.

Сондай-ақ Ресейлік ғалым Лев Аннинский “Ымырт”, “Сергелдең”, “Күйреу” атты осынау үш кітапта алып әлем бейнесі сомдалған. Бір нәрсе анық; қазақ әдебиетіне көркемдік қуаты зор ұлттық эпопея келіп қосылғаны анық. Нұрпейісов романы – дала психологиясының энциклопедиясы. “Қан мен тер” – ұлттық ғарышқа тән мінездер галереясы деген тұжырымды айтады.

Әлем әдебиеті аренасында Әбдіжәміл Нұрпейісовтың орны жайлы айтар болсақ француздық қаламгерлердің құнды пікірлері көпке мәлім. Мысалы; Луи Арагон - “Әрі терең, әрі шөлдегі бір ащы сулы шыңыраудай осынау роман (“Қан мен тер”) қазіргі таңдағы әлемнің ірі туындыларымен иық тірестіре алады; мейлі ол америкалық, мейлі ол француздық болсын...”,- десе Лили Дени “Меніңше, ол – қазақ топырағына көшірілген орыс классикалық роман дәстүрін жалғастырушы. Белгілі бір дәрежеде мен Нұрпейісовті Лев Толстоймен салыстырар едім”, – дейді. Жан Монтальбетти “Өмірдегі әділетсіздік атаулыға қарсылық білдірген қаламгер қарапайым тілмен үлкен шындықты айта білген. Осынау сөз саптаудағы катал кірпияздығының арқасында Нұрпейісов өзіне ғана тән таңғаларлық қолтаңбасы бар, заманымыздың ең терең жазушыларының бірі дәрежесіне көтерілген”, - деген пікірді айтады. Ал, белгілі аудармашы, сыншы **Герольд Бельгер** «Қазақ даласындағы бір аяулы есім – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Франция, Германия, Бельгия, Испания, Болгария, Словакия, Қытай және Ресей жазушылары мен сыншыларының пікірі бір жерде тоғысады – «Қан мен тер» трилогиясы мен «Соңғы парыз» дилогиясының авторы ірі суреткер, мэтр, әлем әдебиетіндегі елеулі құбылыс дегенге саяды».

Ойымды қорытындылай келе – «Мен елуімді де, алпысымды да, жетпісімді де, сексенімді де, тоқсанымды да ресми атап өткен жоқпын. Байқасам, – деді Әбең өзіне ғана жарасатын күлкісіне салып:

– Ақшасы бардың бәрі атақты, қасиетті Абай атындағы Опера және балет театрында өздерінің юбилейлерін өткізіп жатады. Жілігі тати ма, татымай ма, ойламайды да. Оны бәрі кеп мадақтайды. Олжас айтқандай, «шапанизация» басталады. Мен солардың бірі болып қалғым келмеді. Сондықтан да юбилейлерден бас тарттым», - деген сөзімен аяқтағым келді.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

1-СЕКЦИЯ

ҚОҒАМ ТАРИХЫ, АДАМ ТАҒДЫРЫ, ТАБИҒИ ОРТА – ҮШ ТАҒАН БІРЛІГІНІҢ КӨРКЕМДІК ТАНЫМ ШЫНДЫҒЫ

Өмірхан Әбдиманұлы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан, Алматы қ.

Әбдіжәміл Нұрпейсов – көркем шығармалары әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылған, XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі аса көрнекті шығармашылық тұлға! Жазушының «Қан мен тер» трилогиясы («Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу») мен – «Соңғы парыз» атты диалогиялық шығармасы көрнекті қаламгердің суреткерлік шберлігін, көркемдікпен көмкерілген әсемдік әлемін жарқырата танытқан тамаша туындылар! Әсіресе, Нұрпейсовтің бас кітабы «Қан мен тердің» орны бөлек-ақ! Мұнда қос ғасыр тоғысындағы Қазақ даласында өткен санқилы оқиғалар негізіндегі, күйзеліске ұшыраған ескі қоғамдық қатынастар тоқырауының күйреуге ұласуы мен жаңа қоғамдық өмір салтын орнату жолындағы күрес нәтижесіндегі қоғам мен адам санасындағы түбегейлік дәуірлік өзгерістердің өмір шындығы суреттелген. Роман тақырыбы – Арал балықшыларының дүбірленді төңкерістер қарсаңындағы және қоғамдық өзгерістер қалыптастыру сәтіндегі өмірі. Шығармадағы оқиға өрісі, қоғамдағы әлеуметтік орын мен ілгерінді-кейінді азаматтық ой-саналық тартыс екі кейіпкермен олардың айналасына ұйысқан түрлі әлеуметтік топтың арасында дамиды және табиғи да адами күрес тағдыры бірінің жеңілісі, екіншісінің жеңісімен аяқталады.

Бас кейіпкер, типтік тұлғаның бірі – Еламан, екіншісі – Тәңірберген. Бірі әлеуметтік тұрғыдан алғанда, балықшылықты кәсіп еткен қарапайым адам, екіншісі – өз заманында қатарынан оза туған атақты бай-мырза. Романның басталуында осы екі кейіпкер екі түрлі сипатта көрінеді. Еламан – тағдырдың ауыр соққыларының тақсіретін татып, еңсесі езілген, қарапайым тірлігінің «қызығына» мойынсұнған, қатаң өмірдің қасаң қағидаттарын қалыпты деп қабылдаған адам. Өзіне деген жан жылуы да, тән қызығы да жоқ алған жары Ақбаламен бірге күйсіз тіршілік кешіп жатқан жан. Ал Тәңірберген мырза текті атаның тұқымы, өмір-тағдыр кедергілеріне биіктен қарайтын тәкаппар тұлға, қу өмірдің қызықтарынан мейлінше рахат тапқан сері жігіт. Өз ортасынан ақылын асырған, айласы мен қулығы қос қаруы іспетті іскер адам. Жетер жерін, көтерілер биігін болжалдай білген, болашағына сенім артқан сертті жігіт. Өмір сүру қызығы, қым-қуыт тіршіліктің қияпатына бой бермей, оның тірегіне айлану деп былетін мерейі биік азамат.

Осы Еламан мен Тәңірбергенді тарих толқынындағы қатал қақтығысқа салып жіберген жазушы, оларды тағдырдың «тар жол тайғақ кешуінен» өткізеді. Осы арқылы кейіпкерлерінің мінез құбылысын, ішкі ирімін ашып, олардың жан дүниесінің жаңаруы мен жабырқауын, түлеуі мен күңгіртенуін келісті көркемдікпен көрсетеді. Жалғыз олар емес, олардың айналасындағы топтардың тартысы да, тіршілік тынысы да, адам жанының күрделі құбылысына үңілуге мүмкіндік туғызады. Соның нәтижесінде Кәлен, Мөңке, Дос, Ақбала, Судыр Ахмет сияқты қарапайым жандардың өмірден ойып алынған орнықты бейнелерімен танысамыз, жанымызға жақын тұтамыз. Ал үстемдік пен жауыздықтың іс-әрекет өкілдері Құдайменде, Федоровтардың аярлық пен айуандықты қару еткен озбыр қылығынан жиіркенеміз.

Тентек Шодыр озбырлығына қарсы бағытталған Еламанның ашу мен ызадан басталған әлсіз әрекеті, оның үлкен күрескер ретінде өсіп шығуына бастау болады. Ол күрескер ретінде бірте-бірте жетіліп, сан сатыдан өтіп барып саналы күреске қол жеткізеді. Сөйтіп, оның өмір жолы төңкеріс дәуірінің шындығын ашады.

Балықшы ауылдың қарапайым тіршілігі мен бай ауылдың көрікті өмірін салыстыра суреттеу романның реалистік шыншылдығын айқындайды. Осы арқылы жазушы қарапайым еңбекші қауым ауыр тұрмысының шындығын, оның үстемдік жүргізіп, осындай тағдырға душар еткен бай ауылына деген өшпенділік күресінің негізі әлеуметтік жағдайда жатқандығын аңғартады. Осыдан келіп қоғамда өмірге екі түрлі көзқарастың бітіспес айқасы басталады. Осынау «екі дүние айқасында» Еламан мен Тәңірберген тәрізді типтік характерлер ерекшеленіп шыға береді. Еламаннан біз өмір ауыртпалығы еңсесін түсірген жанның өзгеруін, жаңаруын көреміз. Еламан өзгерісінің себебі тіршілік қаншама титықтатса да, оның адамдық қасиетін жоғалтпауы. Өзіне-өзі сын көзбен қарай білетіні. Өзін де, өзгені де түсінуге тырысатыны, қай нәрсе, қандай іс болмасын ар таразысына салатыны. Жазушы Еламанды бірден керемет етіп көрсетпейді, бірте-бірте жетілдіріп, азаматтық биікке суреткерге тән сақтықпен көтереді. «Қан мен тер» трилогиясының авторы әлеуметтік өмірдің дауылды, бұрқасынды шытырмансына байланысты қараңғы, жасып сынған адамның жан құбылысын қадағалауды мақсат еткен. Бұл романның ағымына белгілі мөлшерде баяу сарын, кейде қысталандық мінез енгізеді. Ол жағдай патриархалдық, феодалдық және отаршылдық қанау талай ғасыр бойы уақытты, дәуірді, қоғам дамуын мешеулетіп, тежеп келген Қазақстанның сол жылдардың шындығына әбден сәйкес келеді.

«Қан мен тер» трилогиясының басты кейіпкерінің бірі – жоғары да айтқан Тәңірберген. Бұл өзгеше жасалған образ. Тәңірберген тұлғасы – «Қан мен тердің» жүрек соғысы. Азамат соғысы, төңкерістің алды-артындағы Қазақ өмірі бұған дейін аз жазылған жоқ. Ал, «Қан мен тер» романын өзгешелендіріп тұрған да осы Тәңірбергеннің танылуы. Дала тұтқасы Тәңірбергенді күйреткен оның ақылсыздығы, әлсіздігі, нашарлығы емес, керісінше, жеке адам қарсы тұра алмас «зауалдың» қасіреті. Ол ағасы Құдайменде сияқты даланың қатыгез, дүниекоңыз байы емес. Тәңірберген – өз табының қорғанышы, жан дүниесі кең, ақылы, айласы бір басына жетерлік жан. Оның Ақбалаға деген махаббаты да сенімді. Жазушы бұл кейіпкерін өте тартымды ете білген. «Күйреу» атты үшінші кітаптың соңына дейін ол үнемі ойлаған мақсатына жетіп отырады. Ойындағысы орындалған сәтте де Тәңірберген тоқмейілсу жоқ. Ол «жеті өлшеп, бір кесер» мінездің адамы. Ал сонда Тәңірберген жеңілісі неде?!

Тәңірбергенді роман соңында жеңілдірген – ол сенген қоғамның күйреуі. Тәңірбергеннің кемшілігі – тарихтың дамуын ұға алмады. Жоқ! Ол ұқты... Бірақ кеш еді.

«Қан мен тер» – қаһармандарының оқиғаға қатынасын олардың ішкі толғанысы арқылы білдіруді қалыптастырған шығарма. Ондағы кейіпкерлердің өзіндік түр-тұлғасымен бірге, жан дүниесінің өзіне ғана тән белгісі, ішкі тебіренісі, мінез-құлық сипаты ерекшелеп тұрады. Сұлулығы сорына айналған нәзік жанды Ақбала бейнесі сәтті жасалған. Ол – төңкеріс алдында сүйгеніне қолы жетпей шерменде өткен қазақ қызы емес, махаббаттың балын татқан, ажар-көріктің қызығын көрген ару. Сыртын ұнатқан, көкірек көзіне үңілмеген жандардан түңілгенімен, өмірден күдерін үзбеген, өр мінез сұлу.

Жауынан кегін іздеген көк құрыш Кәлен бейнесі ерекше әсерлі. Даланың еркін өскен көкжалына жауынан кек алмау өліммен тең. Балықшы ауылының ақылшысы Мөңкеде сабырлық пен даналық шексіз. Әркімнің ісін аңдып, көрінгеннің аяғына оралығы болып жүретін Судыр Ахмет баянсыз тірлік пен берекесіз өмірдің белгісіндей. Бұлар – Қазақ әдебиетіне тыңнан қосылған соны образдар еді. «Қан мен тер» — әлем таныған көрнекті шығармалардың бірі. Ол туралы француздың атакты жазушы Луи Арагон: «Бұндай тартымды

да терең роман соңғы кезде ұшыраспаған еді. Оны бүгінгі әдебиеттің, мейлі ол американ әдебиеті, мейлі француз әдебиеті немесе басқа әдебиет болсын – үлкен туындылармен салыстыруға болады» деп бағалаған еді.

Профессор Т.Сыдықов тарихи тақырыптағы қазақ романдарындағы ұлттық сипатқа байланысты былайша ғылыми байыптайды: «Қазақ тарихи романдарынан ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптың небір тұрлаулыларын кездестіреміз. Қазақтың салт-сана, әдет-ғұрпы – атадан балаға қалған асыл мұрасы, бүгінгі соның жетілген формасы. Олардан бүгінгі ұрпақ өткен дәуірлердің қоғамдық құрылысын, тұрмыстық-моральдық нормаларын, экзотика, этнографиясын танып-білуге, үйренуге, мүмкіндік табады».

Ұзақ жылдар тарихи роман жазумен айналысқан Ә.Нұрпейісов өткен ғасырдың сексенінші жылдары шегінде Арал теңізі тағдырына бет бұрып, «Соңғы парыз» (1999) атты роман-диалогия жазды

Арал – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің тұрақты тақырыбы. Туған жер тағдыры қай жазушыны болса да, толғандырмай тұра алмайды. Ә.Нұрпейісов өз романы арқылы туған жер тағдырына әлем халқының назарын аудара алды

Жазушының «Соңғы парыз» романы – уақытпен үндес шығарма. Ол Арал тағдырын адамзатқа төнген өте үлкен қауіп ретінде көрсете алды. Экология мәселесін көркем туындының бас тақырыбы етіп алауы, жазушының жаңаша ізденісінің белгісі.

«Соңғы парыз» романында оқиға үш кейіпкер арасындағы тартыс арқылы дамиды. Олар: балықшылар колхозының бастығы Жәдігер, оның әйелі Бәкизат, академик-ғалым Әзім. Жас уақытта Бәкизатпен жақсы қатынаста болған Әзім, кейін көңілін суытып кетеді. Арада он үш жыл уақыт өтсе де, тұрмыс құрып, балалы шағалы болған Бәкизат бір кезде жүрегіне шок түсірген Әзімді ұмыта алмайды. Ақырында бүгінде «үлкен адам» болған Әзімнің еркіне бағынып, ермегіне айналады.

Романда жазушы адамды өмір туралы терең ойлануға шақырады. Өмірге жеңіл қарау өзінді ғана емес, өзгенінде тағдырын бүлдіреді. Ол тіпті қоғамның құлдырауына әкеп соқтырады. Жазушының түйер тұжырымының бірі – осы. Өмір – тіршілікке, адамның тағдырына жеңіл қарау Әзім бейнесі арқылы көрініс тапқан. Ол Жәдігер отбасына қасірет әкеледі. Әзімнің Жәдігер отбасына немқұрайлы қатысы арқылы, Арал тағдырына деген қоғамның немқұрайлылығын көрсетіледі. Сондақтан да «Соңғы парыз» – әлеуметтік-философиялық және психологиялық роман.

Арал қайғысы – Жәдігердің жан айқайы. Романдағы туған жер тағдыры толғандырмас жалғыз жан – академик Әзім. Ол пайдасы жоқ негізсіз зерттеудің, өтірік уәденің адамы. Әзімге Аралдың тағдырынан, қарабасының қамы артық.

Өз қателігін танып білуге немесе түсінігінің теріс екеніне көз жеткізуге кейде айлар-жылдар кетіп, кейде қас-қағым сәтте жетеді. Соңғысы болу үшін адам психикасы мен жандүниесіне әсер етер себеп керек. Романдағы басты кейіпкердің бірі Бәкизат болмысының өзгеруіне жазушы осындай мезгілді дәл табады. Ол – теңіз үстіндегі үш кейіпкердің дауылға ұшыраған сәті. Бәкизат осы бір қиын сәтте адамдық әркет көрсете алмаған Әзімнен жерінеді. Жаны тазарған Бәкизат ержүрек Жәдігердің аман қалуын тілейді. Табиғаттың бір сәттік қысымы адами қарым-қатынасына жік түскен Бәкизат пен Жәдігерді қайта жақындастырады.

Әзім және шығармадағы сол типтес жандар арқылы жазушы қоғамдағы жалғандықты әшкерелейді. Ал Жәдігер арқылы қандай қиындықтарда да жеке бастың мүддесінен ел мен жер тағдырының қамын артық көретін азаматтықты көрсетеді. Шығарманың басты идеясы адамзат тіршілігінің алтын ұясы – туған табиғатты аялау, жер басып жүрген пенденің басты міндеті деген ой.

Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» шығармасы әр шығармашылық кезеңіне жауапкершілікпен қарайтын қаламгер қолтаңбасын айғақтайды. Шығармадағы қилы тағдырлар – жеке басының қамы мен атақ-даңқ мәселесін жоғары қойған Өзім, ел мен жеріне адал еңбегін арнаған Жәдігер, өз орнын таппаған Бәкизат бейнелері оралымды шыққан. Үшеуі де заманы ортақ, тағдыры үйлес, әрқайсысы өмір сүрудің өзіне лайық жолдарын таңдаған. Жазушы халық өмірінің ауыр да ащы шындығын суреттей отырып, кейіпкерлер характерлерін де өз ортасының шындығына лайық дамытады. Осы тұста белгілі ғалым Р. Бердібаевтың айтқан пікіріне назар аударсақ, ол: «Замана жайлы терең үңіліп, жаңадан туындап жатқан қалың құбылыстар ішінен ең өміршең, өскелең, ділгір мәселелерді екшеп алу қаламгердің белсенділігіне, халық тағдырына, өмір сауалдарына қаншалық зерек, елгезек қарайтынына сын», – деген болатын.

Қорыта айтқанда, жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы бүгінгі күннің ең басты мәселесі экология екендігін таныта алған әлеуметтік-философиялық шығарма. «Соңғы парыз» – Арал тағдырын әлем жұртшылығына таныта алған қазақ әдебиетінің аса ірі табысы.

Қалыптасу тарихын XX ғасырдың басынан бері қарай тарататын қазақ романы XX ғасырдың екінші жартысында биік көркемдік жетістіктерге жетіп, іргелі жанрдың талаптарына сай эпикалық туындылар туғызып, әлемдік әдебиет төрінен өз орнын ойып алды десе болады. Бұл шындығында үлкен жетістік. Өйткені әдебиеттің өсіп-өркендеу мөлшері осы жанрмен өлшенеді. «Қан мен тер», «Соңғы парыз» сынды романдарды дүниеге әкелген әдебиеттің тамыры тереңде, болашағы зор!

Ә. НҰРПЕЙІСОВТІҢ «ҚАН МЕН ТЕР» РОМАНЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ХАРАКТЕР ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

*Қалқабаева Сәлима Әбдіраманқызы,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан*

Кіріспе. Әдеби характер – көркемдік танымның басты объектісі. Көп ғасырлық дәстүрге сүйенер болсақ, «характер» терминінің астарында жеке образға жалпыға тән қайталанбас адами өмір нышандарының енуі деген танымдық түсінік жатыр. «Характер» термині Ежелгі Грекияда Феофрастың «Характерлер» кітабында [1] қолданыс тапқанымен, онда адамдар бойындағы жағымсыз қасиеттерді сипаттау мәнінде басым қолданылды. Жаңа дәуірде характер адамының күрделі де, көп қатпарлы, сырттай толық көрініс таба бермейтін ішкі мәні ретінде ұғыныла бастады [2]. Жазушылар адамның жекеленген психологиялық жағдайына, ішкі сезіміне, сыртқы әлемдегі болып жатқан оқиғаларға сезімділікпен үн қатуына назар аудара бастады [3]. Әдеби характерді адам тіршілігінің әлеуметтік-тарихи нақтылығы (конкретика) ретінде ұғыну, әсіресе марксистік әдебиеттанудың өзегіне айналды. Әдебиетте типтенген әдеби характер әлеуметтік характерді танытты.

Әдеби характер ұғымының мәнін жан-жақты ашу үшін көптеген ғалымдар тарапынан айтылған анықтамаларға ден қойған жөн. Теоретик ғалым З.Ахметов: «Характер (әдеби характер) – көркем шығармадағы кейіпкердің мінез-бітімі, ой мен сезімі дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат ерекшеліктері» [4]. десе, ал В.А. Грехнев былай түсіндіреді: «Әдебиеттегі характердің көрініс табуының психологиялық алғы шарты жан-дүние болмысының көлемді елестетілуі, мәдени әлемдегі жинақталған психологиялық алымдылық болып табылады» [5].

Әдебиет теориясында «тип» пен «характер» жақын ұғымдар болғанымен, алайда бір-бірімен алмастырылмайды: «тип» белгілі бір қоғамдық құбылыстарға тән ортақ ерекшеліктерді жалпылау, жинақтау болса, ал «мінез» жеке тұлғаның ерекшеліктері мен

психологиялық қасиеттерін едәуір дәрежеде ашады. Осы екі ұғым бірлігінің нәтижесі эстетикалық жағынан жоғары дәрежеге жеткен әдеби характер болып табылады.

Жаңа уақыттағы еуропа әдебиеті тарихының маңызды бір үрдісі – индивидтің сан алуан қасиетін бір образға біріктіріп, синтездеп характер жасау болды. Әдеби характерді жанды тұлғаның бойына сіңіскен қасиеттер ретінде сипаттауға бет бұру – адами әлемді дербес-тұлғалық жолмен игеруге, даралау тәсілдерімен бейнелеуге жол ашты.

Әдеби характер жасау – күрделі процесс. Ол көркемдік құралдармен жеке және жалпыға тән қасиеттерді тұтастықта біріктіру арқылы жүзеге асырады. Көркем бейне жасау образды суреттеумен бітпейді. Ол өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады. Жинақтау көркем образды типтік деңгейге көтерсе, ал даралау характерді шынайылыққа апарады. Әдеби мінездің типтік характерден ерекшелігі, жеке қасиеттері басым суреттеледі. Белгілі бір жағдайларда әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық тұлға ретіндегі қасиеттері дараланып көрінеді.

Негізгі бөлім. Көркем шығармада адамның бейнесі мінезі арқылы танылады. Көбіне автордың ең алғашқы қадамы кейіпкер туралы мәлімет беруден басталады. Тіпті іс-әрекеттің орны мен уақытын сипаттағанда да кейіпкер көңіл-күйі мен сезімдерін жеткізу үшін қолданылады. Шығармада жазушы қандай көркемдік тәсілді қолдансын оны көркем образдың ішкі әлемін ашу кілті ретінде пайдаланады. Тұлғаның ішкі әлеміне ниеті, ойы, сезімі кіреді. Соның бірі – психологизм яғни психологиялық талдау.

Әдебиеттегі психологизмге «Әдеби сөздікте»: «Әдебиеттегі психологизм – бұл стиль бірлігі, кейіпкерлердің ішкі әлемін толық, терең және егжей-тегжейлі ашуға бағытталған көркемдік құралдар мен тәсілдер жүйесі» [6], – деген анықтама береді. Теоретик-ғалым Б.Майтанов та психологизмді «қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудің амал-тәсілдерінің жиынтығы» [7], – дейді. Психологиялық талдау тәсілдеріне – кейіпкердің жан дүниесіндегі динамиканы, психикалық көңіл-күйлерді, жеке басына тән қасиеттерді сипаттаулар жатады. Стиль сапасы ретінде әдебиеттегі психологизм белгілі бір көркемдік мазмұнды білдіруге, бейнелеуге арналады. Мұндай мазмұнның негізі идеологиялық және адамгершілік мәселелері болып табылады. Оны сөз етуде адамды өткір философиялық және этикалық мәселелер туралы терең ойлауға, өзінің жеке өмірлік ұстанымын дамытуға мәжбүр ететін қиын өмірлік жағдайларға тап қылады. Осылай кейіпкердің дербес моральдық-эстетикалық құндылықтарының қалыптасуына қоғамдық орта мен дәуір танымының ықпалын көрсетеді. Яғни психологиялық талдау адам жаны мен қоғамдық өмір арасындағы байланыстың мәнін ашып көрсетуге, көркем шындықты жасауға қажетті құрал ретінде қызмет етеді. Көркем шығармада психологизм көптеген тәсілдер арқылы беріледі. Соның бірі – автордың аналитикалық талдауы: кейіпкердің толғаныстары, ішкі монологы, өз-өзін талдауы (самоанализ), сана ағымы, түс көру т.б.

Әдебиетте адам жанының динамикасындағы нәзік діріл мен иірімдерді қалт жібермей суреттеп, арпалысты сәттері мен қайшылыққа толы ой ағымдарын, қиналыстары мен тебіреністерін шеберлікпен кестелеп берген сөз зергерлері жеткілікті. Қазақ прозасындағы психологизмді сөз еткенде, көлемді эпикалық туындылар жазған Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Кекілбаев, Ә. Нұршайықов, Ш. Мұртаза сынды жазушыларымыздың аттары бірінші еске түсетіні заңдылық. Өйткені бұл суреткерлер жеке кейіпкердің ішкі кеңістігін суреттегенде олардың ой-санасындағы өзгерістерге, сезімдік, эмоциялық, психологиялық құбылыстарға терең мән береді.

Әдеби характерді ашуда психологиялық талдау тәсілдерінің жетістіктерін барынша шебер қолданған суреткердің бірі – Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов. Қаламгердің шоқтығы биік «Қан мен тер» трилогиясында психологиялық талдаулар көптеп кездеседі. Еламан бейнесіне келсек, бұл жерде Ә. Нұрпейісовтің еңсесі езілген, қараңғылық басқан адамның жан дүниесі жаңаруын, жаңадан жарқырауын көркемдік зертке салуына тура келді. Ә. Нұрпейісовтің шеберлігі – кейіпкерді талай талқыға, қақтығысқа түсіре отыра, оны сол оқиғалардың жәй ғана қатысушысы есебінде емес, автор суреттеген оқиғаларға оның қатысын, көзқарасын, сол оқиғалар тұсында не істеп, не қойғанын жазуды күтіп отырған ғана

кейіпкер тұрғысында суреттеуінде ғана емес. Мәселе адам тұрпатында, оның тұтас көрінуінде: оны үнемі даму, қозғалу үстінде, минут сайынғы жан құбылысы мен ойдың арпалысу жағдайында алып суреттеуінде. ...Характерді бірден әсірелеп жіберу жағына келгенде Ә. Нұрпейісов барынша сақ. Кейбір шығармалардың кейіпкері өзгеріп шыға келу үшін өсіп, жетіліп, әп-сәтте көзі ашылып қалу үшін бір ғана психологиялық эффект, әсерлі жағдай жетіп жатады. Ә. Нұрпейісовте олай емес. Ол характердің өсуін тым ендіктіріп әкетпейді. Белгілі құбылыстың сапалық мәнін ұғынып жету үшін уақыт қажет. Сөйте тұра онда кенеттен ырғу, шапшаң өсу де болмай қалмайтыны және бар. [8]

Еламан мінезінде әлеуметтік өсуіне байланысты кейбір қайшылықтар бар. Жанының азап шегуін суреттеуде автор өз-өзін талдау тәсілдеріне жүгінеді. Мінезі жуас, момын Еламан әрқашан кінәні өзінен іздейді. Ол кедейлігін де өзінен көреді. Ақбаланың өзіне суықтығын да іштей сезетін Еламан «Бейшара қайтсін, мен кінәлімін. Ие, ие, мен ғана кінәлімін» деп өзін кіналап азаптанады. Өзін-өзі сынау, өз ісін таразылау, өз жолын таба алмай адасу әрекеттері көрініс алғанымен, кейіпкер жанының тереңінде ар, ождан қасиеті жатқандығын шынайылықпен байқатып отырады. Жеке және қоғамдық өмірде көптеген сәтсіздікке ұшыраса да Еламан арлы, қайырымды, жаны таза жан ретінде бейнеленеді. Оны Еламанның: «Кісі өлтіру кәсібім емес еді, қадірлі ана. Құдіреті жүріп тұрғандар оған қойды ма деп, демі дірілдеп тоқтады да, – қысқа күнде қырық өле бергесін, қайтейін, тым құрыса, бірін өлтіріп жастығымды алып жатқым келді. Қадірлі ана, біздің жайымыз осы», – деген сөздерінен де байқаймыз. Әдеби кейіпкердің адамгершілік қасиеттерін сыннан өткізудің, өзін танытудың басты тәсілі – психологиялық суреттеу. Онсыз кейіпкер жанының ішкі әлемін, характерін білу мүмкін емес.

Ә. Нұрпейісов кейіпкерлері басынан кешкен психологиялық күй өзгерістерін белгілі бір оқиғамен байланыстыра суреттейді. Айдауда жүрген Еламан туралы өлді деген хабар тарап кеткеннен кейін Ақбала шарасыз күйге түсіп, Судыр Ахметтің айтқан кеңесімен емізулі баласын ата-анасының қолында қалдырады. «Ақбала ойда: осы Судырақтың ақылымен баласын ана сүтінен айырып, ата-анасының қолында қалдырып кетіп еді; жөргектегі жас бала бие сүтін ашырқанып лоқсып құсып, жылап қалып еді; жер қазбада жалғыз отырғанда сондағы шырылдап жылаған дауыс есіне түссе – бұл дір етіп құлағын баса жаздайды. Бір жолы Қарақатынның екі лағы тұяғы тырсылдап келді де, «мә-ә, мә-ә» деп есік алда тұрып алып еді. Жас баланың әлжуаз нәзік үніндей естілді де, Ақбаланың қол-аяғы дірілдеп кетті. Жез легенге су құйып алдына қойды. Екі лақ әйелге жаутаң-жаутаң қарап, кіп-кішкентай ауыздарымен шөпілдеп іше бастады. Онан сайын Ақбаланың жан-жүйесі езіліп, қанша тежесе де ар жағында ағытылғалы тұрған жасқа ақыры ие бола алмады. Сосын ол жаулығының шетімен аузын басып, дыбысын шығармай, иығының басы дірілдеп отырды да, іші-бауырын күйік өртегенде баласы мен өзін осындай халге душар қылған тағдырына ма, Тәңірбергенге ме, әлде Судыр Ахметке ме, өзіне ме, кімге де болса лағынет қарғыс айтып, байдан да, байлықтан да безіп, бәріне талақ дегісі кеп кетті. Мойнына бұршақ сап, құс қанаты күйгендей ыстықта жазықсыз жас сәбиін... жетім лағын іздеп кеткісі келді» [9, 206-207б.]. Осы үзіндіде автор Ақбаланың жан күйзелісін жанама тәсілдер – көркемдік деталь (екі лақ), сыртқы қимыл, эмоция көріністері арқылы бейнелейді.

Жазушы қаламынан туындаған кейіпкерлер характері көбінесе қалыптасқан, тиянақты болып келеді. Мысалы, Сүйеу шал, Мөңке, Дос, Судыр Ахмет – бұлар әркез тұрақты мінездерімен көрініс алып отыратын кейіпкерлер. «Қан мен тер» романын жоғары бағалаған ірі тұлғалардың ішінде Ресей әдебиет сыншысы Лев Аннинский: «...Нұрпейісов романы – дала психологиясының энциклопедиясы. «Қан мен тер» – ұлттық ғарышқа тән мінездер галереясы», – деп баға берген екен. Ал Ш. Елеуенов жазушының психологиялық талдау өнері жайында айта келе: «Нұрпейісов психологизмінің ерекшелігі – нақты жағдайдағы герой көңіл-күйінің сәттерін көрсету. Кейде ол жегідей жеген ойдың сипаты, кейде сан-саққа кететін ой сезімнің құбылмалы шақтары. Психологизм мен әлеуметтік жағдайдың өзара байланысы қай ретте адамның өз жанымен арпалысының нәтижесінде жүзеге асады. Әлеуметтік жағдай мінезге,

характерге сырттан келіп қозғау салатын секілді. Бірақ, мінездің, характердің өрісі оңтайлықпен өзгермейді, – бұл азабы көп ауыр процесс» [8, 442], – деп тұжырымдайды.

Қорытынды. Шындығында психологиялық талдаусыз қаһарманның ішкі жан дүниесін, характерін суреттеу мүмкін емес. Ол – қаһарман болмысының шынайы көрініс алуында басты шарт. Кейіпкердің психологиясын талдап көрсету оның рухани келбетін суреттеу үшін ғана емес, образдың шығармадағы ролін айқындап, дара мінезін таныту үшін қажет. Демек көркем бейненің оқырман санасында берік сақталуы суреткердің кейіпкер жанының көп иірімдерін, ішкі дүниесін, мінездерін даралау талабымен шарттас. Сондықтан да әрбір жазушының көркемдік-стильдік ізденістері кейіпкердің ішкі әлемін ашуға, әдеби характерін танытуға қызмет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Феофраст. Характеры / Перев., статья и примеч. Г.А. Стратановского – Л.: Наука, 1974. – 123 с.
2. Михайлов А.В. Проблема характера в искусстве: живопись, скульптура, музыка// Михайлов А.В. Языки культуры: Учеб. пособие по культурологии. М., 1997.
3. Лихачев Д.С. Культура Руси времени Андрея Рублева и Епифания Премудрого конец XIV- начало XV в.). М.; Л., 1962. С. 64.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Ахметов З., Шаңбаев Т. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
5. Грехнев В.А. Словесный образ и литературное произведение: кн. для учит. Нижний Новгород: Нижегородский гуманитар. центр, 1997
6. Литературный словарь. Безрукова А.В. (ред.-сост.). -М.: Луч, 2007. — 320 с.
7. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
8. Елеуменов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.3. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2009. – 472 б.
9. Нұрпейіс Ә. Шығармалары. 2-том. Қан мен тер: роман. Ымырт. Бірінші кітап – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. – 392 б.

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ

Мәдібай Қанипаш

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Мұхаммади Құралай

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Қайым Мұхамедханұлының ауызша айтылған әр деректің хатқа түскен түпдерегін тапқанша тыншымайтын дағдысы талай құнды, қажет мағлұматты ұмыт болып, жоғалып, жойылып кетуден құтқарып отырды. Ел тарихын, әдебиет тарихын, жеке тұлғаның ғылыми ғұмырбаянын түзуде Қайым Мұхамедханұлы іздеп, тауып, сақтап, жинаған, уақыты жеткенде жұртымен бөлісіп жарылқаған тастүйін дәлелді жазба құжаттар қазірде ел шежіресінің тұтастығына қызмет етуде. Оның нендей бір мәселеде де, қайсыбір істе де қарайлап тұрмай, жанкештілікпен жұмыс жасағаны қайран қалдырады. Сонау бір жылдарда шаруасы бастан асып жатқан Қайым аға өз әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлымен ағалы-інілі болып бір үйде тұрған қарымды қаламгер, білікті ұстаз, білімді маман Тұрлықан Қасенұлының шығармашылық өмірбаянын жазуға ден қояды.

«1982 жылы Сәду Машақовпен Тұрлықан туралы әңгімелескенімде Сәду:

– Тұрлықан ақындығымен қатар жақсы әнші еді және өзінің де ән шығаратын өнері бар болатын. Затаевичпен қашан кездескенін оған қандай ән айтып бергенін білмеймін, – деген еді.

Тұрлықан Затаевичке ән айтып берген деген сөзді естіген соң Затаевичтің қазақ әндері мен күйлерін жинап, нотаға түсіріп, бастырып шығарған кітаптарын қарастырдым. Александр Затаевичтің 1931 жылы Алматыда басылып шыққан: «500 казахских песни и куйев Адаевских, Букеевских, Семипалатинских и Уральских с предисловием и 403 примечаниями автора» деп аталатын кітабы қолыма түсті. Кітаптың сөз басында 1926 жылы Семейге келгенін айта келіп: «Сначала я работал там в самом Семипалатинске, а затем выехал в Каркаралинскую степь!..» дейді.

Тұрлықанды кітаптың «Семипалатинский отдел» деп аталатын бөлімінен кездестірдім. «... Хасенов Турлыхан» депті де, оның айтып берген он үш әнін нотаға түсіріпті»

Әрі қарай Қайым Мұхамедханұлы осы мәселені бүге-шігесіне шейін түгендеп, егжей-тегжейлі тарқата баяндаған.

Александр Затаевичтің Семейде болуы, Тұрлықан Хасеновпен қалай кездескенін Затаевичтің өз жазғаны бойынша келтірген. Затаевичтің есімі құлаққа қанша сіңген болса да бұл адамның қазақ әндерін қалай, нендей жағдайда жинап-тергенін маман зерттеушілер болмаса, былайғы жұрт қайдан білсін. Қайым Мұхамедханұлы, бір игілік көрсе басқамен бөлісуге асыққан адам, Затаевичтің өте бір жағымды, әсерлі естелігін нендей жұмысты да сүрінбей-жалықпай, бар ыждаһатымен атқаратын дағдысында жазып алған. Тұрлықан Қасеновтен Александр Затаевич жазып алған әндерді атап өтеді.

«Ардақ», «Сәулем-ай, сәулем», «Қайырма», «Үридай еккай», «Түлкі тымақ», «Қаракөз-ау», «Айби», «Аға-жай», «Айырылған», «Ақ қайың», «Лейлаш-ау», «Сәулем-ай әлиләйлім», «Сәулем».

Затаевичтің ән туралы қысқаша мәліметтеріне мән береді. «Очень красивая, так и просящая в оперу, женская песня, полная глубокой грусти!..» – депті «Қайырма» туралы.

«Үридай еккай» «Опять-таки – чрезвычайно красивая женская песня, с богатейшей мелодией, переисполненную печали», – депті.

«Түлкі тымақ» – «женская песня».

«Қаракөз-ау» – «Женская песня, в которой слышатся отзвук великолепной песни «Үкілі коңыр үйрек».

Осы тізімдегі «Аға-жай» әнінің Алтай жақ қазақтары әкелді дейтін «Ағажай» әнімен қатысы бар ма екен деген де ой келеді.

Негізгі бөлім. Қайым Мұхамедханұлы қашан да халқының бір қажеті үшін қызмет етуден танбайды. Бұл Тұрлықан Қасенұлы сынды қаншама қадірлі ғұмырды қастерлеп, жоғын жоқтаған.

Қайым Мұхамедханұлы ұдайы өзіне «жау шақырып» еңбектенген адам. Жеке бас тағдырына, отбасының өміріне аса бір қатты соққы болған диссертация төңірегіндегі тартыстың; Абай музейіне қатысты қабақ шытулардың дәурені жүріп тұрған сол XX ғасырдың елуінші жылдарындағы қысастықтарда да қайтпаған турашылдық мінезі Қайым Мұхамедханұлының әр жылдарда жазылған жеке зерттеу мақала, тұтас еңбектерінің барлығында да бет қаратпастай өткірлігімен, қайрауы жеткен қаттылығымен ұдайы қайран қалдырып отырады.

«Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз» журналы – Қ.М.) журналындағы кейбір құнсыз шығармалар» деп жазады «сен тимесең, мен тименің» аса бір керек уақытында.

«Екпінді» газетінің 27-і қазан күнгі (1946) кезекті нөмерінде. Қазақтың бас әдеби журналындағы Бас мақаланың кемшіліктерін сол бір саяси-идеологиялық құбылулар әбден әбігерге салып сілкілеуін бәсеңдетпек түгілі күш алып, қайта бір қаһарын төгуге тастүйін әзірлігін бастап жатқан, қазақ руханиятына және бір алақұйын алапат төніп келе жатқан қысас уақытта Қайым Мұхамедханұлы ортақ мүдде дегенде ештеңеден ығыспайтын «қырсық» болмысында жазған сын мақала екен бұл.

«Әдебиет және искусство» журналының 4-санын қолыңызға алғанда ең алдымен «Әдебиетіміздің жиырма бес жылы» деген бас мақаланы оқисыз. Бұл бас мақалада қазақ совет әдебиетінің 25 жыл ішіндегі табыстары айтылады. Әрине, қазақ совет әдебиеті 25 жыл ішінде елеулі табыстарға ие болғаны белгілі. Бірақ бұл мақалада жалпы «табыс деген сөздің шеңберіне ақын-жазушылардың жазғандарының бәрін әкеліп сыйғызған.

Талғаусыз, таңдаусыз бірақ жауап» берген. Ақын- жазушылардың аттарын тізбектеп, шығармаларының аттарын шұбыртып тіркеп өткен де осының бәрін – «табыс» деп атаған» (көптомдық, 9-кітап, 18-бет).

Қайым Мұхамедханұлы қай уақытта болсын жауырды жаба тоқып, жалпылама сөзбен шаруа тындыруға «қаны қас» болған адам. Осы шолу, бірыңғай табыстарға марқайған мақаланың сөз ұстау беталысын ә дегеннен бір сілкіп алады.

«Ақын, жазушылардың еңбектерін дұрыс бағалап, әділ сынап, жетіскен жақтарын атап көрсетіп, кемшіліктерін айтудың орнына орынсыз мақтау «іргелі ақын», «күрделі еңбек» деп даурығу сияқты жауапсыз пікір айта салу әдетке айналған.

... Біздің жазушылардың арасында не жазса соны «творчество» деп мадақтау, бірін-бірі дәріптеп орынсыз көтеру тіпті біріне-бірі бас иіп «табыну» сияқты дөрекі мінездер бар.

«Әбділдә, Қапан сынды алған ірге Ақындар жазса шығар бөтен түрде.

Тілеме менен сөздің қызыл гүлін.

Біз бір жан сол өлеңге әзер кірме...»

деп Ілияс Есенберлин «Сұлтан» деген поэмасының басында Әбділдә, Қапанға «табынып», бас иеді. «Сыйға сый» дегендей Қапан да Ілиястың бұл мадақтауын еске алып, оның «Айша» поэмасына жазған "Сөз басында" орынсыз мақтап:

«Сонан соң ол (Ілияс) кейбір ақындар секілді, немісті оңбаған жау, сұмырай деп жаман сөзбен жалпылап сыбамай немістің зұлымдық сипатын дәл бергендей өзінше теңеу табады.

*«Семіз неміс бассаң кетер жарылып, Қандаладай қанға тойған
быртиған... – дейді.*

Неміске жаңа образ береді дейді. Мақтағанның жөні осы деп жауапсыз айта салған, «семіз неміс», «қандаладай быртиған» деген сөзді естілмеген жаңалық екен, ел таңғала қояр ма екен?!» (сонда, 19-бет).

«Әдебиет және искусство» журналының 4-санында жарық көрген жекелеген шығармаларға осы бағытта тоқталып, бірқатар ескертпе, сын пікірлерін ірікпей айтқан.

Қорытынды. Қуандық Шаңғытбаевтың «Арма, республикам!» арнау өлеңіндегі «Арма» сөзіне бөгеліп, бұл нендей қолданыс деген мәселеде ой бөліседі. «Өлеңінде не мағына, не көркемдік жоқ. Оқушы түсіну былай тұрсын, оқып шығудың өзі қиын. Өзінше жаңа түр туғызам деп өлеңнің қасиетін кетіреді. 25 жыл өмір сүріп отырған социалистік Қазақстан мүлдем көрінбейді. «Жеңешетай, сабаңа құйшы қымыз», «Тайларыңды ерттеші жеткіншектер», «Той бастарға дайындал, ер жігіттер» деген сияқты бос сөздерді қайталай береді. Бұл өзімен-өзі болып орынсыз мақтанған, елігіп өмірден қалып қойған дандайсыған ақынның «шығармасы».

Бұл журналда М. Тауұлының – «Жыртық дәптер» деген шығармасын оқимыз.

Тауұлы:

«Ол тірі, бар бұл өмірде,

Өлген ажал – ол емес», – ағылшын әдебиетіндегі романтизмнің уәкілі «Шелли (1792-1822) деп эпиграф алады да әңгімесіне кіріседі (көптомдық, 9-кітап, 20-бет).

Мақалада сол уақыттың, 1946 жылғы «Звезда», «Ленинград» журналдарын сынаудың екпіні болғанымен, көркемдік талап, талғам ұстанымында бұл қалай? неге бұлай? дегізетіндей сыңаржақ ұрда-жықтық жоқ. «Жыртық дәптерде» соғыста өлген баласының қасіретін шегіп жүрген ана туралы айтылған.

Қайым Мұхамедханұлы шығарманың қасіретті үйіп- төгіп жазғанымен, жанға жетпегендігін бірнеше мәнде талқыға салған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Тұрлықан ақын. Деректі жинақ. – Алматы: Ер-Дәулет, 1997, 201 бет, 14-б.

«СОҢҒЫ ПАРЫЗ» НЕМЕСЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ИМАН АСПЕКТІЛЕРІ

*Құрманбаева Алмагүл Әлиқызы,
«Тұран» Университетінің доценті, ф.ғ.к.
Шиндалиева Менликул Бұрханқызы,
«Тұран» университетінің
профессор-зерттеушісі, ф.ғ.д.
Алматы, Қазақстан*

Жұрт жабылып ішетін
Айдын-шалқар көл керек.
Көк жағалай қонуға
Көкорай шөпті жер керек
Шернияз

Кіріспе. Бүгіндері екі ғасырлық мүшел тойын атап отырған шайыр ақынымыздың өз заманындағы арманы бүгіндері де «күн тәртібінен» түспегенінің қазір куәгеріміз. Шайыр еліндегі сол кездегі Ырғыздың «сексен көлі» түгіл, Аралының қазірде сарқылған күйін досымыз былай тұрсын, дұшпанымыз да мойындап отырған жайдамыз. Өткен жүздылдың ортасынан ауа қазіргі жай-күйге тіреп отырған қасірет турасында: «Теңіз тірлігін жақсы білетін ғалымдардың ойларына қарағанда, біздің Арал теңізін осыншама тонауымыз түптің түбінде үлкен өкінішке соқпай қоймайтын ұят сияқты. Алпыс төрт мың шаршы километр жерді алып жатқан теңіз түптің түбінде құрғап қалар болса, одан борайтын тұзды шаң қанша дүниені бүлдіретінің кім білсін!» [1,43-6], - деген еді Ғ.Мүсірепов.

Саналы өмірін де, қуатты шығармашылығын да теңізге тұтастай бағыштаған дарын иесі Ә.Нұрпейісов жоғарыдағы әріптес-ағасының ой-пікірін өзінің «Арал тағдырын ашық айтсақ...» тақырыпты публицистикасымен асқақтата түскен. «Міне, мен Арал жайлы қалам тербеп отырмын. Мен үшін жер бетіндегі теңдесі жоқ қымбат та қимасым – Аралдың тағдырын сәл ойласам – болғаны, өте бір сәтте табылған «экологиялық иман» деген сөз сап етіп есіме түсетін болып жүр» [1,54-6], - деп, бір жағынан, аталмыш мәселеге өзінің етжақындығын әйгілесе, екінші жағынан, проблемаға «экологиялық иман» тәрізді қазақи термин тауып бергенінің куәсіміз.

Жалпы, планета тірлігіне қатысты «экология» атау сөзі табиғатқа жасалып жатқан қиянат, зорлық-зомбылық процесі меңдеп бара жатқаннан кейін ғана ғылыми айналымда қолданыла бастаған-ды. Әдетте ғылымның жаңа саласы әуелі теория түрінде туатын. Алайда біздің мысалымызда практика назария-теорияның «алдын орап» кеткен жайы бар.

Негізгі бөлім. Ғылым тарихын, оның ішінде жарытылыс тану саласындағы ғылым тарихын зерттеушілер «экология» атауын америкалық публицист (байқайсыздар ма: биолог, географ т.б. емес қаламгер-публицист) енгізгенін мойындаған. Сол термин иесі Генри Давид Торо (1817-1862) оны «табиғаттану» мағынасында 1852 жылы өзінің бір мақаласында пайдаланған. «Табиғат – өнердің нағыз жетілген туындысы» деген дәйек сөзді ұран тұтқан америкалық Торонға отандасы, оқымысты Дж. Марш «адам және табиғат, немесе жаратылыстың физикалық-жағырапиялық жағдайларының құбылысына адамның ықпалы туралы» (1864) деген кітабында қолдау білдірген. Кейбіреулер біздің объектіміздегі ғылым саласының негізін белгілі неміс биологы Э.Гегель (1834-1919) өзінің «организмдердің жалпы морфологиясы» (1866) және «әлем жаратылысының тарихи дамуы» (1868) деген еңбектерімен салды деп есептейді. Ал біздің ұстанатынымыз: «экология» атауын тұңғыш қолданысқа енгізген авторға жеңістік беру.

Осы тұста америкалық енді бір ғалым – қаламгер әрі маман-эколог Р.Реклифстің аталмыш тақырыпта жоғары оқу орнының шәкірттеріне арналған «Жалпы экология негіздері» оқу құралындағы: «Экологияның танымал сөзге айналғаны соншалық, оны не болса - соған айдар етіп таға салатын болдық. Егер біз табиғатпен қандай бір ымыраға келуге ұмтылсақ, онда көп жағдайларда оның ұсынған шарттарын қабылдауға мәжбүр боламыз» [2,34-6], - дегені кәперімізде болғаны абзал.

Әйгілі қазақ қаламгері Ә.Нұрпейісовтің әлемнің көптеген тілдерінде «сөйлеп үлгерген» «Соңғы парыз» диалогиясы осы бер жағы – планета, ар жағы – Күн жүйесінің таяу арасына ықпалын тигізетін бірден-бір проблеманың жүгін көтеруге «тәуекел» жасаған. Экология қаупі, авторша айтқанда – экологиялық иман. Бүгінде күллі жұрт болып үрейленіп-үркіп отырған

атом, термоядролық немес химиялық соғыстар экологиялық апат алдында жолда қалатынына кейбіреулердің зердесі жете бермейді. Бұл дегеніңіз – жаһандық экологиялық ақыр заманды сезе білмеушілік.

Әйтпесе, өз жеріміздегі ғана сарқылған жалғыз Арал емес, екі күннің бірінде Нарын құмында жасалып жатқан сынақтар, кеше ғана көзі өшсе де, тау қойнауларында көмулі қалған, жартылай ыдыраулары мыңдыған жылға созылатын уран, плутон элементтерінің қалдықтары жойылмаған Семей жері, бір мезгілде бірлі-жарымын былай қойып, ондаған зымырандарының тынымсыз зіркілі жер оятын Байқоңыр баурайы... Оларға күні кеше қосылған, ананың жатырындағы нәрестені хайуан қалпына келтіре бастаған Шиелі уран рудниктері... Бұларға қоса мемлекет жасырын жасап жатқан зерттеулер мен сынақтар... Бұлардың барлығы айналып - үйіріліп келгенде, экологиялық апат көздері. Бұлар – АҚШ, Ресей, Британия секілді монстрлардан бастап, күні бүгінгі Солтүстік Корея, Иран аймақтарындағы Әлемдік Экологиялық Жаһанданудың компоненттері екенін бар болмысымызбен сезінуге тиістіміз.

«Соңғы парыз» сол сұрқия шындығымызды былайша айшықтап береді. «Ала-бөтен бұның (диологияның бас кейіпкерінің – А.Қ.) жеке басына түсіп отырған нәубат болса екен-ау. Әрілесе, тек Арал өңіріне келген қасірет болса бір сәрі ғой... Ал, мынау күллі айналып, етек алып барады. Әсіресе, кеше Арал тартылып, ана жақта – Семей, мына жақта қатпар кәрі таулары, Орал мен Орданың шағыл құмдарына үсті-үстіне бомба жарып, ұлан-байтақ жер-су, ел-жұрт жаппай полигонға айналғалы бері бұл дүниеде қазақ татпаған у мен дерт қалды ма? Өне, жас ана құрсақ көтерсе, үзірлі, кеміс бала туып, ұрпақ азып барады» [3,231-б].

Біз алдыңғы абзацта бастан кешіп отырған қасіретімізді, құрғақ сөзбен салқын баяндасақ, әдебиет зергері осындай әшекейлі түрде ащы да болса ашық кескіндеме жасаған сезімтал оқырман жаны жазарманмен бірге егіліп отырамы талассыз деп танып, мойындағың келеді.

Тұмса табиғатқа мұншама жабайылықпен шеңгел салу мен сол пайдакүнемдік пиғылын неғұрлым молынан жүзеге асыру үшін техника-жыртқыштың қыруар түрлерін жасап жатқаны әлемге аян. Соларды тұрмысқа ендіру жолында сан алуан жолдар мен амалдар қарастырылатыны жіті көз әр азаматқа аян. Алайда біз кәусар ауаны, шүйгін жерді, мөлдір суды кәдеге асырғысыз ғып жатқан арамза адамдарды емес, оның қолынан шыққан тек игілік үшін жасалуы тиіс техникадан көретініміз келеңсіздеу.

«Жаралы түз қашағандарында анталаған қорқаулар топ-топ. Олар «қансыраған» Аралдан да кірісін түгелдеп бағады. Дилогиядағы ондайлардың «бас белсендісі» Әзімнің «ұлы ойы іске асып, бұлар дегеніне жетті бар ма, атақты Тұран ойпатының жақында пайда болған Арал ойпатына тың көтеруге жиналған, әлгі айналып кетейін қырық сідік Совет жастары күні ертең бір кісінің баласындай, бір ененің бауырын бөліп емген телі қозыдай боп, бір бөтелкені бөліп ішіп, бір селеткені бөле-жара ащылап, туыс боп бауырласып шыға келер еді-ау! [4,272-б]. Эзопқа бергісіз ойып түсетін тотияйын тілмен жазушының астарлап кескіндеген полотносы кім-кімді де бей-жай қалдырмас!...

Автор туған теңізінің басына төнген қасірет бұлтты онан сайын қоюлана түскенде, хал-ахуалдың қандай болатынына запыран қиял жүгірте түседі. Теңіз неғұрлым тартылып, жер неғұрлым азып, жайылған сайын Аралдың Әзім секілді жаңашырсымықтары да соғұрлым «белсенділігін» арттыра түсері сөзсіз. Сондайда Үкімет те «құтқару шараларын» жасап, талай-талай төтенше комиссиялар құқар. Олар өз кезегінде қат-қат қаулылар қабылдар. Сөйлемдері орысша жасалған, «қазақ тілді» жобалар мен жоспарлар жарияланар. «Арал тағдыры – адам тағдыры» деген пәк-әдемі сөзді «жаңа қазақтар», «қара қазақтар» қызыл тілді қайраққа жанып-жанып алып, аңқау халық алдында ана мінбеден де, мына мінбеден де түспес. Бірақ түз астында тұншығып жатқан сорлы өлкенің соры қайнаған халқына онан не септік болар?!

Олардың бір «көсемі Әзім: «... Теңіз астынан босаған пәленбай құнарлы жерге түгелбай мақта егеміз, күріш егеміз, ақшаңқай үйлер, сарайлар саламыз, скверлер, алаңдар, су атқылағыш фонтандар мен жасыл ағаш саясында ғашықтар үздігеді, - деп бүгіндері ежелден келе жатқан тарихи орындарды бұзып, орнына суда орталықтары, банктер салып жатқан үрдісі әлі де «соңғы демі таусылмаған» теңіз түбіне көшіру секілді нақұрыс ниеттері беті шімірікпей, паш етеді. Содан ары. –Ит жетелеген әйелдер серуендейді. Баяғы ата-баба тұрсын, қазіргі ұрпақтың түсіне кірмеген ұжымақ өмір соңыра осы теңіздің түбінен босағаш жерде гүл атады. Бүгінгі ұрпақ сол ұжымақты ақиқат көреді, көргенді айтасың, сол ұжымақта тіршілік кешеді, соған кепілмін» [5,124-б], - деуге дейін барады. Ертеңгі болатын ылаң емес, оның кейбір көріністері бүгінде қылаң беріп жатқандарына автордың мензеп отырғанын көзі қырағы оқырман сезер деп есептеуіміз керек.

Автор романының оң бойында теңізді тек балық аулау көзі деп есептемейтінін аңғару оңай. Арал – осы аймақтың күллі жаратылыс-табиғатымен қабыса тіршілік жасап жатқан құдды бір тірі организм есепті. Жағрапиялық, топологиялық жағынан қарағанда, төңірегін қоршаған қарағайлы, қайыңды орманы самсаған таулардан жұрдай, ана тұс, мына тұсында жыңғыл, сексеуіл қылтиған ысылдаған құм арасындағы жарқырап жатқан алтын алқа дерсін.

Роман жазылып жатқан тұста Өзбекстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі С.Камалов: «Бүгінде бүкіл аймақ аса күрделі, мен айтар едім, апатты экологиялық жағдайды бастан кешіп отыр. Табиғат пен адамдар тура келген үш бірдей зауалға душар болды: климат құрғап, күрт континентальды бола бастады, жер мейлінше сортаңданып, құнарлылығын толық жоюда, егістік пен ауыз суға пайдаланатын судың сапасы күрт нашарлап кетті. Зерттеушілердің көрсетіп отырғанындай, Арал жағдайларының шөлге айналуы аймақ төңірегінен шығып, тез түрде кең ауқымды процеске айналып барады. Оның сипатын бұған дейінгі қандай да бір бақыланған нәрселермен, оқиғамен ешбір салыстыруға болмайды. Сәйкессіздік етек алып, бүкіл экологиялық жүйе бұзылуда» [6,116-б], - деп алғашқы айқайшылардың бірі болған. Публицистік дабыл қағылған, осыдан тура жиырма жыл бұрынғы осы дәйексөз иесі, Өзбек Ғылым академиясы Қарақалпақ жазушысы О.Әбдірахманов тап сол тұста «Аралым – дертім менің» атты публицистикалық мақаласында лирикалық-трагедиялық мақаммен былай жеткізген: «Сақи Арал жетпісінші жылдарға дейін Орта Азия мен Қазақстанның жанары секілді мөлдіреп тұрды. Сол өзін тойындырып тұрған екі емшектен біртіндеп айырылғаннан кейін, анасынан айырылған жетімдей, көз жасын ішіне жұтып, бірте-бірте семе бастады. Бұл дәуірді тілі мірдің оғындай бір жазушы: «Арал ғажайып ауыр ажалмен өліп барады» [3,195-б] -, деп суреттеген. Романның бүкіл көтерген шығармашылық жүгі – экологиялық иман проблемалары автор тарапынан әдеби-көркем әшекеймен, образды түрде адал, оқырман көкейі қалаған шешімін тауып жатады.

Туындының оқырман сарайына енгеніне де ондаған жылға таялып қалды. Ол рухани аз бояумен бірге, өмір ғұрпына да енді-ау деп білеміз. Осы сәтте еліміздегі аз санды жаратылыс жанаршыларының бір көшбастаушысы, өз объектісін озық білетін, ақиқат академик Ә.Бейсенова таяудағы «Экономика және экология» атаулы мақаласында: «Қазақстанның қазіргі экологиялық жағдайлары мәз емес екені көпке мәлім... Қазір эколог-кадрлар көптеген оқу орындарында дайындалады. Бірақ солардың білім сапасы, тәжірибе жинақтауы көңілге күдік ұялатады» [4,56-б] -, деп жазады. Ал, біздің пайымдауымызша, «Соңғы парыз» - аталмыш проблеманы әдеби-көркем кейіпте шешуге бірден-бір катализатор жүгін арқалауға дайын оқу құралына қосымша яғни құнарлы қазақ тілімен, ғажап сюжеттік шиеленістермен орындалған әдістемелік шығарма.

Қорытынды. Классикалық-психологиялық диологияның аяқталар шенінде: «Есалаң сорлы, есінді жый! Оңың мен солыңа қара! Басқаны ойламасаң да, ойынан шыққан мына дүниенің ертеңі не боларын ойласаң еді? Осы дүниеге соңыра, өзіңнен кейін келетін сорлы ұрпақтың күні не болатынын ойласаңдар еді!» [3,444-б] -, деген жолдар өлі мен тіріге бірдей үйірілген экологиялық иман ба екен дерсіз ?!.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрпейісов Ә. Арал тағдырын ашық айтсақ// Аралым –арым, Балқашым – бағым. Жинағы. Құраст. Н.Жүнісбаев. –Алматы. Қайнар, 1988 -43-54 б.
2. Риклефс Р. Основы общей экологии. Учебное пособие. –М.: Высшая школа, 1979. – 382 с.
3. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман-диология. –Алматы.: Жазушы, 1999. -472-б.
4. Тлеубергенов С. Нооэкология. –Алматы. Ғылым. 1996. -116 с.

БҰҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Серікжанова М.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«Әдебиеттану» мамандығының докторанты

Сейсенбиева Э.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD, аға оқытушы

Андатпа. Мақалада қазіргі әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыптардың бірі бұқаралық әдебиет жанрының дамуы мен ерекшеліктері туралы жазылады. Авторлар ғылыми мақалада бұқаралық әдебиеттің шығу тарихына теориялық түсініктер мен шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, әр түрлі көзқарастардың оқиғаға қатысын қарастырады. Сонымен қатар, мақалада қазіргі бұқаралық әдебиеттің жанрлық өзгерістері контекстіндегі интерактивті әдебиет ұғымына да түсінік беріледі

Кілт сөздер: бұқаралық әдебиет, беллетристика, классикалық әдебиет, детектив, фантастика.

Кіріспе. XX ғасырдың аяғында еліміздің мәдени кеңістігінде болған елеулі өзгерістер әдеби процеске де әсерін тигізді, атап айтқанда әр түрлі жанрдағы шығармалардың сапалық және сандық қатынастары өзгерді деуімізге болады.

Бүгінгі таңда бұқаралық әдебиетті зерттеу пәнаралық сипатқа ие. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұқаралық әдебиет жанры ғылыми тұрғыда зерттелмеген. Құбылысты зерттеудің бірнеше тәсілдерін ажыратуға болады «танымал әдебиет». Бұқаралық әдебиеттің негізгі жанры мен стилистикалық модельдері романтизм мәдениетінің әсерінен қалыптасады: детектив, фантастикалық роман, шытырман оқиғалы роман, романс. Тарихи роман жанры бұқаралық әдебиет аясында тривиализация процесін бастан кешіреді. Жаппай оқуға арналған көптеген кітаптар уақыт өте келе балалар әдебиетінің классигіне айналды. 1830 жылдардан бастап фельетон романы бұқаралық әдебиеттің кең таралған баспа түріне айналды, бірақ ол толықтай танымал оқуға жатпайды.

Қазақ әдебиетінде кітапты жарнамалау ісі күні бүгінге дейін қолға алынбаған десек қателеспейміз, сондықтан да көркем шығарманы оқу бізде қазір интернетте көрініс таба бастаған секілді. Ал интернеттік әдебиетте көбіне классикалық жанрлар жариялана бермейтінін жағын да ескерсек, қазіргі оқырман бұқаралық әдебиет жанрын көп оқиды деуімізге болады. Дегенмен, әдеби-эстетикалық градация бар, бұл ретте шартты түрде болса да, классикалық әдебиет – беллетристика – бұқаралық әдебиет деген үштіктің айырымына тереңірек үңілгеніміз жөн болар.

Беллетристика – әдебиеттің «аралық алаңы» секілді, оған өзгеше көркемдік артықшылығымен ерекшеленбейтін шығармалар жатады. Бұл шығармалар ұлттық құндылықтарды дәріптеп, танымдық жағына ұмтылады. Өз дәуірінің өзгерістерін, маңызды оқиғаларын өзек еткен немесе өткен тарихқа үңілген, автобиографиялық немесе мемуарлық шығармалар беллетристика ретінде оқырмандарды қызықтырады. Уақыт өте келе ол өзінің өзектілігін жоя бастайды, келер буын оқырмандардың әлгі шығармаларды оқи қоюы екіталай. Классикалық әдебиет оқушыға беймәлім эстетикалық жаңа бір дүние ұсынса, оқырман жаңа бір әлемді ашса, беллетристика ұғынықты, белгілі дүниелерді қаузап, әлеуметтік тапсырыстарды да орындайтын, оқырманы мол салаға жатады.

Дегенмен, беллетристика мен бұқаралық әдебиеттің арасында аса бір айырым бола бермейді, сондықтан бұл екеуін кейде синоним ретінде қабылдап, жақын ұғымдар ретінде түсінетіндер баршылық. ХХІ ғасырда Батыстағы (Америка мен Еуропа) бұқаралық әдебиет, әлеуметтанушылардың пікірінше, бүкіл әдеби тасқынның 90 пайызынан астамын алады екен. Яғни, батыста бұқаралық әдебиетке деген сұраныстың жоғары екенін байқаймыз.

Негізгі бөлім. Ғалым Н.А.Кузмина бұқаралық әдебиет туралы: «Көпшілікке арналып жазылған және нарықтық экономика, өнеркәсіптік өндіріс, қалалық өмір салты, бұқаралық коммуникациялық технологияның дамуы, әлеуметтік, экономикалық, адамдар арасындағы қатынастарды біріздендіретін әдебиет» [1] деп пікірін білдірсе, әдебиеттанушы-ғалым Ю.М.Лотман «Әдебиеттің сан жағынан кең тараған бөлігін көрсетуі керек. Белгілі бір топта ол мәдени тұрғыдан толыққанды және осы рөлді орындау үшін қажетті барлық қасиеттерге ие ретінде қабылданады» деп пікір білдірген болатын [2].

Бұқаралық әдебиеттің ең басты шарты шындықтан алшақтау және конформизмінің даму алғышарты мен көпшілік оқырман түсінетіндей жеңіл. Бұқаралық әдебиеттің жанрлары өмірдің жеңілдетілген түрі. Яғни, көпшілік қарапайым оқырманның сұранысына орай, жеңілдетіп жазылған шығарма. Бұқаралық әдебиет жанрының ең алғашқы түріне Даниель Дефоның «Робинзон Крузо өмірі мен таңғажайып оқиғалары» атты романын айтуға болады. Сол уақытында романның құны ер адамның костюмі немесе жылқының жарты бағасымен бірдей болса да, оны тез арада сатып алып көпшілік оқырман қызығып оқыды. Осы тұрғыда бұқаралық әдебиет жанрының шығармалары тілі қарапайым, қарабайыр, бір оқығанға жеңіл әрі тез ұмытылатын шығарма деп баға берілсе. Д.Дефоның «Робинзон Крузо өмірі мен таңғажайып оқиғалары» атты романына үш ғасыр уақыт өтсе де, Робинзонның қызықты оқиғалары әлі күнге дейін оқырмандарды жалықтырған емес. Ал, романның басты кейіпкері Робинзонның таңғажайып тарихының шынайы деректі негізі бар екенін бірі білсе бірі біле бермейді. Бұқаралық әдебиеттің жалпыға ортақ сауаттылық заңы туралы алғаш 1870 жыл Ұлыбританияда бұқаралық оқырманның әлеуметтік құрылымын қамту қажеттілігінен туындағаны айтылады. Алайда кейбір жағдайда *бұқаралық әдебиет* жанрында өзгешеліктер болып тұрады. Ол бір шығарманың ішінде бірнеше *жанрлар* көрініс табуы мүмкін. Бұндай жағдайда кейде тіптен классикалық әдебиет жанры шығармасында да бұқаралық әдебиеттің көрінісі болуы ықтималдығы бар.

Жалпы, бұқаралық әдебиет көбіне мәдениет пен әдебиеттің даңғыл жолдарынан хабары жоқ, қарапайым оқырманның сұранысына орай жасалады деген пікірдің өзіне де кей жағдайда келіспеуге болады. Себебі, бұқаралық әдебиеттің өз дәуірінің әдеби процесіне белсене араласуы – әлеуметтік және мәдени өзгерістердің белгісі болып табылады. Бұқаралық әдебиеттің өзінің жанрлық, тақырыптық мызғымас канондары бар, оның ішінде белгілі бір сюжетті схемалар негізінде құрылған, типті кейіпкерлері көрініс беретін прозалық шығармалардың формальды модельдері де болады. Композициялық стереотиптер, эстетикалық шаблондар бұқаралық әдебиеттің барлық жанрлық-тақырыптық белгілерінде (детектив, триллер, мелодрама, криминал, фантастика, фэнтези, шытырман-тарихи романдар және т.б.) көрінеді. Осылайша оқырмандардың сұранысы бойынша жазылған шығармалар дүниеге келе бастайды. Қазақ әдебиетінде кітап жарнамасы болмағандықтан, бұқаралық әдебиет жанрлары бізде қазір интернетте көрініс таба бастаған секілді.

Бұқаралық әдебиет туралы қазақ жазушыларының да пікір-көзқарастары әртүрлі. Мысалы айтар болсақ, классик жазушы Мұхтар Әуезов бұқаралық әдебиетті халықтың мәдени және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырудың маңызды құралы ретінде қарастырса, Ғабит Мүсірепов бұқаралық әдебиеттің әлеуметтік маңызына назар аударып, оның халық арасында таралуының қажеттілігін айтқан болатын. Сонымен бірге, қазіргі заманауи қазақ жазушылары да бұқаралық әдебиетті бір жағы жастардың рухани тәрбиесі мен мәдени білімін арттыруда үлкен рөл атқаратынын жеткізеді.

Жазушы, ғалым, аудармашы Д.Мәсімхан М.Әуезов пен Лу Шүн шығармашылығын салыстырмалы зерттеуінде бұқаралық әдебиет туралы былай деген: «...әдеби ортаға «елді қорғау әдебиеті» және «ұлттық төңкерістік соғыстағы бұқаралық әдебиет» деген секілді саяси ұран тасталды. Яғни ендігі әдеби тірлік осы екі бағытта болуы керек болды» [3, 102 б.].

Юрий Лотман бұқаралық әдебиетке қатысты өз пікірлерін «Культура и взрыв» және «Семиотика кино» сияқты еңбектерінде білдірген. Ғалым Ю.Лотман аталған еңбектерінде мәдениет пен әдебиет арасындағы байланысты, әсіресе бұқаралық мәдениеттің әсерін зерттеген. Ю.Лотман бұқаралық әдебиетті мәдени кодтың бір бөлігі ретінде қарастырып, оның

халықтың эмоционалдық және әлеуметтік дүниетанымын көрсету қабілетін ерекше атап өткен. Ол бұқаралық әдебиеттің мазмұны мен түрлеріне, әсіресе, мәдениетаралық диалогқа әсерін зерттеп, талдай отырып, оның қазіргі қоғамдағы рөлін ерекше назарда ұстаған болатын. Ю.Лотманның пікірінше, бұқаралық әдебиет қарапайым халықтың күнделікті түршілік өмірін, тілін және мәдениетін көрсетудің маңызды құралы болып табылады деп пікірін білдірген.

«1990 жылдардың аяғында айқын мәдениеттің кейбір түрлерінде маргинализация және коммерцияландыру болды. Әдебиет қазіргі заманда бұқаралық коммуникация арналарының біріне айнала бастады. Жаппай тұтынуға деген көзқарас әдебиетті көркем бейнелеудің нақты құралдарын, арнайы эстетикалық кодты қолдануға мәжбүр етеді. Бүгінгі таңда бұқаралық әдебиет мәселесі мәдениет әлеуметтануының кең ауқымға, атап айтқанда әдебиет әлеуметтануы контексіне енуде» [4, 5 б.] – деп *М.А.Черняк әдебиеттегі жаңа әдеби жанрлардың пайда болуы* мәтінде интерактивті стратегияларды қолдануға бағытталғанын атап айтқан. Ал, интерактивті әдебиет жанрының пайда болуы қазіргі оқырманды көркем шығарманы оқуды жеңіл әрі көңіл көтеруге бағытталып барады.

Бұқаралық әдебиеттің бұрынғы жанрларын салыстырмалы тұрғыда қазіргі әдеби жанрлармен қарастыратын болсақ тіптен жарамсыз деп айтуымызға болады. Себебі, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында детектив, фантастика, фэнтези сияқты роман түрлері сол ғасырда ғана дами бастады.

Бұқаралық әдебиет уақыт өте келе өзінің өзектілігін жойып, оқырман ұмыта бастайды, ол қайта оқуға, эстетикалық қазына ретінде сақтауға арналмаған. XIX ғасырдың соңында детективтер мен шытырман оқиғалы романдарды, мелодрамаларды «бір реткі әдебиет» немесе «вагонды беллетристика» деп атағандары бекер емес болар.

Біз осы жанрдың контекстінде ойын-сауық компонентінің болуын лексикалық деңгейде растаймыз: интерактивті әдебиет – бұл ағылшын тіліндегі «интерактивті фантастика» ұғымының орыс тіліндегі аналогы, ол ағылшын тілінен аударғанда интерактивті фантастика дегенді білдіреді.

Жаппай тұтынуға деген көзқарас әдебиетті көркем бейнелеудің нақты құралдарын, арнайы зерттеуді қажете ететін эстетикалық кодты қолдануға мәжбүр етеді. Бүгінгі таңда бұқаралық әдебиет мәселесі мәдениет әлеуметтануының, атап айтқанда әдебиет әлеуметтануының кең контекстіне зерттеуді қажет ететін әдебиеттің бір жанры.

Қазіргі жаһанадану заманында, өнер туындыларын жарыққа шығару мен жарнамалау, таратудың негізгі кеңістігі нарық болып табылатындықтан, қоғамның талабы бұқаралық әдебиеттер мәдени нормалардың тасымалдаушысы гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында да, көркемдік тәжірибеде де рефлексия тақырыбына айналады.

Бұқаралық әдебиет – бұл кең аудиторияға арналған, көпшілікке түсінікті және қолжетімді түрде жазылған шығармалар. Ол әдебиеттің бір түрі ретінде әлеуметтік, мәдени, экономикалық контекстте маңызды рөл атқарады. Бұқаралық әдебиеттің ерекшеліктері мен оның қоғамдағы орнына тоқталар болсақ. Бұқаралық әдебиеттің ең басты ерекшелігі – оның кең жұртшылыққа түсінікті болуында. Шығармалар қарапайым тілмен жазылады, күрделі әдеби терминдер мен концепцияларды қолданбауға тырысады. Бұл оны әр түрлі жастағы, білім деңгейіндегі адамдар үшін оқуға жеңілдік береді.

Бұқаралық әдебиет жанрлары өте көп, оған роман, повесть, әңгіме, поэзия, эссе, детектив, фантастика, романтика және тағы басқа да жанрларды жатқызамыз. Сонымен қатар, бұқаралық әдебиет тақырыптары да әр алуан болып келеді: махаббат, достық, әлеуметтік мәселелер, табиғат, тарих, ғылым және т.б. Тақырыптың әртүрлілігі де оқырмандардың шығарманы оқу қызығушылығын арттырады. Жалпы алғанда бұқаралық әдебиет жанрлары көбінесе коммерциялық мақсатта жазылып, таратылымы жағынан да оқырманға тез жетеді. Авторлар мен баспалар оқырмандардың назарын аудару үшін қызықты сюжетті, тартымды кейіпкерлерді және динамикалық оқиғаларды пайдалануға тырысады. Бұл бір жағынан әдебиеттің коммерциялық табысы мен сұранысын арттырады. Осы тұрғыда кітап жарнамасының да ролі ерекше болады. Қазақ әдебиетінде кітап жарнамалау әлі де болса артта қалып отыр.

Қорытынды. Бұқаралық әдебиет жанрлары қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді қозғап, қоғамның келеңсіз мәселелерін ашық айтып, көрсетуі де мүмкін. Оқырмандардың назарын аудару арқылы авторлар әлеуметтік әділетсіздік, экология, саясат, мәдениет сияқты тақырыптарға көңіл бөледі.

Сонымен қатар, бұқаралық әдебиет классикалық әдебиетпен де қатар, әдебиеттің дамуында маңызды рөл атқарады. Ол жаңа таланттарды ашады, әдеби эксперименттерге жол ашады және халықтың әдебиетке деген қызығушылығын арттыра түседі.

Қорытындылай келе, бұқаралық әдебиет – бұл қоғамның рухани өмірінің маңызды бөлігі болып табылады. Оның ерекшеліктері мен функциялары қоғамның мәдени және әлеуметтік құрылымының айнасы іспеттес. Бұқаралық әдебиет жанрлары көпшілік оқырмандар үшін ол тек көңіл көтеру көзі ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік мәселелерді талқылау алаңы, идеялар мен көзқарастармен бөлісу платформасы болып табылады десек қателеспейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кузьмина Н.А. Интертекст тема с вариациями: Феномены языка и культуры в интертекстуальной интерпретации. Монография, М.: 2018. – 272 стр.
2. Лотман Ю. М. Культура и взрыв. - М.: Гнозис; Издательская группа «Прогресс», 1992. – 272 стр.
3. Мәсімханұлы Д. Мұхтар Әуезов және Лу Шүн. Монография. «Балалар әдебиеті» баспасы. Алматы: 2007. – 356 бет.
4. Черняк М. А. Массовая литература XX века: учеб пособие. – М.: Флинта: Наука, 2007.
5. Кветна И. ARG в литературе: вирусный маркетинг на службе писателей. – [Электронный ресурс]: <http://blog.orz.com.ua/arg-v-literature/>.
6. Урусиков Д. С. Эволюция жанра «interactive fiction»: от нелинейного романа к текстовому квесту // Жанрологический сборник. – Вып. 1. – Елец: ЕГУ им. И. А. Бунина, 2004. – С. 132 – 138.

Р.МҰҚАНОВАНЫҢ «САРҚАНШЫҚ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ АВТОР МЕН НАРРАТОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Исабекова Ж.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

Э.С. Сейсенбиева, PhD, аға оқытушы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада нарратологияның қызметіне теориялық түсініктер шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, әр түрлі көзқарастардың оқиғаға қатысын шығармадағы нарратордың орнын талдап көрсетеді. Нарратологияның теорияларына салыстырмалы талдау келтірілді. Роза Мұқанованың «Сарқаншық» әңгімесіндегі нарратор, баяншының орнын анықтап, нарратордың қызметі салыстырмалы түрде талданады.

Кілт сөздер: автор, әңгіме, автор бейнесі, интермәтін, дискурс, нарратор.

Кіріспе. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында автор, автор бейнесі, нарратор, нарратив, баяншы, баяндау, кейіпкер ұғымдары басқа қырынан танылып, жаңаша сипатқа ие болуда. Нарратор шығарманың ішкі құрылымын, яғни жасырын түрдегі психологиялық мәселелерді анықтау үшін кейіпкерлердің қажеттіліктері мен мотивтерін, негізгі қақтығыстар мен қорғаныстарды, негізгі қорқыныштарды анықтау, сондай-ақ сюжетке кіретін немесе субъект байқамайтын кейіпкерлерді, заттар мен жағдайларды талдау бүгінгі әдебиеттің қажеттілігінен туындап отыр. Осыған дейін әдебиеттану ғылымында «нарратив», «әңгіме», «тарих»

ұғымдарын жиі синоним ретінде қолданылып келді. Шындығында, бұл ұғымдарды әдебиетте араластыра қолданады, себебі, өте ұқсас құбылыстарды суреттейді.

Қоғамдық сана мен әлеуметтік тартысты көріністер, адам тағдыры көркем шығармашылықтың негізгі өзегін құрайды. Автор шығарма кейіпкерлері мен олардың іс-әрекеттері арқылы өзі суреттеп отырған қоғамның бар болмысын ашып көрсетеді. Әр қилы тағдырлар негізінде адам әлемінің тылсым қырлары мен өмір шындығын суреттеп, оны көркем түрде қабылдауға бейімдейді. Осы тұрғыда көркем туынды автор мен кейіпкерлерді көркем кеңістік шеңберіне енгізе отырып, оларды бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түсіреді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының теориялық негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танышқыш» еңбегінде нарратор термині туралы: «*Әдебиет сөзін тәртіппен топқа бөлу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негіздік үш топқа бөлген:*

1. Әуезе.
2. Толғау.
3. Айтыс.

Не үшін олай бөлген мәнісі әр табын бас-басына баяндағаннан көрінбекші... Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады» [1, 103] – деп анықтама бере отырып, баяншының рөлін шығармадағы нақтылап анықтаған.

Жалпы прозалық шығармаларда автор әрі баяншы, әрі әңгімеші, әрі әуезелеуші, әрі нарратор, әрі кейіпкер болуы әбден мүмкін. Осы тұрғыда «автор бейнесін» айқындайтын ерекшеліктерді саралау қажеттігі туындайды.

Негізгі бөлім. «Автор бейнесі» мәселесі ең алғаш әдебиет зерттеушілері В.В.Виноградов, М.Бахтин, А.Н.Соколов, В.Шмидтің еңбектерінде нақты қарастырылған. Жоғарыда аталған ғалымдар нарратор образы мен автордың образын жеке дара қарастырып, көркем туындының өн бойында автор бейнесінің көріну тәсілдерін айшықтайды.

А.Н.Соколов «Теория стиля» еңбегінде: «Автордың образы, кеңірек, дәлірек айтсақ, суреткер тұлғасының оның шығармашылығындағы көрінісі... бұл стиль емес, өнердегі басты стильдік бірлік тұлға емес. Автордың немесе автордың жеке басының бейнесі әдеби-көркем шығарманың маңызды және айқындаушы компоненттерінің бірі болып табылады» [2, 156-157] – деп, автордың көркем туындыдағы қызметі мен ерекшелігін атап көрсеткен.

Орыс филолог-ғалымы Г.К.Косиков нарратология туралы былай тұжырым жасайды: «Нарратив (ағылшынша: *narrative*) – әңгімелеу, баяндау. Нарратология теориясы сюжеттік баяндаудың құрылымын (ағылш. *plot, story*; франц. *histoire, récit, intrigue*; неміс. *geschichte*) және сюжет түзілісінің барлық заңдылықтарын зерделейді. Нарратологияның негіздері Аристотельдің «фактілердің реті» түрінде қорытындыланатын «әрекетке, оқиғаға еліктеуден» («*mimēsis praxeōs*») туындаған «баяндау» («*mythos*») ілімінде жатыр» [3].

Нарративтілік туралы батыс ғалымдарының пікірінше екінші бір ұғым, ол структуралистік нарратологияда қалыптасты. Бұл концепцияға сәйкес, баяндауда шешуші фактор – коммуникация құрылымы емес, баяндалатын құрылымның өзі болып табылады. «Нарративті» термині «дескриптивті» немесе «сипаттамалық» терминіне қарсы қойылып, делдалдық баяндау инстанциясының бар-жоғын емес, баяндалатын материалдың нақты құрылымын көрсетеді. Структуралистік мағынада нарративті деп аталатын мәтіндер, бейнеленген әлем деңгейінде уақыттық құрылымға ие болып, қандай да бір күйдің өзгерісін баяндайды.

Нарратология немесе нарратив, баяндау теориясы шығармадағы автордың баяндау тәсілін зерттейтін ғылыми пән. Нарратология көркем шығармадағы әртүрлі нарративтің жалпы белгілерінің көрінуін, олардың арасындағы айырмашылықтар мен нарративтің пайда болу және даму заңдылықтарын бір жүйеге келтіруді мақсат етеді.

Нарратология екіге бөлінеді:

- Бірінші, классикалық (бұл жағдайда нарративтіліктің белгісі ретінде нарратордың қатысуы жатады);
- Екінші, құрылымдық (бұл жағдайда нарративтілік баяндалатын мәтінге қарама-қарсы уақыттың дамуы бойынша анықталады).

Нарратологиядағы әдеби мәтін 2 жоспар арқылы қарастырылады:

1. баяндалатын оқиға (мазмұн жоспары) арқылы;
2. хабарлау ретінде (көрініс жоспары).

Осы диахрония негізінде нарратологияның басқа да түсініктері пайда болады ол фикционалдылығы яғни, жасандылығы, ойдан шығару және фактуалдылығы - бар болуы, іс жүзіне асыру, нарратор (баяндаушы) типтері, баяндау инстанциясының иерархиясы, сатысы (шынайы және абстрактілі автор, нарратор, идеальный және нақты оқырман, оқырман бейнесі), автор бейнесі (баяндаушыны бөліп ажырату немесе оқырманмен тілдесу және ойнау мақсатында баяндаушы-кейіпкердің жеке мінез-құлқы мен биографиялық белгілерін айшықтау) және т.б. [4]

Аталған терминдердің теориялық мағынасына тереңірек бойлау үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, Т.Айбергенов атындағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Роза Мұқанованың 2004 жылы «Муза» жинағына енген «Сарқаншық» әңгімесіне талдау жасамақпыз. Жазушының «Сарқаншық» әңгімесінің пішіндік құрылымында автор мен нарратордың болмысы бір-бірінен ажырамастай шебер қиюластырылып жазылғын шоқтығы биік шығармаларының бірі.

Автор шығарма өзегінің негізгі арқауы болса да, ол әрдайым тура сол қалпында көріне бермейді. Автор өз туындысында автор-нарратор, автор-әңгімеші, автор-нарратор, автор-кейіпкер ретінде де танылып, өзінің көркем кеңістігін құрайды. Р.Мұқанов «Сарқаншық» әңгімесінде автор әрі баяншы, әрі әңгімеші, әрі нарратор, әрі кейіпкер болып, бір ғана әңгіме аясында көркем туындының табиғатын тамаша аша білген.

«Бұралқы Сарқаншық... Ителгідей ілмип, ықылық атасың. Емхананың айналып ұзақ жүрдің, елегізіп әлдекімнің соңынан еріп, бірге кетпек болып шешімге келесің, бірақ сенімнен жаңылып қалармын деп айнып та үлгересің. Айнығаның дұрыс. Айну – ойлану. Жаңылудан сақтайды. Көздерің-ай... Иттің де көзі мойылдай болатынын, тұңғыық болатынын бірінші рет көрдім. Сені аяуға қорықтым. Аяушылық жасау АЛЛАНЫҢ игілігінде ғой, дертіңе шипаны АЛЛАДАН тіледім» [5, 14] –деп, Роза Мұқанова өз туындысында өзі әрі автор-нарратор, әрі автор-әңгімеші болып бірігіп кеткен. Нарратор қызметіндегі автор оқиға кейіпкерлерінің бірі ретінде қатысып отыр.

Бір автор өзінің әрбір туындысында оқиғаға өзін қаншалықты қатыстыруына байланысты түрліше көрініп отырады. Жоғарыда аталған шығармада әуезелеуші (нарратор) тұлға бір қалыппен көрінеді. Туынды оқиғасы мен идеясы авторды өзіне бағындыра білгендіктен, «Сарқаншық» әңгімесінде нарратор шығармаға көбіне тәуелді болып отыр. Сондықтан «Сарқаншықта» автор оқиғаға әрі автор, әрі нарратор ретінде қатысқан. Осылайша автор өз әңгімесінің баяндалу мүмкіндіктерін барынша әсерлі етіп, шығармасының мәнін оқырманға қызықтыра түсіп жазу шеберлігі мен стилінің ерекшелігін байқатады.

«Сарқаншық» әңгімесіне талдау жасау барысында нарратор терминіне қатысты теориялық зерттеулерге тоқталсақ, В.Шмид «Нарратология» еңбегінде бейнелеу тәсілі мен диететикалық өлшемдері бойынша нарратордың түрлерін былайша жіктеп көрсеткен. Диететикалық өлшем бойынша диететикалық (диететический) және бейдиететикалық (недиететический) нарратор деп қарастырған. «Өзі туралы диететикалық тұлға ретінде баяндайтын нарраторды диететик деп атаймыз. Диететикалық нарратор баяндауда да (субъекті ретінде), баяндалатын әңгімеде де (объект ретінде) көрінеді» [6,82] – деп, көркемдік-тұспалдық бағытта бірігетін баяндаушы-нарратор қызметін айтқан.

«...Қаланың көп қаншығы сені жек көретін. Қызық, сен ешбір қаншықпен дос та, қас та болмапсың, бірақ олар сені көрсе, шабаланып, шәуілдеп, быржың-тыржыңы басылмай, әуре болатын. Бәлкім, төбеттерін қызғана ма?... Бірақ олардың тұрақты төбеті жоқ қой. Әйтеуір, сені жек көретін, жақтырмай, шәуілдеп, шаңқылдап, сені бас сауғалап алысқа ұзағанша жақтары талмай, қағына, көше бойын шаң-шұң қылып шуласып қалатын. Сондықтан болар, сен ит атаулыдан бөлек, өзінмен өзін жеке дара жүретін едің. Мүмкін, сен иттіктен гөрі Адам болғанды армандаған шығарсың. Әйтпесе, мынау адамдар емделетін аурухана саған неге ұнады? Бірақ сен байғұс бұл жердің аурухана екенін білмедің-ау. Сен сезімтал итсің, қалайша

сезбей қалдың, Сарқаншық. Бұл дерті бар жандардың қажып, шаршап келетін, жанына шипа іздеп келетін мекен. Тіпті, кейбірінің мәйіті шығатын соңғы тұрағы. Солай, сондай ғой бұл жер, Сарқаншық» [5, 17] деген жолдарда автор тұлғасымен де, туындыдағы басқа детальдармен де көркем кеңістікте нарратор-әңгімелеуші болып, жазушы диететикалық нарратор тәсілін қолданған.

Сонымен қатар, автор диететикалық нарраторды ұтымды пайдалана отырып, нарратологиядағы типологиялық топтастыру бойынша аталған әңгімеде оқиға бірінші жақтан баяндалады. Шығарма желісіндегі емделуші кейіпкер итті аурухана төңірегін тұрақтауын, басқа да емделушілердің ит туралы пікірлері мен иттің жұмбақ тағдырын баяндап, бірінші нарратор сипатында көрінген. Сонымен қатар сентименталды кейіпкер тұлғасындағы бірінші нарратор әңгімедегі оқиғаның негізгі қозғаушысы мен дамытушысы қызметін де атқарып тұр.

Жалпы нарративтіліктің минималды шарты – бір күйдің кем дегенде бір рет өзгеруі. Ал өзгеріс қанша астарлы түрде бейнеленнің өзінде де мәтінде нарративтілік қасиет әркез байқалып отырады. «Сарқаншық» туындысында да иттің тағдырында орын алған өзгерістер бірінен кейін бірі ретімен баяндалу арқылы әңгіменің нарративтілік мәні арта түскендей.

Мақаламызға арқау болған әңгімедегі нарративтілікті талдау барысында: «Жағдайдың өзгеруі нарративтіліктің шарты ретінде келесі құрылымдық белгілерді білдіреді: 1. Екі, ең болмағанда, бастапқы және соңғы күйден тұратын уақыттық құрылымның болуы; 2. Бастапқы және соңғы күйлердің эквиваленттілігі, яғни олардың бір мезгілде ұқсастығы мен қарама-қайшылығы; 3. Күйдің өзгеруі бір әрекет етуші немесе әсерге ұшыраған субъектіге («агентке» немесе «пациентке») немесе сыртқы жағдайдың бір элементіне қатысты болуы керек» [6, 16] – деген тұжырымға сүйенеміз. Әңгімеде емделуші мен иттің аурухана ауласында суреттеліп, бір уақыт кеңістігіне бағына баяндалған. Ауру адам мен иттің бір мезгілде ауруға ұшырап, олардың жалпы адамзаттың жақсы-жаман әрекеттеріне қайшылықты көзқарастары шебер көрініс тапқан.

«Неге қалада жүрмін? Қаланың иті болғанша, даланың иті болмадым ба? Неге адамдар арасына құмар болдым? Иттіктен бір саты болса да биігірек болуды несіне мақсат тұттым?»- деп өкініп ұзай бердім бе. Ит ғұмырдың өз сұлулығын көңілге місе тұтпай, иттікті менсінбедің. Менсінбей жүріп кез болдың ба екен бір дертке, Сарқаншық» [5, 21] – деген жолдарда агент иттің ішкі әлемі күйдің өзгеруіне, нарративтіліктің дамуына ықпал етіп отыр.

Нарратология жайлы ой қозғаған ғалымдар (Платон, Четман, Шмид) мәтіндерді нарративті және сипаттамалық деп екіге бөледі. Ал нарративті мәтіндерді ішінара баяндаушы нарративті мәтіндер мен миметикалық нарративті мәтіндерге жіктейді [6, 21]. Осы тұрғыда әңгімедегі оқиға нарратор арқылы баяндалғандықтан, «Сарқаншық» шығармасын баяндаушы нарративті мәтіндер санатына жатқызамыз.

Қорытынды. Р.Мұқанованың аталған әңгімесінде оқиғалылық айтарлықтай қысқартылып берілген. Туындыдағы әңгімелеу өмірдің құпияларын түсінуге, әлеуметтік заңдылықтарды тануға, эмоциялық қайта бағдарлауға, моральдық және өмірлік шешімдерді қайта қарауға негіз болып, менталды оқиғаны жүзеге асыруға бағытталған. Алайда жазушы менталды өзгерістерді толық бейнелемейді. Өйткені автор үшін барлық оқиғалардың саны емес, сол оқиғалардың іске асуы маңызды болуында. Жазушы өзгерістер мен оқиғалардың орындалуына түрткі болып, нарратор қызметінің маңызын тереңдетіп отыр.

Қорыта келе, жазушы Р.Мұқанова «Сарқаншық» шығармасында өзі автор, нарратор, баяншы болып қоғамның ащы шындығын бұралқы иттің бейнесі арқылы шебер суреттеген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
2. Соколов А.Н. Теория стиля. Москва.: Издательство «Искусство», 1968.
3. Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв.: Трактаты, статьи, эссе /Сост., общ. ред. и вступит. ст. Г.К. Косикова. - М.: Изд-во Моск. унив., 1987.

4. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazirgi-korkem-prozadagy-avtor-narrator-keiipker__19393
5. Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен драмалық хикаттар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 328 бет.
6. Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – с. 312.
7. Храпченко М.В. Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. Москва, 1972. – С. 242.
8. Майтанов Б. Сөз сыны. Зерттеулер, мақалалар. Алматы: Ғылым, 2002. – 344 б.
9. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.

АБАЙДЫҢ «КӨҢІЛ ҚҰСЫ ҚҰЙҚЫЛЖЫР ШАРТАРАПҚА» ӨЛЕҢІНДЕГІ МӘН-МАҒЫНА ПОЭТИКАСЫ

Кенжеқожаева А.М.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
8D02304- «Әдебиеттану» білім беру
бағдарламасының 1-курс докторанты*

Кіріспе. Абай Құнанбайұлының өлеңдері және олардың тілі, стилі, көркемдік жүйесі, авторлық дүниетанымы мен көзқарасы бүгінгі әдебиеттану ғылымында, тіл білімінде өзектілігін жоймаған, белсенді зерттелу үдерісіндегі мәселе екенін білеміз. Сонымен қатар ақын шығармаларының мазмұны мен мәнін, өлеңдеріндегі әр сөздің орынды қолданылуын және автордың өз оқырманына ұсынған астарлы ойын қабылдау үшін тыңдаушы да сана тереңдігіне ие болуы әрі мәтінді ұғу, түсіну шеберлігін жете меңгерген, шығармашылық үдеріске ой тұрғысынан ене алатын оқырман болуы шарт. Бұл туралы абайтанушы, профессор Жанғара Дәдебаев былай дейді: «Суреткер өмірдің шындық құбылыстарын қанша толық суреттеуге ұмтылғанмен, көптеген жайлардың шығарма желісінен тыс қалатыны анық. Ал шығарма жүйесінде көрініс тапқан шындық құбылыстар және оларды қабылдаудан туатын әсер мен түсінік шығарма желісінен тыс қалған жайларға мегзейтін сәттер де болады. Ондай жайлардың мәнін ұғу, түсіну – қабылдаушының санасының тереңінде ғана өтетін өте күрделі, сөйте тұра нәзік шығармашылық процесс» [1].

Ақынның әр туындысында, өлеңнің түп тамырына телінген жасырын мән мен мағынаны ашу үшін туындыгердің өмір құбылыстарын қабылдауы, танымы турасында хабарымыз болуы міндетті. Өмірдің шындық құбылыстарын өлең тармағына сыйғызу үшін әр сөз, әр тіркес, әр мәтін ақынның баяндау, суреттеу, көркемдеу амалына сай ықшамдалып, кең құлаш ой бір ғана сөз мәнінде ұсынылады. Абайдың қай туындысын алсақ та осы тұжырымның растығына көз жеткізе аламыз. Дегенмен ақын өлеңдерінің тек эстетикалық тұлғасына емес, мән-мағынасына үңілу оның өз өлеңдерінде өнер туралы, өлең туралы айтқан ой-тұжырымдарын зерттеу арқылы ғана қол жетімді болмақ. Бұл – метапоэтикаға тән құбылыс. Кез келген көркем мәтінге автордың өз туындысы, өнер құдіреті жайындағы ойы, талдауы негіз болады. Метапоэтика – метамәтін, сондай-ақ метапоэтикалық мәтін деректері бойынша поэтика немесе көркем мәтіндер туралы мәтіндерде импликацияланған немесе экспликацияланған автордың коды, ғылыми және көркем, философиялық алғышарттардың антиномиялық қатынасын сипаттайтын жеке метапоэтиканы қамтитын жүйелердің «күшті» гетерогенді жүйесі; нақты мақсаты – материалмен жұмыс, тәсілдерді анықтау, шеберлік құпиясын ашу; объективтілікпен, сенімділікпен сипатталады [2].

Негізгі бөлім. Абай шығармаларының қатарындағы «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңінің ішінде автор құдіретті өнер туралы баяндаған. Бұл туындысында ақын өз шығармашылығы негізінде сөз, ән, әуен, өлең, жалпы өнер туралы зерттеп, әр тармақта өз

шешімін айтып отырады. Ал біз өлеңдегі автор ұсынған мағынаны талдау үшін өзімізге үйреншікті, болжамды схеманы қолданбай, автордың өзіне құлақ асу арқылы шығармадағы мән-мағына поэтикасын ашуға мүмкіндік аламыз. Ал ақын туындысындағы мән мен мағынаның маңызы, оны оқырманның қабылдау үдерісі әр алуан болады. «Тыңдаушыларына, оқушыларына ұсынып отырған мағынаның ашық, анық және жасырын бөліктерінің арасалмағын ақынның өзі мөлшерлейтінінде сөз жоқ. Бұл жерде тыңдаушылардың, оқушылардың қабылдау, түсіну деңгейлері ескерілетінін есте ұстаған дұрыс. Екінші жағынан, ақынның сөздерінің, ойларының мағынасы мен мәні оның өз тұсындағы тыңдаушыларына мейлінше түсінікті болуы ғажап емес. Сонымен бірге Абайдың сөзі де, ойы да терең мағыналы. Оны әр тыңдаушы, әр оқушы өзінше ғана қабылдап, өзінше ғана түсінеді» [1].

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына билесін ол құлаққа [3], –

Ақын бұл өлеңінде ән өнерінің құдіретін сипаттаған деп қысқа қайыру қате пікір болары анық. Себебі мұндағы әр сөздің, тіркестің мәні мен мазмұны, үстейтін ой тізбегі әлдеқайда салмақты. Адам ойының түрленуі мен соған орай көңілінің шарықтауы, Абай айтқан «көңіл құсының құйқылжуы» өздігінен орын алатын құбылыс емес. Оған белгілі бір сыртқы әрекет әсер етуі тиіс. Әннің шығуына түрткі боларлық дүние көңілдің, ойдың түрленуі екенін түсіндіреді. Ал:

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззәті бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды [3], –

тармағындағы «шырқау», «қалқу», «сорғалау», «тамылжу» секілді ақын сипаттап отырған әрекеттер әннің пайда болуының алғышарттары және шыққан әннің адам табиғатына әсер еткендегі оның жанында және тікелей физиологиясында орын алатын құбылыстарды анықтайды. Әннің шырқалатыны рас, бірақ ол қалайша қалқиды немесе сорғалайды, тамылжиды? Бұл ақынның өлең көркемдігін арттыру мақсатында пайдаланған поэтикалық шешімі секілді болып көрінгенімен, оның мазмұны тереңдеу. Ән шырқалған соң оның адамға қалықтай жетуі рас, жете тұра адамның ойы мен санасынан бұрын жүрегіне бойлап, әуеніне сай біресе адамды қуанышқа бөлеп, біресе ішінде сақталған кей толғанысын сорғалатып ала кететіні де бар. Осы процестерден өткеннен соң адам бойы әуезді әнге тамылжиды, рас. Бірақ оның мұндай қызметтерінен бөлек, «жүректі тербейтіні», «бастағы миды оятатыны» айтылады. Мұнда өлеңдегі ақын қолданған сөздің беретін мәні емес, сол сөз арқылы танылатын құбылысты түсіну дұрысырақ. Атап өткен әннен келетін эстетикалық «сыйды» «ойсыз құлақтың ала алмасы» анық. Осы тұстағы Абайдың «ойсыз құлағы» «Сегіз аяғындағы» «көңілсіз құлақтың» дәл синонимі.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар [3], –

адам жүрегін толқытатын ән «жүректі оятар», бірақ сол «үннің тәтті оралған мәні оятар». Яғни әннің, үннің ғана емес, ондағы мәннің маңызы бастапқы орында. Ән, үн және оның мәні адам жанының түкпіріндегі дертті түрткілеп, ішкі жан дүниенің жайын сыртқа шығара алатын қасиеттен құралғанын түсінеміз.

Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын.
Көкірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын [3], –

Абай әннің «естісі» мен «есерін» ажыратып берді. Ақын өз өлеңінің ішінде өлең мен ән туралы сөз қозғап, оның құдіретін ашқан. Десек те соңғы тармағында бұл сөздің «білімдіге» арналғанын ескертеді. Себебі өлеңмен өлеңді және әнді, олардың мәні мен мазмұнын ашуға тырысқан ақын «ездің басы қаңғыратынын» «ердің көңілі мәнді әнмен жаңғыратынын», әрі аталмыш өлеңдегі ойды да тек «көкірегінде оты бар ойлы» ғана ұға алатынын ескереді. Ақын өнер туралы айтып қана қоймай, оны қабылдаудың, адам жанына әннің әсерінің мәнін де атап өтеді.

Қорытынды. Ақын өлеңіндегі сөздердің, сөз тіркестерінің, тармақтардың мәні мен мағынасына үңілу арқылы өлең ішіндегі өнер туралы ойды зерттеу автор ойын жақын тануға мүмкіндік берді. Абайдың ақындығының мәні өнерді өз оқырманына өлең арқылы түсіндіруге ұмтылуымен ерекшеленеді. Оның поэтикалық шеберлігі мен шығармашылық ойы, мән-мағыналық реңкі өз болмысында, қолданған сөздер тізбегінде көрініс тауып отыр. Аталмыш шығармада ақын көпке үн тастайды, өнерді өзі қалай танығанын және оқырманы оны қай қырынан тануы керектігін түсіндіріп өтеді. Ән өнерінің адамның жан дүниесіне әсерін, жалпы оның қайдан және қалай пайда болатынын, оны қабылдайтын адамның қасиеті нешік екенін, көңіл мен ойдың, сананың өзара қарым-қатынасы негізінде әннің қабылдануын сипаттайды. Абай шығармашылығы негізінде әнді айтқанның үні, әуезі және әннің мәнінен құралатын үштік қатар келгенде ғана өнердің адамға пайдасы барын нық түсіндік. Демек аталмыш өлеңді жазудағы автор миссиясы да орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дәдебаев Ж. «Абайдың сегіз аяғы»: мән және мағына поэтикасы. Электронды ресурс. – URL: <https://abaialemi.kz/post/view?id=965> (қарастыру уақыты 18.10.2024)
2. Штайн К.Е. Метапоэтика К.И. Чуковского. Электронный ресурс. – URL: <https://rep.up.krakow.pl/xmlui/bitstream/handle/11716/7011/AF042--16--Metapoetika--Sztajn.pdf?sequence=1&isAllowed=y> (дата обращения 18.10.2024)
- Құнанбайұлы А. Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа. Электронды ресурс. – URL: <https://bilim-all.kz/olen/527-Konil-qusy-quiqylzhyr-shartarapqa> (қарастыру уақыты 18.10.2024)

Х.ЕСЕНЖАНОВТЫҢ «АҚ ЖАЙЫҚ» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

Утепбергенова Г.К.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

8D02304- «Әдебиеттану» білім беру

бағдарламасының 1-курс докторанты

Ғылыми жетекші: Бисенғали З.Қ. ф.ғ.д., профессор

Аңдатпа. Мақалада Батыс Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату жолындағы қиян-кескі күрестің, Жайық бойында сан ғасырға созылған күрестердің, ұлт-азаттық күрестердің тарихы суреттеген «Ақ Жайық» трилогиясындағы тарихи тұлғалар бейнесі сөз болады. Батыс Қазақстандағы Қазан төңкерісінің тарихын, трилогияда берілген оқиғалармен салыстыра отырып, төңкеріске қатысқан тұлғалар өміріне тоқталып, өмір шындығын өнер шындығына ұштастыра білген жазушы шеберлігін сөз болады.

Кілт сөздер: Трилогия, роман, тарихи тұлғалар, төңкеріс, Кеңес үкіметі.

Кіріспе. “Ақ Жайық” трилогиясы отарлық езгіден қиналған халық бостандығы мен бақыты үшін күрескен ерлердің жиынтық бейнелерін жасаумен қатар, нақты тарихта болған адамдардың өмір жолын шебер суреттеген Х.Есенжановтың шоқтығы биік шығармасы. Бұл трилогияға М.Әуезов: «Еуропа үлгісінде жазылған тұңғыш шығарма. Олай дейтінім алғаш осындай жаңа сюжеттік желіде, Еуропа үлгісінде қалам тербеген жазушы» деген баға береді.

Х.Есенжановтың “Ақ Жайық” трилогиясы Азамат соғысының Батыс Қазақстандағы сұрапыл жылдарының шындығын жеткізеді. Осы шығарма үшін Жазушыға 1967 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық да берілді. Оралдағы контрреволюциялық бүлігі жаңа орнаған Кеңес үкіметін құлатып, большевиктерді қанға бояйтын қаралы оқиғадан бастап, біз кітап бетінен еркіндік жорығындағы ерлердің халық тағдырымен сабақтас күресін көреміз.

“Ақ Жайықтың бас қаһармандары кімдер?”, “Тарихи тұлғалар тағдыры қалай суреттелген”,- деген сауалдарға тоқталсақ. Олар Оралда 1918 жылы бірінші облыстық Кеңес үкіметін құрған жандар, Орал гимназиясының оқушылары, Петроград пролетариатының уәкілі, бірнеше жыл каторгада болып келген большевик, Ресей қарашекпенінің баласы және тағы басқалар. Атап айтар болсақ, юрист Бақытжан Қаратаев, Доссордың жұмысшысы мектебінде істейтін мұғалім Павел Червяков, облыстық кеңес хатшысы Меңдікерей Ипмағаметов, Әмірғали (Әмір) Ипмағаметов, Қызыл Ария мүшесі Әбдірахман Әйтиев, солдат Иван Белан, Ғұбайдолла Әлібеков, тұңғыш председателі, жалынды үгітші, шешен Дмитриев.

Бақытжан Бейсәліұлы Қаратаев - 1919-1920 жылдарда Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің мүшесі болды. 1917-1919 жылдарда Бақытжан Бисәліұлы Орал обылысының еңбекшілері мен алдыңғы қатарлы интеллигенциясының Оралдағы ақ гвардияшыларға, ақ казактар мен алашордашыларға қарсы революциялық қарулы күресіне белсене қатысты.

25-Чапаев дивизиясының құрамында Ақтөбе және Орал майдандарында гвардияшылармен, алашордашылармен шайқасқан Қазақтың дербес атты әскер бригадасын жасақтаушылардың бірі және осы бригаданың саяси комиссары болды. 1918 жылы Оралдың ақ гвардияшыл “әскери үкіметі” Б.Қаратаевты тұтқынға алып, түрмеде он бір ай ұстайды, ақыры ақ гвардияшылар трибуналы оны ату жазасына бұйырады. Бұл үкім 25-Чапаев дивизиясының 1919 жылдың бас кезінде Орал қаласына тосын шабуыл жасап, ақ гвардияшыларды қаладан қуып шығуы нәтижесінде ғана іске аспай қалды” [1.130]. Осы бірі тарихи деректер “Ақ Жайықтың” үшінші кітабында толық беріледі. Оның ату жазасына бұйырған үкімі іске аспай түрмеден босанып, шығып өз отрядына қосылып:

“Тар кезең өтті! Азаттық қақпасы жаңа ашылды. Бұйыққан, тұншыққан ел, міне кеге шықты-қапастан жарық дүниеге шықты. Алайда нағыз теңдік жарығы енді ғана басталды,- деген сөзімен роман да, трилогия да қорытындыланып, аяқталады”[1.363].

Негізгі бөлім. Екінші кейіпкер, Әбдірахман Әйтиевке қатысты тарихи жағдаймен, біз романның бірінші, екінші кітабынан танысамыз. Онда Әбдірахман жаңа құрылған Совдептің мүшесі, Аңкаты өзенін жайлаған елге үгітші, ақ казактарға қару жеткізбек болған жасақты тұтқындаушы жалынды төңкерісшіл. “Сөйлесуге әңгімесі сай, әңгімесіне ақылы сай, біз сияқты кедейлерді елеп, бірінші рет ақыл айтқан жампоз [2.148],-деп халық сүйсінген тұлғасы және “Абылаевсыз да есебін табармыз. Ал,кәне қаруларыңды тастаңдар,-деп Әбдірахман тамағын кеней түсті” [2.248],- деген күрескер бейнесімен романдан көрінген Әбдірахман Әйтиев өміріне тоқтала кетсек.

Орал обылысының жалынды большевикі Әбдірахман Әйтиев Орал обылысының Қараоба болысының Сүгірбай ауылында кедей шаруаның жанұясында туған. Он сегіз жасына қараған шағында бір кластық Қараоба орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін Әбдірахман одан әрі оқуға қаржысы болмағандықтан, салық жинаушы инспектордың аудармашысы, іс жүргізушісі, кейін ауылдық және болыстық хатшы болып қызмет атқарған. Ол 1905-1907 жылдары Ә.Әйтиев қаланың большевиктерімен жақындасып, байланысады. Жұмысшылар мен интеллигенцияның астыртын жиналыстарында арғы бетінде жұмысшы, шаруа, солдат депутаттарының Кеңестерін ұйымдастыру жолында күрес жүргізеді. Сол жылғы қыркүйек айында еңбекшілер оны тұңғыш рет обылыстық Кеңестің құрамына сайлайды, ал 1918 жылғы наурызда ол обылыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары және Қорғаныс комиссары болып сайланады.

1918 жылы 29 наурызда Орал қаласында болған казак билеп-төстеушілерінің контрреволюциялық төңкерісінен кейін Ә.Әйтиев астыртын жағдайда жұмыс істеуге көшіп, ақтардың тылында жасақ құрады. Ә.Әйтиев губерниялық Төтенше комиссияның оперативтік-

құпия бөлімінің меңгерушісі болып істейді. 1919 жылы Халық Комиссарлары Кеңесінің Председатели В.И.Ленин қол қойған қаулы бойынша Ә.Әйтиев Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Әскери-төңкерістік комитеттің мүшесі болып тағайындалады. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Әбдірахман Қырғыз (Қазақ) Әскери-төңкерістік комитеттің Ішкі істер комиссары, Республиканың ішкі істер халық комиссары, Республиканың ішкі істер халық комиссары және басқа да қызметтер атқарды. 1936 жылы Жамбыл қаласында қайтыс болады. [2.131]

1918-19 жылдары ақ гвардияшылар мен алашордашыларға қарсы кескілескен күрес жүргізіп, халық ісі үшін өмірін құрбан еткен жалынды большевиктің енді бірі Меңдікерей Ипмағамбетов. Ол Кеңестіктердің 1918 жылығы наурызды өткізілген Орал обылыстық съезіне делегат болып қатысқан төңкерісшіл.

“Ақ Жайықтың” бас қаһарманы М.Ипмағамбетовтың ауыр соққыға жығылып көп уақыт өз тобына қосыла алмай жүруімен “Төңкеріс үстінде” атты 1-кітаптың үшінші тарауында И.Быковпен жасырын тапсырманы орындауға аттанып, жолай ақ казактар отрядының ауыр соққысына ұшырауын: “Меңдікерей істің қиынға шапқанын сезе қалды да, аттан түсіп жақындап келген кішірек бір казакты сол қолымен сермеп жіберді, өзі ырғып шанадан түсті. Осы кезде шананың арт жағынан қылыштарын көтеріп жаудың үш-төртеуі аттарын желдірмелете төніп қалып еді” [2.37],-деген оқиғамен көрінеді.

Екінші кітаптың екінші тарауында өз тобына қосылған жасырын, астыртын жағдайда жұмыс жасап жатқан тұлғасымен танылады. Мысалы: “Меңдікерей жағын сипап ойланыңқырап тұрды:- Осы Ахметше жөнінде бір әңгіме біліп қайтсақ болар қаладан? Бәрібір “қалаға барамын, мектебімді көргім келеді”,- дедің ғой. Хакім басын изеп “ - Өте жақсы. Біліп қайтайын”,-деді. [2.46]

Орманда қарсы тараптан бейнеленген генералдар мен атамандар, қазақтың буржуазияшыл оқымыстылары, байлары мен старшиналары тұрмыста қандай болса, кітапта да өз рольдеріне шақ бейнелерін тапқан. Олар үшінші кітапта бейнелері дараланып, толыса түскен Халел мен Жанша Досмұхамедовтер. Әсіресе, Жанша бейнесі күрделі. Ол келешекке де көз жібереді. Тарих “желі” басқаша соға бастағанын да сезеді. Өзінше дала келешегін, ел болашағын ойлайды. Халелдің ұлы тіліне, тік мінезіне, қаталдығына іштей қосылмайды. Толғанысы да тереңірек, мінезі де бір қалыппен піше салған емес. Бұлар қазақ буржуазиясын қолдап, оның өз алдына “Уалаятын” құруға жанталаса кіріседі. Осы екі кейіпкер туралы сыншылар:

“Жанша, Халел Досмұхамедовтер фамилиясы бір болғанымен туыстық жағынан бір-біріне мүлде жуыспайтын адамдар”.

Жанша әйгілі заң қызметкері Ленинмен әлденеше жүздескен Халел ірі ғалым, қоғам қайраткері, Совет үкіметінің нығаюына елеулі үлес қосқан адам.

Жазушының “Ақ Жайық” трилогиясында екеуі де алаш белсенділері, үстем тап өкілдері ретінде суреттеледі. Аумалы-төкпелі заманда олардың қателігі де болған шығар. Алайда екі азаматтың да кейін Совет өкіметі үшін адал қызмет еткенін Хамзекең білмеді дей алмаймын. Осы кітапта олардың бейнесі толыққанды түрде көрінбесе, оған жазушы кінәлі емес, темір құрсаудай қысқан “көреген” саясатымыз айыпты шығар. Егер Хамзекең бүгінгі күнге дейін жете алған болса тарих қалтарысында қалған ақиқаттар да ашыла түскен болар еді-ау” [6.4],- дейді.

Ал, Хакім бейнесі жөнінде әңгіме басқарақ. Ол – жеке бір адамның өмірінен алынбаған, яғни көп адамда бар қасиеттерден құралған жиынтық кейіпкер. Бұлай ету – Хакімнің романда көтеретін “жүгі” аса зор болғандықтан. “Ол “Төңкеріс үстінде”, “Шындалу” және “Тар кезең” делінген үш кітап бойындағы алуан-алуан іс-әрекетте өсіп, буыны бекіп, небір тар кезеңнен абыроймен өтуге тиіс еді. Бұл үшін қаһарман әрі жігерлі, әрі саналы, үлкен мақсаттан айнуды білмейтін, керегінде сүйіне де алатын, күйіне де білетін, ішкі ақ жарқын мінезі мен сырт пішіні де тең түсетін көрікті болуға тиіс деп түйдік. Сонда ғана революция туын тік көтерген сол кездегі қазақ жастарының толық бейнесі жасалмақ қой. Осы мақсат орындалды деп ойлаймын. Өйткені, хатында романның алған әсері мен өз бағасын жазатын көп оқушының бірі, бұрынға

партия қызметкері, қазіргі күнде пенсионер, Көкшетаудың Қызыл ту ауданында тұратын Қайырбек Өтеубаев “Хакім біздің өз бейнеміз ғой, әділеттілік пен гуманизм туғызған ардақты жан” деп жазыпты” [5.46].

Кеңес өкіметі орнап, нығаю кезінде заң қызметкерлері, әсіресе, езілген еңбекшінің мүддесін қолма-қол қорғаған заң бақылаушы прокурорлар халықтың қадірменді сүйіктісі болды. Сондықтан да Хакім бейнесін сөзбен кетелегенде автордың көз алдында төрт адамның тұрпаты жылжымастан тұрды. Олар: Сермұқан Бекбатыров. Бұл азамат қайратты, саналы, совет өкіметін нығайту жолына ерекше берілген білімді юрист. Бері келе заң ғылымдарының кандидаты атағына ие болды. “Тар жол, тайғақ кешуде” Сәкен Сейфуллин оның адал ісі мен ардақты емін атап кетеді. Екінші – Қадыр Матжанов, уездік прокурор болған, кейін партия қызметіне ауысып, жауапты орындарда істеген, соңғы қызметі Аякөз аудандық партия комитетінің бірінші секретары, аса адал, өнегелі жан болған. Үшіншісі – көп жылдар уезде сот пен прокуратурада жауапты қызмет атқарған, өзімді тәрбиелеп үздіксіз оқытқан Хамзаның әкесінің кенже інісі Хайыржан Есенжанов. Төртінші – прокурор Қазкен Ақжаров. Көкшетаулық кедей шаруаның баласы болған. Жалған айыптың құрбаны болды. Жалақорлық ашық та жабық та үстінен арыз жаудырып, партиядан шығарып, енді тұтқынға алдырамыз деген түні Орал қаласында атылып қалды. Москвадан келген белді комиссия Ақжаровтың ақ екенін ашып, ақтап кетті. Осы төртеуінің ісі, өмір жолы, ішкі рухани көркі мен сыртқы сипаттары Хакім бейнесін жасау үстінде, үй салғандағы керекті кірпіш тастай қалана берген.

Қорытынды. Бұл кейіпкер туралы Қаратаев: “Хакімді басқа ешкімнен шатастырмаймыз. Өйткені оның кемелденген “Ботакөздегі Асқарға ұқсағанымен ол сықылды кедей семьяда өсіп, революцияға түзу келген кісі емес, оның жолы – ауқатты қажы баласының көп қайшылықты бастан кешіріп, революцияны қиындықтар арқылы қабылдаған жастық жолы” [6.4].

Хамза Есенжанов Қазақстанның батыс өңірінде Кеңес өкіметінің орнауын кең жоспарда ала отырып дәл суреттесе, ұлы оқиғалардың тұсындағы азаттық үшін алысқан халық өкілдерінің дараланған бейнелерін жан-жақты көрсете білді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Чурин Х. Дауылды жылдарда. – Алматы: Қазақстан, 1971
2. Есенжанов Х. Ақ Жайық .3-кітап – Алматы: Жазушы, 1988
3. Қойшыбаев Б. Бақытжан Қаратаев. – Алматы: Ана тілі, 1993
4. Есенжанов Х. Ақ Жайық .2-кітап – Алматы: Жазушы, 1988
5. Сөзстан. 1-кітап. — Алматы: Жалын, 1980
6. Сейсенғалиев З. Ағадан қалған аманат // Орал өңірі, 1990. 7 желтоқсан

ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ФАНТАСТИКА ЖАНРЫНЫҢ ДАМУЫ

Зиядибеков Н.Д.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
8D02304- «Әдебиеттану» білім беру
бағдарламасының 1-курс докторанты*

Кіріспе. Фантастика жанры – адамзаттың қиял мен шынайылық арасындағы шекараны зерттеуге деген мәңгілік ұмтылысының көрінісі. Әдебиеттану ғылымы үшін фантастика жанрының дамуын зерттеу тек әдеби ағымдардың эволюциясын түсінуге емес, сонымен қатар мәдениет пен ғылымның өзара ықпалдастығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мақалада фантастика жанрының тарихи дамуы, оның негізгі теориялық аспектілері және қазіргі әдебиеттегі рөлі қарастырылады.

Фантастика жанрының тарихи тамырлары. Фантастика жанрының алғашқы элементтері мифтер мен аңыздарда жатыр. Гомердің "Одиссеясы", Жүсіп Баласағұнның "Құтты білік" сияқты шығармаларында кездесетін қиял-ғажайып мотивтер болашақтағы фантастика әдебиетінің негізін қалады. XIX ғасырда Жюль Верн мен Герберт Уэллс фантастиканы дербес әдеби жанр ретінде қалыптастырды. Олардың шығармалары ғылым мен техниканың дамуына негізделген жаңа идеяларды ұсынды.

XX ғасырдың ортасында ғылыми фантастика жанры кеңінен танымал болды. Айзек Азимов, Артур Кларк, Рей Брэдбери сияқты авторлар адамзаттың болашағы туралы терең философиялық сұрақтарды зерттеді. Бұл кезеңде фантастика тек қиял емес, ғылыми мүмкіндіктер мен моральдық дилеммаларды көрсету құралына айналды.

Фантастика жанрының теориялық негіздері. Фантастика жанрын зерттеу әдебиеттанудың жеке саласы ретінде XX ғасырда қалыптасты. Ресейлік ғалымдар Виктор Шкловский мен Тынянов фантастикалық элементтердің әдеби мәтіннің құрылымына әсерін қарастырды. Юрий Лотман мен Тодоров тәрізді зерттеушілер фантастиканы семиотикалық және нарративтік тұрғыдан талдады.

Фантастика әдебиеті үш негізгі элементке негізделеді:

1. Қиялдың ерекшелігі – шындыққа қарама-қайшы немесе оны өзгеше қырынан көрсету.

2. Ғылыми негіздеме – ғылыми заңдылықтарға сүйену немесе оларды бұзу.

3. Мәдени контекст – әр қоғамдағы фантастикалық идеялардың ерекшеліктері.

Қазақ әдебиетіндегі фантастика жанры .Қазақ әдебиетінде фантастикалық элементтер ежелгі батырлар жырларынан бастау алады. Қорқыт Ата мен Әл-Фарабидің шығармаларында метафизикалық ойлар мен қиял элементтері кездеседі. Кеңестік кезеңде қазақ әдебиетінде ғылыми фантастика қарқынды дамыды. Мысалы, Мұхтар Әуезовтың "Көксерегі" символикалық тұрғыда фантастика элементтерін қамтиды, ал Медеу Сәрсекенің "Жетінші толқын" шығармасы ғылыми-фантастикалық идеялармен толықтырылған.

Негізгі бөлім. Қазіргі қазақ әдебиетінде фантастика жанры заманауи бағыттармен ұштасып, постмодернистік стильде дамуда. Фантастика жазушылар Жанат Жаңқашев пен Дулат Исабеков адамзаттың экологиялық мәселелерін, мәдени құндылықтардың жойылуын және технологияның адам болмысына әсерін зерттейді.

Фантастиканың қазіргі әдебиеттегі рөлі

XXI ғасырдағы фантастика жанры адамзат болашағына қатысты жаңа сұрақтарды қояды:

- Жасанды интеллект пен адамзаттың қарым-қатынасы.

- Ғарыштық кеңістікті игеру және оның моральдық-этикалық мәселелері.

- Экологиялық дағдарыс және оның салдары.

Заманауи фантастика жанры трансмедиялық деңгейде дамуда: кино, бейнеойындар, графикалық романдар және интерактивті әдебиет бұл жанрдың мүмкіндіктерін кеңейтуде. Фантастика жанрының әдебиеттанудағы теориялық негіздері көпқырлы және кең ауқымды мәселелерді қамтиды. Әдебиеттанушылар бұл жанрды тек эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, мәдени, философиялық, және ғылыми-фантастикалық контекстте де зерттейді.

Фантастика жанрын теориялық тұрғыдан зерттеу үш негізгі сұраққа жауап беруге негізделеді:

1. Шындық пен қиялдың шекарасы

Фантастикалық әдебиет әрқашан шындықты бейнелеудің ерекше тәсілі ретінде қарастырылады. Ресей ғалымы Тзветан Тодоров "Фантастикаға кіріспе" еңбегінде фантастиканы шынайы және қиял-ғажайып әлемдер арасындағы өтпелі құбылыс ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, фантастика оқырманды екіұдайлық күйге түсіреді: оқиға шынайы бола ма, әлде қиялдың нәтижесі ме?

2. Фантастикадағы ғылыми негіздер

Юрий Лотман өз еңбектерінде фантастиканы семиотикалық кеңістіктің бір бөлігі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, фантастика оқырманға жаңа "модельдік әлемдер" құруға мүмкіндік береді. Әдебиеттегі қиял элементтері белгілі бір мәдени кодтарды сынақтан өткізуге және жаңа идеяларды танытуға арналған.

3. Фантастиканың нарративтік құрылымы

Виктор Шкловскийдің формалистік әдістері фантастикадағы "бөгде" элементтердің мәтін құрылымына әсерін зерттеуге негізделген. Оның теориясы бойынша, фантастикалық оқиғалар күнделікті шындықты ерекше бұрыштан қарауға мәжбүрлейді, осылайша оқырманның қабылдауын өзгертеді.

Қазақ әдебиеттануындағы теориялық тәсілдер. Қазақ әдебиетінде фантастиканың теориялық мәселелері әлі толық зерттелмегенімен, белгілі ғалымдар бұл жанрдың ерекшеліктерін ашуға тырысты.

1. Асан Қайғы мен Қорқыттан басталған қиял дәстүрі

М. Әуезов қазақ мифологиясы мен фольклорындағы қиял элементтерін ерекше атап өткен. Оның айтуынша, мифологиялық негіздер кейінгі фантастикалық әдебиеттің архетиптері ретінде қызмет етті.

2. Ғылыми-фантастикалық стильді дамыту мәселелері. Сырдария университетінің ғалымдары Ж. Құрманғалиев пен Б. Айтжанова өз зерттеулерінде фантастиканың қазақ прозасындағы орнын және оның ұлттық ерекшеліктерін қарастырған. Олардың пікірінше, қазақ фантастикасы дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, өзіндік ерекше стильді қалыптастырды.

3. Постмодернизм және қазіргі заманғы қазақ фантастикасы. Заманауи зерттеушілер фантастиканың постмодернистік элементтерін, әсіресе, ұлттық және жаһандық мәселелерді біріктірудегі рөлін қарастыруда. Фантастикалық элементтерді қолдану арқылы заманауи жазушылар қазақ қоғамындағы өзгерістерді тереңірек талдай алады.

Фантастиканың функциялары. Фантастикалық әдебиетті зерттеушілер оның негізгі үш функциясын анықтайды:

- Әлеуметтік функция: қоғамның болашағын модельдеу.
- Танымдық функция: жаңа идеяларды ашып, оларды тәжірибе жүзінде сынау.
- Эстетикалық функция: оқырманға қиял әлемін эстетикалық ләззат арқылы көрсету.

Қорытынды. Фантастика жанры – әдебиеттегі шексіз эксперимент алаңы. Ол тек адам қиялының шегін зерттеп қана қоймай, шынайылықты жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді. Әдебиеттану ғылымы үшін фантастиканың дамуын зерттеу мәдени және ғылыми үдерістерді тереңірек ұғынуға жол ашады. Қазақ әдебиетінде бұл жанрдың өзіндік орны бар, және ол жаһандық әдеби кеңістікте өз әлеуетін көрсетуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Лотман, Ю. М. Структура художественного текст.
2. Тодоров, Ц. Введение в фантастическую литературу.
3. Мұхтар Әуезов. Көксерек.
4. Медеу Сәрсек. Жетінші толқын.
5. Азимов, А. Foundation (қазақша аударма).

ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫНЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МАГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тұрдалі Т.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
8D02304- «Әдебиеттану» білім беру
бағдарламасының 1-курс докторанты*

Кіріспе. Фэнтези жанры – әдебиет пен мәдениеттің сан қырлы құбылысы ретінде қазіргі заманғы өнердің маңызды саласына айналды. Ол мифология мен магияға негізделген бай мәдени дәстүрлерге сүйене отырып, адам қиялының шексіз мүмкіндіктерін ашады. Жанрдың танымалдығы тек әдебиетте ғана емес, кино, бейнеойындар, комикстер және басқа да өнер түрлерінде көрініс тапты. Фэнтези жанрының ерекшеліктерін терең түсіну үшін оның мифологиялық және магиялық бастауларының қалыптасуы мен даму жолдарын зерттеу қажет. Бұл мақалада фэнтези жанрының негіздері ретінде мифология мен магияның рөлі, олардың өзара байланысы, және жанрды теориялық тұрғыдан сараптау қарастырылады.

Фэнтези – шынайы әлем заңдылықтарынан алшақ, қиял-ғажайыпқа негізделген әлемдерді бейнелейтін жанр. Оның негізгі сипаттамалары:

- Супернатуралистік элементтер: Сиқыр, құдайлар, мифологиялық тіршілік иелері.
- Шығармашылық әлем құру (worldbuilding): Автор жаңа заңдар мен ережелерге бағынатын ерекше ғалам жасайды.
- Мифологиялық архетиптердің болуы: Кейіпкерлер мен сюжеттерде ежелгі мифтер мен аңыздардың үлгілері көрініс табады.

Мифология және оның фэнтези жанрындағы рөлі

Мифология фэнтези жанрының негізгі іргетасы болып табылады. Ежелгі мифтерде кездесетін архетиптер, кейіпкерлер және сюжет желілері фэнтези туындыларында қайта жаңғыртылып, жаңа формаларға енеді.

1. Мифологиялық архетиптер

Карл Густав Юнг ұсынған архетиптер теориясына сәйкес, мифтерде адамзаттың ұжымдық санасындағы маңызды бейнелер сақталған. Бұл архетиптер фэнтези жанрында жиі қолданылады:

- Батырдың сапары: Джозеф Кэмпбеллдің "мың беткейлі батыр" концепциясы көптеген фэнтези туындыларының негізін құрайды. Мысалы, Толкиннің "Сақиналар әміршісі" шығармасындағы Фродо бейнесі осы архетипке сәйкес келеді.
- Жындар мен құбыжықтар: Мифологиялық тіршілік иелері – фэнтези әлемдерінің ажырамас бөлігі. Олар адамдардың ежелгі үрейлері мен арман-мақсаттарын бейнелейді.

2. Мифтердің жаңғыруы

Фэнтези жанрында мифтерді қайта өңдеу арқылы жаңа мазмұн жасалады. Бұл үрдіс "интертекстуалдылық" ретінде қарастырылады. Мысалы, Скандинав мифологиясы Нил Гейманның "Американдық құдайлар" шығармасында заманауи фэнтези формасында бейнеленеді.

Негізгі бөлім. Магия – фэнтези жанрының екінші маңызды негізі. Ол оқиғалар желісін жылжытып, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне әсер ететін негізгі элемент ретінде қызмет атқарады. Магияның әдебиеттегі рөлін түсіну үшін оның құрылымдық және символдық маңызын қарастыру қажет.

1. Магияның түрлері

Магияның көрінісі екі негізгі типке бөлінеді:

- Жүйелі магия: Қатаң ережелер мен заңдарға негізделген, мысалы, Брэндон Сандерсонның шығармаларындағы сиқырлық жүйелері.
- Интуитивті магия: Жүйесіз, эмоционалды және жұмбақ сипатқа ие, мысалы, Толкиннің шығармаларындағы сиқыр.

2. Магия мен мифологияның байланысы

Магия көбіне мифологиялық көзқарастарға негізделеді. Ежелгі халықтардағы шаманизм, дуагерлік, және табиғат күштерін басқару идеялары фэнтези жанрындағы сиқырлықтың бастауы болды.

Фэнтези жанрының заманауи теориялық мәселелері. Фэнтези жанрының мифология мен магияға негізделуі оны әдебиеттануда ерекше құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Алайда, оның шынайы және фантастикалық элементтерді үйлестіруіндегі әдістері күрделі теориялық талдауды талап етеді.

1. Реализм мен фантастиканың диалектикасы

Фэнтези әлемдері қиял-ғажайып болса да, оқырман үшін сенімді болып көрінуі тиіс. Бұл жанрдағы ең басты талап – "қабылданған сенімнің тоқтатылуы" (suspension of disbelief).

2. Символизм мен аллегория

Фэнтези көбіне символизмге бай. Мысалы, Дж.Р.Р. Толкиннің шығармалары Батыс әлемінің екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі үрейлерін бейнелейді.

Қорытынды. Фэнтези жанры – мифология мен магияның өзара ықпалдасуынан туған, әдебиеттегі ерекше құбылыс. Оның мифологиялық архетиптер мен магиялық элементтерге негізделуі адам қиялының шексіздігін паш етеді. Сонымен қатар, фэнтези жанры қазіргі заманғы мәдениет пен философияны зерттеуде құнды әдіснамалық құрал ретінде қызмет атқарады. Жанрдың болашақта дамуы мифология мен магияның жаңа интерпретацияларына байланысты, бұл зерттеудің өзектілігін одан әрі арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кэмпбелл Дж. Мың беткейлі батыр.
2. Юнг К.Г. Архетиптер және ұжымдық санасыздық.
3. Толкин Дж.Р.Р. Сақиналар әміршісі.
4. Сандерсон Б. Магия жүйелері туралы теория.
5. Гейман Н. Американдық құдайлар.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ СІБІР ТҮРКІЛЕРІ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАР

Тойбазар А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

1-курс докторанты

Ғылыми жетекші: Даутова Г.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

PhD, доцент м.а.

Кіріспе. Фольклордағы ұқсастық пен сәйкестіктің өзі типологиялық, генетикалық және тарихи-мәдени байланыстылық делініп, негізінде, үш жүйеге бөлінеді. Мұның алғашқысы неғұрлым кең тараған тұрақты фактор болып есептеледі. Сонымен қатар туысқан халықтардың, дамуы жағынан түрлі сатыдағы (стадиядағы) жұрттардың, ұзақ уақыт бір-бірімен мәдени қарым-қатынаста болып келген көршілердің фольклорын салыстырып зерттеу де пайдалы. Ал жалпы алғанда салыстырмалы-тарихи әдістің жемісті болуы белгілі бір халықтың фольклорлық материалы жеке жанрлар бойынша да, тұтастай да меңгеріліп, сипатталып, жан-жақты көңіл бөлінуіне тікелей байланысты.

Қазақ эпосын зерттеудің де алуан міндеттері алда тұр. Ең алдымен халқымыздың ғасырлар бойында жаратқан эпикалық мұрасын жанрлық белгілері жағынан топтап, жіктеудің әлі де аяқталып болмағандығы белгілі. Бұл кезге дейін зерттеу нысанасына ілінген эпостық ескерткіштер сол мол байлықтың бір бөлегі ғана. Содан соң эпостың ішіндегі түрлі дәуірдің нышандарын да стадиялық тұрғыдан анықтап алу қажет. Ал жеке шығармаларды нақтылы тексеру жұмыстарының да жалғаса беруі керектігі түсінікті. Асса түркі-моңғол халықтарының, қалса қазаққа эпикалық дәстүрі өте жақын елдердің жырларын салыстыра қарау тың нәтижелерге жеткізуі мүмкін.

Эпосты тарихи-типологиялық ретімен сөз ету белгілі бір туындылардың таралу географиясын, сақталу процесін және өзгерістерін анықтауға қолайлы. Кейде жырды бір халықтың вариант, версиясы көлемінде ғана қарау толық ғылыми қорытындылар жасауға мүмкіндік бермейді. Эпостың нағыз табиғаты мен көркемдік кестесін тану үшін оның түрлі нұсқаларын білу, салыстыру қажеттігі ертеден ескертіліп келеді. Міне, осындай ғылыми принциптерді бірте-бірте жүзеге асыра алсақ қана эпостық мұрамыздың шын бағасын пайымдауға болады.

Жырды тарихи-типологиялық тәсілмен тексеруге бару фольклордың күн тәртібінде тұрған, кезек күттірмейтін уәзипа екендігі барған сайын айқындалып келеді. Мәселен, түркі тілдес халықтардың бірқаншасында түрлі жанрда версия ретінде таралған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс», «Қобыланды», «Едіге», «Ер Тарғын», «Ер Төстік», «Көрұғлы» секілді аңыздаулардың түбірін, даму жолдарын, эволюциясын, көркемдік сымбатын – барша қасиетін тану үшін кең салыстыруларға бармай болмайды. Әрине, мұндай ертегі, жырлардың барлық тілдегі вариант, версиясын түпнұсқадан оқып түсіну, ұқсастығы мен айырмасын егжей-тегжейлі тексеру жеңіл емес. Бірақ қалай болғанда да, фольклоршылар мұндай қадамды ертелі-кешті жасауы тиіс. Ауыз әдебиеті туындыларын жан-жақты зерттеу міндеті осыны талап етеді.

Түрік халқының ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан бай фольклорлық мұрасы бар. Ұрпақтан-ұрпаққа рухани азыққа айналған тамаша мұра, қаһармандық эпостың тамыры халқымыздың тарихында ғана емес, сонымен бірге елдің рухында, батылдығы мен азаттығында жатыр. Батырлық эпостар өмірге қайта оралған жоқ. Эпостан тарихтың ащы шындығын, түрік халқының қаһармандық және жауынгерлік дәстүрлерін көруге болады.

Батырлық эпостардың ежелгі мифтерден, қаһармандық хикаялардан және ежелгі эпостардан бастау алатын жанр ретінде қалыптасуы тарихи шындық пен сананың өзгеруімен қатар жүрді. Біздің ерлік пен ерлікке арналған батырлық эпосымыз тарихи және рухани ауыртпалықты көтереді. Сібір түрік фольклорының ең бай және көне жанрларының бірі саналатын қаһармандық эпостардың ішінде біз мифологияның үзінділерін анық ажыратамыз. Эпостардың мифтік мотивтері Түріктердің ежелгі нанымдарының күрделі кешенін құрайды.

Негізгі бөлім. Сібір түркі халықтарының эпостары шығу дәуіріне, тақырыбына, сюжеттік құрамына және жанрлық-сахналық ерекшеліктеріне қарай топтастырылған. Ал Сібір түркі халықтарының эпостары тікелей мифология негізінде қалыптасқандықтан көне мифтердің мотивтері барған сайын пайда бола бастады. Шаманизм туралы миф Сібір түркі эпосының құрылымдық негізінде қабылданды. Мифологиядағы оқиғалардың құрылымдық тәртібі мен қаңқасы эпоста әртүрлі мағыналық өзгерістермен бірге қайталанатын.

Алтайлар, телеуттер, теленгіттер, кара татарлар, ойраттар деген атаулармен аталатын Алтай түркілері ертегі мен эпосқа жалпы атау «чөрчөк» (ертегі) терминін қолданады. Эпостарды ертегілерден бөліп қарау үшін «кай чөрчөк» немесе «кайлап айдар чөрчөк» (кайчы тарапынан айтылған ертегі) деп те атайды [1,22]

Алтай түркілері де хакас, тува, шор түркілері сияқты эпосты орындау әдісін кай, эпосты жырлаушыны да кайчы деп атайды. «Кай» сөзі «тамақ, көмей әні; кеудеден шыққан қысыңқы, мақамды дыбыс» мағынасын білдіреді. Алтай эпостары екі түрде айтылады: жырлау және кай (көмейден шығару арқылы). Кай түрінде жырлаудың өте қиын, өзіндік ерекшеліктері бар. Көмейден дыбысты шығару ұзақ жылдар жаттығып үйренуді қажет етеді [2,23]. Кайчылар эпосты топшуур немесе жадаган деп аталатын аспаппен ел елді аралап жүріп орындаған. Ол туралы Б.Өгел мынадай мәліметтер береді: «Шектері аттың қылынан дайындалған екі шекті болып келеді. Аз болса да үш шектілері де кездесіп жатады. Екі шекті басқа шектерден бірнеше тон төмен болып келеді. Ұзындығы 78 см шамасында. Яғни кішігірім саз (түріктің ұлттық аспабы) сияқты. Қарағайдан немесе балқарағай ағашынан жасалады» [3,65]

Тыва түркілері эпостар мен ертегілерді тоол деп атайды. Қаһармандық эпостарды маадырлыг тоол немесе маадырлыг эпос деп атаумен қатар, тоожу терминін де қолданады [4,78]

Тывалар ертегі айтушыларды тоолчу деп атайды. Тоолчулар әрі ертегі, әрі эпостарды жырлайды. Тоолчулар ертегі мен эпостарды жасы үлкен туыстарынан немесе ұста тоолчулардан үйренеді. Ертегі, эпос жырлау стилі, әдісі әкеден ұлға немесе ұстаздан шәкіртке қонатындықтан түрлі ертегі және эпос мектептері пайда болған. Тывалардың эпос, ертегі жыршылары негізінен орта жастағы немесе жасы келген ер адамдар болып келеді. Тываларда тоолчу әйел адамдар да кездеседі. Олар көбіне балаларға «кара тоол» деп аталатын қарапайым ертегілерді айтады.

Тыва фольклорына деген қызығушылық XIX ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бастапқы кезеңдерінде орыс ғалымдары В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Н.Ф.Катанов, Ф.Я.Кон және тағы да басқа ғалымдар «Багай-Чуру», «Каңгывай Мерген», «Ертине Мерген», «Танаа-Херел» және т.б. қаһармандық эпостарды жинақтап жазды.

Қазан төңкерісінен кейін Тыва фольклорын жинау, зерттеу жұмыстары қолға алына бастады. Тыва фольклорлық шығармаларын жинақтап жариялауда ғалым А.А.Палмбах, жазушылар Б.Хөвенмей, С.Пүрбү, С.Сарыг-оол, С.Тока көп еңбек сіңірді.

Тыва қаһармандық эпостарын алғаш зерттеген этнограф ғалым Л.В.Гребнев болатын. Оның «Тувинский героический эпос» атты кітабында тывалардың тарихына, этнографиясына үлкен мән берілді, мұнда қаһармандық эпостар топтастырылып, пайда болу кезеңдеріне назар аударылды. Профессор В.М.Гацактың жетекшілігімен жазылған С.М.Байскланның еңбегі тыва қаһармандық эпостарының поэтикасын жанжақты қарастыруға арналған [5,42]

Тыва халқының Маннай, Самбу, Балган, Чүлдүм-оол, Бойду, Амырбит, Хүргүл-оол сияқты танымал эпос жыршылары бар. Эпос жыршыларының айтқандарын жинақтап, жаңа ұрпақтың пайдалануына үлкен үлес қосқан жазушылар Б.Хөвенмей, С.Сарыг-оол, В.Көк-оол, А.Төгүй-оол, К.Тойун; ғалымдар А.Калзан, Д.Куулар, О.Дарыма, Ш.Сат т.б. еңбектері аса зор. Зерттеушілер тыва қаһармандық эпостары үшке бөліп қарастырады [6,28]. Бірінші, батырлардың қалыңдық жолындағы күресін қамтитын қаһармандық эпостар: «Он бес харлыг Алдай-Сүмбүр», «Алдын-Чаагай», «АнааМерген», «Хан-Шилги аттыг Хан Мөге», «Каң-Кара-Мөге», «Танаа Херел». Қалыңдық іздеу – батырдың алғаш рет елінен шығуының себебі және батырлыққа, ерлікке де алғаш рет осы сапарда қол жеткізеді. Ол жердің шетінде өмір сүріп жатқан хан қызы, әдемі ханшайымға бара жатқан жолда бірінен соң бірі кезітетін кедергілерді жеңіп батырлық қабілетін паш етеді. Қалыңдықтың еліне барғаннан кейін де, қыздың әкесі ұйымдастырған оқ ату, ат жарысы сияқты сынақтарында ең күшті бәсекелестері Деер ұлы Демир Мөге, Ай ұлы Алдын Мөге, Чер ұлы Черзи Мөге және т.б. мифологиялық жаратылыс иелерімен жарысуға мәжбүр болады. Соңында батыр өз күшімен жарыста жеңіске жетіп, ханшайымға қол жеткізеді.

Екінші, батырлардың қалыңдық іздеуге шығумен қатар еліне шапқыншылық жасаған дұшпандармен күресуі жырланатын эпостар. Бұл топтағы қаһармандық эпостарға: «Мөге Шагаан Тоолай», «Күчүн Хүрен аттыг Хүрү Маадыр», «Кажыр Кара Хаан», «Арзылаң Кара аттыг Хунан Кара», «Баян Тоолай», «Арзылаң Кыскыл аттыг Арзылаң Мерген» жатады.

Аталған топтағы эпостарда екі немесе үш ұрпақтың батырлары туралы оқиғалар баяндалады. Сонымен қатар эпоста әр ұрпаққа арнайы бір бөлім арналған. Екі ұрпақ баяндалатын қаһармандық эпостарда алдымен әкесінің өмірі, одан кейін оның ұлының батырлық істері баяндалады. Бұған «Баян Тоолай» эпосы мысал бола алады.

Үшінші, батырдың шапқыншы дұшпандарға қарсы күресін баяндайтын эпостар. Оған «Каңгывай Мерген», «Улуг Кара Мөге», «Хөөкүй Кара», «Өлөөди Мерген», «Ерге Кара Сыйбың» эпостары жатады.

Аталған топқа кіретін эпостардың ерекшелігі – мұнда сыртқы шапқыншылардан басқа ішкі дұшпандар (батырдың анасы, әпкесі немесе әйелі) батырмен күреседі. Олар сатқындық жасап, елін басып алуға келген дұшпандарға болысады. Тыва эпостарында батырлар ең жақындары қаншалықты сатқындық жасаса да соңында дұшпандарын жеңіп, жеңіске жетеді.

Саха, алтай, тыва халықтарының ертегілері мен қаһармандық эпостарының басты кейіпкерінің бірінің есімі немесе анықтауышы мерген (мэргэн, берген, миргэн) болып келеді.

Бұл есім немесе эпитет Орталық Азия түркілерінің де көне саналатын фольклорлық үлгілерінде (миф, ертегі, көне эпос) жиі кездеседі. Аңшылықпен күн көрген мифтік мергеннің эпостық жырда жауға қарсы шабатын қаһарман мергенге айналуы іс жүзінде фольклорлық дәстүрдің үзілмей келе жатқан сабақтастығын айғақтайды [7,261].

Қазақ және Сібір түркілері эпостарындағы ортақ сарындар – бұл екі халықтың әдеби мұрасындағы маңызды ерекшеліктер мен үндестіктерді көрсететін тұстар. Түркі эпосы, оның ішінде қазақ және сібір түркілерінің эпикалық шығармалары, ортақ мәдени және тарихи тұрғыдан бай мазмұнға ие. Мынадай ортақ сарындарды атап өтуге болады:

Ортақ сарындар	
1. Қаһармандық сарын:	Қазақ эпосындағы сияқты сібір түркілерінің эпосында да қаһармандық образдар көп кездеседі. Ер-азаматтардың батырлығы мен ерліктері ерекше бағаланады. Мысалы, қазақтың «Қобыланды» батырлары мен Сібір түркілерінің эпостарындағы батырлар көбінесе зұлым күштермен күресіп, ел мен жерді қорғаушы ретінде бейнеленеді. Батырлар өздерінің халқына адал, ержүрек, ақылды, жауларымен шайқаста мәңгілік жеңіске жетеді.
2. Қиял-ғажайып элементтер:	Қазақ эпосы мен Сібір түркілерінің шығармаларында қиял-ғажайып элементтер айқын көрінеді. Халықтың мифологиялық сенімдері мен дүниетанымы эпостарда көрініс тауып, батырлардың түрлі ғажайып қасиеттері мен қару-жарақтары, басқа әлемдермен байланыс орнатуы, табиғатпен үйлесімділігі баяндалады. Мысалы, «Алпамыс» эпосындағы Алпамыстың ерекше күштері мен «Құртқа» ханшайымының сиқыры қазақ эпосының бір бөлігі болса, сібір түркілерінің эпосында да осындай магиялық элементтер жиі кездеседі.
3. Табиғат пен адам арасындағы байланыс:	Қазақ және сібір түркілерінің эпостарында табиғат пен адам арасындағы ерекше байланыс жиі көрінеді. Табиғат кейіпкерлерге көмек көрсететін немесе оларды сынайтын элемент ретінде суреттеледі. Сонымен қатар, адамдар табиғатқа құрметпен қарап, оның күшін мойындайды. Бұл сарын халықтардың дүниетанымында табиғаттың киелілігі мен адам өміріне ықпалын көрсетуге бағытталған.
4. Қарсыластық пен әділдік:	Қазақ эпосы мен сібір түркілерінің эпосында да әділдік пен зұлымдықтың күресі ерекше орын алады. Батырлар зұлым күштермен күресіп, әділдікті қалпына келтіруге тырысады. Бұл сарын эпостардың негізгі түйініне айналады. Мысалы, қазақтың «Ер Тарғын» эпосындағы Тарғынның әділетсіздікке қарсы күресі мен сібір түркілерінің батырларының жауыздыққа қарсы күресі бір-біріне ұқсас келеді.
5. Отбасы мен ру, елге деген адалдық:	Қазақ және сібір түркілері эпосында отбасы мен ру, халыққа деген адалдық пен құрмет ерекше көрініс табады. Батырлар өз халқын, отбасы мен туыстарын қорғау үшін күреседі. Осы арқылы екі

	халықтың да эпосында ұлттық сана-сезім мен бірігу сезімінің маңызды екені байқалады.
6.Мифологиялық бейнелер:	Түркі халықтарының эпосында ортақ мифологиялық кейіпкерлер мен символдар бар. Мысалы, қазақ эпосында жиі кездесетін «жылан» бейнесі немесе сібір түркілерінің эпосындағы жындар мен рухтар арқылы адамдардың өміріне әсер ететін табиғат күштері мен аңыздар әдетте ұқсас мотивтерді қамтиды.

Бұл сарындар қазақ және сібір түркілерінің эпостарының ортақ тұстары болып табылады. Әрине, әр халықтың эпосы өзіндік ерекшеліктері мен мәдени сипаттамаларына ие, бірақ осы ортақ тақырыптар олардың бірлігін көрсетеді.

Түркі халықтарының эпостарындағы мотивтер олардың көне дәуірлердегі ортақ дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарынан хабар береді.

Адамзаттың ежелгі дүниетанымынан бастау алатын ғажайып туу мотиві әлем халықтарының, оның ішінде Сібір түркі халықтарының мифтерінде, ертегілерінде, эпостарында көптеп кездеседі. Ғалымдардың көпшілігінің пікірі бойынша аталған мотив өз бастауын адамзаттың пайда болу үрдісі тылсым болып саналатын анаеркі дәуірінен алады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазақ және сібір түркілері эпостарындағы ортақ сарындар екі халықтың мәдениетін, дүниетанымын және тарихи тәжірибесін айқындайды. Қаһармандық, қиял-ғажайып элементтер, табиғат пен адам арасындағы байланыс, әділдік пен зұлымдықтың күресі, отбасы мен халыққа деген адалдық сынды тақырыптар арқылы екі халықтың эпостарының ортақ сипаттары айқындалады. Бұл сарындар түркі халықтарының біртұтастығын, ортақ тарихи тамырларын және өзара ұқсас мәдени құндылықтарын көрсетеді. Сонымен қатар, әрбір халықтың эпосы өзіндік ерекшеліктер мен айшықты бейнелерді де қамтиды, бұл олардың бай эпикалық мұрасын әрі терең мазмұнын ашып көрсетеді. Осылайша, қазақ және сібір түркілерінің эпостары – тек әдебиеттің ғана емес, жалпы түркі мәдениетінің маңызды бөлігі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Пухов И.В., 1973. Маадай Кара. Алтайский героический эпос. М.: Наука. 474 с.
2. Суразаков С., 2015. Алтай фольклор. Горно-Алтайск. 320 с.
3. Ögel B., 1995. Türk Mitolojisi: Kaynakları ve Açıklamaları ile Destanlar. Ankara: TTK Yayınları. 745 s.
4. Yıldırım D., 1998. Türk Bitiği. Ankara: Akçağ yayınları. 150 s.
5. Байсклан С.М., 1987. Поэтика тувинского героического эпоса. Кызыл: Тув. Изд-во. 72 с.
6. Arıkoğlu E., Borbaanay B., 2007. Tuva destanları. Ankara: Türk Dil Kurumu. 581 s.
7. Ибраев Ш., 2012. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы. Астана: Сарыарқа. 336 б.

БҰҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Калыбеккызы Самал

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
8D02304- «Әдебиеттану» білім беру
бағдарламасының 1-курс докторанты*

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі бұқаралық әдебиеттегі ерекшеліктер талданады. Әдебиеттің қоғам мен адам өміріндегі маңыздылығы айтылып, бұқаралық әдебиеттің түрлері қарастырылады. Көркем әдебиетпен байланысы және айырмашылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: әдебиет, қоғам, бұқара, табыс, оқырман, мәдениет, көркем әдебиет.

Кіріспе. Бұқаралық әдебиет—бұл кең аудиторияға бағытталған және көбінесе коммерциялық табысқа жету үшін жасалған шығармалар. Жоғары немесе көркем әдебиеттен айырмашылығы, бұқаралық әдебиетте әдетте қарапайым сюжеттер, түсінікті кейіпкерлер және қол жетімді тіл бар. Ол әртүрлі жанрларды қамтиды және көбінесе ойын-сауық элементтерін қамтиды, бұл оны көпшілікке танымал етеді.

Бұқаралық әдебиет, әдетте, белгілі бір дайындық пен рефлексияны қажет ететін классикадан айырмашылығы, терең философиялық рефлексияға қызығушылық танытпайтын адамдарды қоса алғанда, кеңірек аудиторияға бағытталған. Көбінесе оқырман үшін көңіл көтеруге және "демалуға" ұмтылады, ал көркем әдебиет ойлауға, дүниетанымды өзгертуге немесе жаңа философиялық идеяларды ұсынуға мәжбүр етеді. Көркем әдебиет ғасырлар бойы өзекті және ықпалды болып қала береді, ал бұқаралық әдебиет өзінің танымалдылығын тез жоғалтуы мүмкін, дегенмен ерекше жағдайлар бар (мысалы, "Гарри Поттер").

Кейде бұқаралық әдебиет ретінде басталатын шығармалар мәдени мұраның бір бөлігіне айналады және классика ретінде қабылданады. Мысалы, Чарльз Диккенс, Марк Твен немесе Джейн Остиннің кітаптары бір кездері өте танымал бұқаралық әдебиет үлгісі болған, бірақ бүгінде олар классикалық көркем әдебиет ретінде қабылданады. Бүгінгі таңда Джордж Р. Р. Мартин немесе Джоан Роулинг сияқты заманауи авторлар мәдени канонның бір бөлігі бола отырып, ұзақ мерзімді әсер қалдыруы мүмкін. Әдебиет—тірі процесс. Көбінесе, қазір жаппай деп саналатын нәрсе уақыт өте келе классика ретінде танылуы мүмкін, егер ол уақыт сынынан өтіп, өзектілігін сақтаса.

Негізгі бөлім: "Бұқаралық әдебиеттің" синонимі ретінде тривиальды әдебиет, танымал әдебиет, сондай-ақ 1960 жылдардың басында пайда болған термин паралитература (грек тілінен аударғанда. *пара* - - шамамен). Қазіргі уақытта соңғы термин аз қолданылады, оны тиісті проблематиканың белсенді әзірлеушілері мойындайды (Д.Куэньяс).

Бұқаралық әдебиет тек XIX—XX ғасырдың басында, "техникалық репродуктивтілік дәуірінің" басталуымен (Вальтер Беньямин термині), шығарманың бірегейлігі туралы түсінік жойылған кезде пайда болды.

Сонымен қатар, бұқаралық әдебиет алдыңғы, "қарапайым әдебиет" және ішінара фольклордың бұрынғы түрлеріне қатысты сабақтастықты сақтайды. Бұқаралық әдебиеттің жекелеген ерекшеліктерін дайындау барокко мәдениеті мен ағарту аясында жүзеге асырылады. Кейбір зерттеушілер Ежелгі Римге қатысты бұқаралық әдебиет туралы айтуға болады деп санайды.

Н. А. Кузьмина бұқаралық әдебиеттің келесі анықтамасын береді: бұқара үшін құрылған және нарықтық экономика, индустриалды өндіріс, урбанистік өмір салты, бұқаралық коммуникация технологиясын дамыту, әлеуметтік, экономикалық, тұлғааралық қатынастарды біріздендіру жағдайында пайда болатын әдебиеттер Ю. М. Лотман: паралитература—әдебиеттің сандық жағынан кең таралған бөлігін білдіруі керек. Белгілі бір ұжымда ол мәдени тұрғыдан толыққанды және осы рөлді орындау үшін қажетті барлық қасиеттерге ие болады. Алайда, екіншіден, сол қоғамда нормалар мен идеялар белсенді болуы керек және олардың көзқарасы бойынша бұл әдебиет өте төмен бағаланып қана қоймай, ол мүлдем болмаған

сияқты. Ол "жаман", "дөрекі", "ескірген" немесе басқа белгілер бойынша алынып тасталған, қабылданбаған, апокрифтік деп бағаланады.

Даниэль Куэньястың пікірінше, паралитератураға кейіпкерлердің бір өлшемділігі мен "силуэттілігі", идеологиялық тұжырымның түзулігі тән. Оның авторлары жанрлық каноннан асып кетуге бейім емес және өздерінен бұрын табылған "рецепттерді" қолдана отырып, бір-біріне еліктеуді жөн көреді. Бұқаралық әдебиет жоғары әдебиетке тән "экзистенциалды іздеу рухын" жоққа шығарады және авторлық даралықтың рөлін төмендетуге ұмтылады.

Бұқаралық әдебиеттер нарық жағдайына байланысты мәдени қызмет етудің ерекше механизмімен сипатталады: "осы типтегі әрбір жеке кітапты жаппай тұтыну процесі, әдетте, өте қысқа (бір — екі маусымда), жаңа шығармалардың ағымы әрқашан үлкен. Нарық заңдары бойынша үлгілердің бәсекелестігі өте шиеленісті, ал олардың айналымы мен өзгеруі өте жылдам". Демек, бұқаралық әдебиетке тән "сериялылық" қағидасы (циклизация, бір шығармадан екінші шығармаға ауысатын "табынушылық" кейіпкерлердің болуы, әртүрлі баспа коллекцияларының кең таралуы).

Бұқаралық әдебиеттің негізгі түрлері:

Роман: ең көп таралған жанр. Романдар шытырман оқиғалы немесе романтикалық, тарихи немесе фантастикалық болуы мүмкін.

Детектив: қылмыстарды тергеуге байланысты сюжеттерге негізделген әдебиет. Көбінесе күтпеген сюжеттік бұрылыстар мен шешімдерді, оқырманды соңына дейін болжауға мәжбүр ететін аяқталуларды қамтиды.

Фантастика: ғылыми фантастика, қиял және сиқырлы реализмді қоса алғанда, шындықтан тыс элементтерді зерттейтін жанр. Оның өзіндік әдеби сыйлықтары бар (және" Гюго "және" Небула " кітаптардың тағдырына, мысалы, детективтер әлеміндегі арнайы сыйлықтарға қарағанда көбірек әсер етеді)

Романс: кейіпкерлер арасындағы махаббат қатынастарына бағытталған шығармалар. Әдетте, олар бақытты аяқталады және кең аудиторияға сәйкес келеді.

Шытырман оқиғалы роман: іс-әрекетке, саяхатқа және қақтығыстарға толы қызықты сюжеттерді қамтиды.

Балаларға арналған әдебиеттер: қарапайым ертегілерден күрделі шығармаларға дейін болуы мүмкін жас ұрпаққа арналған кітаптар.

Эсселер, мақалалар мен журналдар: сәннен денсаулыққа, саяхатқа дейінгі тақырыптардың кең ауқымын қамтуы мүмкін танымал басылымдар.

Өзін-өзі дамыту және психология кітаптары: оқырмандардың жеке өмірін жақсартуға бағытталған әдебиеттер, соның ішінде қарым-қатынас дағдылары, уақытты басқару және басқа аспектілер.

Мифтер мен фольклор: қазіргі заманғы оқырмандардың мүдделеріне бейімделген классикалық мифтер мен халық ертегілерінің заманауи қайта жазылған түрі.

Көбінесе бұқаралық әдебиет кинематографиямен байланысты ақша табады. Кейбір адамдар тіпті данышпан авторлар жазған қызықты шығармаларды оқығысы келмейді немесе оған уақыт жоқ. Әркім фильмді көруге бірнеше сағат таба алады. Жазушы мен кинокомпанияның сәтті ынтымақтастығының тән мысалы - "Тақтар ойыны" т.б. Фильм әлемдік даңққа ие, оны бүкіл әлем бойынша миллиондаған әуесқойлар көрді, ал кітапты аз адамдар оқыды. Көбісі сериалдың қай кітапқа түсірілгенін де білмейді. Алайда, әдеби шығармаларды басып шығару өткенге айналмайды. Кітапты алуды, оның жібектей беттерін сезінуді, типографиялық бояулардың иісін жұтуды және креслоға немесе диванға ыңғайлы орналасып, оқуға түсуді ұнататын адамдар бар.

Бұқаралық әдебиетке тән белгілері мен ерекшеліктері:

- Танымалдық: бұқаралық әдебиеттің көптеген шығармалары адамдардың максималды саны үшін кеңінен түсінікті және тартымды болуға тырысады.

- Ойын-сауық элементі: көбінесе сюжетке, шытырман оқиғаларға, эмоцияларға, қызықты және жарқын әлемдерді құруға назар аударылады.

- Коммерциялық компонент: үлкен басылымдар, маркетинг, фильмге бейімделу, жалғасы - бұқаралық әдебиеттің сәттілігінің маңызды компоненттері. Мысалдар: Джоан Роулинг ("Гарри Поттер"), Стивен Кинг, Дэн Браун ("да Винчи коды"), Агата Кристи.

Қорытынды. Расул Гамзатов: "Өзімізді тану үшін кітап керек. Басқаларды білу үшін кітап керек! Кітапсыз адамдар көздері байланған адамға ұқсайды: ол әлемді көрмейді. Кітапсыз адамдар айнасы жоқ адамға ұқсайды: олар өз беттерін көре алмайды".

Қазіргі әдеби процестің қалыптасуында сын, әдеби журналдар және көптеген әдеби сыйлықтар маңызды рөл атқарды. Егер еру және тоқырау кезеңінде әдебиетте тек социалистік реализм әдісі құпталса, онда қазіргі әдеби процесс әртүрлі бағыттардың қатар өмір сүруін сипаттайды. Бұқаралық әдебиет мәдениет пен қоғамда маңызды рөл атқарады, өйткені ол идеялардың таралуына ықпал етеді, оқырмандарды дамытады және көбінесе қазіргі тенденциялар мен алаңдаушылықтарды көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Цветкова Б.Л. «Массовая литература как культурный феномен»
2. Черняк М. А. «Массовая литература конца XX начала XXI века: технология или поэтика?»
3. Чекалов К. А. Формирование массовой литературы во Франции. - М: ИМЛИ РАН, 2008. - С. 8, 24.
4. Бенъямин В. Произведение искусства в эпоху его технической воспроизводимости. - М., Медиум, 1996. - С. 24-25.
5. Лебедев И. В. Жанровая поэтика в русском фэнтези конца 20 - начала 21 веков: диссертация... кандидата филологических наук: 10.01.01. - 2016.
6. Кузьмина Н. А. Феномен массовой литературы в свете теории интертекста. Культ— товары: Феномен массовой литературы в современной России. - СПб, 2009. - С. 12.

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «СОЯУ» ПОВЕСІНДЕГІ АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Полатбек Г.Ж.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультетінің 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Мамбетов Ж.О.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Аңдатпа. Бұл мақалада жазушы Шерхан Мұртазаның шығармалары, оның жанры, рухани құндылықтар негізге алынды. Жазушының әдеби мұрасы тәлім-тәрбие, адам мен табиғаттың үнін терең суреттеп, оқырман қауымды ойландырып, жан сарайына әсер етер құнды шығармалар. Бұрын-соңды баспа беттерінде жарияланбай, таяуда ғана әдебиетке енген «Сояу» повесінде көтерілген тақырып күні бүгінге дейін өзекті. Шығарманың басты ерекшелігі – композициялық тұрақтылық, кейіпкер психологиясын, болмысын кеңінен көрсеткен.

Кіріспе. Жазушы Шерхан Мұртаза прозаның бұл бағытында жазған мәнді де құнды дүниелерімен қазақ әдебиетінің шоқтығы биік қаламгерлерінің қатарында бірі де бірегейі болып, мол мұра қалдырды. Жазушының хикаяттары туралы сөз қозғағанда, оның «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Соғыстың соңғы жесірі» т.б шығармалары оқырман қауымы үшін де, әдебиетіміз үшін де айрықша таныс. Әр жылдары баспа, сайт беттерінде оқтын-оқтын зерттеулер, мақалалар, пікірлер жарияланып келеді. Тиісінше бұрын жарық көрмеген, қалың оқырманға жол тартпай, кешегі күнге дейін беймәлім болып, қолжазба күйінде сақталған айрықша шығармаларының бірі – «Сояу» повесі. Бұдан бөлек «Таңғұт

қызы» повесі, «Әзиза», «Ноқтаға басы сыймаған» пьесалары, кеңінен танылған «Бір кем дүние» шығармасының екінші кітабы таяуда ғана көпшілікке жол тартты.

2017 жылы Тараз қаласында жарық көрген он томдық жинағының соңғы кітабына енген «Сояу» повесі жазушының бұрын соңды баспа бетін көрмеген, бертін келе мұрағаттан табылған тың дүниелерінің бірі. Шопандар қауымының құт мекені, кең байтақ қазақ жерінің сұлу бір бөлігі Мақпал жайлауының егістік жерге айналуы, өз басын күйттеген басшылардың табиғатқа, ондағы тіршілікке жасаған аяусыздығы көркем де шынайы суреттеледі. Аталған повесте жазушы үлкен бір дәуірдің бет-бедерін айқын да лайықты көрсетеді. Бұл тақырыпта көркемдігі, сюжеті биік бірқатар шығармалар жазылса да әлі де ашылмаған қырлары, табиғаттың жан-күйі лайықты жеткізілмеген тұсы бар екенін жазушы дұрыс бағамдап, оқырман қауымға, қазақ әдебиетіне, повесть жанрына кесек дүние қалдырып кетті. Тың игеру кезінде ғана емес, жалпы табиғатқа келген кесір-кесепат, күрделі зауалдардың көркемдік шындығы әдебиетте әлі де айтылып бітпеген, әлі де жаза түсуді қажет ететін тақырып.

Шығармада тың игеру науқанын басты тақырып ете отырып, адам мінезіндегі күрделі қарама-қайшылықтар, табиғаттың үнсіз тіл қатуы, қиянат пен қорғаныш сынды бірқатар мәселелер көркем жеткізіледі. Деректерге көз жүгіртсек, тың жерлерді игеру науқаны кезінде КСРО бойынша жалпы есебі 42 млн га жер жыртылған болса, соның 27 млн га Қазақстанға тиесілі болған екен. Тың игеру өткен ғасырда болмысымыз бен тарихымызға, табиғат пен тірлішілігімізге айтарлықтай өзгеріс әкелді, тиісінше соққы да болған. Бұл көркем әдебиеттің әртүрлі жанрында түрлі тақырыппен айтылып та, жазылып та келді. Соған сай кезінде бағаланып та, талданып та, оқырманның ықыласына бөленіп те жатты. Осы дүниелерді лайықты толықтырып, кезекті де тың тақырып ретінде қосылған бұл шығарманың неліктен сол кездері баспа бетін көрмегені бізге әзірге белгісіз.

Негізгі бөлім. Әдебиет зерттеушісі В.Новиков суреткердің өзіндік ерекше әлемін жасап алатынын, ол әлем өз бойына шындықтың барлығын сіңіріп, күрделі қайшылықтарға толы екенін айта келіп, «сол әлемде қайталанбас бейнесімен сомдалған адамдар әрекет етеді» дейді. Біз бұл пікірдің шындығы ретінде Шерхан Мұртазаның шығармашылығын, қайталанбас бейне ретінде аспирант болмысын айқын көре аламыз. «Сояу» повесіндегі оқиғалар мен тарихи, әлеуметтік, философиялық шындық, зерттеуші пікіріне сәйкес «жай баяндаудан гөрі жарқын әсер етеді». Заман шындығын, табиғат пен тіршілікке келіп жатқан күрделі өзгерістің беталысы мен ыңғайын әртүрлі дәрежедегі кейіпкерлер арқылы, олардың диалогы, іс-әрекеті арқылы көреміз. Шығарма кейіпкерлерінің болмысы, тілі мен тұрмысы күнделікті өзіміз көріп жүрген бір-біріне ұқсамайтын қарапайым адам, сөйте тұра, бірінің жирендірер іс-қылығы, бірінің ойға батырар сөзі мен сүйсіндірер ерлігі шығарманың өне бойына жан бітіргендей әсер береді. Повесте көтерілген басты тақырып – жерге, тіршілік иесіне деген адалдық, ар алдындағы адалдық. Болмысы биік, адамдық келбеті айқын жандар көз алдымызда биіктеп, көркем суреттелсе, «сананы тұрмыс» билейтінінің дәлеліндей болған пасық кейіпкерлер өз опасыздығының лайықты жауабын қалай алып жатқаны нақты детальдар арқылы, жанды әрекеттер арқылы көрсетеді. Соқа тимеген табиғаттың түпнұсқа бейнесі – Мақпал жайлауының сұлулығын, ондағы халықтың шат-шадыман тұрмысын, «сабан тойын» суреттеуден бастайды. «Жайлау дегенде елең етпеген адамның жүрегінде қырау бар» дейді жазушы [1, 3]. Адамдық, рухани құндылық, табиғатқа, адамға, қала берді күллі жаратылысқа деген сүйіспеншілік осынау жұдырықтай жүректің бір дір етуіне, аз-кем селт етуіне байланысты екенін аңғартқысы келгендей. Ал бас кейіпкерлер аспирант Сәлім Сүбітай мен омарташы Гришаның арасында болған диалогта «бір емес жүз диссертация жазсаң да Мақпал жайлауы таусыла қоймас» деген омарташының сөзінен-ақ кең байтақ жердің байлығын, құндылығын аңғаруға болады.

Шопандардың тойын Мақпал жайлауында өткізіп жатқанынан хабар бере отырып, шығарманың бастауы оқырманды бірден өзіне баурайды. Шопан той деп отырғаны татардың «сабан туйы» дейді жазушы. Сабан туй егін орылып, жиын аяқталған кезде өткізілсе, шопан тойдың одан өзгешелігі – төл алынып болған кез, яғни маусым айының аяқ кезі немесе шілде іші. Әрине той болған соң облыстан сыйлы кісілердің арнайы шақырылары мәлім. Күткен бұл

кейіпкеріміз – председатель Аяған Тоқымбаев. Десе де аяған атына заты сай болмай шыққан, қарақан бастың, қу құлқынның қамы үшін адамды да, табиғатты да аямайтын опасыз болып шығады. Бұл жиынға келіп, жайлауға көзі қанып, кетерінде құр кетпей, үлкен бір келелі істі «өз ойынша» көкейге түйіп кетеді. Бұл шалұып жатқан Мақпал жайлауын егіндік жерге айналдыру. Әрине оның қолын ұзартар сенімді серік ретінде аудандық партия комитетінің бірінші секретары Уәли Наржанов таптырмас серіктес еді.

Көк тіреген Аспантау, Аршалы ауданын, Мақпал жайлауының көрінісін, оған өң беріп тұрған шопандардың сабан тойын бейнелеп, қазақтың кең даласын көз алдымызға келтіреді. Бір жылға жетерей күш-қуат берген бір күндік той, ат бәйгесі кезінде күллі дүниені ұмытып, тілегі де, үміті де, табынған Тәңірі де ат үстінде тұрғандай күйге бөленген ауыл адамдарын көз алдыңызға елестетпеу әсте қиын. Ал осы тойдан соң бәрі де күрт өзгерді. Мақпал жайлауына соңғы рет шығарын сезгендей қызғалдақ та есіре құлпырды [1, 8]. Өзгеруіне себеп те жоқ емес. Осы тойдан соң Тоқымбаевтың көңіліне күрт түсіп, қайтсе де жайқалған жайлауды егістіктің сары белдеріне айналдыруды жатса, тұрса ойдан шығармады. Ақыры дегеніне жетіп те тынады.

Тіл көркемдігі жағынан табиғат құбылысын адамша суреттеу немесе айрықша балама телу қаламгер қолданған ұтымды тәсіл. Мәселен кемпірқосақты – алтын дарбазаға теңеу, жерге кеп қонақтағандай кейпіне «Волга» ішіндегілердің ішектерін тарта таң қалғаны - мақпал жайлауының сұлулығын, Тоқымбаевтың құштарлығын одан әрі арттыра түскені екенін артық сөзсіз ұқтырады. Тоқымбаев – дөңдеу, қошқар тұмсық, кесек бітімді деп суреттелсе, табиғат бөлшегі: таң шыңдарына қонақтаған бұйра сеңсең ақ бұлттар, «Өз ары өз жанын бұзаутіс қамшыдай осып өткені», «Күн батарда көзін жұмған шашыратқы гүлдей мұңайған келіншек» т.с.с теңеулермен шебер суреттелген.

Повесте неғұрлым елеусіз болса, соншалық биік парасат иесі ретінде суреттелетін кейіпкер – жетпістен асып, сексенге таяған омарташы шал – Гриша ағай. Ол аспирант Сүбітайдың сенімді сырласы әрі табиғат қамқоршысы. Облыстық газет «Аспантау арайы» газетінде бөлім басшысы болып қызмет атқарып жүрген талапты жас Тортай Көлбаев та өз қызметін, билік көрсетер қыспақты ойламай, бәріне қарсы шығып ащы шындықты өткір жазады, сонысы үшін қызметтен қуылса да, ешкімге қол қусырып бармайды. Жазушы өз ойларын, шығарма арқылы қоғамда, қызметте болып жататын қарын аштырар оқиғаларға деген көзқарасын астарлы жеткізеді. Мәселен «Жоспаркомның басында табиғат тәртібіндей тәртіп орнататын адам отырса, бізде кейбір кемшіліктер болмас еді» деп, біріншіден табиғаттың қандай құдіретті, тәртіпті екенін айта отырып, біздің оған бағынышты екенімізді еске салса, екіншіден, адам өмірінде де осындай тәртіп, тәрбие, түсінік болса деген терең ойға жетелейді.

Журналистің де, жас ғалымның да күнкөрісін, қоғамда оларға көрсетілген әділетсіздік көрінісін де тілге тиек етіп кетеді. Қаламгердің аңызға айналған сөзі: «Журналист – это каранар, но мизерный гонарар» деген ойы, қазақша айтқанда «журналист те түйе сияқты, арқалағаны – алтын, жегені – жантақ» дегені шығарма кейіпкері Тортайдың сөзімен де астарлы жеткізіледі. Бір кем дүние деп көптің халықтың көкейіндегісін айтып, жазып өткен тұлғаның кеудедегі мыңнан бір өкініші бұл жерде де айтылмай кетпейді. «Табиғатта құдыреттің бәрі бар» – дейді жазушы. «Шексіз құдырет, заңғар құдырет. Бірақ бір кем дүние табиғатта тіл жоқ. Тілі болса, тым құрыса таулар сөйлесе. Анда-санда адамдар тым шектен шығып жатқан кезде тым құрыса таулар бір сілкініп «тәйт» деп тұрса», – дейді [1]. Расында бұл біздің де көкейіміздегі мыңнан бір арман.

«Союу» повесінің өзге туындылардан ерекшелігі – қаламгердің өзіне тән идеялық-көркемдік қуаты ғана емес, кейіпкерлер бейнесін ашуы, оны әсіресе табиғатпен үндестіре отырып оқырман қауымға етене таныстыру – Шерхан Мұртазаның өзге шығармаларында байқала бермейтін шеберлігі. Мұнда екі түрлі топ өкілдері бетпе-бет келеді. Егер кейіпкерлердің сөзіне, іс-әрекетіне мән бере отырып, ішкі әлемдеріне терең үңілер болсақ, аспирант Сүйіндік, омарташы Гриша бастаған келешек, шындық деп шырылдап жүрген жандар қажырлы, қайратты, өмірге, өзіне деген сенімі мол адамдығымен биік нар тұлғалар

болса, дөңдеу тоқымбаев та, аудандық секратар да, оның тойымсыз, өз басын ойлаудан артпайтын жары да, тым керісінше, адамдыққа жат мінез иелері.

Шерағанның шекпенінен шықтық деп ғұмыр бойы мақтанышпен айтып өткен шәкірттерінің бірі, халық ақыны Фариза Оңғарсынова жазушының повесттерінің құндылығы мен биіктігі туралы өз естелігінде былай деп еске алады: «Әдебиетке әртүрлі жолмен, әр түрлі деңгейде келеді. Әдебиетке Шерхан – жазушы жалғыз өлеңмен немесе алғашқы шағын әңгімесімен жарық жұлдыздай жарқылдап келген жоқ. «Белгісіз солдаттың баласы» повесі, «Қыз бен бота» атты әңгімесімен елеусіз ғана ептеп басып, әдеби прозаға келді деуге болады» деп пікір білдірген екен [2].

Шерхан Мұртазаның есімін қалың елге жазушы ретінде танытқан алғашқы шоқтығы биік шығармаларының бірі – «41-жылғы келіншек» әңгімесі мен «Мылтықсыз майдан» повесі. Фариза Оңғарсынованың сөзімен айтсақ: «Жазушы әу бастан-ақ түймедей ойдан түйедей роман жазуға жақын, көпірме көп сөздің көбігімен өз қалың оқырманын қоректендіруден ада. Керісінше «жинақы сөйлем, сырбаз сөз арқылы көркем сурет салады. Бұл әрине өмір суреттері болатын» [3]. Осындай терең ойды, құнды пікірді түйіндей келе Фариза Оңғарсынова жазушының көлемді «Қызыл жебе» романын қазақты әлемге танытқан «Абай жолы», «Қан мен тер», «Менің атым Қожа» «Үркер» шығармаларымен қатар атайды.

Бұған дейін Шерхан Мұртаза шығармашылығында соғыс тақырыбын көтерген повестер, әңгімелер жетерлік. Мемуарлық-романы «Ай мен Айша» да соңыстан шалғай жатқан кішкентай ғана ауылда қоңырұай тірлік кешкен қарапайым адамдардың тауқыметін, биік парасатын не керісінше адам мен табиғатқа, адамдыққа қылған қиянатын өткір суреттей білді. Соғыс кезеңін баяндаған шығармаларын бөлек атап отырғанымыз тектен-текке емес. Сөзімізге дәлел ретінде Е.С.Адаеваның оқу құралында жазған пікірін айта аламыз. 2013 жылы «Прозалық мәтінді талқылау тәсілдері» деген атпен жарық көрген Е. Адаеваның еңбегінде тағдыр тауқыметі, қиындықпен бетпе-бет келіп сөйте тұра адамдықтан аттамаған ауыл тұрғындарының асқақ та терең болмысы – 60-80 жылдардағы қазақ прозасында үлкен тебіреніспен суреттелген өрісті тақырып деп бағалайды. Бұл қатардағы шығармаларды атап айтар болсақ: Н. Ғабдуллиннің «Кестелі орамал», «Жігер», Ә.Кекілбаевтың «Бір шөкім бұлт», С.Мұратбековтің «жабайы алма» Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» т.с.с іргелі еңбектерінің қатарында Шерхан Мұртазаның «Мылтықсыз майдан» повесін де атап көрсетеді. Олар әдебиетіміздегі реалистік дәстүрді дамытып, прозаны жаңа белеске көтерген шығармалар ретінде бағалайды [4, 107]. Мұнда басты көтерілген тақырып – соғыс ортасында қалған қаланы жау қолынан азат ету я болмаса аттандап алға ұмтылған жауынгер бейнесін суреттеу, ерлікпен қаза тауып жатқан батыр есімін таныту емес, тиісінше соғыстан шалғайда жатқан шағын ғана қазақ ауылының бейнесін шынайы да көркем суреттеу. Бұдан бөлек өндіріс тақырыбында жазылған «Қара маржан» романы да Шерхан Мұртазаның көпқырлы қаламынан туған жарқын мұра. Демек соғыс та, өндіріс те, өзі жалмауыз жыл деп атаған 32, 37- жылдардың зұлматы да (Қызыл жебе) жазылды. Тиісінше тың игеру кезіндегі қазақ ауылының, әсіресе кең байтақ даланың күрсінісі суреттелген шығарма да жазушы қаламынан төлігіп, оқырман қауымға кеш те болса «Сояу» повесі жол тартты. Жазушы бір сөзінде «мені жұмысшы тақырыбы толғантады» деген болатын [2, 124]. Оған дәлел ретінде баса атап көрсеткен бірден бір туындысы Соколов-Сарыбай кені жұмысшыларының өмірінен алып жазған «Бұлтсыз найзағай» повесі.

Қорытынды. Қай шығармасын алып қарасақ та өмір шындықтарын айналып өткен емес. Жазушының 90 жылдығына орай Түркістанда өткізілген үлкен конференцияның тақырыбын «Көркемсөздің көшбасшысы, көсмесөздің қолбасшысы» деп қоюы тектен тек емес екені айдай әлемге анық дүние. Тегінде бұдан артық бағалап жату да жарамас. Жазушының прозалық шығармаларының негізгі тақырыбы – заман тынысы, рухания құндылықтар, адамдық болмыс, қоңыр тіршілік кешкен қарапайым адамдардың өмірлік мұраттары, бұл өмірден түйген мәні.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұлдызы нұрлы суреткер. Шығармалар: Қазақтың Шерағасы: Жинақ/Құраст. А.Т.Кембаева. – 10-кітап. – Тараз: ТИГУ, 2017. 198 б
2. Оңғарсынова Ф. Жұлдыз тағдырлы жазушы Жас Алаш, 1992, 10 қыркүйек (№168) 46.
3. Аңыз адам: журнал. №2 (182) 16-31 қаңтар, 2018 жыл.
4. Адаева Е.С. Прозалық мәтіндерді талқылау тәсілдері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 153 б.

БЕКСҰЛТАН НҰРЖЕКЕЕВТІҢ «ӘЙ, ДҮНИЕ-АЙ» РОМАНЫНДА АШТЫҚ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Тайбекова Қ.М.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультетінің 2-курс магистранты
Қазақстан, Аламы*

Кіріспе. Қазақ халқы үшін ұлы жұт болып саналатын, ел басына туған нәубет - ашаршылық халық өмірін мүлде кері бағытқа өзгертті. 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісінен кейін халыққа қолдан жасалған осы зұлматтың қайта өмірлерін жалмауы елміздің тарихының ұмытылмас бөлігіне айналды.

Қазақ тарихындағы аштық отызыншы жылдардағы аштық делінгенмен, 1919-1922 жылдарда орын алған миллионнан астам адам өмірін жалмаған аштықты да ескеруіміз қажет. Елдің ішкі саясаты өмірін мал бағуға арнаған қарапайым халықтың малын тәркілеу мақсатымен «азық-түлік тәркілеу» саясатын бастады. Түрлі салық түрін көбейту, заңға бағынбайтын істері арқылы ата-бабадан кәсіп болған, күнкөріс көзіне айналған малдарын тартып алу арқылы жоспарларын жүзеге асырды.

«Отызыншы жылдардағы аштық – ең ұлы ашаршылық» [1, 14 б.]. «Бұл ашаршылықтың қазақтарды ойсыратқаны соншалық, қазақтар бұл зұлматтан соң тіпті басқа халыққа айналды. Олар өз жерінде азшылыққа түсті. Қазақтардың бүгінгі таңдағы мәдениетін, тілін дамытудағы қиыншылықтарының түпкі себебі сол кезден бастау алады. Қазақтың мәдениетін өлтірген – ашаршылық» [1, 4 б.].

Ашаршылықтың психологиялық аспектілерін бірнеше топқа бөліп қарай аламыз. Себебі бұл жағдай уақытша ғана емес, көпке дейін өз залалын тигізді. Адамдардың психологиясы біржола өзгерді. Осындай жағдайды бастан кешірген қазақ халқының ұлт ретінде даму деңгейі кері шегініс алды, адамдардың өмірге деген көзқарастарын түбегейлі өзгертті. Оларға бұл оқиға моральдық, психологиялық тұрғыдан қиын болды. Тірі қалу, балаларын аман алып қалу олар қалаған жалғыз арман болды. Қазақ прозасында ашаршылық тақырыбы өте көп көрініс тапты.

Негізгі бөлім. Қаламгерлер шығармаларында бір трагедияны сөз етсе де, әрқайсысы шығарма көркемдігі үшін жан-жақтан өзіндік көзқарастар қосу арқылы жеткізіп отырды. Бір ұлттың өміріне толықтай әсерін берген бұл трагедияны көркем әдебиетте көрініс табуы үлкен еңбек. Себебі, тарихи шындық пен көркемдік шындықты бір-бірімен ұштастыра баяндау асқан көркемдік шеберлікті талап етеді. Сондай шығармалардың бір Бексұлтан Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай» романы. Бұл тарихи роман қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді, адам психологиясын тереңінен қарастырады. Роман ұлттық идентификацияға, отбасылық құндылықтарға, сондай-ақ ұлттың этнопсихологиясына баса назар аударады. Шығармадағы қарым-қатынас түрлі қиыншылықтар арқылы адам өмірін бір-бірімен тоғыстырып, тағдырлас кейіпкерлердің өмір жолын, қиыншылықтарын көрсетеді. Сол кезеңдегі әлеуметтік оқиғалардың бірі болып 1931-1933 жылдар арасын қамтыған ашаршылық бейнеленді. Романдағы трагедияның ауыртпалығы, аштық жылдарындағы адамдардың соның ішінде әйел баласының баласы үшін өмірмен арпалысып берілмеуге деген жанталасын көре аламыз.

«Бала-шаға ойнау түгіл жүруден қалды. Өзі де көзі қарауытып, қай жерде біржола жығылады екем деп күдіктене бастады. Күні бойы жатып-жатып, кеш бата далаға шықты. Балтаны зорға көтеріп, итінің қасына келді. Арыған, құр сүлдері қалған Ақтөс құйрығын бұлғандатты. Әзірше екеуміз де тіріміз ғой деп тілдескен тәрізді. Күдіктенбеді, қашпады. Балтаны ыңғайлап, екі оқталды, бірақ ұра алмады. Қолы батпады. «Жеті қазынаның бірі деуші еді, киесі ұрар» деп ойлады» [2, 291 б.].

Аналары аштық кезінде өз тағдырынан бұрын балаларының тағдырына жауапты болды. Олардың осы кездегі іс-әрекеттері шығармаға тереңінен үңіле түсуге жолашып, ауыртпалыққа ана образының көзқарасы арқылы баға беріп, оқиғаны басқа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. «Жеті қазынаның бірі ғой» деп итіне қиянат жасауға қолы бармаған қазақ әйелінің осындай қиын жағдайда да төмен әрекетке бармауы адамгершілік қасиетінің жоғарылығын көрсеткендей.

«Бүгін емес, бірақ не ертең, не одан арғы күні не өзін, не балаларды өлім күтіп тұрғанын жүрегімен сезді. Сол сезігі анықталғандай әуелі Оралбегі, сонан соң Кеңесбегі мен Гүлсәні бірдей ауырып қалды. Бастарын көтере алмай, ертелі-кеш тек жатады, ыңырсиды. Кеңесбегі аздап ісіне де бастады. Ол – өлімнің жақындаған белгісі. Ана жүрегі үміттен гөрі күдіктің белең алып бара жатқанын сезді. Ең ақыры балалардан бұрын өзім өлсем екен, олардың өлімін көрмесем екен деп тіледі. Өз етін балаларына тірідей өзі бөліп бере алса ғой, шіркін!» [2, 292 б.].

Ана жүрегі уайым мен қайғыны қатар сезгенімен қол қусырып өмірдің дегеніне көну деген ойдан аулақ болды. Іштей адам баласының қиындықта берілмеуі, ерік күшін барынша берік ұстану арқылы жеңіп шығуы психология тұрғысында белгілі бір дәрежеде мықтылықты талап етеді. Бұл жерде тек бір ғана ана образы емес қазақ әйелдерінің бойындағы бар ерекше батылдықты, рухы күшті жанкештілікті сипаттап тұр.

«Кенет көзі енесі төсеніш ететін тулаққа тұсті. Қуанып кетті. Ақыл-есі орала бастады. Тазабектің тоны бар. Айтпақшы, қамшысы да бар. Бәрі жеуге жарайды.

Бойына күш бітті. Өлмейтіндей үміт оралды. Тулақты тықырлап біткен соң, пышақпен төрт-беске бөлшектеді. Сумен әбден жуды. Сонан соң ұсақтап турады. Үш баласына бір-бір уыстан, өзіне жарты уыс деп төртке бөлді» [2, 292 б.].

Ашаршылық салмағын алғаш сезіне бастаған барлық қазақ үйінде болған осы көрініс деп айта аламыз. Жазықсыздан малынан айырылған қарапайым халық күнкөріс қамын осылай жасады. Алайда, бұл да көпке ұзай қоймады. Жағдайлары ауырлаған сайын әбден ашыққан адамдар басқа да сұмдық іс-әрекетке барды.

«Бір күні Оралбек пен Кеңесбектің ең жоқ, түс жоқ зәрулері ұшып келгені әлі есінде.

- Апа, Қараменденің белінде баласын құшақтаған бір әйел жатыр. Қатып қапты! –деген көздері шарасынан шығып. Балалар шошиды деп, Табай бір өзі барып көміп келген. Теріскейден жан сауғалап Қытайға қарай қашқан жаяу босқынның көбі Китіңге жетер-жетпесте әлі құрып жығылатын. Соның көбін Көбзіп пен Табай төбе-төбенің жұмсақ жеріне көміп, беттерін жасырды. Басқа жұрт туған баласын санап жатқанда, қазақ байғұс өлгенін санап жатты. Ақыры санынан шатасты. Өйткені тірі қалғанынан өлгені көп болып кетті. Санайтын да адам санаулы қалды» [2, 295 б.].

Тарих беттеріндегі бұл көрініс ең ауыры, ең қайғылысы десек болады. Екі жанның жаны үшін арпалысқан ана жүрегінің орындалмай кеткен асқақ арманы. Ана инстинкті қандай жағдай болмасын өзгермейтіндігін байқаймыз. «Ашаршылықтың ең ауыры – отыз екінші жыл. Ас тұрған жерде ауру тұрмайды дейтін қазақ қатты қырылды. Он алты жылдан кейін он алтыншы жыл тағы қайталанды. Ол жылдың қырғынынан қазақты қорғап қалған өкімет енді өзі қырды. Ақылы жетпеді ме, әлде қулығы ма, малмен жан бағып отырған жұртты малсыз қалдырды. Ашыққан адамды ақыл емес, ашыққан сезім билейтін болу керек, Шәйі өзі көрмесе де адам етін жегендер болды дегенді талайдан естіді» [2, 300 б.].

«...Ауру адамның, аш адамның есі, ақылы орнында болмайды. «Мастық не дегізбейді, аштық не жегізбейді» деген қазақта мақал бар. Өткен қыс аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамды малша ұрлап, малша сойып жеді.

Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге кетті. Мұның бәрі аштық әсерінен адамның есі шығып, ақылы қалмайтындығын көрсетеді. Аштық ақылын алмаса, адам аң дәрежесіне жетіп, хайуандықтан да асып, бірін бірі жер ме еді? Анасын баласын жеуге келгенде, ол анада ақылдан түк қалды деуге болар ма? Міне, тән сау болса, жан да сау болатындықтың сипаты. Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...» [3].

Ашаршылық кезеңінде адамдардың бір-бірінің етуін жеуі – тарихтағы қорқынышты, ауыр естеліктер. Адамдардың азғындықтың шегіне шығып адамды құрбандыққа шалуы біріншіден өмір сүруге керек ресурстардың тапшылығы және бұл процесс өте ұзаққа созылғандықтан адам бойынан ес кеткен кездегі іс-әрекеттерден ақылдың да кетуі. Яғни, түс пен өңнің ортасында сандырақтап жүрген немесе шығармада келтірілгендей «бір түйір татпаған адамға күн мен түнде қандай айырма бар. Оның көзі қара түнек көрден басқа нені көреді» [2, 289 б.] сынды меңзең күй адамдарды осындай күреске дейін алып барды. Бұл жерден байқайтынымыз, қауіп төнгенде адамның өзін-өзі сақтандыру мақсатында орындалатын адамдық инстинкті. Адамдық инстинкт – түрлі апаттар немесе соғыс, сондай-ақ адам өміріне толықтай зиян алып келетін ашаршылық сынды жағдайдағы адам психологиясының өзгеріске ұшырауы. Тіршілік үшін күресте кей іс-әрекет адамгершілік тұрғысынан нормадан асатын инстинктивті әрекеттерге жол береді. Сонымен қатар адами құндылықтардың өзгеруі, көзқарастары, өзгелермен қарым-қатынасы бір-бірімен байланысты болғандықтан да ашаршылық адам баласының өмірінің бір ғана сферасына емес толықтай өміріне әсер етті.

« - Сен, Қапез, тышқанның інінен дән іздегенді айтасың, ал біз тышқанның өзін іздеп, өзін жедік, – деп салды.

- Қойшы қайдағыны айтпай! Тышқан жеген Табай атанғалы отырмысың? – деп, Жүзік әзіл намыс жасады.

Табай бірақ қыңқ демеді.

- Шындық адамға ұнамағанымен, құдайға жағады.

- Сайдың аузынан суыр ұстап әкелгенімде, сары қазы жегендей құшырланғандарыңды қалай ұмыта қалдыңдар – деп, тіпті әріге барып тоқтады.

Табайдың онысы рас еді. Әуелгіде Оралбек пен Кеңесбек ешкімге айтпай, аттың құйрығынан қылтұзақ жасап алып тышқанның ініне салып жүрді. Қытайға босып бара жатқан аш-жалаңаш жиілей бастаған соң, біреу-міреу балалардың өзін жеп қойып жүрер деп қауіптеніп, Табай өзі балаларды бастап тау-тасты аралап кезетін болған. Өлгелі жатып та ұятын ойлайтын қазақ тышқан жегенін бір-бірінен жасырады. Түнде қайнатып, түнделетіп жейтін. Ұстаған тышқандарын өзіне, Тәуірбекке, Кенжеғараға, Шәйіге – төрт үйге Табайдың өзі тең бөліп тарататын. Анда-санда қоян ұстаса, күнде қоян жеп жүргендей, оны жариялап айтатын» [2, 290 б.]. Аштық тақырыбы тек азықтың жоқтығы емес, дәлірек айтсақ, бұл бір халықтың жойылуына тікелей себеп. Табиғи апат әсерінен емес қолдан жасалған жұт әлеуметтік ішкі саясатпен толықтай байланысты болды. Саясат әсерінен халық өз жерінде тыныш өмір сүре алмай, соңында өлуге мәжбүр күйге түсті. Осыншалықты әділетсіздікті көре тұра үкіметке қарсы тұруға қарапайым халық қауқары жетпеді.

«Адамдар жапа шегіп жатқан жерде адамгершілік ардақталмайды. Адамның құдай берген өмірін құдайдың өзі ғана алуы керек» [2, 302 б.]. Қазақ халық әдебиеті қандай жағдай болмасын халықпен бірге қатар жүрді. Ашаршылық кезінде жан қиналысынан дүниеге келген әндер күні бүгінге дейін сақтала, өзімен бірге тарихты ерте жүретіні рас. Халық трагедиясын, қайғы-қасіретін өлең шумағына сыйдыра өздеріне солай күш-қуат бергендей. Сол үшін де осындай әндерден халықтың болашаққа деген үмітін сеземіз.

«Жақсыбала

қайнысынікінде отырғанда Қапез Қаратайды есіне алып, содан үйренген әнім еді деп, Шаншардың Сырғалы еркем әнін салды. Ән Қаратайды жоқтатты. Қаратайды жұтқан аштық сөз болды. Сонда отырып Қапез сол аштық кезінде шығарған «Ауыр күн-ай» деген әнін айтты. Оны ән деу – аз, мұң, зар деу – дұрыс.

Балалары айырылған анасынан,
Айырылған аналары баласынан.
Жетім-жесір жалаңаш ашыққан соң
Сабанның дән іздеді арасынан.
Айхой, ауыр күн-ай,
Жазаын күн болар ма бауырыңды-ай!
Айхой, қазағым-ай,
Арылар күн бар ма екен азабыңнан-ай!?
Күнің қайда кешегі ән іздеген,
Сайрандап ат үстінде сән іздеген?
Қара түнге тап болдың күндіз-түні,
Інінен сұр тышқанның дән іздеген» [2, 289 б.].

Шынында мұндай әнді ән деп айту ол аз. Сенім мен үмітсіздік қатар жырланған, анасынан айырылған бала мен баласынан қол жазып қалған ананың зары, мұңы.

Романдағы Қапез образының прототипі ақын Қапез Байғабылұлы. Қапез дәстүрлі ақындық мектебінің ізін жалғаушы, сол уақыттағы әлеуметтік мәселелерді насихаттаушы ақын. Әндерімен үндеу жүргізіп қана қоймай халық басына туған нәубетте халқының ел кезіп кетпесі үшін тер төккен халық жанашыры.

Қапез бейнесі шығарманың психологиялық, моральдік тұрғыда өрбуіне қатысты бірден-бір кейіпкер. Қапез де басқа кейіпкерлер секілді ішкі жан күйзелісімен арпалыса өмір сүреді. Образдағы басты ерекшелік деп автор кейіпкер бойындағы адамгершілік қасиеттерді, елді бірлікке шақыру, адалдық секілді қасиеттерге берік адам ретінде суреттейді. Отбасына тіреу болып, жақындарының жанында қиын-қыстау кезеңде жанындарынан табыла білетін образ. Сондай-ақ, Қапездің ішкі күресі өздерінің дәрменсіздігі мен үкіметтің әділетсіздігі барысында жүріп отырады. Тарихи романның «Түйін» деп аталатын үшінші бөлімінде басты кейіпкер Шәйі тоқсан жылдық мерейтойында Қапездің осы «Ауыр күн-ай» деген әнімен еске алады. Сондағы Самсалы атты кейіпкер сол бір кездің естелігімен бөлісе сонымен қатар жастарға үндеу ретінде де былай айтып өтеді:

« -
Нұржан балам, көп жаса! – деді микрофонды асабадан сұрап алып. – Ескі әндерді білетін бала көрінесің, Қапез деген әншіні естіп пе едің?

- Байғабылұлы ма?
- Иә, балам. Соның әндерін білесің бе?
- Білем. «Дүние-ай», «Қоштасуым»
- «Ауыр күн-ай» дегенін естіп пе ең?
- Соны айтып берейін бе?
- Сөйтші!

Осы бала шатастырып тұрған жоқ па, басқа бірдемені айтқалы тұр-ау деп, Шәйі сеніңкіремеді.

Балалары айырылып анасынан, ой-хой,

Аналары айрылған баласынан...

Жұрт жым-жырт тыңдады. Көбі, сірә, түсінбеді. Ашаршылықтың қазаққа қалай келгенін айтсам ба екен деп бір ойлады. Оным қалай болады деп тағы ойлады.

- Жастар! – деді сол сәтте әлдекім ортаға шығып. Самсалы екен.

Бұл әнді шығарған Қапез Байғабылұлы деген кісіні тоқсанға келіп отырған Шәйі әжелерің де, бұ кісі күйеуге шыққанда сегіз жаста болған мына мен де көрдім. Голощекин дегеннің кербакқан басшылығымен отыз екінші жылы малын түгел сыпырып алған қазақ ел аман, жұрт тыныштықта жаппай қырылды. Біреу тышқанның інінен дән іздеді, біреу тышқанның өзін жеді. Баласын құшақтаған қалпы шеше өлді, шешесін еме алмай бала өлді. Сол қасіретті әнге қосқан Қапез аталарың «халық жауы» атанып итжеккенге айдалды. Сонда жүріп отыз тоғызынышы жылы ол да өлді. Бүгін Нұржан баламыз алпыс жыл бұрынғы аштықты Қапездің әнімен көз алдымызға әкелді. Қапездің әруағы қолдап жүрсін, балам!» [2, 322 б.].

Қорытынды. Бексұлтан Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай» тарихи романы адамдардың күресін,

әлеуметтік мәселелерді, теңсіздіктерді ашық жеткізеді. Үш бөлімнен тұратын романда жазылатын тарихи оқиғалар, нақтыласақ ұлт азаттық көтеріліс, ашаршылық, желтоқсан оқиғасы суреттеле соңында тәуесіздігімізді алуымызбен аяқталады. «Он алтыншы жылда да, отыз екінші жылда да өлген қазақтың дәл есебін алған ешкім жоқ. Он алтыншы жылғы қырғын албанды ғана шарпыса, отыз екінші жылғы аштық бүкіл қазақты баудай түсірді. Сол екі қырғыннан да аман қалғанына қарағанда қазақтың ырызғысы әлі таусылмаған. Болашағы бар» [2, 300 б.]. Жазушы шығарма кейіпкерінің ішкі монологы арқылы әлі де сөнбеген үмітті меңзейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С. Жүсіп. Ашаршылық ақиқаты. Деректер мен дәйектер. Алматы: «Курсив» баспасы ЖШС, 2015. – 417 б.
2. Б. Нұржекеев. Әй, дүние-ай! Роман. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2015. – 328 бет.
3. А. Байтұрсынұлы «Тәні саудың – жаны сау» мақаласынан үзінді, «Ақ жол», Алматы, «Жалын», 1991 жыл, – 320 б.

РОМАН ӘЛЕМІНДЕГІ ҚҰПИЯ ҚОЙМА: ОҚИҒА МЕН ОЙ АСТАРЫ

Сарсенова А. А.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің 2-курс магистранты
Қазақстан, Алматы*

Андатпа. Бұл мақалада ХХ ғасырдың басында қазақ даласына қасіреті тиген ашаршылықтың көрінісін сипаттаған жазушы А. Мекебаевтың «Құпия қойма» романындағы оқиға мен ой астары, тарихи шындық көрініс табады.

Ашаршылық кезеңінің қазақ тағдырына тигізген залалы, адами құндылықтардың құнсыздануы, жаны қылдың үстінде тұрған пенденің болмысынан мүлде өзгеріп кететіндігі, қазақ халқының бейнесі, тарихи шындық мәселелері қозғалады.

Тірек сөздер: ашаршылық, адами құндылықтар, кейіпкерлер бейнесі, ой астары.

Кіріспе. Өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдары қазақ даласында жүргізілген кәмпескелеу, жаппай отырықшыландыру, ұжымдастыру мәселелері қазақ ұлтын мейлінше азайтуға бағытталған саясат еді. Бұл отызыншы жылдардың басында адам айтқысыз ауыр қасірет – ашаршылыққа апарып соқты. Осы қатерлі кезең 50 жылдан астам уақыт бойы жазуға, айтуға, зерттеуге рұқсат етілмеген тақырып ретінде жабық еді.

Аталмыш кезең жайлы қалам тарту қай қаламгерден де асқан шеберлік пен жауапкершілікті, ізденісті, қиял байлығы мен өмір шындығын қалтқысыз игеруді талап ететіні анық. Нақ осы тақырыпты роман әлемінде алға тартқан жазушы Адам Мекебаевтың «Құпия қойма» романы ұлт тарихындағы оқиға мен ой астарын көркем суреттеуді алдына мақсат етіп қояды.

Романының тарихилық негізі - Қазақстан тарихының шындығы. Отызыншы жылдары елімізде астық өндірілуінің құлдырауы, ірі қара малдардың қолдан қырғынға ұшыратылуы халықтың жаппай ашаршылық қасіретіне ұшыратты. Бұл оқиға - «Құпия қойма» романының идеялық-композициялық желісіне арқау болған тарихи-деректер шындығы. Шығарманың үш бөлімінде де қазақ халқы тағдырын тәлкекке түсірген, ашаршылық апатына себепкер болған саяси-идеологиялық, мемлекеттік басқару жүйесінің зорлықшыл қызметі реалистікпен айқындалған.

Қаламгер роман кейіпкерлері мен қоршаған тұрмыстық - әлеуметтік орта шындығын алға шығара отырып, тарихилық аясында оқырманның көз алдына елестетеді. Шығармада

қайткен күнде аман қалу жолында жанталасып, бір үзім қорек іздеген қазақ бейнесі көрініс табады.

Негізгі бөлім. «Құпия қойма» романының бас кейіпкерлері – Қабыш, Мәдина, Түктібай, Өрімбай, Жиенқұл атты қарапайым халық өкілдері. Жазушы бар жоғы осы үш-төрт кейіпкер арқылы тұтас қазақ халқы басынан кешкен қасірет сырының құпиясына оқырманын еріксіз үңілдіреді. Ашаршылықтың қыспағына түскен бұлардың алдарында ел тағдыры, жер қамы сынды ірі-ірі мақсат жоқ. Олардың жалғыз мақсаты – тірі қалып, ертеңгі шығар күнді көру. Арасында еті тірі Қабыш секілді еңбекқор жандардың өз шаңырағын сақтау үшін басын тауға да, тасқа да ұруы – сол бір қасіретті кезеңнің ащы шындығы. Дегенмен ондай епті жандардың тіршілік көзі табыстарына ортақтасқысы келетін арам ниетті Түктібай сынды адамдар кедергі келтіретіні де шығармада анық көрсетілген.

Шығармада қиын-қыстау сәттердегі жеке адамның жан құбылысын моральдық-психологиялық талдау арқылы көруге болады. Автор осынау алапат қасіреттің қалай өрбігенін жекелеген адам тағдырлары мен олардың әрекеттерінің астарына сыйдыра отырып, психологиялық-моральдық қырларын ашады. Сол арқылы жекеден жалпыға, төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге деген философиялық принципке арқа сүйейді. Ашаршылық сияқты тауқыметті құбылыс арқылы саналы жан иесінің іштей азып-тозу жолдарын, қазақтың күйін басты назарға алады.

«Құпия қойма» романында бүтін бір халықтың басында болған ауыр алапаттың түпкі себебін іздеп, оған жауап табу көркемдік мақсат етіп қойылмағандығын байқауға болады. Шығарманы оқи отыра ондағы сюжет астары тек сол заманның бейнесін ашуға негізделіп қана қоймай, адам жанына психологиялық талдау жасай білуді үйретеді.

Қабыштың сәлем берген адамының шын өлік болып шығуы, қайтыс болған сәбилерге жолығуы, өлген әйелді жеп жатқан итті Түктібайдың көріп қалуы, сенім білдіріп соңынан ерген жесір әйел мен оның балаларын орта жолда өлім аузында тастап кетуі, Түктібай Күләйім атты қызды вокзалға отырғызып, өзінің қашып кетуі секілді эпизодтар оқырманның жанына ой салып, жүрегін тербейтін сол заманның өмір шындығын бейнелейтін көріністер. Романда оқырманын сендіре алатын осындай шығармашылық ұстаным төбе көрсетіп жатады [1, 39 б.].

Түктібайдың образын өткен өмірі қасіретке толы, адамгершілік пен имандылықтың жолына жармасып өмір сүретін қарапайым қазақ қатарына жатқызуға болмайды. Сыртқы қалыбы мүләйімсіп көрінгенімен, пасық пиғылы тереңге жасырылған бұл кейіпкер зұлымдықты қатардағы нәрсе ретінде санайды. Ішкі рухани әлемінің қараңғылығы «бұл да біз секілді пенде ғой» деп өзімсінген біраз адамды жер қаптырады. Ол ар-ұят, адамгершілік ұғымдарын сызып тастап, ашаршылық зұлматынан аман қалу үшін ештеңеден де тайынбайды. Сол рухани жүдеулік пен жүгенсіздік оның түсінігінше азаттық деген түсінікпен астасып жатқандай.

Түктібай – оқырманды тіксіндіретін жауыз кейіпкер ретінде сипатталған. Оның болмысы арқылы шытырман оқиғалы туындының мазмұны ащы шындықтың жүгін арқалап тұрғандай көрінеді. Түктібайдың роман желісіндегі іс-әрекеттерінен қазақ ұғымындағы қуыс кеуде пендешілік шеңберінде ғана өмір сүретіндердің ит тірлік болмысы аңғарылады.

Аштықтан арылу үшін адам баласының аңға айналып кетуі, кейіпкерлердің бір бірінің аяқтан шалуы, қақтығыстар, кейіпкерлердің ішкі тебіреністері, оқиғалардың психологиялық тартысқа ұласып отыруы, сондай-ақ автордың әр сюжеттен кейін философиялық түйіндеулер жасауы – шығарманың психологиялық-философиялық роман екендігін дәлелдейді.

Шығарма оқиғасын шиеленістіре берудегі автордың мақсаты – қазақ тағдырындағы қасіретті кезеңді суреттеумен шектеліп қана қоймай, адам бойында сана-сезім қалтарыстарып, іштегі руханиятына түрткі болу. «Құпия қойма» романындағы тақырыптың өзі адамның жан дүниесін, ішкі әлемін сілкіністер, динамикалық құбылыстар үстінде көрінуін қажетсінеді. Ажалдан қашуға тырысып, жаны қылдың үстінде тұрған пенденің күнделікті болмысынан мүлде өзгеріп кететіндігін, адамдығын жоғалтуға айналатындығын шығарма оқиғалары ашық көрсетеді. Роман сюжетімен танысқан оқырман қазақтың әлеуметтік-тұрмыстық бейнесі туралы белгілі бір тиянақты ой түйіндей алады.

Сюжет желісі Түктібай образы арқылы бейнеленіп, аштық қасіреті айқындала түседі. Әбден күші кетіп, жігерінен айырыла бастаған ол әйелі Сырғалыға өзін өлтіріп, етін әйелі мен баласына қорек етуді ұсынады. Мұнысынан зұлматтың зардабы әбден ақыл-есі мен адамдығын жеңе бастағанын көруге болады. Осы тұста Сырғалының қарсылық танытып: «Ата-анасының етін жеген бала ұрпақ болып жарытпайды» [2, 155 б.] деген сөзі оқырманға ой салады. Автор бұл арқылы өлім мен өмір қатар келгенде ар мен абыройды алға шығару мен болашақты ойлайтын қазақ әйелінің көрінісін та-нытады.

Оқиға кейіпкері Қабышты алып қарайық. Ол да көппен бірдей тауқымет тартты. Ұрпағының зұлматтан аман алып қалғысы келсе де, қиянатқа бармады. Түктібайдың құрбанына айналған Қабыш – сол кездегі дәрменсіз қазаққа ұқсайды. Ол аштықтың азабын тартса да, рухани әлемі берік, ардан аттамайтын, қиянат қылудан ада кейіпкер. Тіпті құпия қойманың қайда екенін білсе де, аманатқа адалдықты сақтайды.

Романда кейіпкерлер бойындағы ұлттық мінез айқын көрініс тапқан. Мәселен, Мәдина атты кейіпкер күйеуін атымен емес, «Серғазының көкесі...» деп атауынан-ақ, қазақ әйеліне тән табиғи болмысты, салт-дәстүрге деген ұстанымымыз байқалады.

Роман соңында Қабыштың жары Мәдинаның оң жағында адам атаулыға жақсылық жасауға жаны құмар жан жарынан қалған тұяқ – Серғазысы, сол жағында жұрттың қара қазан өкпесіне қалған – Тоқшылық тұр. Ана болса солардың болашағын ойланып алаңдайды. Болашаққа өнеге қалдыру, ұлт тәрбиелеу – адами парыз. Осы жауапкершілікті ұмыт қалдырмау керек деген міндетті жазушы әйел-анаға сеніп тапсырғандай.

Сюжет бойынша Мәдинаның жары Қабышпен бірге ішерге қорек іздеп, тарыққан сәттерінде қаншама рет қиындықпен бетпе-бет келгені, күйеуі қаза тапқандағы ішкі жан күйзелісі, күйеуі Түктібайдың қолынан қаза тапқанын білмей, өзі мен балаларын аштықтан аман алып қалу үшін алаяққа алданып, әйелдікке амалсыз көнген қорлығы осының бәрі – өмір шындығы. Шығарманың соңында жасырылған құпия қойманың кілтін Түктібайға беріп, өзі оның құрбанына айналғанын білмей де қалады. Бұл Мәдинаның ғана емес, бүтін ұлттың бастан кешкен қасіреті еді...

Сюжет соңында құпия қойманы тауып, ашкөздікпен жеткен дүниесі Түктібайға жақсылық болып келмейді. Ол бұл қойманы табу үшін қанша жанталасқанымен әйелінен, баласынан айырылды. Жолындағының көз жасына қалып, бәріне жауыға қарады. Өзі секілді аштықтан әбден жұтаған жандардың эзер дегенде тапқан талшығына дейін тартып алып, қиянат қылды. Жазықсыз жандардың қанын мойнына жүктеді. Десе де, көлденең келген дүние оған опа бермеді. Жанын аман алып қаламын деп жүргенде итке таланып, жарық дүниемен де қош айтысты... Бірақ жазықсыз Мәдинаның құрсағында оның ұрпағы қалды. Адал Қабыш пен арам Түктібайдың екі ұрпағы бір отбасыда қатар өсетін болды. Бұл да жақсылық пен жамандық атаулының қатар жүретінінің көрінісі іспетті...

Жазушы адамгершілік пен жауыздық, мінез-құлық өзгерісін сипаттай келіп, шығарма соңында қорытынды жасауды оқырманның өз еркіне қалдырады.

«Құпия қойма» романы – адам жанының құбылыстарын жан-жақты ашатын эпикалық шығарма. Сол кезеңнің қуғын-сүргіні, халықтан жиналған алым-салығы, ішерге ештеңесі қалмай аштықтан бүрісіп өліп жатқандар, азық іздеп сабылғандар, т.б. бейнеленуі романның философиялық-психологиялық талдаумен өрілген композициясындағы шынайы эстетикалық сымбатты танытады. Оған жазушының шығармашылығындағы стильдік ерекшелігін, тілдік амал-тәсілдерін сөз етпеуге болмайды.

Адам Мекебаевтың «Құпия қойма» романында автордың стилі ерекше әрі айқын көрініс табады. Бұл шығарманың өзіндік ерекшелігі, ең алдымен, жазушының психологиялық тереңдікті ұштастыруында және оқиғаларды шынайы, нәзік суреттеуге негізделген. Автордың стилі бірнеше маңызды элементтерден тұрады.

Біріншіден, Мекебаевтың тілдік шеберлігі мен көркемдік құралдары бай әрі мәнерлі. Жазушы кейіпкерлердің ішкі сезімдерін, олардың жан дүниесіндегі толғаныстарын дәл әрі әсерлі жеткізе біледі. Оның метафоралық тілі, образды ойлауы оқырманды терең ойға жетелейді. Мысалы, романдағы өмірдің ауыртпалықтары, адамдар арасындағы қарым-

қатынастар мен тағдыр соқпақтары нәзік психологиялық сараптаулар арқылы көрсетіледі. Бұл автордың адам жанының қатпарларына бойлап, оның түрлі қырларын ашуға деген талпынысын айқын көрсетеді.

Екіншіден, автор реалистік баяндау әдісін қолдана отырып, уақыт пен кеңістікті шебер пайдаланған. Адам Мекебаев оқиғаларды бірізділікте ғана емес, шынайы өмірдің кездейсоқтығын, шынайылығын көрсетуге бағытталған түрде жеткізеді. Оның жазу мәнері романның терең мағынасы мен философиялық астарын ашуға септігін тигізеді.

Үшіншіден, Адам Мекебаевтың шығармашылығында әлеуметтік тақырыптар ерекше орын алады. «Құпия қойма» романында да қоғамның көлеңкелі жақтары, оның күрделі әлеуметтік құрылымы басты назарда. Әлеуметтік мәселелер мен тұлғалық болмыс, адамның қоғамдағы орны мен міндеті жазушының маңызды тақырыптары болып табылады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Адам Мекебаевтың «Құпия қойма» романы жазушының шеберлігін айқын көрсетіп, оның терең психологиялық талдауы мен шынайы баяндау мәнерін ашып береді. Автордың стилі сезімтал, терең мағыналы және шынайы өмірдің көпқырлылығын жеткізуге бағытталған. Адам Мекебаев бұл шығармасында халықтың отызыншы жылдары бастан кешкен аштық кесепатына көркемдік талдау жасауды алдыңғы орынға қойғанын аңғарамыз. Сол кезеңдегі трагедияға арналған аталмыш роман өмір шындығын шеберлік шеңберінде жеткізе алған көркем туынды дей аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ақыш Н.Б. Замана рухы. – Әдеби зерттеулер мен сын мақалалар. – Алматы: 2013. – 295 бет.
2. Мекебаев А. Құпия қойма: Роман, хикаят. – Алматы: Жазушы, 2008 – 288 бет.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ МӘСЕЛЕСІ ТҮЙІНДЕМЕ

Тұрғымбай А.Қ.

*ҚазҰҚПУ, Филология факультетінің
2-курс магистранты*

Аңдатпа. Психологизм – қоғамдық алғышарттар мен жеке адамдар дүниетанымын, олардың іс-әрекетіне жетекші сана-сезімдік қозғаушы күштерді сенімді суреттеудің дара жемісі болып табылады.

Бұл мақалада қазіргі қазақ әңгімелеріндегі психологизмнің өзекті мәселелері, көркем шығармадағы психологизмнің элементтеріне баса назар аударылып түсіндіріледі. Түрлі жазушылардың жеке көзқарасы мен сезімінің нәтижесінде туындаған лирикалық кейіпкерлердің болмысы сипатталады. Сонымен қатар, қарымды қаламгер Серік Нұғыманның осы уақытқа дейін «Бұзғыш», «Сенімді серік», «Орындалған тілек» деген әңгіме мен хикаяттарына тоқталамыз. Өзіндік ізденіс іздері бар, жазу стилі қалыптасқан, авторлық қолтаңбасы анық прозашы. Шығарманың бұлдіршіндерге берер тағылымы мен тәрбиелік мәні мол. Оқиғалары тартымдылығымен, шынайылығымен ерекшеленіп, көңілге қонымды баяндалады. Кейіпкерлердің балаға тән іс-әрекеті, мінез-құлық, айтар ойы қызықты. Әңгіме желісінде жаман әдет пен жақсы мінез қатар өріліп, балалардың таным-түсінігін кеңейтіп, олардың бойында адамгершілік, жауапкершілік, ұқыптылық сияқты ізгі қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді.

Кілттік сөздер: қазақ әңгімелері, лирикалық проза, кейіпкер, қолтаңба, психологизм, бейнелеу құралдары

Кіріспе. Қаламгер Серік Нұғыманов өзінің бір сұхбатында: «Әдебиетте ғана көрініс табатын ұлттық мінез – қай елдің әдебиеті екенін айқындап тұратын басты белгі. Характерлер табиғатында мазмұн мен бояу қатар көрініс табуы қажет. Өйткені ол екеуі көркем образдың

қос қанаты іспетті. Мұхтар Әуезов «Қаралы сұлу» әңгімесінде адам жанын, оның ішінде, әйел затының табиғатын өте тереңнен қопарып, аша алды» деп айтып өткеніндей, ең бастысы, Қарагөз бастан аяқ қазақ әйелі болып қалды. Себебі онда модернистік тәсілдер аса сәтті қолданылумен қатар, ұлттық ерекшеліктер де мықтап назарда ұсталды. Аймауытовтың Ақбілегі де солай. Мазмұн соны болғанымен, сомдалған кейіпкерлер таныс. Яғни, біз білетін қазақтар.

Жалпы лирикалық проза — кейіпкердің жан дүниесіндегі халі мен ой өзгерістерінің санада таңбалануына негізделетін прозаның стильдік бір түрі. Әдебиеттанушы Б.Майтанов өз еңбектерінде: «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық феномен -психологизм» - деген болатын[1].

Жазушы С.Нұғыманның әдеби басылымдар мен сайттарда шыққан мақалаларға жиі назар аударатыны байқалды. Жазбаларды санамалап атағанда өзіміздің ол кісідей қадағаламай алмайтынымызды да ұғындық. Бұл уақыттың көптігінен немесе қол бастығынан емес, әдебиетке деген сүйіспеншіліктен, жанашырлықтан туған әрекет деп ойлаймыз. Әңгімесіне қарағанда ағамыз үздіксіз ой еңбегімен: жазумен, аудармамен айналысады.

Жазушы Серік Үсенұлы Нұғыман 1966 жылы ҚХР, Іле қазақ автономиялы облысы, Мұңғылкүре ауданы, Ақдала ауылында дүниеге келген. «Құланиек», «Жоқ іздеген жан», «Ақшаттың суы мөп-мөлдір», «Жөргем», «Еліктің лағы» және «Қаранның балапаны» қатарлы прозалық кітаптардың авторы. Қазір республикалық балалар басылымы – «Балдырған» журналында бас редактордың орынбасары болып қызмет атқарады.

Негізгі бөлім. «Лирикалық кейіпкер» деген термин қазіргі кезде прозалық шығармаларда да қолданылып жүргенімен, ол ең алғашында лирика саласында тұрақтанған болатын. Бұл жекелеген өлеңдерде ғана емес, ақынның бүкіл шығармашылық контекстінде, тіпті болмағанда белгілі бір кезеңдегі өлеңдерінде, өлең немесе циклдар кітаптарында берілетін ақынның образы. Л.Гинзбургтің пікірінше, лирикалық кейіпкердің болуына қажетті шарт «белгілі бір мәселелерге, көңіл-күйге негізделген автор санасымен бірлік» болып табылады [2].

Лирикалық прозада бұл образ мүлде басқа мәнге ие. Лирикамен салыстырғанда мұнда лирикалық кейіпкердің нақты өмірбаяны беріледі, ол өзін іс-әрекеттері, оқиғаға қатысуы, өзге кейіпкерлермен қарым-қатынасы арқылы көрсете алады. Ол авторға жақын ғана болып қоймайды, белгілі бір дәрежеде автор көңіл-күйін әр қырынан анық жеткізеді. Лирикалық кейіпкердің қатысуы жазушының шығармасында оқиғалар мен образдарға шектеу қоюы мүмкін, бірақ сонымен қатар ол болып жатқан оқиғаның негізіне терең үңілуге мүмкіндік береді.

Лирикалық прозаны зерттеуші-ғалым Я.Эльсберг лирикалық әңгіме мен психологизмнің тұтастығын айта келіп: «Шын мәніндегі лирикалық стильдің тазасында өз ойлары, сезімдері мен тебіреністері немесе солардың кейбір қырлары мен қасиеттері туралы айтуына хақы бар адам тұруы шарт», — деген болатын [3].

Шығарманың атауы	Үзінділер
«Бұзғыш»	«Айғали биыл бес жаста. Әлі мектепке бамағанмен, біраз санды біледі. Оны екінші сыныпта оқитын әпкесінің қасында отырып үйреніп алған. Сан сана десең, екі қолын көтереді де, сүп-сүйкімді бармақтарын бүгіп, санай бастайды. Біл, еке, үс... Төртке дейін дұрыс барады да, ары қарай аузына түскенін айта береді. Әріп жаза алмайды, бірақ өзінің атын таниды. Әке-шешесі жұмыста болғандықтан, ол күндіз үйде жалғыз қалады. Жақын жердегі мектепте істейтін шешесі анда-санда келіп, көздеп кетеді. Әр жолы келген сайын оның әлденемен айналысып, тып-тыныш ойнап отырғанын көреді. Бір нәрсеге

	берілсе, басқаға көп көңіл аудармайтын өзі сондай ақылды бала. Бірақ оның бір жаман дағдысы бар – ешқашан ойыншық шақ келтірмейді. Бір не екі күн... болды, одан арыға ешбірі бармайды.»
«Сенімді серік»	Міне, кеш батты. Дарын басқа балалармен бірге сөмкесін арқалап сыртқа беттеді. Қаппаға келіп, әжесінің келуін күтті. Әжесі біразға дейін келмеді. Ары-бері тосқан Дарынның бір кезде өз бетімен кеткісі келді. Неден қорқады, үйлері жақын. Күндегі жолдарымен жүрсе болды емес пе, бір демде жетіп барады. Ол қақпадан шығып, жаяулар жолымен аяндап тартып отырды. Аса асыққан жоқ, жан-жағына қарап, төңеректі тамашалай жүрді. Күнде әжесі асықтырып, ештеңені көрсетпейді екен ғой, жол бойы қандай қызық! Ролик тепкен балалар, ит жетектеген әйелдер айналады өріп жүреді екен. Әжесі қасында болса, осының бәрін көрсетпес еді, енді қандай рақат! Алаңдамай бұрылып, армансыз қарады.
«Орындалған тілек»	Кішкентай Дәулет базар қайдасың деп ұшып келеді. Мақсаты соңғы сәтке болса да үлгеру. Ал көңілінде кезектескен бір үміт, бір күдік. Үміті – жанқалтасындағы отыз теңге. Ал күдігі – қажетті ақша толық емес, тек жартысынан әрең асады. Күте тұру керек еді, бірақ оған тағаты жетпеді. Өйткені ертең – жарыс. Әрі оған қатысам деп уәде беріп қойған. Одан қалу – жұртта қалу деген сөз. Өліммен бірдей. Соны ойлап, не де болса барып көрейін деп күннің кеш кіргеніне қарамай зытып келеді. Шамалауынша, базар енді-енді жабылуға тиіс. Міне, екі аяғы жерге тимей ұшып келеді. Жүрегінде ептеген қобалжу бар. Бірақ, соған қаратпай, өзі де білмейтін әлдене дедектетіп жетектеп келеді. Тез жетпесе, керекті затын біреу келіп алып кететіндей.

1-кесте: Қаламгер Серік Нұғыманның шығармаларындағы үзінділерді салыстыру

Жазушы Серік Нұғыман шығармаларын оқып отырып, еріксіз санамызға Жан Поль Сартрдың, Кафканың өмірден әділет іздемейтін(себебі оны іздеп шаршаған), әлемнің бәрі күнгірт, бақыттылық деген түсінік толығымен бұл өмірде жойылған деп санайтын кейіпкерлері ойға оралады. Ең қызығы, оларды байланыстырып тұрған түсінік – өлім. Бұл авторлардағы ортақ шешім. Кейіпкер динамикасы солай аяқталады. Бәлкім автордың шығарманы жазудағы толғанысы, жазудағы аласапыран жай-күйінің «нүктесін» солай қоюға тырысты[4]. Бұл оқырман санасын одан кейін не болады деп шаршатпай-ақ, бірден шешімін беруге деген автордың жауапкершілік жүгі шығар. Әдебиетте жиі кездесіп отыратын мотивтер бар. Бұл шығармаларда кездесетін ортақ мотив – оқырманның өзгелерден бөлек ойлауы, аласұруы, адамзаттың санасын, іс-әрекетін құп алмауы, т.т соңында өзіне қол жұмсауы. Мифтік әрі психологиялық кеңістікпен астарласып жататын - түс көру мотиві де үш шығармада қайталанатын[5].

Қорытынды. Көркем әдебиет тілі туралы сөз қозғағанда көркемсөзде синоним болмайтынын да айта кеткен жөн. Мағынасы ұқсас сөздердің сөйлемде өз орны, салмағы, соған сай беретін әсері болады. Білдіретін мәні сәйкес, барынша жақын келетініне қарамай, бірінің орнын бірі баса алмайды. Мысалы, жақсы, көрім, тәуір деген сөздер көркем әдебиетте синоним емес. Қолданған тілінен, сол арқылы жасаған айшықты суретінен ең әуелі жазушының өзі ләззат алуы қажет. Сөз, сөйлемдердің шырын әсеріне бөленуі керек. Сонда ол

басқаларға да әсерлі болды. Тұңғығына тарта алады. Мысалы, арғы алыптарды айтпағанда, бергі Кекілбаев, Мағауиндердің тілі қандай бай! Еркін қолданады және қажетті әсеріне қол жеткізе алатындығын Серік Нұғыманов бірнеше рет атап айтқан болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.А.Ахметова. Серік Нұғыман. Қазақ әдебиетінің міндеті – қазақтың көркем бейнесін жасау. — Алматы, 2023.
— https://adebiportal.kz/kz/news/view/serik-nugyman-qazaq-adebietinin-mindeti-qazaqtyn-korkem-beinesin-zasau_25058
- 2.Гинзбург Л. О лирике / Л. Гинзбург. — Л.: Сов. писатель, 1974. — 409 с.
- 3.Жарылғапов Ж. XX ғасыр соңындағы қазақ прозасындағы идеялық-эстетикалық мәселелері/ Ж. Жарылғапов. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. — 176 б.
- 4.Эльсберг Я. Актуальные проблемы социалистического реализма / Я. Эльсберг. — М.: Сов. писатель, 1969.
- 5.Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау / Б. Майтанов. — Алматы: Санат, 1996. — 336 б.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Амангельдин Е.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

2-курс магистранты

Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Мағжан. Уақыт. Кеңістік. Бір қарасақ, бұл үш ұғым бір-бірімен мүлдем байланысы жоқ, мүлдем жанаспайтын секілді. Бірақ, бұл үш ұғымның қиылысатын нүктесі бар және бұл нүкте – Мағжан Жұмабаевтың туындылары.

Мәселен, оқырмандар соғыс туралы шығарманы оқығанда, сол соғыс майданында жүріп жатқандай, шығармадағы кейіпкердің орнында болып сезіну үшін арнайы уақыт және кеңістікті елестетеді. Яғни, уақыт пен кеңістік оқырманның шығарманы толыққанды түсінуге өзінің елеулі үлесін қосады. Ал, егер оқырман уақыт пен кеңістік туралы білмеген жағдайда оқырман шығарманың нақты уақытын немесе кеңістігін таба алмай, шығарманы дұрыс түсінбеуі әбден мүмкін. Себебі, бұл санаттағы оқырман нақты уақыт пен кеңістікті елестету артықшылығынан айрылады. Осы себептен оқырманның шығармаға деген қызығушылығы кемитіні рас.

Мәселен, оқырмандар белгілі бір роман, повесть, жыр, поэма, детектив немесе тағы да басқа жанрдағы шығармаларды оқыған кезде бір қызықты нәрсені байқайды. Нақтырақ айтсақ, уақыттың шоғырлануын және кеңістіктің бұрмалануын байқай алады. Шығармада негізгі кейіпкердің оқиғасы белгілі бір жерден басталып, белгілі бір жерде аяқталады. Шығармада кейіпкердің өмірі басталған жерден, бір мезетте оның өсуіне дейін жете аласыз. Қысқасы, әдеби шығармада уақыт түзу сызықтың бойымен өтпейді. Мінеки, бұл уақыт пен кеңістік мәселесінің анық көрінісі.

Қазіргі заманда біз уақыт пен кеңістік ұғымдарын бір-бірімен қарастыра алмаймыз. Себебі, кеңістік уақытсыз, ал уақыт кеңістіксіз өмір сүре алмайды деген ұғым біз үшін бұрыннан бері қалыптасып жатыр. Мәселен, көрнекті ағылшын жазушысы – Вирджиния Вулф: «Кеңістік міндетті түрде уақытпен байланысты. Екеуі де, біздің кейіпкерлеріміз өмір сүретін кенеп ретінде қызмет етеді», - деп айтады [1,1].

Ал Италия ғалымы, жазушысы бұл туралы: «Уақыт бізді өзгертеді, кеңістік бізбен бірге өзгереді, сондықтан біз оның бөлінбейтіндігін көреміз», - дейді Марсель Пруст [2].

Уақыт пен кеңістік ұғымы қалай қалыптасты? Жалпы бұл мәселеге адамдар ерте, көне ғасырдардан бері көңіл бөлген. Бірақ бұл ұғымның нақты қалыптасуы 19- 20ғасырлар аралығына сәйкес келеді. Бұл мәселе туралы бүкіл әлемдегі ғалымдарының бір тобы бұл екі категория бір-бірімен байланысты болса да, екі категория болып қалуы тиіс, ал біреулері бұл екі ұғым біріктірілуі қажет деп бір-бірімен мүлдем қарама-қарсы пікір білдірген. Бұл дауға М. Бахтин үлкен нүкте қойды. Нәтижесінде екі категория біріктіріліп, жаңа категория пайда болды. Және оған берілген атау – хронотоп. Сөзіміз дәлелді болу үшін М. Бахтиннің хронотоп ұғымы туралы анықтамасын келтірейік: «Әдеби көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз - уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланады, тығыздалады, сығылысады. Сөйтіп, көркемдігімен көзге түседі. Ал кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың сюжеттің, уақыттың бағытына бағындырылады», - деп айтады [3,12].

Негізгі бөлім. Хронотоптың 3 түрі болады. Олар: Реалды уақыт пен кеңістік, Перцептуальды уақыт пен кеңістік, Концептуальды уақыт пен кеңістік. Енді осыларға арнайы тоқталғанды жөн көріп отырмыз. Мәселен, Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын мысалға алсақ, бұл реалды уақыт пен кеңістік – белгілі бір уақыт не кеңістік берілген хронотоптың бір түрі [4,15].

Енді, реалды хронотоппен жақсырақ, толығырақ танысу үшін поэмадан үзінді мысалдарға тоқталсақ:

Қиын күн туған алаш баласына,
Шұбырып жапанның сар даласында,
Кез болған, жаудан үркіп, «Ақтабанға»,
Дұшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып, түскен барып
Екі оттың – орыс, қытай арасына.
Күндерде сонау қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.
Алыстанорыс, қытай – ауырсалмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағыжау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап [5,1].

Бұл үзіндіден белгілі анық екі нәрсе бар. Ол нақты уақыты - «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңі. Яғни, бұл үзінді Жоңғарлар шапқыншылығы уақыты. Екіншіден, кеңістік. Бұл үзіндідегі сюжеттің болып жатқан жері – соғыс майданы. Сонымен, уақыт мәселесі – 17-18ғасыр болса, кеңістік мәселесі – соғыс майданы. Екеуі қосылып, хронотоп пайда болды. Ал енді «уақыт кеңістіксіз, ал кеңістік уақытсыз өмір сүре алмайды» деген тұжырымды дәлелдеуге болады. Мәселен, егер уақыт мәселесін алып тастасақ, онда тек соғыс майданы қалады. Яғни, бізге белгісіз қандай соғыс, қай жылғы соғыс. Ал егер кеңістік мәселесін алып тастасақ, онда уақыт қалып, үзінді қайда болып жатқаны белгісіз болып қалады. Осыдан хронотоп мәселесі өзекті мәселелердің бірі екеніне көзіміз жетті. Мәселен:

Арқада бір өзенді дер Обаған,
Сол жерде азғана Уақ қоныс қылған.
Уақтың ерте күнде өжет-қайсар
Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған.
Сол ері ерте күннің – Ер Көкшенің
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған.
Баянның ер ағасы батыр Сары,
Қос қыран тізе қосып жауын қуған.

Айналып оны айт, мұны айт, Баянды айт,

Ер Баян алашының бетін жуған [5,2].

Бізге алдағы оқиғадан кейін, бір мезетте Обаған атты өзенге жеткізді. Біз қиын соғыс кездерінен, соғыс майданнан, тыныш көлге жеттік. Үзіндіде нақты берілген кеңістігі бар, бұл – Обаған көлі.

Хронотоптың екінші түрі – перцептуалды хронотоп. Перцептуалды хронотоп немесе уақыт пен кеңістік-белгілі бір уақыт және кеңістік берілмеген жағдайда символикалық сөздер арқылы уақытты және кеңістікті елестету қабілеті арқылы өздігінен құру [3].

Хронотоптың бұл түрін нақтырақ түсіндіру үшін, ұлы ақынның «Батыр Баян» поэмасынан үзінді келтірсек:

Балталы, екпінді оттан Оразымбет,
Сырғалы, шапшаң оқтан ер Елшібек,
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін
Тәкаппар Қошқар ұлы ер Жәнібек,
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған
Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек,
Майданда от шашқандай оқ шашатын
Сырттаны Бәсентиін ер Сырымбет –
Осындай өңшең көкжал жиылысты
Күңіреніп жолбарыстай: «Жау қайда?» – деп.
Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр,
Айтатын өрлеп барып аспанға сыр.
Бұқар мен Тәтіғара жырлағанда,
Толқынды тұңғиық боп төгілер жыр.
Осылай думанменен күндер өтіп,
Батырлар ерікті енді жатқанға құр.
Аттан деп әлі айтпаған Абылайға
Көкжалдар дей бастады: «Жүр енді, жүр!»
Алайда Абылайдан сөз болмады,
Сондықтан бұғып, бықсып туды күбір [5,4].

Бұл үзінді Оразымбет, Елшібек, Жәнібек, т.б кейіпкерлердің сипатталуымен басталады. Осы үзіндіні кез-келген адам оқығанда жоғарыда айтылған кейіпкерлерді елестетеді. Бірақ оларды елестетіп, белгілі бір кеңістікті міндетті түрде ойында құрады. Бірақ автор бұл жақта, қай жақта оқиға болып жатқанын нақты айтқан жоқ. Біз бәрібір белгілі бір кеңістікті елестеттік. Автор эпитет, метафора т.б көркемдегіш құралдар арқылы кеңістіктің қандай екенін қысқаша ғана сипаттап берді. Сонымен қатар, үзіндіні оқығанда бір қызықты сөйлемдерді кездестірдік. Мәселен, «Осылай думанменен күндер өтіп». Бұл жақта ең басты назарын аударатын сөз тіркес – «күндер өтіп». Тағы да уақыт мәселесіне оралсақ, автор бірінші оқиғадан, екінші оқиғаны қалай жеткізді? Әрине, уақыт пен кеңістік мәселесі, тәсілі арқылы жеткізгенін көруге болады.

Енді уақыт пен кеңістік «болмаған» жағдайды қарастыратын болсақ, яғни, егер үзіндіде уақыт және кеңістік жасырын түрде берілгенін анықтауға болады. Мәселен,

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
Сұм өмір күшті уын аядыма? [5,5].

Бұл үзіндіде автордың монологін байқаймыз. Бұл үзіндіде ешқандай қозғалыс, ешқандай уақыт ағымы көрсетіліп жатқан жоқ. Бұл жағдайда бір қызықты мәселе туындайды. Үзіндіде уақыт пен кеңістік мәселесі бар ма? Көбісі, жоқ деп айтуы мүмкін. Тіпті автор өзі бұл тәсілді қолданбаған секілді. Бірақ, автор хронотоп мәселесін қолданбаса да, уақыт пен кеңістік мәселесі бәрібір өзі пайда болды. Біз бұл үзіндіні оқығанда, айтарлықтай не сезіндік? Әрине, елестеттік. Яғни, бұл жерде Мағжанның монологы болғанымен, біз бірден Мағжан Жұмабаевтың бейнесін елестеттік. Сонымен қатар, автордың «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деген жолдарын оқығанда, бірден түрме кеңістігі алдымызда шыға келеді. Мінеки, бұл уақыт пен кеңістіктің тағы бір ерекшелігі.

Уақыт пен кеңістіктің соңғы түрі – концептуалды уақыт пен кеңістік. Концептуалды уақыт пен кеңістік - белгілі бір уақыт және кеңістік берілмесе, символикалық сөздер арқылы шығарманың ерекше атмосферасын құру [3].

Концептуалды уақыт пен кеңістікпен жақсырақ танысу мақсатында Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын алып отырмыз. Мәселен,

Қиын күн туған алаш баласына,
Шұбырып жапанның сар даласында,
Кез болған, жаудан үркіп, «Ақтабанға»,
Дұшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып, түскен барып
Екі оттың – орыс, қытай арасына.
Күндерде сонау қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.
Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алашенді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың біріншауып, бірін арбап [5,6].

Бұл үзіндіден автор тарихта жаман атымен белгілі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңін белгілеп, бір жамандықтың атмосферасын құрды. Яғни, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңін естісек, бізге бірден соғыс кезеңі есімізге түседі. Мінеки, бұл концептуалды хронотоптың анық көрінісі. Яғни, автор белгілі бір символикалық сөздерді, фразеологизмдерді қолданып, шығарманың ерекше атмосферасын құра алды.

Оған қоса, хронотоптың бұл түрін түсіндіру үшін автордың «Күз» өлеңінен үзінді келтірсек:

Бұрқырап қара дауыл соғып тұрған,
Көкорай түсі қашып солып тұрған.
Шыдамай қатты ызғарлы жел өтіне,
Бүрісіп ағаш, шөптер тоңып тұрған.
Көрік жоқ ойда-қырда шығып жүрсең,
Естілмес құс, құрт даусы құлақ түрсең.
Қақтанған, жамыла түсіп, от маздатып,
Көресің кемпір-шалды үйге кірсең [6,1].

Автор желді, жапырақтарды, ауа-райды ерекше сипаттап, осы символикалық сөздер арқылы күздің ерекше атмосферасын құрды. Мәселен, «Бұрқырап қара дауыл соғып тұрған, Көкорай түсі қашып солып тұрған». деген жолдарда автор желді сипаттайды. Ал «Бүрісіп ағаш, шөптер тоңып тұрған» деген жолдарда автор ауа-райының суықтығын көрсетіп, күздің атмосферасын құрды.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Мағжан Жұмабаев шығармалары арқылы уақыт пен кеңістіктің түрлері анықталып, сараланды. Әдебиет саласындағы «хронотоп» ұғымымен

қазіргі өскелең ұрпақтың қаншалықты таныс екендігін анықтауға күш салынды. Сонымен қатар, хронотоптың негізгі үш түрін дәлелдеу үшін Мағжан Жұмабаев шығармаларын мысалға ала отырып, әр түрге жеке тоқталып, оның мәні мен маңызын ашуға жан-жақты талдаулар жасалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Kirsty Hawthorn // «Time and Space in Mrs Dalloway by Virginia Woolf» // wordpress.com
2. Марсель Пруст // «Цитаты про время и пространство» // www.azquotes.com
3. Темирболат А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. Монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 504 с
4. Асқаров Ә., Елеукенов Ш., Қасқабасов С., Раушанов Е. Мағжан Жұмабаев. – Алматы: Жазушы 2005
5. Жұмабаев М. Шығармалары. 1 том. – Алматы, 1995
6. Жұмабаев М. Шығармалары. 2 том. – Алматы, 1995

«КІШКЕНТАЙ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ КІШКЕНТАЙ ҚОҒАМ

Жолдасқалиқызы Ә.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 2-курс магистранты
Қазақстан, Алматы*

Кіріспе. Жүмекен Нәжімеденовтің «Ақ шағыл» романының жалғасы есепті саналатын «Кішкентай» романы құдіретті өнер жайын, соғыстан кейінгі ауыл өмірін қамтыған. Екі романның кейіпкерлері ортақ, алайда көтерген мәселесі мен айтар шындығы екі түрлі. «Ақ шағылда» жасырылған құпияның беті «Кішкентайда» ашылады, дәуірдің шын бет-бейнесі кішкентай адамдардың тағдыры арқылы суреттеледі.

Кішкентай адам – ХІХ ғасырдың 20-30 жылдары орыс жазушыларының реалистік туындыларында кездесе бастаған әдеби тип. Аталмыш термин алғаш рет 1840 жылы әдебиет сыншысы Виссарион Белинскийдің «Горе от ума» мақаласында қолданылды. Орыстың бірегей жазушылары кішкентайлардың бейнесін шығармаларында кедей таптың өкілі, айрықша дарыны жоқ, өз өмірін өзгертуге құлшынысы аз адам ретінде бейнеледі. Пушкиннің де, Гогольдің де шығармаларындағы авторлық позиция оқырмандарына жазушы туғызған романтикалық геройлардан бөлек кішкентай образдарды да қолдауға, олардың тағдырына уайымдауға болатынын түсіндірді. Осылайша уақыт өте келе «кішкентай адам» ұғымы дамып, психологиялық тұрғыдан жетіліп, жаңаша сипат ала бастады. Ф.ғ.д., профессор Айгүл Үсен «Әдебиеттегі «кішкентай адамдар» мақаласында Б.Майлин мен А.Чеховтың әңгімелеріндегі кішкентай адамдар тағдырын өзара салыстыра кеп мынадай пікір қорытады: «...кішкентай адамдар болмысының терең ашылуы, шынайы суреттелуі қоғамды сол адамдардың ойы мен сезімі, түйсігі арқылы қабылдаудың бар сырын түсінуге мүмкіндік береді» [1]. Зерттеуші пікірінің негізіне сүйене отырып, кішкентайлардан құралған қоғамның жалпы сұлбасын құрастыра аламыз. Бірі материалдық статусын атақ-даңққа бөлену арқылы өзгертуге талпынса, бірі өзінен шені үлкен адамның алдында торығу, қорқу секілді сезімдерді бастан кешеді. Мұның бәрі сол кезеңге тән тоталитарлық жүйенің салдары екені белгілі. Қайсыбірі шығармада әлеуметтің сынына ұшыраудан сескеніп, ойы мен іс-әрекетін бағамдап, байқап жүрсе, енді бірі өмірдегі келеңсіздіктер нәтижесінде өз-өзіне қол жұмсайды. Ж.Нәжімеденовтің романындағы аса түйткілді мәселелер де осы кішкентай қоғамның тауқыметіне құралған. Роман жарық көре салысымен сол заманда сыншы Марал Сқақбаев романдағы кішкентай адамдардың образдары көп болуына қатысты мынадай пікір жазған болатын: «Жүмекеннің бұл романда қозғайтын мәселелері – негізінен моральдік проблемалар. Моральдің түпкі мақсаты – тәлім-тәрбие ғой. Ал адамгершілікке, ерлікке, алғырлыққа,

инабаттылыққа, елін, Отанын сүюге баулу ісі – тек мінсіз кейіпкерлерді көлденең тарту жолымен ғана емес, жат мінезден жирендіру арқылы да жүзеге асатыны талас туғызбас. Жақсыны қолдаумен бірге, жаманды теріске шығару да тәрбиенің бір түрі» [2, 3].

Негізгі бөлім. Шығарманың сюжеттік желісі Құдай сұлулық, өнер, мінезді бір бойына үйіп-төгіп берген Талжібектің тағдырының айналасында өрбиді. Роман сүйгеніне қосыла алмай, ауданда беделді қызметі бар жігітке ұзатылып кеткен қыздың оқиғасымен басталады. Талжібек Қабенді шын сүйеді, алайда Қарашаштың өзіне беймәлім бойындағы түсініксіз сезімі қызын сүйгеніне қосуға мұрша бермейді. Тек Қарашаш емес Қабеннің анасы мен жеңгесі де ұлының Талжібектей қолына домбыра ұстаған сұлуды алғанына қарсы. Екі жастың лиро-эпостық жырлардағыдай махаббат үшін күреспегендеріне жақын жандарының ризалығын алмауы, елдің алып-қашпа өсегі себеп болды. Жазушы осы арқылы сол кезеңдегі құм елінің психологиясын ашып көрсетеді. Қарашаштың қарсылығы ақыр түбі орны толмас өкінішке әкеп соғады. Мұны романдағы Әжімгерей мен Қарашаштың диалогынан аңғарамыз: «Манадан бері Әжімгерей қарт та осынау қара жон, қайратты әйелдің көріне көзге кішірейіп, шөгіп бара жатқанын сезіп, бағып отырған.

– Саған не болған, шырағым-ау, қой әрі, таста мұныңды!

– Өншейін ғой, Әжеке, кісі шыдамайды екен. Обалына қалдым ба, қайттым!». [3, 12]. Бұл – кішкентай адамдар тағдыры. Бақытты болу үшін тырыспайтын, тағдырдың салғанына көндігетін, қателікке бой алдырып шешімін таппай күйзеліске түсіретін надандық, кішкентайлық. Өнері арқылы жұртқа танылған Талжібекке қатысты ел арасында өсек кеңінен тарады. Күллі құм елі үшін бұл әртіс келін, әртіс қатын. Жаны тым нәзік, сезімтал ғұмырдың иесі өнері мен өмірінен үйлесім таппай жапа шегеді. Күйеуінің бойынан бұрын көрмеген кемшіліктерін анық байқай бастаған Талжібек уақыт өте келе оны мүлдем жек көріп кетеді. Қиындықта қолдау күткен жары Жанбота өзгелермен қосылып мұны «бұзылған қатын!» деп айыптай бастайды. Талжібек кәдімгі қазақ ауылдарының келіндеріне ұқсамайтын, өзгеше, дара өнер иесі. Алайда кішкентайлардан құралған қоғам оны өз қатарына қосуға тырысты. Өртістігін бетіне басып, сыртынан өсек тасып күн бермеді. Күңкіл сөзден жүйкесі сыр бере бастаған әйелдің жанында Сәукеле секілді өсекшінің табыла кеткені жараның бетіне тұз сепкендей әсер етті. Өнерден тапқан ғашығы Саттардың мұның сыртынан таратқан өтірік әңгімесін естуі, ер адамға жараспайтын дарақылық мінезге түсінбеуі, елдің төмен деңгейлі түсінігі... бәрі-бәрі Талжібектің өз-өзіне қол жұмсауына сеп болды. Қаламгер әйелдің сол сәттегі жан күйзелісін шығарма соңында толықтай ашып бейнелейді: «Әлдеқайда, артта движок діңкілдейді. Сол движок-мәжордың зіркілімен аралас еміс-еміс ерінің үні құлағына оралады. «Бұзылған қатын!» «Жәләп!». Мотор – осының аккомпонементі іспеттес. Екеуінің де үні жұлынып, тепсініп естіледі. Мана бұл репитицияға кетіп бара жатқанда қамыс сояуын балдақ қып таянып, мылтық қып кезеніп жүрген бір топ қара борбай бала саусақтарын шошайтысып, шулап қоя берді: «Бұзылған қатын!», «Жәләп!», «Жәләп!». Онда пәлендей ауырламап еді, қазір көкірегі қысылып, екі тізесі қалтырап кетті. Өз үйінен өзі безген талай кездері болған, бүгін қорықты, шынымен қорықты. Аттап, кіре бергенде еңгезердей бір тұлға, тұлға да емес, қап-қара бір көлеңке ғайыптан шыға кеп, қылша-мойнын кесіп тастайтын секілденді. Қараңғы түн де болса, беті ашық жерде – далада тұра тұрғысы келді. Біреу ұмтылып келе жатса - көреді ғой! Апормит, апормит! Бірақ осы бір сөз аялдатпайды, дедектетіп жетелеп барады. Неткен құдірет, неткен күш!»[3, 292].

Автор өмір сүрген дәуір – жоқшылық кез. «Құм елі әр кезде, шыбыннан өзгенің бәріне мұқтаж болды» деген бір сөйлем заманның ауыртпалығын дөп басып бейнелеп тұр [3, 84]. Бұған шығармадағы Сағиттің Әжімгерейдің үйіне өтірік оқиға құрастырып кіріп келгені дәлел. Сағитқа Әжімгерейдің майдандағы ұлының өлі-тірісі маңызды емес, оны осы үйге желіктіріп әкелген сүр еттің иісі. Сағиттің Садықжанды көргені туралы әңгіменің тек дастарқан жайыларда айтылуы, өтірікшінің кеткеннен кейінгі ет шоландағы еттің азайып қалуы секілді көріністер соғыстан кейінгі кезеңдегі жоқшылықтың зардабын білдіреді. Үйдегі ақылды қарт Әжімгерей қонағының жеткізген хабары өтірік екенін сезді, тек өздерін есі дұрыс адамның алдамағанына өкінді. 1946 жылдардан кейінгі кезең халық жоғын түгендеген, майданның төрт

жыл бойы алғанын енді байқаған шағы болатын. Осы кезде кейбір «пысықтар» қарынның қамы үшін түрлі айла-амалды ойлап тапты. Солардың бірі Сағит болатын.

«Кішкентайда» мағынасыз тірлігімен көзге түсетін кейіпкердің бірі – Қали. Романдағы елді дүрліктірген бандының артын қуалап өзі секілді бірді-екілі жолдасымен жолға шығады. Қалидің милициялық қызметі жұртты қорғауға емес қорқытуға арналғандай. Қай үйге түссе де үлкен-кішісіне қарамай әкірендеп өктем сөйлейді. Жарытып жасап жатқан ісі де, бандыны ұстау жолында құрған анық жоспары да жоқ. Қыр халқының үйін аралап, ас ішкенге мәз. Шығармада Қалидің портретін: «Қалекеннің ептеген ескі оқуын айтпағанда, есейіңкіреп алған екі кластық білімі бар. Өз айтуынша, милиция қатарында қызмет атқарғанына жиырма бес жылдан асыпты. Осы күнге шейін аузында «бай», «кулак» сықылды мағынасы әлдеқашан ескірген сөздер жүреді. Қылмысты адамды: қашқын-пысқын, ұры-қарыны ата жауы санайды» деп береді [3, 37]. Қали мен оның жолдастары ел арасында болып жатқан істің байыбына бармайды, мән-жайын терең зерттемейді. Әр үйді тінтіп тамақ жесе болғаны. Олардың бәрі орталықтың қатаң тәртібіне көнген, кеңес үкіметіне жан-тәнімен берілген азаматтар. Жігіттердің Жағыпардың үйіне түсіп, қарттың пайғамбарға қатысты әңгімесін соңына дейін тыңдамай тұрып кетуі де осыны аңғартады. Үлкенге сыйластығын жоғалтқан, дінге қарсылық туып, құдайсыз қоғамның дені өршіп бара жатқан шақ. Халық санасы әлі де ескіліктің шырмауынан шықпағанымен, жасаған істері, айтқан сөздері «жаңаша». Бұл социализм орнатқан қоғамның көрінісі еді. Колхоздың «Жаңа өмір» аталуы да сондықтан. Бұл образды толықтыра түсетін тағы екі кейіпкер болса, олар – Бекең мен Сағынай. Темірәліден соң ауданға басшылық қызметке келген Ықыласов нағыз жағымпаз, надан адам. Надандығы көзге көрініп тұрған ақымақтығы емес, керісінше жұртқа білінбейтін, ішкі есебі түгел сұмдығынан. Темірәлі сынды елдің ертеңіне алаңдамайды, ол үшін жоғары жаққа аудан есебі түгел берілсе болды. Өтірік цифр жазады, халыққа өтірік баяндама жүргізеді, өмірі тұтас өтірікке құралған. Айтқан әңгімесі түсінікті болмастың әрекетін жасап бағады. Өйткені оның ұғымында түсінікті әңгіме өзі үшін қауіпті. Халық айтылған әңгімені түсініп қойса қорқынышты. Сол үшін де өзі оқыған газеттің арасынан түсініксіз терминдерді іздеп әуре, тапқандарын баяндамасына қатысы болса да, болмаса да қыстырып әуре. Социализмнің идеологиясын мүлтіксіз жүзеге асырушылар да осы Ықыласов Бекең сияқты надандар болды. Ал олардың жанында айтқанын екі етпейтін Сағынайлар жүретіні рас. Сағынай қулығымен Темірәліні орнынан алдырып тастағанымен оның қолына басшылық қызмет тиген жоқ. Басында Сағынайдың сеніміне кіргенше Бекең жалпақтаса, дегеніне жеткен соң Бекең Сағынай жалпақтады. Осылайша біреудің қолына су бүркумен, өтірік жылпостықпен Сағынайдың өмірі өтіп жатты. Құм арасында Ықыласовты өсектесе іштей мәз боп қалады, алайда Сағынайжан қуанышын сыртқа көрсетпейтін аса сақ адам. Бекең астындағы атын алып алса да «Өзі Темірәлі мен менен гөрі сізге жарасады екен!» – деп бастығының мейірімін күткен [3, 208]. Алайда «Ақ шағылда» қулығын асырған Сағынай «Кішкентайда» арамдығы өзінен асқан Ықыласовты дегеніне көндіруге мұршасы жетпейді. Романда оның образы: «Қыр топырағына бірде-бір бомба құламады. Не қашанғы манаураған ұлы тыныштығын бұза, шыңғырып ұшқан жалғыз оқ жоқ. Бірақ, сол соғыс жасаған рухани мүгедектер де аз емес-ті. Соның бірі – Сағынай» деген жолдар арқылы ашыла түседі [3, 210]. Ж.Нәжімеденов өзі бала жастан қанық болған құм тіршілігін осындай кішкентай кейіпкерлердің тірліктері арқылы барынша шынайы әңгімеледі.

«Ақ шағыл» шығармасында аңқаулығымен оқырманның есінде жақсы сақталып қалған кейіпкеріміз Сейсіметтің «Кішкентайда» мінезі өзгерген, көңіл күйі бұзылған. Бұған құм елінің жары Мәруаға қатысты таратқан өсегі себеп болды. Қаламгер-журналист Мереке Құлкенов романға қатысты жазған мақаласында Сейсіметке қатысты: «Кішкентай» романындағы оқырманын бей-жай қалдырмайтын трагокомедиялық тұлға – Сейсімет сақау. Бір қарағанда «көйлегімен туғандай» көрінетін Сейсіметтің соғыстан денесіне бірде-бір сызат түспей аман-есен оралғаннан кейінгі өмірі отбасылық трагедияға толы. Табиғатынан ақкөңіл, аңқылдақ жігіттің өзінің отбасын сақтап қалуға шамасы жетпейді» – деп пікір білдіреді [4, 429]. Расында Сейсіметтің жарымен арасындағы мәселені шешуге ақылы таяз. Ғұмар жездесінің бір сөзі намысына тиіп Мәруаны талақ қылды. Бірақ бұл ісінен өзі де, Мәруа да

бақытты болған жоқ. Қос тағдырдың ақыры Сейсіметтің жалғыз қалып, Мәруаның балаларына әке болып жарытпайтын даңғой біреуге ұзатылуымен аяқталды.

Зерттеуші-ғалым Ғ.Есімнің «Жалғыздық философиясы» мақаласының «Кішкентай» романын талдаған бөлігінде шығарма атауының неліктен «Кішкентай» аталғанына өзгеше түйін жасайды: «Кішкентайлық мәңгілік тақырып. Кішкентай адам, кішкентай қоғам, кішкентай сезім болмақ. Зұлымдық, надандық, жалғыздық кішкентайлар қолымен жасалады. Ер Махамбеттің басын кесіп алғандар кішкентайлар. «Халық жауы» деп абзал, ардақты азаматтарды азаптаған, жазалаған кішкентайлар. Кішкентайлар қай заманда, қоғамда болмасын табыла кетеді. Олар тек өздеріне сұранысты күтіп, аңсап жүреді. Заманы туса, ақырзаман орнатады. Кішкентай адам өмірге өз өлшемімен енеді. Оны білім, ғылым, тәжірибе өзгерте алмайды. Жүмекен тілімен айтсақ «наны жүріп тұрса», ол әкім де, министр де одан биік лауазымдарға қолы жетеді. Бірақ қай жерде отырмасын айнала төңірегін «кішкентай әлемі» етіп ұстайды. Қасына да кішкентайлар қаптайды. Жазушы осындай мәңгілік проблеманың шет жағасын айта бастаған. Кешегі социализм кішкентайлар қоғамы» [5, 170].

Қорытынды. Жазушының «Кішкентай» романы қазақ әдебиеті үшін тың жаңалық, тосын оқиға. Кішкентайлардың мінез-құлқын, іс-әрекетін, айналасына әсерін баяндай отырып автор кейіпкерлерін жан-жақты аша білді. Мұндайларға нағыз адами ірілік мінездің ешқашан жұқпайтынын баяндай отырып оқырмандарын кішкентайлар болмысынан түңілдірді. Ең бастысы өзі ғұмыр кешкен заманның бейнесін боямасыз ашық суреттеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Үсен А. Әдебиеттегі «кішкентай адамдар». [http:// adebiportal.kz](http://adebiportal.kz)
2. Сқақбаев М. Шығарма шырайы – шындық («Кішкентай» романы туралы) // Қазақ әдебиеті. – 1976. – 26 наурыз.
3. Нәжімеденов Ж. Кішкентай: роман / Жүмекен Нәжімеденов. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2015. – 448 б.
4. Құлкенов М. «Кішкентай» – астары мол шығарма. Кіт.: Нәжімеденов Ж. Кішкентай: роман / Жүмекен Нәжімеденов. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2015. – 448 б.
5. Есім Ғ. Жалғыздық философиясы / Ғ.Есім // Таң-Шолпан. – 2015. – №4. – 152-190 б.

ОБРАЗ ДРАКОНА В МИРОВОЙ МИФОЛОГИИ

Жұбатқан Мариям

КазНУ имени Аль-Фараби

Казахстан, Алматы

Аннотация. Драконы это не просто какой-то мифические звери, это маркер целых эпох и поколений. Драконами пугают и на них зарабатывают, им посвящают книги, фильмы, сериалы. И самое парадоксальное даже спустя тысячелетия интерес к этим существам не угасает, несмотря на технический прогресс и смену эпох. Возможно не такие уж они и вымышленные. В этой статье мы разберемся откуда вообще взялись драконы, как их воспринимают в разных культурах, зачем драконом понадобились принцессы и сокровища и что эволюция драконов говорит о нас самих.

Введение. Судя по находкам археологов драконы сильно старше любых монотеистических богов. Подобные существа встречались в мифологиях возрастом под несколько тысяч лет, самое удивительное, что это происходило в совершенно разных частях света, которые между собой не взаимодействовали, от Месопотамии и Египта, до Китая и межамериканских цивилизаций. Если так подумать случаи уникальные, совершенно автономные цивилизации независимые друг от друга придумали образ летающей ящерицы, которая плюётся пламенем. Как такое возможно? Есть версия, что миф о драконах возник на костях динозавров и других вымерших животных. Как раз на территории современного Китая где дракон стал особо популярен эти ящеры и жили. А древние греки вполне могли наткнуться

на останки самотерия [1]. Это вымерший вид жирафа, который раньше жил средиземноморском регионе. Самотери очень напоминает чудовище Кёд из мифологии греков и римлян. Связка драконов и динозавров, особенно пришлась по вкусу сторонникам учения младоземельного креационизма. Очень сложновато, но если вкратце оно означает следующее: земля возникла по воле Божьей. Но всего лишь семь тысяч лет назад с драконами все еще проще, креационисты считают, что древние ящеры жили не миллион лет назад, как говорит наука, а в одно время с людьми. Поэтому образ драконов в культуре - это как доисторический полароид, прямое следствие контакта человечества с динозаврами. Но это не всё, как и в любом таком учении креационизм использует квазинаучные теории, например пламя изо рта объясняется так: древние звери выпускали из себя метан, а искра появлялась из-за трение твёрдых тканей во рту или в горле, условно как трюк зажигалкой только от матери природы. Некоторые пошли ещё дальше и предположили, что динозавры могут генерировать электричество, как скат или уголь. Под эту версию старались подогнать их особенности строения черепа якобы у них были вытянутые гребни и полости, как раз для хранения или смешивания горючих газов.

В Ветхом Завете фигурируют змеи с ядом которые будто горит при контакте с кожей. В реальности речь, скорее всего, шла об ощущении жжения после укуса. Слово ядовитый на иврите [2] в этом контексте означало пылающий или горящий, а само ощущение жжения выступала символом, испепеляющего гнева Бога. Вот и готовая метафора для огнедышащих чудищ. Альтернативная история - это конечно интересно, но, скорее всего, всё намного банальнее. Само слово дракон произошло от латинского и древнегреческого «драко» и «дракон», которым обозначали гигантских змей, причём в их основе глагол видеть, видимо являлось природной особенностью змей из-за сросшихся прозрачных век их взгляд кажется неподвижным. Считалось, что змеи могут гипнотизировать своих жертв. Если обратиться к описанию протодраконов всё становится ясно. Изначально они больше всего напоминали именно огромных змей как например Апеи из египетской мифологии или библейский Левиафан. Кроме того, в китайской и славянских мифологиях есть поверье о том, как драконы вырастают из обыкновенных змей. В зависимости от региона к образу змеи добавляли черты других животных. Если взять общий собирательный образ древнего предка дракона, мы получим гибрид из змеи, крокодила или крупной ящерицы, крупных птиц и летучих мышей и даже крупных кошек к примеру как Серуш в Вавилонской мифологии. Антропологи подметили, что дракон стал отражением наших врождённых инстинктивных страхов. Неудивительно, что мифические драконы обычно живут в заводях, пещерах, ущельях и других местах, которые таят угрозу для человека. Прошли тысячи лет, а история со страхом ни сколько не поменялась. Тех же змей по умолчанию боятся более 30 человек из ста, причём страх этот идёт с раннего детства. И даже в тех местах, где никаких ужей в саду не прячутся. Драконы взяли черты животных, которые в глазах наших предков обладали значительной силой и в зависимости от культуры - это сила раскрывалась по-разному, где-то её уважали, а в других местах боялись и пытались уничтожить. В индо-европейских и ближневосточных мифах люди с драконами дрались, это не какой-то отвлечённый сюжет, это один из ключевых архетипов. Нередко это противостояние считалось борьбой между порядком и хаосом, светом и тьмой, например в шумеро-вавилонской мифологии Бог Мардук убивает змееподобную богиню Тиамат, которая олицетворяла хаос, затем он создаёт из её тела небо и землю. Древние египтяне объясняли наступление ночи сражением между богом и солнца Ра и гигантским змеем Апеом, который хотел съесть солнце и погрузить землю вечную тьму, но Ра каждый раз выходил победителем поэтому наступал рассвет [3]. Древние славяне связывали смену времён года со столкновением между перуном и Богом Велиса, гибридом змеи и медведя. У Велисы вообще были проблемы с соблюдением права на частную собственность. Он украл у Перуна скот, жену и вообще возмнил себя равным Богу грома. После его убийства на землю проливался благодатный дождь. И так протодраконы были ключевыми врагами в войне немного не мало за вселенную и природу. Победы над ними означало преодоление света над хаосом и мраком. Ну или просто значило, что за весной придёт лето, а за летом придёт осень.

Так зарождалась драконоборчества, которая потом пышным цветом расцвело в западной культуре. Причём все эти дракономонстры были либо сами божествами, либо порождениями богов как например старый добрый Левиафан с кучей голов и огненным дыханием. Бог его породил и бог же его уничтожить должен в конце времен. Символично, что уже в Древних мифах имена змеяподобных монстров иногда переводились буквально, как препятствие преграда, борьба с ними - это обряд инициации. Ты не ты, если не победишь дракона. Вспомните четвёртую часть Гарри Поттера: где Гарри нужно было забрать волшебное яйцо дракона, чем он успешно справился. И в магической школе Хогвартс главного оппонента Гарри звали -ДракоМалфой. Сравнивать своих врагов с драконами довольно старая традиция, так абстрактные зло и тьма обретали вполне реальные черты. В иудейской мифологии и драконы и демоны, с которыми сражался Бог связывали с Египтом и лично с фараонами. Исторический контекст понятен, притеснение и насильственная ассимиляция евреев в Египте а затем их массовый выход оттуда под предводительством Манисея. С развитием христианства драконаборчества вышло на новый уровень. После богов и мифических героев, с драконами стали бороться христианские святые. Теперь это было столкновение веры с нечистой силой, добра со злом в религиозном смысле. Самым популярным стала история о Святом Георге. По легенде он спас дочь правителя одного из Ливийских городов. Её отправили на съедение драконам в качестве откупа. Тот по старой памяти поселился в озере недалеко от города и грозился отравить всё округе. Причём Георгий убил дракона не сразу, он лишь ранил его копьём. По другой версии, чтобы укоротить чудище хватило одной молитвы и опять нарратив спаринга между Богом и драконом. В любом случае Георгий потом притащил ещё живое чудище в город, и там уже добил змея. После этого изумлённые горожане массово приняли христианство. Принцесса в этой истории могла символизировать церковь, а побеждённый дракон- язычество, в широком смысле дьявола. В русской традиции сюжет называют чудом Георгия о подвиге со змеем. Святой Георгий пронзающий змеядракона стал настоящей иконой во всех смыслах. Образ оказался крайне популярным и в западном и в восточном христианстве, иконаграфика, живопись, скульптурология, чеканка монет и конечно же геральдика. Помимо герба Москвы легендарный всадник с драконом украшает символы по всему миру от Грузии до Эфиопии.

Змей-любака

«Чуть вечернею росой
Осыпается трава,
Чешет косу, моет шею
Чернобровая вдова.
И не сводит у окошка
С неба темного очей,
И летит, свиваясь в кольца,
В ярких искрах длинный змей».

Это произведение Афанасия Афанасьевича Фета, он описывал змеялюбаку или же прелестника. Это Злой дух который может принимать облик умершего или отлучённого мужа и соблазнять одиноких женщин. Внешне вылетый, протодраконы похож на светящееся огненное коромысло, он летит по воздуху и проникает в дом через печную трубу. А почему через печную трубу? Потому что это портал, который связывает земной мир с чем-то противоестественным. Только после визита в змеялюбачи женщины заболевают анорексией и сходят с ума, сразу вешаются. Ещё одно неприятное последствие этого визита рождается либо головешка, либо всё же ребенок, но обугленный с копытами вместо ступней, и глазами без век. Так в славянском фольклоре образ дракона выступал в роли распутного Демона соблазнителя -Инкуба, но в группе риска оказывались далеко не все вдовы или одинокие девы. Дракон выступал поборником морали и считалось, что если девушка стыдлива и совестлива, бережет свою честь то змей пролетит мимо. Если он всё же залетел, то могли помочь настойки из репейника и чтение псалтири. Ну как показывала практика все эти обереги были бессильны.

И тут на помощь как раз и приходили богатыри спасать девушек от драконов. Это начали ещё древнегреческие герои. Герой Персей буквально вытащил и спас от чудовища Андромеду. Бедную дочь Эфиопского царя хотели принести в жертву по воле богов. Персей сначала получил благословение её отца на брак и пошёл совершать подвиги. В японской мифологии бог ветра получает жену после победы над восьмиголовым и восьмивострым змеем чудовищем, до этого чудовище успело поглотить восемь девушек. Герой одолел катонического монстра с помощью хитрости. Он буквально споил дракона с sake восьмиразовый перегонки. Причём пили все восемь голов змеи, после этого змей крепко заснул и был легко повержен. Исследователи фольклора находят в этом сюжете про девушку и дракона отголоски древних языческих ритуалов. В первую очередь женского жертвоприношения. Причём адресатом жертвы могла выступать водная стихия, например река, что-то вроде невесты для водного божества, только вместо обручального кольца камень на ноге. Цель обряда вполне традиционна- хороший урожай. Вот и получалось логичная цепочка. По ритуалу девушек отправляли в воду в качестве жертвоприношения. По этой логике герой-спаситель, как бы нарушал волю богов и осквернял ритуал, но со временем ситуация перевернулась. Языческие ритуалы уходили в прошлое и спаситель девушки стал считаться героем. Со временем вся эта схема превратилась в обряд инициации для крутых парней, девушки играли роль ценного приза, который герой получал после испытания, как к примеру легендарный датский Рагнар«Кожанные штаны». Скандинавский герой, завоевывал руку и сердце своей второй жены. После того, как герой отрубил голову гигантскому змею, который сторожил её жилище. В одной из версии, за этот нехитрый подвиг он и получил своё прозвище. Сюжет обыгрывался и в XX веке, создатели диснеевской «Спящей красавицы» превратили главную злодейку сказки в дракона, с которым сражается принц, перед тем, как пробудить героиню своим поцелуем. Сюжет про девушку и дракона это подвид более обширного архетипа. Дева в беде. Обычно это молодая, привлекательная женщина её терзает злодей антагонист, и она ждёт не дожждётся своего спасителя, как правило потом он на ней женится.

Дракон стережёт сокровище. В раннем Средневековье драконов связывали с проклятым золотом. Герой германо-скандинавской мифологии Зикфред в одной из легенд убивает дракона и забирает его богатство. Этот образ отсылает нас к драконам, которые не давали разливаясь рекам, похищали скот и тех же женщин, то есть удерживали что-то драгоценное тут же и добавляется мотив – жадность. Причём изначально этот дракон был человеком. На почве делёжки проклятых сокровищ полученных от богов, у него возник конфликт с отцом колдуном и родным братом. Отца он убил, а брата запугал до смерти, чтобы не отдавать долю. Именно после этого он обратился в дракона с единственной целью в жизни- чахнуть над своим же богатством. Жадность его не просто сгубила, а превратила в змееподобного монстра. Обделённый брат отважно хотел забрать драгметаллы от новоиспечённого дракона. Он планировал избавиться от него тоже, чтобы не делиться. Но наш герой раскрыл его планы. И в итоге сам убил своего работодателя, такой вот неожиданный твист.

Связка драконов и золота возникает и англосаксонской мифологии, произведение под названием "Беовульф" датируется концом VII-го и началом VIII-го века. В "Беовульфе" впервые подробно раскрылся образ Европейского дракона с извержением огня и уничтожением городов. В поэме дракон обозлился на людей всего из-за одной золотой чаши, которую у него украли эти самые люди. Тут уже в придачу к жадности добавляются мелочность и мстительность.

Самый известный дракон XIX века -это Беззубик из одноимённого мультфильма «Как приручить дракона». Мальчик Викинг начинает дружить с драконом Беззубиком и понимает, что взрослые зря его им пугали, даже сам Викинг умудряется окружающих убедить в том что с драконом можно дружить. Деконструируются базовый миф, герой отказывается от обряда инициации, то есть от убийства дракона на глазах своих соплеменников. Ведь в этом нет, ничего героического. Да и драконы тоже не все плохие, есть и хорошие, как иллюзия.

Вывод. Этот образ сидит глубоко в нашем сознании. Слишком сильным был первобытный страх перед хищниками из которых выросли драконы. Изменение в образе драконов отражают эволюцию человеческого культуры. В отношении к другим похожим людям к религии, к природе. Драконы теперь не карикатурные злодеи. У них есть такие же положительные человеческие качества, теперь мы кажется можем взять драконов за лапки и уйти в закат, но не всё так радужно. Запрос на убийство драконов, всё равно остался.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Елизавета Бойко. Фантастическое морское чудовище, от которого Персей спас Андромеду [Электронды ресурс] - URL:
<https://chimeraproject.ru/ketos>
2. Русско-ивритский словарь [Электронды ресурс] - URL:
<https://avidreaders.ru/book/russko-ivritskiy-slovar.html>
3. Сказания о Ра и змее почтенном [Электронды ресурс] - URL:
https://dragons-nest.ru/dragons/mythology/egypt/ra_snake.php

МЕДЕУ СӘРСЕКЕ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТҮЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Байқонысова Г.А.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан*

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде тұлғатану саласында қарымды қалам тербеген жазушы – Медеу Сәрсекке. Тарих сахнасында есімі алтын әріппен жазылған ұлы тұлғалар – Қаныш Сәтбаев, Ермұхан Бекмаханов, Ебіней Бөкетовтің ғұмырын зерттеуге сан жылын арнап, дүниеге келген күнінен өмірден өткен сәтіне дейінгі өмір белестерін шынайы баяндайды. Туынды атаулары да шығарманың толық мазмұнын ашып тұр. «Қазақтың Қанышында» Қ.Сәтбаев тұтас ұлттық жанашыры, халық қалаулысы ретінде суреттелсе, «Ноқталанған тарихшыда» Е. Бекмахановтың ғылым жолындағы кездескен кедергілері мен сол қиындықты еңсере білген тарихшының болмысы баян етіледі, «Біртуар Бөкетовте» химия мен әдебиет сынды бір-бірінен алшақ екі саланы ұштастыра білген біртуар тұлғаның ерекше келбеті көрініс тапқан.

Үш туындыны да роман-эссе жанрында жазуы тұлға болмысын ашуда сәтті тандалған. Алдымен роман-эссе жанрының ерекшелігіне тоқталайық. Зейнолла Қобдолов «Әдебиет теориясының негіздері» еңбегінде: «Романның көлемі үлкен, мазмұны қат-қабат, сюжеті мен композициясы орасан күрделі болады», – десе [1,231], М.Бахтин «Эпос и роман» атты туындысында: «Роман – единственный становящийся жанр, поэтому он более глубоко, существенно, чутко и быстро отражает становление самой действительности. Только становящийся сам может сам понять становление», – деген пікір айтады [2, 367].

Бірақ соңғы жылдары романның жанр ретінде құлдырап бара жатқаны жайында зерттеулер көп. Мысалы, Д. Манғанелли: «Бүгінгі күні бұл жанрдың құлдырағаны соншалық, оның қайта өрлеп, гүлденуі туралы бас қатырып, сөз етудің де қажеті жоқ», – дейді [3,57]. Даулы пікір. Қалай десек те, романның жойылып кетпейтіні айқын, дегенмен бүгінде роман дәстүрлі бағыттан ауытқып, жаңа сипатқа ие болып келеді. Роман-эссе жанры – соның айқын көрінісі. Ал эссе жайында «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» мынайдай түсініктеме берілген: «Эссе жанры – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше талғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қаныңды қыздырып, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды» [4]. Дандай Ысқақұлы: «Негізінде эссе – көркем

жанр. Солай бола тұра, оның сыншылдық сипаты айқын. Әдетте әдебиеттің тарихында өзіндік орны бар үлкен қайраткерлер жайында естелік, не толғаныс түрінде жазылып, оған деген автордың субъективті пікірлері айтылады», – дейді [5,231]. Яғни роман-эссе – осы екі жанрдың біте қайнасып, бірігуінен туған жаңаша сипаттағы туынды. Аталған жанр жайлы Наргиза Смаилова өзінің докторлық диссертациясында: «Кеңес өкіметі тұсында роман-эссе туралы түсінік болған жоқ, тіпті эссе жанрының өзі де толық мойындалмай келді. XX ғасырдың басында бұл жанрдың теориялық аспектілерін зерттеу бастамасы «Айқап» журналында көрінгенімен, бірақ Кеңес әдебиетінің топырағына толық орнықпады. Орыс әдебиеті зерттеушілерінің бұл мәселеге назар салуы XIX ғасырдың аяқ шенінен басталса, қазақ әдебиетінде көркемдік жанрдың үлкен бір арнасын қалыптастырған эссеистика XX ғасырдың соңынан яғни тәуелсіздік алған жылдардан бастап қана тікелей қолға алына бастады», – деп пікір білдірген [6,4].

Негізгі бөлім. Романның бұл түрінің өзгелерінен айырмашылығы көп. Әдетте біз шығармадағы оқиғаларды тарихи шындық, көркем шындық деп бөліп қарастырамыз. Екеуінің ара-жігін ажыратып, тарихта болған нақты оқиға мен автордың қиялынан туған немесе өзгеріске түскен тұстарын саралап көрсететін тұстар көп. Ал роман-эсседе мұндай түрлендіру бола бермейді. Мұнда нақты деректер мен фактілерге сүйене отырып, оқиға қиял-қоспасыз баяндалады. Сондықтан роман-эссе жанрындағы шығармалар – тұлғатанудың көрнекі үлгілерінің бірі. «Дәстүрге сай романдарда кейіпкерлердің психологиялық мінездері, олардың іс-әрекеті мен мотивтері кең орын алады. Сюжет те, характерлер дамуы да қандай да бір постулатаның ашылуына, құпиясын табуға жоспарлы түрде жақындата түседі. Роман-эсседей трансформацияланған жанрда «демек», «айтпақшы» немесе «байланысты» сияқты әртүрлі ой-толғамдар пайда болады. Көп қырлы қасиеттері бар классикалық романда (детективті, фантастикалық, психологиялық, деректі-роман, роман-эпопея, тарихи, махаббат, діни, т.б. сияқты барлық формалардағы) бұл құбылыстар мүлдем болмауы мүмкін», – дейді Н.Смаилова [6,61].

Енді Медеу Сәрсекке роман-эсселерінің композициялық құрылымына, автордың кейіпкер характерін ашуда қолданған амал-тәсілдеріне тоқталайық, С.Қалқабаева «Әдебиеттанудың теориялық мәселелері» атты еңбегінде сюжетті композицияны үш түрге бөліп көрсетеді. Олар: хронологиялық, ретроспективті және монтаждық. М. Сәрсекенің үш шығармасы да хронологиялық композиция негізінде жазылған. «Сюжетті композицияның хронологиялық түрінде оқиғалар хронологиялық тәртіппен өмірдегідей бірінен соң бірі өтіп жатады. Мұнда оқиғалар арасында уақытша алшақтық болғанымен, оқиғаның өсу реттілігі сақталады. Бұрын болып кеткен оқиғалар кірістірілмейді», – дейді С. Қалқабаева [7,175]. Яғни мұнда оқырманның эмоциясына әсер етуге негізделген белгілі бір кезеңде болған оқиғаны жасырып, оны шығарма соңында баяндау немесе оқиға желісі үзіліп, өзге оқиғаны немесе параллель уақытта өзге кеңістіктегі жағдайды баяндау кездесе бермейді. Себебі шығарма бір ғана тұлғаның болмысын ашуға бағытталғандықтан, барлық оқиға сол бір ғана кейіпкер айналасында өрбиді, оның бәрі хронологиялық реттілікті сақтай отырып суреттелген. Шығарма арасында кейіпкер жайында естеліктер немесе хаттар кіріктірілгенімен, негізгі хронологиялық кеңістіктен ауытқи қоймайды, яғни кейіпкердің сол баяндап жатқан уақыттағы характерін ашуға негізделген. Туындының сыртқы композициясына жататын эпигроф «Ноқталанған тарихшы» және «Біртуар Бөкетов» шығармаларында әр бөлім басында берілген. Эпигрофтар Бекмаханов пен Бөкетовтың естеліктері мен шығармаларынан алынған. Е.Бекмаханов жайлы роман-эссенің «Қазір өзің тірісің, кешке жақын бармысың, Білемісің күніңнің бүгінгіден арғысын?» атты екінші бөлімінде «Не жазды Бәпіш анам, қарындасым, Қарағөз бүлдіршіндей Қамияшым? Жасмыштың жазуы сол деседі, Қалдырған қар астында ғазиз басын?!» – деген Бекмаханов дәптерінен алған үзінді берілген [8, 39]. Бұл эпигроф алда болатын кейіпкер өміріндегі қаралы жайттардан сыр шертіп, жетімдік дәмін ерте тартқан жас жеткіншектің жан түкпірінен хабар береді. Тақырып етіп алынған Саят Нова атты армян ақынының өлеңінен үзінді де осы тараудың мән-мазмұнын айқындап тұр. «Біртуар Бөкетов» туындысында: «Ардақты інім Есләмбек! Жанында жөн-жоба айтар ақылшың жоқ. Білемін.

Мұндайда адам өз қайратына сенуі керек. Әкеміз бір адамға өкпелеуді білмейтін қайырымды жан еді. Оқымағанның ақылдысы. Шешеміз Бәлтай марқұм да мейлінше ақкөңіл болды, сіңірі шығып жүріп, біреуге көмектескісі келіп, емешесі үзіліп тұратын», – деген үзінді берілген [10, 7]. Бұл тарауда Ебіней Бөкетовтің ата-баба тарихынан бастап, тарихи тізбекте ерекше із қалдырған ұлы тұлғалары, батырлары жайында да сөз қозғап, ата-анасы туралы да кеңінен баяндайды. Яғни эпигроф тараудың мазмұнына сай келіп тұр. Автор жоғарыда сөз етілген екі роман-эсседе де эпигрофтарды таңдауда қысқа қайырмай, көлемді етіп береді және тақырыптардың барлығы дерлік екі жолдан құралған үзінділер. Бұл жазушының өзіне тән стилі десек болады.

Шығармада кейіпкерінің тұлғасын, мінезін жасаудың мынадай әдістері бар: портрет, пейзаж, психологизм, мінездеу, суреттеу, кейіпкер тілі; монолог, диалог, полилог, т.б. «Қазақтың Қанышы» роман-эссесінде жас Қаныштың портретін былай суреттейді. «Қазір ол қалаша киінеді: қайырма жағалы, жез түймелері жарқыраған қара пальто, шәкірттер киетін сәнді китель; аяғында қисық табан қызыл етік; бұтында галифе шалбар, шекпелі кең көйлектің сыртынан жібек белбеу буынады; басында мақпал қара бөрік. Қатпа денесі де ширап, бойы ұзара түскен, шаш қояды. Шашы бір түрлі әдемі, толқындалып бұйраланып тұрады»[8]. Бұл автор тарапынан жасалған суреттеу. Кейде жазушы кейіпкер портретін өзге кейіпкерлердің сөзі не естелігі арқылы да көрсететін тұстары бар. «Ноқталанған тарихшы» еңбегінің алғашқы тарауында Бекмаханов болмысын бірге аңға шыққан досы Бәкірдің көзімен суреттейді. «Қынаменде ойынының қызған шағында ол осы саятқа еліктірген досына көз тастаған. Жас серігі тіршіліктің өзге әуенін тарс ұмытып, алаң үстіндегі қызыққа ынтыға қарап отыр. Құдды бір қиян беттен қылт еткен қызыл түлкіні астына басып, тояттап отырған қыран бүркіт дерсің. От шашқан қой көзі нұрлана түсіп, тас төбесінде арлы-бері ұшып, қанаттары сусылдап, түпсіз аспан астын тілгілеп жүрген, сөйтіп, өздерінше сайран салған құс базарын тамашалап, содан да жан рақатын тапқандай, айран-асыр қуанышқа елтіген әлпеттен титтей ауар емес. Бәкір досының әрнеге еліккіш екенін жақсы білетін. Бүгін көргені соның бәрінен асып түсті» [9,12]. Автор мұнда кейіпкеріне мінездеме-портрет жасаған. Бала Ермұханның сыртқы келбеті мен ішкі әлемінде болып жатқан алапат сезімдерді параллель суреттейді. Бір қарағанда, автор кейіпкерінің аңшылық кезіндегі ептілігін баяндап тұрған сияқты, шын мәнінде, бұл суреттеулер – Ермұханның алда болатын аласапыран өмірінің әр белесіндегі әр мінезінің көрінісі. Дәл осы суреттеуді шығарма басында беруі де Бекмахановтың алдағы ғұмырында ұстанатын позициясынан хабар беріп тұр.

Медеу Сәрсекенің ғұмырнамалық шығармаларының негізгі өзегі – кейіпкерлермен бір заманда өмір сүрген жандардың естеліктері, әңгімелері. «Біртуар Бөкетов» шығармасында Зейнолла Қабдоловтың естелігінен мынадай үзінді береді: «Ебіней жас жігіт кезінің өзінде уытты, жігерлі, екі тілге бірдей шешен, өз ісіне мығым болатын. Не нәрсеге де бейтарап қарай алмайтын, көзі мен көкірегі бірдей ояу, ойлы, қимыл әрекеті ширақ та тыңғылықты еді. Осындай сипаттар досымыздың, асыл азаматымыздың бойында қаз-қалпында тұнып тұратын. Мұның арғы тамырын әдебиеттен іздеу абзал. Өйткені инженер-маталлург болуға бет алған шәкірт Ебіней физика мен лириканы ешқашан бөле қараған емес. Есіл мен Нұра секілді егіз деп білген. Формулалар мен теоремаларды дәлелдеуге Пушкин айтқан «геометрияға» керек шабытпен кірісетін. Химиялық реакцияларға тәжірибе жасап тұрып Абай ақындығындағы тотының түгіндей құлпырған «сөз химиясын» қатар пайымдаса, Менделеев кестесіне Маяковский «баспалдағымен» көтеріліп-түсіп жүретін» [10,92].

Бұндай естеліктер үш роман-эсседе де көп кездеседі. Және бұл мінездеулер кейіпкердің шынайы өмірдегі характерін дәл түсінуге мүмкіндік береді. Кейде кейіпкердің ішкі монологын беру арқылы да тұлға мінезінің сан қырынан хабар береді. «Сіз жеткілікті білесіз: мен қазақпын – жаратылысым да, жаным да қазақы; ой-түсінігім бойынша да қазақпын; алдағы өмірімді тек қана туып-өскен Қазақстанда өткізбекпін; бұл жолда өзіме ай нұрындай көмескі де бұлдыр армандар қойып отырған жоқпын; сондай-ақ сөзсіз кездесер қиыншылықтардан да алабөтен безінгім келмейді; жан тыныштығын да тым жайлы тұрмыстан гөрі рухани күреспен өткізгенді жөн көремін; қажет екен – тіршіліктің барлық жақсы күйтінен бас тартып, Қазақстан

қиырын армансыз кезіп, өмір бақи кен іздеуге әзірмін» [8,168]. Бұл – Қаныштың Таисияға жазған хаттарынан үзінді. Мұны тек ерінің әйеліне жазған хаты деп түсіну қате. Бұл Қаныштың ішкі әлеміндегі қайшылықты күйі мен жанының сырлары, рухани жетіліп, тұлғалық өсуі көрініс тапқан өзінің ішкі мені.

Қорытынды. Жазушы осылайша түрлі амал-тәсілдерді қолдана отырып, ұзақ жыл жинаған естеліктер мен архив деректерді, басты кейіпкер етіп алған тұлғаға қатысты кітаптарды, ресми құжаттарды, ел арасында тараған әңгімелер мен аңыздарды т.б. саралап, жүйелеп, тұлғаның шынай өмірдегі болмысын шебер аша білген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970ж. – 378 б.
2. Бахтин М.М. Эпос и роман (О методологии исследования романа). Литературно-критические статьи / сост. С.Бочаров и В. Кожин. - М.: Худож Лит., 1986. - С. 392-428
3. Манганелли Джорджо. Эссе и «романы». Перевод с итал. Н. Ставровской / Иностранная литература. - 1992. - №4. - С.37-73.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 378 б.
5. Ысқақұлы Д. Эссе//Сын жанрлары: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1999 ж. – 237 б.
6. Смаилова Н. Қазақ роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оны оқытудың даралық- дәстүрлік ұстанымдар. – Алматы, 2016 ж. – 148 б.
7. Қалқабаева С. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқу құралы, – Алматы: Қазығұрт, 2021 ж. – 288 б.
8. Сәрсекке М. Қазақтың Қанышы. Роман-эссе. – Алматы: Атамұра, 1999 ж. – 592 б.
9. Сәрсекке М. Ноқталанған тарихшы: роман-эссе. – Астана: Фолиант, 2023. – 608 б.
10. Сәрсекке М. Біртуар Бөкетов: роман-эссе. – Қарағанды: «Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ баспасы, 2023 ж. – 468 б.

СТЕРЕОТИПТІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Болатханқызы Ғайни

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«7M02104 – Медиадизайн» білім беру

бағдарламасының 1-курс магистранты

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада стереотип пен оның түрлері туралы басқа ғылымдармен байланысы жөнінде маңызды ақпараттар беріледі. Сонымен қатар, стереотиптер әлеуметтанушылар, этнографтар, когнитологтар, психологтар, этнопсихоллингвистердің жұмыстарында кеңінен қарастырылып, зерттеушілер қызығушылығын тудырып отырған мәселе. Сондай-ақ, стереотип ұғымына берілген анықтамалар мен этномәдени стереотиптерді зерттеудің әдіснамалық тәсілдері ұсынылады. Стереотиптердің бірнеше түрі анықталып қарастырылады.

Тірек сөздер: Стереотип, стереотип түрлері, этникалық стереотип, лингвомәдениеттану, стереотип феномені.

Кіріспе. Кез келген халық мәдениетіндегі стереотиптер әлемнің этникалық және тілдік бейнесі, этникалық тілдік тұлға, мәдениетаралық қарым-қатынас сияқты негізгі ұғымдардың ара-жігін ашып қана қоймай, оларды түсіндіреді де. Соңғы жылдары «Стереотип және оның түрлері» мәселесі мен әлеуметтік стереотип, этникалық стереотип феномені - лингвистердің ғана емес, сонымен қатар әлеуметтанушылар, этнографтар, когнитологтар, психологтар,

этнопсихолінгвистердің жұмыстарында кеңінен қарастырылып, зерттеушілер қызығушылығын тудырып отырған мәселе.

Белгілі бір дәрежеде, бұл тәсілдердің көп түрлілігі стереотип термині ауқымына кіретін объектінің көлемділігімен, әмбебаптығымен түсіндіріле келіп, стереотип ұғымын түсіндіруде кеңістік конфигурациясының алатын орнын көрсетіп, нақты құбылысқа, анық белгілі ұғымға әр түрлі көзқараста қарау мүмкіндігін анықтайды.

Зерттеу жұмысының аясының кеңдігі отандық лингвоелтану, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика салалары ауқымында сөйлеу әрекетінің ұлттық-мәдени құбылыстарын қамти отырып, аталған мәселелер арасынан атап айтуға тұрарлық, этномәдени стереотиптердің ауызша қарым-қатынасқа ықпалы мәселесін толық зерттеуді назардан тыс қалдырып келді. Қазақ тілінде сөйлейтін тұлғаның коммуникативтік мінез-құлық стереотиптері де - арнайы зерттеу нысанына айналмаған мәселе.

Қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдағы стереотип ұғымы пәнаралық сипатқа ие. Бастапқыда, 1920-шы жылдардан бастап, әлеуметтану және әлеуметтік психология негізінде дамыған стереотип ұғымы кейінірек қарым-қатынас теориясы, этнология, әдебиет және мәдениет тарихы, тіл философиясы тұрғысынан көптеген зерттеулер мен талдаулардың тақырыбына айналды. Аталған ғылым саласы өкілдері зерттеу саласына қарай мәселенің өзекті болуын көздей келе, өзінің зерттеу саласына тән стереотип ерекшеліктерін бөліп қарастыра отырып, зерттеу жүргізіп, талдап көрсетті. Сол себептен де стереотип түрлері - әлеуметтік стереотиптер, этникалық (этномәдени) стереотиптер, мәдени стереотиптер, тілдік стереотиптер, қарым- қатынас және мінез-құлық стереотиптері және ділдік стереотиптер деген атпен бірнешеге бөлініп берілді. Этникалық стереотиптердің шетелдік зерттеулерде, атап айтқанда антропологтар мен этно-психологтардың талдап қорытуларында «ұлттық сипаты» көтеріліп және оның түрлі американдық және батыс еуропалық сипаттағы адамдарды кросс-мәдени салыстыру мақсаты үшін жүргізілген зерттеулер екені байқалады. Бұл Р. Бенедикт, Г. Деверо, А. Кардинер, Спингар, М. Р. сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектерінде бой көрсетеді.

Стереотип термині туралы У. Липпманның еңбегінде «адам санасындағы үлгілер» ретінде пайымдалып, зерттелді [1]. Бұдан әрі стереотиптердің тілдік, философиялық, әлеуметтік-психологиялық (этнографиялық, мәдени және мінез-құлықтық) құбылыс ретіндегі анықтамалары айқындалып және олар стереотип құбылысының түрлі аспектілерін, яғни оның тұрақтылығын, беріктігін, гипертрофиялылығын немесе біржақтылығын оның өзіндік ерекшелігі деп көрсетіп, авторлар оған арнайы анықтама негіздеді.

Жалпы, стереотип термині У. Липпманның 1922 жылы жазылған «Public Opinion» атты еңбегі арқылы халыққа белгілі болды. Аталған еңбекте стереотиптер « адам санасындағы үлгілер» (the pictures in our heads) ретінде пайымдалып, зерттелді. Сөйтіп, У. Липпман стереотип дегеніміз «...деректер адам санасына жетпей тұрып, оның сезімдерін оятуға қабылетті болуы арқылы адам ақыл-есін қозғалысқа келтіретін әлемді қабылдаудың ерекше түрі» деп түсіндірді. Ғалымның айтуынша, адам айналасындағы әлемді оның барлық қайшылықтарымен бірге түсінуге тырыса отырып, ол өзі тікелей байқамаған құбылыстарға қатысты «ойында бір бейне» жасайды [1].

Демек, адамның өз өмірінде әлі жолықтырмаған көптеген заттар туралы да айқын түсінігі бар. Мұндай түсінік-стереотиптер жеке тұлғаның мәдени орта арқылы пайымдаған әсері арқылы қалыптасады: «Көп жағдайда біз әуелі көріп, содан кейін анықтама бермейміз, біз алдымен өзіміз үшін сол құбылысты анықтаймыз, содан кейін оны бақылаймыз. Біз сыртқы әлемнен біздің мәдениетіміз міндеттеген нәрсені аламыз және бұл ақпаратты стереотип түрінде қабылдаймыз және бұған негіз де жоқ емес»

Негізгі бөлім. Стереотиптер адамға тұтастай әлемнің идеясын жасауға, тар, әлеуметтік, географиялық және саяси орта шекарасынан шығуға мүмкіндік береді. У. Липпман стереотиптер ұрпақтан ұрпаққа тұрақты түрде беріліп, болмыс пен шындық түрінде, биологиялық дерек ретінде қабылданады деп жазды. Егер тұлғаның жеке тәжірибесі стереотипке қайшы болса, онда мына мәселелердің біреуі орын алады: қандай да бір

себептерге байланысты өз көзқарастарын өзгерткісі келмейтін, икемсіз адам бұл қайшылықтарды байқамайды немесе оны ережені дәлелдейтін ерекшелік деп қарастырады және көп жағдайда, оны ұмытып та кетеді. Алғыр, білімқұмар адам стереотип шындықпен қатар келген жағдайда өзінің әлемді қабылдауын өзгертеді. У. Липпман стереотиптерді жалған ұғымдар деп есептемейді. Оның пікірінше, стереотип шынайы немесе ішінара шынайы немесе жалған болуы мүмкін. Зерттеуші ғылыми айналымға «стереотип» терминін енгізіп қана қоймай, оған анықтама да берді, сонымен қатар бұл құбылыстың маңыздылығын да атап өтті. «Стереотиптер жүйесі, бәлкім, біздің жеке дәстүріміздің өзегі болып табылады, ол қоғамдағы орнымызды қорғайды ...» - деп жазады [1].

Стереотипке бұлайша анықтама беру бұл ұғымның екі маңызды ерекшелігін анықтауға алып келді: 1) стереотиптер белгілі бір этностың мәдениетіне тәуелді, сондықтан стереотиптің шығу, пайда болу себебін белгілі бір этностың мәдениетінен іздеу қажеттілігі және 2) стереотиптер сөйлеу үшін, тілдесім үшін, ойды тиімді, дәл, анық жеткізу үшін қажет, сонымен бірге стереотиптер ойды жеткізуде сөзді үнемдеуге үйретеді. «Егер математикалық есептерді алгоритмдері адамның ойлауын үнемдесе, стереотиптер жеке тұлғаның сөйлер сөзін «үнемдейді».

Осылайша, У. Липпман стереотиптерді адамның ойлау деңгейі мен мінез-құлық мәдениетінің көрсеткіштері деп түсіндіреді. 1920-1930-шы жылдары Америкада қоғамдық пікір мәселелері мен дамып келе жатқан стереотип туралы теорияларға арналған бірқатар жұмыстар жарияланды. Осылайша, әлеуметтанушы стереотипті – ойды жинақтау, оған жалпылама қорытынды жасау деп атады.

Ғалымдардың айтуынша, стереотиптер мен олардың пайда болу, шығу себептерін түсіну қарапайым адамға тым күрделі, себебі оның мазмұны адамның қызмет аясынан тым алыс болып табылатын саяси жағдайдан тұруы да мүмкін. Демек, стереотипті дұрыс, қажетті деңгейде түсіну үшін әуелі саяси жағдай туралы тиісті білім болуы керек. У. Липпман стереотиптерді зерттеудің теориялық негізін қаласа, 1933 жылы американдық ғалымдар кейіннен кеңінен таралған және көптеген жылдар бойы ұлттық стереотиптерді зерттеудің негізіне айналған әдістемені ойлап тапты. Олар жүргізген тәжірибеге Принстон университетінің жүз студенті қатысты. Студенттерге сексен төрт сипаттаманы қамтитын тізімнен, олардың пікірі бойынша, он этникалық топ (африка-американдықтар, немістер, еврейлер, итальяндықтар, британдықтар, ирландықтар, америкалықтар, жапондар, қытайлар және түріктер) үшін маңыздыларын таңдау ұсынылды.

Тәжірибе барысында алынған нәтижелер көп жағдайда студенттер осы немесе өзге этникалық топқа тән сипаттамаларды анықтауда бір пікірде болып шықты. Тәжірибе нәтижелерін талдай келіп, ғалымдар стереотипке мынадай анықтама береді: «Этникалық стереотип – бұл елестетуге тырысқанмен, табиғи өмір құбылыстарына сәйкес келе бермейтін және адамның алдымен құбылысты анықтап алып, содан кейін оны бақылау қасиетінен туындайтын тұрақты бейне».

Сонымен бірге, лингвомәдениеттанудағы этномәдени стереотиптерді зерттеу мәселесінің өзін бірнеше зерттеу саласына бөліп қарастыруға болады:

- 1) Мәдениетаралық қарым-қатынас стереотиптері ;
- 2) Этнолингвистикадағы стереотип;
- 3) Тілдесу кезіндегі және ділдік стереотиптер.
- 4) Мінез-құлық стереотиптері мәселелері;
- 5) Ым-қимыл, ишара арқылы тілдесу кезінде көрініс табатын стандартты мінез-құлық үлгілері;
- 6) Стереотипті отбасы номинациялары;
- 7) Нормативтік кеңістіктегі ауызекі вариациялар;
- 8) Орыс әскери байланыс стереотиптері;
- 9) Журналистердің сөйлеу мінез-құлқы стереотиптері;
- 10) Лингвомәдени концепт ретіндегі стереотиптер;
- 11) Әлемнің тілдік бейнесінің (ЭТБ) компоненттері ретіндегі этностереотиптер [3].

Қазақ халқы этникалық стереотиптерінің мазмұны мен типологиясын зерттеуге арналған арнайы еңбек болмағанымен, фольклор зерттеушісі С.Қасқабасовтың еңбектерінде қазақ фольклорлық стереотиптерінің ерекшеліктері туралы айтылады [4].

Қазіргі кезде отандық тіл білімі ғылымында жалпы энолингвистика, этнопсихология мен лингвомәдениеттану саласына арналған біршама еңбек бар. Атап айтар болсақ, Ә.Қайдардың қазақ халқының ұлттық ділдік ерекшелігін көрсететін «Қазақтар қандай халық?» атты көлемді еңбегі бар [5]. Онда этностың болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы мен синтезін танытуға тырысады. Осы мағыналық бірліктер арасынан этникалық стереотиптерді де кездестіруге болады. Сондай-ақ, А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты ғылыми-танымдық еңбегінде де қазақ халқының жаратылысынан туындайтын көптеген сөз мағыналары талданады. Олардың қатарында стереотиптер де бар [6].

Қазақ сөздерінің лексикалық қабаттарын зерттеу Ж.Манкееваның үлесіне тиген тәрізді. Ғалым «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты монографиясында халық зердесінде ұялап, санасында сақталған көне тамырлы этномәдени атаулардың ұлттық табиғатын ашып, ұлттық құнары мен әрін, ұлттық нақышы мен мазмұнын түсіндіруді мақсат еткен [5].

Гуманитарлық ғылымда стереотип ұғымын анықтауға (әлеуметтану, мәдениеттану, психология, когнитивистика, лингвистика) және осы сияқты ғылым салаларындағы олардың дамуына қатысты стереотип түрлеріне сипаттама беруге тырысады. Кейбір ғалымдар өз ғылыми идеясының бағыты негізінде стереотип туралы жалпы ұғымнан (этникалық, әлеуметтік, мәдени) ауызша қарым-қатынас стереотиптеріне дейін жүріп өтуді мақсат етеді, осы бағытта стереотиптерді талдап-талқылайды. Өз кезегінде, «ауызша қарым- қатынас стереотипі» ұғымының құрылымы (сөйлеу, тілдік, ділдік және тілдік қарым-қатынас стереотиптері) тілдік қатынас және мінез-құлық үлгілерін қамтиды. Этникалық стереотиптер талдауын негізге ала отырып, стереотип тек тіл үшін ғана емес, сондай-ақ жалпы мәдениет үшін маңызды ұғым ретінде соңғы жылдары ұлттық мәдениет бейнесін қалыптастыратын және этномәдени сәйкестендіргіш рөліндегі сөйлеу және ділдік стереотиптерді зерттейтін мәдениеттану объектісіне айналып келе жатқанын ескереміз. Әдетте, этникалық (этномәдени) стереотиптер дәстүрлі мәдениет жүйесіндегі фольклор туындылары мен аңыздар негізінде қалыптасқан бейнелер негізінде жасалады.

Этникалық стереотиптерді зерттеу ерекше зерттеу саласы ретінде анықталған әлеуметтік көзқарас аясында пайда болды, қазіргі уақытта бұл саланы этнографтар, этнологтар, мәдениеттанушылар, фольклористер, этнолингвистер жақсы игерген. Этномәдени стереотиптер бағыты бойынша этноәлеуметтік стереотиптерге ұқсас, алайда оларға қарағанда неғұрлым жалпы сипатқа ие. Этникалық (этномәдени) стереотип - тілде орын алған (номинативтік үлгілер, паремия) «бөтеннің» бағалауы емес, ол сол тілде сөйлеушінің өзіндік тілдік әлемінің, оның әлем бейнесі туралы түсінігінің құрамдас бөлігі. Этникалық стереотип ұғымы үшін тілдік құзыреттілік (сөздің «этникалық» мағынасы) қана емес, сонымен қатар прагматикалық (қарым-қатынас) құзыреттілік (әлем, сыртқы шындық туралы білім) те маңызды. Заманауи этнолингвистикалық және әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулердің нәтижелерінің көрсетуі бойынша бұл стереотиптер тобы этностың өзіндік сана-сезімі және өзін-өзі тануы үшін маңызды құрылым түзуші және этно түрлендіруші рөлдерін («өзінің» және «бөтен» адамдар туралы, «өзінің» және «бөтен» ел құндылықтар жүйесі туралы ұғым) атқарады.

Этномәдени стереотиптер сипаттамалары туралы сөз қозғағанда, олардың кең таралуын және қайталануын, сондай-ақ, жоғары тұрақтылық дәрежесін атап өтеміз. Мысалы, әрбір мәдениет «өздерінің» наным мен құндылықтары жүйесі негізінде «бөтеннің» портретін жасайды. Осыған байланысты, этникалық стереотиптер «бөтенге» қатысты ырым-жоралғылармен және ырымшылдықпен байланысты көптеген қате түсініктерді жинақтауы мүмкін. Осы қате түсініктер негізінде әр мәдениеттегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың алуан түрлері жатады.

В.А.Маслованың пікірінше, этномәдени стереотиптер - бұл қандай да бір халықты сипаттайтын ерекшеліктер туралы жалпыланған көрініс болып табылады. Мысалы, әр ұлт өкіліне қатысты қолданылатын тұтас халық туралы стереотиптер бар: немістің мұқияттылығы, орыстың «мүмкіні», қытай рәсімдері, африкалық темперамент, итальяндықтардың қызбалығы, финдердің қырсықтығы, эстондардың асықпауы, поляктардың сыпайылығы [15.].

«Этникалық стереотип» ұғымының құрылымына автостереотип және гетереостереотип ұғымдары кіреді. Автостереотиптер адамдар өздері туралы не ойлайтынын көрсетеді, ал гетереостереотип басқа халық туралы көзқарасты білдіреді және ол сыншыл болып келеді. Мысалы, бір халықта есептей білу, басқа халық үшін сараңдық көрінісі болып саналады. Адамдар этномәдени стереотиптерді «елден ерек» болмау үшін қажетті үлгілер ретінде қабылдайды. Сондықтан, стереотиптер адамдарға күшті әсер етеді, стереотипте жеке адамда, жалпы ұлт бойында көрініс табатын қасиеттер бой көрсетеді.

Этномәдени стереотиптерді зерттеумен айналысатын этникалық психология бойынша мамандар мынадай қызық мәселені анықтаған: Мысалы, экономикалық дамуы жоғары деңгейдегі халықтар, адам бойындағы ақылдылық, жинақылық, іскерлік, өнімділік сияқты қасиеттерді бағалайды, ал экономикасы төмен ұлт мейірімділік, әкпейілділік және қонақжайлылықты жоғары санайтынын атап өтеді. Бұған С.Г. Тер-Минасованың зерттеуі дәлел бола алады: оның нәтижелері бойынша, ағылшын қоғамында кәсібилік, еңбекқорлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер жоғары бағаланса, ал орыс ұлтында – қонақжайлылық, коммуникабельділік, әділдік жақсы қасиет ретінде бағаланады. [16].

Қорытынды. Этникалық стереотип пен әлеуметтік стереотип феномені туралы сөз қозғап, олардың кең таралуын және қайталануын, сондай-ақ жоғары тұрақтылық дәрежесін атап көрсетеді. Стереотип ұғымына берілген анықтамалар этномәдени стереотиптерді зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін қорыта келестереотиптерді бірнеше түрге бөледі. Атап айтсақ, оларды әлеуметтік стереотип, этникалық стереотип, этникалық стереотиптердің өзіне тән функциясы, ауызша қарым-қатынаста кездесетін стереотиптер, ұлттық мінез-құлықта туындайтын стереотиптер, әлеуметтік-мәдени стереотиптер, белгілі бір тілге тән стереотиптер және ұлттық ділдің тілдесуге тигізетін ықпалынан туындайтын стереотиптер деп бөледі.

Қорыта айтқанда, стереотип және оның түрлері деген мәселеге тоқталып, гуманитарлық ғылымда стереотип ұғымын анықтауға талпыныс жасалды. Тілдесім стереотиптерінің типологиясы мен ерекшеліктері, қазақ мәдениетіндегі қатысымдық стереотиптер - мәселесі тереңірек талдауды қажет ететін күрделі мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Спингар, М. Р. Изменения стереотипов в коммуникативной компетенции иностранца //Русский язык за рубежом. - 2009. - № 1.
2. Липпман, У. Общественное мнение. - М.:Институт Фонда «Общественное мнение», 2004
3. Клейнер, Ю. А. Формулы и клише. Речевые и ментальные стереотипы в синхронии и диахронии : материалы международной научной конференции. - М.: 2010
4. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014
5. Қаирбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. – Алматы, 2004
6. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002

ӘДЕБИЕТТАНУ, ФОЛЬКЛОРТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

2-СЕКЦИЯ

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕ ҰСТАЗДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сарбасов Б.С.,

ф.ғ.к., профессор м.а.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қалиев С.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетінің докторанты

Қазақстан, Алматы

Кіріспе. Бүгінгі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесін жетілдіру арқылы әрбір азаматты потенциалы жоғары, эрудициясы кең тұлға ретінде танылуында деңгейлік оқыту бағдарламасының маңыздылығы орасан зор. Жаңа бағдарлама білім алушыларға оқытудың жеті модулін пайдалану арқылы оқыту мен оқудағы қазіргі заманауи әдіс-тәсілдерін қолдануға, бағалауға, өзін-өзі реттеуге, өздерінің арасындағы және оқытушы мен оқушы арасындағы ынтымақтастықты орнатуға үйретеді, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерінің жетілуіне, талантты-дарынды балалардың қалыптасуына, оқу үрдісі кезінде және келешекте көшбасшылық қасиеттерінің артуына ықпал етеді.

Бірлескен топтық жұмыс, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы, қалыптастырушы бағалау, дарынды және талантты балалардың қажеттілігін ескеру мақсатында оқуды саралау стратегиясы және оқытудың жаңа модулі туралы жалпы түйіндеген қорытынды ойларымды сіздермен бөліскенді жөн көрдім. Жаңашылдыққа жаны құштар білімгерлерге жаңа әдіс-тәсілдер арқылы білім беру – олардың тұлғалық қасиеттерінің жетілуіне, заман ағымына сай болашақ маман ретінде қалыптасуына зор мүмкіндік бере алатындығын үнемі жадында ұстайтын ұстаз ретінде оқытудың жаңа бағдарламасын бүгінгі күнде тиімді қолдануға тырысамын.

Қазақстан Президентінің жолдауында айтылғандай дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу үшін – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту басты мақсат. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін еліміздің дамуына өзіндік үлес қоса алатын, жаңашыл идеямен қаруланған білікті де білімді азаматтарды тәрбиелеу міндеті ұстаздардың жауапкершілігіне жүктеледі. Ұстаздарға қойылатын талаптардың бірі, һәм бірегейі – білім алушыларға өз бетінше білімді зор ынтымақтастықпен игеруге және шығармашылық қасиеттерін арттыруға ықпал ету. Ол үшін оқу-тәрбие үрдісінде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды, соның ішінде топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруды жүзеге асыру керек.

Негізгі бөлім. Топтық жұмыс әрекетін орындау кезінде көптеген тиімді тұстарын байқауға болады: білімгерлер арасында өзара ынтымақтастық атмосферасының қалыптасуы, белсенділік пен білім алуға деген құлшыныстың одан ары артуы, тұлғалық даралануы, білімнің сапалы игерілуіне жол ашылуы.

Бұл топқа бөлу әдісі сабақтың жүйелі, тиянақты түрде өтуіне мүмкіндік береді. Сабақты ұйымдастыру барысында топтық жұмыстың дәстүрлі оқыту жүйесіне қарағанда маңыздылығы орасан зор екенін айтқым келеді. Дәстүрлі жүйе бойынша білім беру кезінде білімгерлердің көпшілігі белсенділік танытып, көшбасшылық қасиеттерін көрсете алмайтын.

Топқа бөліп оқыту кезінде білім алушылардың мінез-құлқында, эмоционалдық көңіл-күйінде өзгерістер бар екенін байқап, тұлғалық қасиеттерін айқындауға мүмкіндік туады.

Топтық жұмысты жүзеге асыру барысында білімгерлер сабаққа белсене қатысады, ой-пікірлерді шыдамдылықпен тыңдайды, берілген тапсырмаларды орындау кезінде өзге білімгерлердің қате жауабына бірден кемшіліктерін айта салмай, сыйластықпен, түсіністікпен жауап қатып отырады, яғни өз-өздеріне сыни тұрғыдан қарауға алғашқы қадамдар жасалынады, басқа топтан ерекшелену үшін әр қайсысы өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, бәсекеге қабілеттіліктерін көрсете алады, өздерін еркін ұстай отырып, өз ойларын еркін жеткізе біледі, ал еркіндік қашан да әр адамға қажетті дүние, сондай-ақ кейбір студенттер өздерін басқа қырынан да таныта алды, мысалы: постер қорғау кезінде көркемдік безендірудегі белсенділік, түйін сөз жасауда ақындық қасиет, шығармашылыққа жол ашылады. Сондықтан да мен шәкірттерімнің кемел келешегіне жауапты оқытушы ретінде топтық жұмыстарды жүргізу кезінде жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді ескеріп, әр білімгердің тұлғалық қасиеттерін арттыруға баса назар аударамын.

Инновациялық технологияны тереңінен меңгерген, жаңа әдіс-тәсілдерді оқу үрдісінде тиімді қолдана білетін ұстаздар – шәкірттерінің ойлау, пайымдау қабілеттерін арттырып, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына ықпал ете білуі тиіс. Ол үшін білімгерлердің шығармашылық қабілеттерінің дамытып, кез-келген жағдайға өзіндік көзқарасын білдіре алуы үшін білім беруде сын тұрғысынан ойлауды енгізу қажет. Сын тұрғысынан ойлау-біздің елімізде қазіргі таңда білім беру жүйесінде өзіндік орнын алып үлгерген оқытудың модулі. Кез-келген жағдайдан, әсіресе тығырыққа тірелген жағдайлардан жылдам әрі сәтті шығу үшін сын тұрғысынан қарап, талдау жасап, анализ ұсыну- қашан да өзекті орынға ие. Бұл қасиеттерді тұлға бойына жастайынан қалыптастыру барысында, оқытушылар аналитик ретінде сындарлы оқыту бағдарламасымен жұмыс жүргізе алу керек [1].

Дәстүрлі оқыту жүйесінде басты рөлді оқытушы «сомдаса», қазіргі жаһандану заманында білім алушыға деген танымдық көзқарас өзгеріп, «білімгер үні» қағидасы қалыптасып, білім алушылар да «өзіндік рөлдерін» көрсетіп, белсенділік танытуда. Білімгерлердің ойлау деңгейі мен зерттеушілік қабілетінің арттыруда, пәнді игеруге деген қызығушылығының көбеюінде сын тұрғысына ойлаудың орны ерекше. Бұл технологияның даму тарихы, қолданылу аясы тереңде жатыр. Көптеген атақты педагог ғалымдардың зерттеуі нәтижесінде, оқу процесіне енгізілген аталмыш модуль-бүгінгі күнде өз жемісін беруде.

Сын тұрғысынан ойлау негізінде білім алушылардың мотивациясының артуы, тәуелсіз әрекет етудегі белсенділіктің қалыптасуы, әрбір мәселені пайымдай алуы, тек пәнге қатысты емес, жан-жақты ойлана алуы, яғни басқа ғылымдармен сабақтастыра білуі, логикалық тұрғыда жүйеліліктің пайда болуы, біліктілік пен дағдыларының қалыптасуы оқу-тәрбие үрдісінде әрқашан маңызды болмақ.

Қазіргі кезде Қазақстанда білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелері білім алу үдерісінің бір бөлігі ретінде қалай оқу керектігін білетін, тәуелсіз, дербес, өзін-өзі ынталандыратын, өзін-өзі бағалайтын, танымдық қабілеттері жоғары, бастамашыл, іскер, өзіне сенімді және әрбір іске жауапкершілікпен қарайтын, сын тұрғысынан ойлана алатын, тілдерді жетік меңгерген, рухани құндылықтарды игерген, бәсекеге қабілетті заманауи интеллектуалды тұлға қалыптастыру болып табылады.

Алдыңғы қатарлы мемлекеттердің педагогикалық жаңалықтарын салыстыра талдау жасай отырып, ұстаз ретінде Қазақстанның білім беру жүйесіне аталған мемлекеттердің топтық жұмыс, сыни ойлау, өз бетімен шешім қабылдап, проблеманы шеше білу, бірлесіп жоспарлау секілді оқытудың әдіс-тәсілдерінің берері мол деп санаймын. Неге десеңіз, біздің мемлекетімізде әлі де болса білім сапасын көтеруге көп күш-жігер қажет деп ойлаймын. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Аталған бағдарлама қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің сапалы, бәсекеге қабілетті білімді талап ететінін, соған сәйкес білім жүйесіне қарқынды және төңкерістік мазмұндағы өзгерістер енгізуді мақсат етеді [2].

Ғылым мен техника қарқынды дамыған кезеңде бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздар қауымына жүктеліп отырған үлкен міндет. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде де өзгерістер енгізу, қайта қараулар қажет екендігін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда өте жылдам өзгеріп жатқан заманның талабына сай мұғалімдер үшін маңызды болып тұрған мәселе: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және «Оны қалай оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» [3].

Қазіргі кезде мектептер мен университеттерде заман талабына сай техникалық құралдармен, интербелсенді тақталармен жабдықталған, оқулықтар да, дидактикалық материалдар да жеткілікті. Бірақ қазіргі таңда оқушылардың білім сапасының артып жатқаны байқалмайды. Іс-әрекеттегі зерттеуімізде осы проблемалық сұрақтарға жауап іздеп, бірінші кезекте жаңартылған білім мазмұнындағы әдіс-тәсілдерді студенттерге үйретіп, іс-тәжірибеде кәсіби шеберліктерін арттыруды жоспарлаймын.

«Деңгейлеп оқыту» бағдарламасының мазмұнында студенттерді диалогтық оқыту және оларды қалай оқу керектігіне үйрету кеңінен қарастырылған болатын. Александердің пайымдауынша, оқу үдерісіндегі қарым-қатынас екі бағыттағы көпқырлы белсенді процесс, келісілген нәтижеге жету үшін диалогқа түсіп, пікірлесе алу мүкіндігіне ие болады. Бұл ойды Л. С. Выготскийдің пікірімен толықтырып кетер болсақ, студенттің таным қажеттілігін қанағаттандырып, белсендігін арттыру үшін «жақын арадағы даму аймағы» жұмыс жасағанда ғана қажетті дағдылар мен қабілеттер қалыптаса түседі. Қажетті дағдылар мен қабілеттер деп студенттердің өзінің өзекті даму аймағы мен меңгерілуі тиіс сатыны айқындай алуы, соған сәйкес әрекеттерді реттей білуі, жоспар құруы, өздігінен де ізденуге талпынысы. Әрине іс-тәжірибе барысында оқытушы мен жанындағы жұптасынын да атқаратын орнының ерекшелігі байқалды. Себебі, әрбір студент қарым-қатынасқа түсе отырып, тапсырмаларды орындады, тәжірибе алмасты, оқытушы ретінде менен және жұптасынан әлеуметтік қолдау тапқандығы айқын көрінді.

Нақтылай түссек, тізбектелген сабақтардың топтамасын жүргізуде «Диалог негізінде оқыту» кеңінен пайдаланылғандығы негіз болды. Бұл барлық сабақтың тақырыбын ашуда тек оқытушы тарапынан ғана емес, сонымен қатар студенттердің тарапынан ерекше идеялар айтылды.

Диалогтік оқыту топтық жұмыс арқылы іске асыралады. Топтық жұмыста бос отыратын студент болмайды. Неліктен? Себебі, топта диалог жүреді. «Тіл – тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Негізінде, білім алу диалог арқылы беріледі. Мұғалім және басқа оқушылармен әңгімелесу – оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін дамытатын маңызды құрал» [4].

Жалпы топтық жұмыста диалогты оқыту тәсілімен жүргізілген сабақтарда студенттердің бір-бірімен қарым-қатынасы, еркін сөйлесуі, пікір алмасуы білім алушылардың тілін дамытып ойын еркін жеткізе білуге дағдыланатыны байқалады. Сондықтан, мұғалімнің оқушымен әр уақытта қарым - қатынаста оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуіндегі рөлі үлкен. Осындай қарым-қатынас арқылы оқушының сөйлеу дағдылары жетіледі. Дәстүрлі сабақта белсенділік танытпайтын оқушылардың өзі де қызығушылық танытып, ойларын ортаға салады. Топтың жұмысы тиімді болу үшін билік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Бірлескен оқудың аспектісі топ мүшелерінің ұжымдасу арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуіне негізделген [5].

Шындығына келгенде, осы айтылған деректерге сүйенетін болсақ, топта өз ойын әлі де болса еркін жеткізе алмайтын, дараланып отыратын студенттер тобында өзара қарым-қатынасты дамытуға жол ашатын осы диалогтік оқытуды қолдану ең бір тиімді тәсіл болады деп ойлаймын. Біріншіден, бұндай студенттер өздерінің білгендерін мүмкіндігінше пайдаланып, аз көлемде болса да бір-бірлерімен сөйлеседі, бірінің қатесін екіншісі түзетуге тырысады; екіншіден, ынтымақтық ортаны сезініп, топқа қосылуға талпынады, жүрексінуін жояды; үшіншіден, сөздік қоры молайып, сөйлеу тілін дамытады. Бұндай оқыту студенттердің қызығушылығын дамыту және бір-бірімен ой бөлісіп, пікір таластыруға мүмкіндік береді деген ойдамын. Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өзінің кәсіби білімін үнемі шыңдап,

қалыптасқан бір сарынды сабақтардан гөрі, заман ағымына сәйкес жаңа инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ қызықты да мәнді, көңілге қонымды, тиімді болатыны сөзсіз. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп баса назар аударылған [2].

Студенттердің бірлескен топтық жұмыстарындағы өзара байланыс тақырып бойынша өз идеяларын білдіру, түрлі идеяларды түсіну, өз ойларын дәлелдеу, сұрақ-жауап арқылы білім деңгейін бақылау, өз ойларын жинақтап саралауда диалогтік оқытудың маңызы зор есептеймін.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі болып жатқан үлкен өзгерістер еліміздің болашағына, оны жүзеге асыруда талмай еңбек ететін болсақ, оның бізге толағай табыстар әкелетініне сенімдімін. Жаңа, тез өзгермелі өмір жағдайында өзгермелі педагогикалық парадигма білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек деп ойлаймын.

Қорытынды. Болашақта ұстаздар жаңартылған білім мазмұнындағы әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, жаңа заманның оқушыларына сапалы білім мен саналы тәрбие береді деген ойдамын.

Бұл бағдарламаның білім алушылардың сын тұрғысынан ойлануына мақсатты түрде жағдай туғызуға, диалогтық оқытуды тиімді ұйымдастыруға, оқу әрекетіне жаңаша инновациялық әдістерді кіріктіруге, сол әдістерді саралауға негізделген идеясы бар.

Қазіргі уақыт талабы мұғалімнің қайта жаңаруын, өзгеруін талап етеді. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы әдістерді меңгерген ұстаз ғана уақыт талаптарына жауап бере алатын бәсекеге қабілетті, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері қалыптасқан, жоғары кәсіби білімді маман даярлау ісіне өз үлестерін қосады деген сенімдемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлімов А. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Алматы, 2013
2. ҚР-ның 2011-2020 ж. Мемлекеттік білім бағдарламасы 2011ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 ж.
4. Бағдарлама. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ 2015 ж.
5. Тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ 2015 ж.

10-СЫНЫПТА «ҚАН МЕН ТЕР» РОМАНЫНАН ҮЗІНДІ ОҚИТУ

Умерджанова Ж.Т.

*филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Арыстан» мамандандырылған лицейі Алматы облысы, Талғар
ауданы*

Кіріспе. Оқушыларға жаңа тақырып ретінде көлемді шығарма берілсе, міндетті түрде оның авторы туралы аздаған мәлімет беріледі. Оны болжам стратегиясы арқылы да, шолу, сұхбаттасу түрінде де қысқаша таныстырып, автор туралы, оның осы шығарманы жазудағы мақсаты жайлы хабардар етеміз. Қазақ әдебиетінің тарихы бойынша шолу жасаған кезде,

белгілі жазушы, сөз зергері Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісовтың шығармашылығын оқып-үйренуге қазақ мектептерінде кеңінен орын берілген. Жазушының шеберлік өнегесімен бірге оның танымалдығының бір себебі КСРО кезінде КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болуы болса (бар-жоғы 3 қазақ жазушысы осы сыйлықты иеленіпті: Мұхтар Әуезов, Жұбан Молдағалиев және Әбдіжәміл Нұрпейісов), екіншіден, қазақ халқының ақтар мен қызылдар болып қырқысып жатқан кездегі аласапыран өмірін суреттеген «Қан мен тер» трилогиясы (1961 жылы «Ымырт», 1964 жылы «Сергелдең», 1970 жылы «Күйреу» атымен шыққан 3 томдық күрделі шығармасы) мен осы трилогия желісімен түсірілген «Қан мен тер» кинофильмінің оқырманға берген әсері де мол болған. Жазушы Ұлы Отан соғысындағы қан майданнан аман-есен оралғаннан кейін, білімін жетілдіріп, 1954-1956 жылдары Москвада әдебиет институтында оқиды, 1950 жылы жазған «Курляндия» («Күткен күн») атты тұңғыш романынан соң, арасында жоғары лауызымды қызметтер атқарған, мысалы «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып қоғамдық істерге белсене араласқан. 1960 жылдардың ортасынан бастап әдеби шығармашылық жұмысқа біржола бет бұрған. Міне, осындай өмір жолының биік белестерінен өткен жазушы туралы презентация, видеороликтер, деректі фильмнен үзінділер көрсете келіп, оның шығармасы туралы айтпас бұрын «Қан мен тер» деген атау туралы балалардың ойын білеміз.

Бірі жай ғана төгілген қан мен шыққан тер деген болжам айтса, екіншісі ғасырына, уақытына болжам жасайды, үшіншісі армия туралы болуы мүмкін деген өз болжамын айтады, ақыры бұл трилогияның тарихы мен идеясына, тақырыптың қалай сәтті қойылғанына тоқталамыз. Одан соң біртіндеп тарихи роман мен дилогия («Соңғы парыз») және трилогия деген ұғымдарға сұрақтар қою арқылы анықтама шығарып алған соң ғана мәтінде кездесетін жаңа сөздерге сөздік жұмыстарын жүргіземіз. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті жаратылыстану бағыты бойынша берілген үзіндіні осы сөздік жұмыстарынан кейін ғана оқытуға тырысамыз.

Негізгі бөлім. Ал біз оқытып жүрген Г.Қосымова, Ш.Ерхожина, Г.Каримова бірлескен авторлығымен 2019 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген 10-сынып орыс сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығының «Мұхит-тіршілік мекені» атты V бөлімінің 81-91 беттер аралығы осы табиғатты қорғау, су көзі, Каспий, Арал теңіздері туралы мәліметтердің ең көлемдісі ретінде берілген. Сондықтан біз автор шығармашылығы туралы жоғарыдағыдай мәлімет беріп алған соң ғана екінші сағатта үзіндіні оқуға кірісеміз. Мұнда тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым және тілдік бағдар деген бес шарттылық орындалады. Оқулық бойынша берілген Ойтүрткіге теңіз туралы жазушының қандай шығармасын оқығандығын еске түсіртіп алған соң, 18-аудио тыңдалып, үзіндінің не туралы екенін анықтап, мәтінге ат қоямыз. Сондықтан біз алдыңғы бір сағат бойы жазушының шығармашылығына кеңінен тоқталып алғанымыз жөн. «Әңгімелесетін әріптер» деген әріптер бойынша жазушы туралы не білгенімізді бір түйіндейміз. Жаңа оқыған үш фактіні, жеңіл болған ақпаратты, қиын болған ақпаратты, алдағы уақытта білгісі келетін ақпарат туралы білген соң, үзіндіге бас қоямыз. Қазақстанның географиялық картасынан Арал теңізін тапқызып, оның бұрынғы көлемі туралы бейнебаянды қойып, қазіргі күнімен салыстырту жасатамыз. Үзіндіде Арал теңізіндегі дауыл туралы, үйдей толқындардың арасындағы Итжемес пен Құлтуманың қасындағы үш адамның теңіз дауылына тап болып, суға кеткені жайлы айтылады.

Теңіздегі дауыл туралы оқушыларға сипаттатып жаздырған соң, теңіздегі дауыл туралы кез-келген бейнебаяннан 3 минуттық үзінді көрсетеміз. Келесі үзінді мәтінді оқытып, тірек сөздер арқылы ортақ ойды дәлелдеп, дауыл біткен соң Еламан мен Кәленнің Қаратүптен шығып, өліп жатқан түйеші Жалмұрат пен Сары баланың үстінен қарғалар ұшқаны туралы ақпаратты оқытып, оқушылардың эмоциясын айтқызамын. Оншақты кейіпкердің аты кездеседі, сондықтан «Кейіпкерлер картасын» сызып қоямыз. Ә.К.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясында негізінен, 200-ден аса кейіпкер бар, бірақ біз оларға толық тоқталмаймыз. Түсіндірме сөздіктегі сөздер слайдта шығып тұрады, себебі тілге келмеу, көз ілмеу, қарағұс деген сияқты сөздерді қазіргі оқушылар бірден түсінбейді, сондықтан олардың

синонимін айтып түсіндіріп, аударма жасаймыз. Егер сыныпта, қазақша білетін балалар аз болса, онда жолма-жол аударма жасалынып отырады. Сонда оқылған мәтін мазмұны түсінікті болып, сабаққа бәрі толық қатысып отырады. 3-сабақта жодастарының қазасына қатты қайғырған, ызалы Еламанның тентек Шодырды Федоровты сүйменмен ұрып өлтіргені туралы жазылған мәтіннен үзіндіні оқытамын. Осыдан соң «Қан мен тер» кинофильмінен тура осы эпизодты көрсетіп, «Stop-кадр» әдісі дейді кейде, ары қарай үзіндіден кейін «Еламанның орнында болсаң, мынадай әділетсіздікке сен не істер едің?» «Осыдан кейін оқиға қалай жалғасады деп ойлайсың?» деген сұрақтар қойып, оқушылардың түрлі жауаптарын тыңдаймын. Одан соң романдан алынған үзіндідегі оқиғаның кинофильмдегі көрсетілген оқиғамен ұқсастық, айырмасын оқушыларға таптыртып, қоюшы режиссер мен сценаристің де ықпалы туралы айтып өтемін. Оқушыларға осы жерде Ақбала туралы мәлімет беріп, ол туралы фильмнен үзінді көрсетемін. Бұл уақытта негізгі грамматикалық ережеміз «Есімдік» сөз табы болғандықтан, жіктеу есімдігі мен белгісіздік есімдіктері бар сөйлемдерді көшіріп жаздыртып, оларды сөйлем мүшелеріне талдап кетеміз. Осыдан кейін «Ебейсін қыстауы» және «Райдың оралуы», «Атадан қалған байлық» деген шағын мәтіндер бар, берілген 8 сағат ішінде олармен толық танысып, аударып, талқылап өтеміз. Сабақ арасында тыңдалым, оқылым, жазылым қатар жүргізіледі. Нәтиже сабақ кезінде Еламан, Ақбала, тентек Шодыр, Рай, қарт әжеге мінездеме жаздыртып, әрбірінің жазғанын тыңдап, үздік мінездемені тақтаға жазып, үзіндіні қорытамыз. Мұнда біз Арал теңізі жағасында тіршілік еткен 1916-1918 жылдардағы оқиғаларға шегініспен шолу жасап, сол кездегі қазақтың әлеуметтік-саяси тағдырына тоқталамыз. Су, мухит, теңіз, экология туралы бөлім болғанымен, біз мұнда адамдар арасындағы тарихи тартысты осы трилогияға қатысты талдаймыз. Трилогияның 30 шақты шетел тіліне аударылғаны туралы айтып, ғасырға жуық жасаған (1924-2022) (Жамбыл атамyzды да еске алып кетеміз осы тұста ұзақ жасаған ақын ретінде) 98 жасқа келген жазушының мына біртоғанысты сөзіне назар аудартамын. "Халық жөнінде бәріміз үлкен-кішіміз жазуымыз керек. Халық жөнінде жазуға шаршамау керек, көп айту керек. Өзім не жазсам да, үлкен шығарма жазайын, орташа шығарма жазайын, кіші шығарма жазайын, соның бәрін өздеріңе арнап жаздым ғой. Соның бәрін жазып, басқызып, содан кейін мына көңіл күпті, апыр-ай, қалай қабылдар екен деп күтетін, бір қиналып күтетін күндерім болатын. Әйтеуір жазған кітабым дүкенде сөреде жатқан жоқ".

Сабақ барысында Блум таксономиясының танымдық деңгейлерін қолданамын. Оқушының берілген мәтінді меңгеруін бақылауда төменгі сатыдағы білу мен түсінуден өткен соң, түсіндірме (интерпретацияға) өтіп, бір-біріне сауал қою кезінде негізгі идеяларды анықтап, байланыстарын көрсетіп, ұқсастығы мен айырмашылығына тоқталып, негізгі және қосымша ойды анықтаймыз. Экология, теңіз туралы берілген мәтіннен әлеуметтік-тарихи жағдайлар туралы ой қорытамыз. Менталды картаны толтырамыз. Қолдану деңгейінде Еламан, Ақбала, балықшылар тап болған проблеманы нақтылап, оны шешу жолдарын ұсынады, мәтіндегі жағдаятты талдайды. Еламанның, Райдың, Ақбаланың басынан өткен жағдайларға талдау беріп, неліктен Еламан мен Рай айдалып кетті, балықшылар неліктен қаза болды, Ақбала неге Еламанды күтпей, Тәңірбергенді таңдады деген сұрақтарға жауап беруге тырысады. Неліктен біртоға, момындау жігіт Еламан осындай қиыншылықтар көріп, шындалып, халықты бастайтындай көшбасшы дәрежесіне көтерілуіне түрткі болған жағдайды оқушылар жобалап айтуға тырысады. Ойларын жинақтап, жеке бөліктерді біріктіріп, «Теңіз толқынындағы тағдырлар» тақырыбына эссе жазып, өз ойларын қорытады, өз позициясын жеткізеді. Еламанның Федоровты өлтіруі, Ақбаланың Тәңірбергенге кетуі, Тәңірбергеннің күйреуі, Еламанның қиын тағдыры туралы өз ойларын ақтап, жоққа шығарып, даулы пікірлерімен бөліседі. Нақты ситуацияларды өмірден алынған ба, ойдан шығарылған ба талдай келіп, инцидент әдісін де қолдана кетеміз. «Инцидент деп тұлғааралық қатынаста шиеленіске негізделген, кикілжің мен конфликтіден тұратын төтенше оқиғаны атаймыз» [1,133]. Мәселен, Еламан мен Тәңірберген арасындағы қақтығысты 3-4 топқа бөлініп, өздерін солардың орнына қойып, кейіпкерлердің ұстанымдарын анықтауға тырысады, соңында өз спикерлері топтарымен тақтаға шығып, өз ойларын қорғайды. Оқушыларға бағыт-бағдар беру

мақсатында презентацияда прозаның түрлері, дилогия, трилогия туралы мәліметтер көрсетіліп, жазушы өмір сүрген дәуір «Біздің дәуір –үлкен эпиканың гүлдену дәуірі, роман жанрының жаңа белеске, кең өріске шыққан кезі екенін» [2,307] айтылады.

Арал теңізі, оның жағалауында өмір сүрген қазақ балықшы ауылы туралы үзік-үзік мәліметтерді осы Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын оқыту барысында оқушыларға осылай жеткіземіз. Сөзіміз жұтаң болмау үшін, оқушы назарын бақылауда ұстау үшін сабақ барысында қазіргі заманауи алатформаларды да қолданамыз. «Lumio», «Learning apps», «Canva» платформалары түрлі слайдтар жасауда жақсы көмектеседі. Бұлар арқылы топқа бөлуге де, онда мәтіннен түсірілген сөздерді белгілеуге болады де болады. “Жұпты табу” “Викторина” деп кейіпкерлер мен диалогтарды жасыруға, автор мен кітаптарын сәйкестендіру де қызықтыруға керек ойын. “Суреттерді сұрыптауға”, “Сөзжұмбақ жасыруға” болады. “Кім миллионер болғысы келеді?”, видео қою т.б. қызықтыруға болады. Бірақ бұл платформаларды қолдану үшін алдын-ала ғаламторға кіріп, өзіңіз дайындайсыз. Сайтқа тіркелесіз, бір айлық тегін версиясына, одан соң өзіңіз қалаған тақырыпқа жасауға болады. Немесе, платформаға ақылы түрде де тіркелсеңіз болады, оны ұдайы төлеп, сабақтағы бір көрнекілік ретінде пайдаланасыздар. Жасанды интеллекті чат gpt арқылы оқушыларға да презентация жасауды тапсырамын. Соңғы қайталау ретінде Quizizz пен Kahootты пайдалану арқылы оқушылардың алған білімдерін пысықтадым. Бұл мұғалімнің бір мезгілде 10-20 оқушыдан сұрақтарына жауап алуына болады әрі оқушылардың жинаған ұпайын көрсетіп, бағалауыңызды жеңілдетеді.

Қорытынды. Жалпы алғанда, орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарында қазақ жазушыларының шығармалары туралы, жалпы жазушылар туралы толық мәлімет жоқ, қысқаша ғана беріледі, оны өзіңіз бересіз ғаламтор арқылы материалдар алып не жоғарыдағы платформалар арқылы презентациялар жасап. Бірақ осы 10-сыныпта Ғ.Мұстафиннің «Қарағандысы» мен Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен терінен» үзінділер берілген, сондықтан осы жазушылардың шығармашылығы туралы қосымша мәліметтер беріп, қызықтыруға, ойландыруға, іздендіруге болады. Міне, осылайша биыл туылғанына 100 жыл толып отырған ұлтымыздың бірегей жазушысы Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын мүмкіндігінше мәтіндік үзінділер арқылы да қызықтырып өтуге болады.

Қорыта келгенде, «Теңіздің дәмі –тамшыдан» демекші, шағын үзінді қызықтыра оқытып, интербелсенді әдістерді қолданып, баланың ары қарай өзі ізденіп, мәтіннен романға баруына, түсініп оқып, талдап, талқылауына жол аша алсақ, мұғалімнің сабағының нәтижелі болғаны деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Әлімов. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Алматы, 2015.-180 бет
2. З.Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, «Қазақ университеті», 1992.-352 бет
3. Г.Қосымова, Ш.Ерхожина, Г.Каримова. Қазақ тілі мен әдебиеті.10-сынып. Алматы, «Мектеп», 2019

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Ахмадиева Д.Ж., Байтанасова Қ.М.

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ

«Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау»

білім беру бағдарламасының PhD докторанты

Астана, Қазақстан

Кіріспе. Қазақ педагогикасының көрнекті өкілі, әдебиеттану ғылымында іргелі еңбектер жазған әдіскер ұстаз Қанипа Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы - жаңашыл озық технология.

Ұстаздық мамандыққа ғұмырын арнаған Қанипа Бітібаева - 45 жылдық еңбек жолында дарынды шәкірттерін жетелеген, тәжірибе мен ғылымды қатар ұстаған әдіскер ғалым. Оның дәлелі ұстаз қазақ әдебиетін оқытудың тың әдістемесін ұсынып, «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегін, әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар 41 еңбек жазды. Бұл еңбектердің құндылығы әдебиет пәнін дәстүрден тыс жаңаша оқытуда жатқандығында деп айта аламыз. Әдіскер ұстаздың инновациялық технологиясы қазақ педагогикасындағы оқыту үрдісіне жаңашылдық әкелді.

Қ.Бітібаеваның технологиясы «Оқу үшін – оқу» деген қағидамен тұлғаның «өзін-өзі», «бірін-бірі» оқытуын, нәтижелі білім алуын ұстаным етеді. Бұл ұстаз технологиясының қазіргі таңда да өміршендігін дәлелдей түседі.

Ұстаз технологиясының жаңашылдығын қазіргі оқыту жүйесіндегі бағдарламамен сабақтастырғанда байқаймыз. Яғни, әлемдік білім беру стандартындағы «XXI ғасыр дағдысы» атанған дағдыларды қалыптастыру идеясымен үндеседі. Қазіргі білім беру бағдарламасы сындарлы оқытуға негізделген. Ал ұстаз «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының пәлсапасын ұсынады.

Ол туралы әдіскер Қ.Бітібаева: Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субъект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген» [1, 2]. Яғни, тұлғаның өз ізденісімен жаңа өнімге қол жеткізуін, шығармашылық қабілеті мен ойлау дағдыларын дамытуда бұл технологияның тиімділігі зор.

Негізгі бөлім. Қ.Бітібаеваның инновациялық технологиясы мен әдебиетті оқытудың әдістемесі атаулы мектебінің негізінде туындап, әдебиетті тереңдетіп оқыту бағдарламасы қалыптасты. Ол туралы: «...Қ.Бітібаеваның республикалық әдістемелік-ғылыми зертханасында Ю.Л.Львованың, В.Ф.Шаталовтың, С.Н.Лысенкованың шығармашылық зертханалары сияқты тек сабақ қана емес, кейіннен жаңалыққа айналатын идеялар және олардың жүзеге асырылу технологиясы туындап, тексеріліп, меңгеріліп, таратылып жалпы педагогикалық деңгей қызметі толық қамтылады», -деп тұжырымдар айтылған [2, 105].

«Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы оқушының танымдық ынтасы мен шығармашылық қабілетін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейді. Яғни, оқушының ішкі мүмкіндіктерін ашу, тұлғалық қасиетін дамыту дағдыларын қалыптастыруда мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен еңбекті топтық, жұптық жұмыстар, диалогтік оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері арқылы ұйымдастырады.

Қ.Бітібаеваның технологиясының дәстүрлі оқытудан айырмашылығын төмендегі кестеден байқауымызға болады:

Кесте 1 Дәстүрлі білім беру мен өнімді (продуктивті) білім берудің басты ерекшеліктері, айырмашылықтары [3]

	Дәстүрлі білім беру	Өнімді, жемісті білім беру	
–Білім мазмұнын кім айқындайды, ұсынады? Қандай әдіс-тәсілдерге, оқыту, оқу формаларына сүйенеді.	–Білім, ғылым министрлігі. Білім академиясы. –Мектеп басшылары. –Ата-ана баласына мамандық таңдайды, қай класта оқуды ұсынады, шешеді. – Белсенді әдіс-тәсілден гөрі таптаурын әдіс-тәсілдерге иек арту, әңгімелеу, баяндау, дәріс, сұрақ-жауап, т.с.с.	–Оқушылардың өзіне ерік беріледі. –Демократия; өзін-өзі таныту, өзін-өзі дамыту, бірін-бірі оқыту, дамыту. –Оқушылардың оқу іс-әрекетін белсендіру «Оқу үшін – оқу». –Өнімді, белсенді әдіс-тәсіл, сабақ түрлері, оқу формаларына сүйену; –Болжам, жоба, модель жасау, қорғау. –Проблемаларды өздері табу, ұсыну, өз бетімен шешу. –Өз беттерінше танымды іздендіру тапсырмаларын орындау, зерттеу жұмыстарын жүргізу. –Ойлау жүйесіне әсер ету, дебат, айтыс, пікір сайыстары бойынша ойлау белсенділіктеріне әсер ету. –Өзіне-өзін таныту, «Менін» қалыптастыруға әрекеттену.	
Бала білімді не арқылы қалай алады	Білім –іскерлік дағды. Мұғалім – информатор. Оқушы – тыңдаушы, қабылдаушы, орындаушы, жауап беруші, баға алушы.	Мұғалім: –Ұйымдастырушы. –«Шикізат» (жаңа білім) беруші. Шикізаттың ең құндысын ұсынушы, саралаушы. –Өндірудің ең тиімді, жеңіл жолын, құралын ұсынушы. (Оқушы мүмкіндігі, білім деңгейін саралап) –Қабылдап алушы, сарапшы, ақыл-кеңесші, әділ би.	Оқушы: –Белсенді қабылдаушы. –Шикізатты меңгеруде өз еркімен құралдарды, жолдарды таңдап алушы (өз мүмкіндігі негізінде) –Шикізат өндіруші, сапалы зат шығарушы. Оқушы кім? 1. Конструктор 2. Технолог 3. Өнер тапқыш –Өз затына өзі баға беруші –Өзін-өзі оқытушы, мақсатты білім алушы.
		Іскерлік ойынына негізделген білім деңгейлерінің көрсеткіш моделі: Оқушы білімінің деңгейлері эвристикалық шығармашылық оқушы д – студенттік д – бакалаврлық д – Магистрлік д –	

Оқу, білім алуға негізгі түрткілер (мотивтер)	Бала мұғалімге, оқулыққа, ата-анасына тәуелді	–Өзіне-өзі сенеді. –Өз іс-әрекетіне сүйенеді. Мұғалім – жол басшысы
Оқу мен тәжірибе байланысты	Ара-тұра: оқу тәжірибе процесі жүзеге асады.	Тұрақты: тәжірибе – оқу
Білім беру процесіне кім жауапты, міндетті	Мұғалім оқытады, тәрбиелейді, дамытады. Мектеп ол істі ұйымдастырады.	Оқушы өз қабілетін дамытуға, білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге мұғалім, мектеппен бірге жауапты.
Жетістіктерді, білім дәрежесін бағалайтын басты критерийлер	Оқушының нәнен білім ждәрежесі, білім сапасы, оқу іскерлігі, дағдысы бойынша	Іскерлік іс-әрекеттің сапасы, мөлшері, оқу машығы, дағдысының, оқушылық деңгейдің, шығармашылық деңгейге көтерілуімен

Қ.Бітібаеваның жаңа білімді меңгерту технологиясы төмендегідей 6 кезеңнен құрылады: [3, 28-31]

1. Жаңа тақырып бойынша берілетін алдын-ала тапсырмалар жүйесі.
2. Тапсырмалар негізіндегі сұхбат-әңгіме, пікірлесу.
3. Мұғалім түсінігі.
4. Қосымша материалдар, ғылыми еңбектермен жұмыс.
5. Оқулықпен жұмыс.
6. Жинақтау, қорытындылау.

Әр кезеңнің мақсаты, әдіс-тәсілдері, оқытудың түрлері мен формалары көрсетілген. Ұстаз технологиясының 6 кезеңіне тоқталып өтсек:

1. Жаңа тақырып бойынша берілетін алдын-ала тапсырмалардың әдебиетті оқытудағы маңызы ерекше, себебі әдебиеттегі көркем мәтінді сабақта оқу уақытта алатындығы белгілі. Сонымен қатар, көркем мәтіннің көлемділігі де оқып, талдауға қиындық туғызады. Сол үшін ұстаз технологиясындағы алдын-ала берілетін тапсырмалар осы қиындықтарды болдырмауға негіз болады. Көркем мәтінді алдын-ала оқып келген оқушының оны талдауға берілген тапсырманы орындауына мүмкіндік туады. Алдын-ала оқуға берілетін тапсырма оқушыларды іздендіру, зерттеу жұмыстарына жетелеуге жол ашады. Мысалы, ұстаздың «Әдебиетті тереңдетіп оқыту») еңбегінде С.Сейфуллиннің ағартушылық идеясын танытуда оқуға, талдауға: «Оқымаған қазақ», «Інішегіміз», «Қазақ сабағы» өлеңдерін төмендегіше ұсынады:

- Өлеңдегі оқу-білімге деген үлгі, насихат;
- Бұл өлеңдердің Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Сәбит өлеңдерімен үндестігі;
- «Қазақ сабағы» өнер жолында қасірет шеккен, өз азаттығын, ауылдағы той жиында

«қызықты» өткізіп жатқан жастармен салыстыруы. Өлеңдегі ирония [4, 128].

2. Тапсырмалар негізіндегі сұхбат-әңгіме, пікірлесу – ұстаз технологиясындағы басты кезеңдердің бірі. Алдын-ала берілген тапсырмалардың негізінде жалғасын табатын кезең десек те болады. Оқушыға көркем мәтінді толық талдап, сұхбаттасу, пікірлесудің ортасын құруда бұл кезең басымдық танытады. Мысалы, ұстаз технологиясында оқушыларға проблемалық жағдаяттар туғызу арқылы өз беттерімен проблемалық мәселелерді шешуде төмендегідей тапсырма ұсынады:

С.Сейфуллиннің «Көкшетау» сипаттарын І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Көкше сипатымен салыстыру беріледі. Сондай-ақ «Батыр Баяндағы» қалмақ қызы мен С.Сейфуллиннің «Көкшетауындағы» қалмақ қызын салыстыру жұмыстары оқушыларды

өзіндік ізденіске жетелейді. Осы салыстыру барысындағы пікірталас тудыратын тапсырмалар арқылы оқушылардың өзіндік көзқарастары мен пікірін, пайымдауларын ортаға салдыруда осы кезеңнің тиімділігі зор.

3. Мұғалім түсінігі. Әр кезеңдегі атқарылатын тапсырмалар мұғалімнің ұйымдастыруы барысында жүзеге асырылады. Оқушының жеке ізденісі, өзіндік ой-пікірі ұстаз технологиясында алдыңғы қатарда тұрады. Жеке тұлғаның өзіндік ой-пікірінен кейін ғана мұғалімнің түсінігі, қолдауы, бағыт-бағдар беруі жолға қойылған. Ұстаз технологиясының дәстүрлі оқытудан ерекшелігінің бір тұсы да осы кезеңде көрініс табады.

4. Қосымша материалдар, ғылыми еңбектермен жұмыс – ұстаз технологиясының өнімді кезеңі. «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын ғылыми-зерттеу, сын зерттеу еңбектерімен толықтыруға, оқушыларды зерттеу еңбектерімен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін кезең. Мысалы: С.Сейфулин шығармаларын оқытуда пайдалануға болатын сын-зерттеу еңбектерін төмендегіше ұсынады:

1. Е.Ысмаилов «Ақын және революция», Алматы, 1967 ж.
2. Т.Кәкішев «Қызыл сұңқар», Алматы, 1983.
3. С.Қирабаев «С.Сейфуллин», «Жазушы» 1974.
4. Қ.Жұмалиев «Жайсаң жандар». (Сәкен бөлімі) [4, 133 б.].

Қ.Бітібаеваның технологиясындағы бұл кезеңнің салмағы ауқымды. Себебі өтіліп отырған ақын, жазушының өміріне байланысты сын-зерттеу еңбектерін беріп қана қоймай, сол бағытта оқушыларды ғылыми, зерттеу жұмыстарына жұмылдыру маңызды. Сонымен қатар өтіліп отырған бағдарламаға сай әдебиет теориясынан берілетін ұғымды қамтуда да аталған кезең басымдық танытады.

5. Оқулықпен жұмыс – оқушының бастапқы кезеңдерден өткеннен кейінгі соңғы әрекеті. Қосымша еңбектермен жұмыс жасағаннан кейінгі, салыстыру жұмыстарын жүргізуде оқулыққа жүгінуге әкеледі. Ұстаз технологиясында байқағанымыздай, оқушы ойы алдыңғы қатарда тұрса, оқулық, мұғалімнің пікірі одан кейінгі қатарды тұрады.

6. Жинақтау, қорытындылау – ұстаз технологиясының өнімді көрсеткіші. Оқушының өз ізденісімен алған білімінің нәтижесін көрсететін деңгейі деуге де болады. Мысалы, қосымша деректер, ұсынылып отырылған ғылыми еңбектер, естеліктер бойынша ізденіп, төмендегі тақырыпқа материалдар әзірлеу, сұрыптап алып, соның негізінде ғылыми-сипаттағы хабарлама, мақала, баяндама тезистер дайындау.

- Сәкен және ол туралы аңыздар мен ақиқаттар.
- Сәкен және Галина Серебрякова
- Сәкен және төңкеріс
- Сәкеннің қазақ поэзиясына қосқан жаңалығы
- «Көкшетау» және «Баян батыр» [4, 134 б.].

Осындай тапсырмалар беру арқылы оқуға, талдауға, өз бетімен оқуға, қосымша оқуға берілетін тапсырмалар арқылы оқушылардың икем дағдыларына, шығармашылық қабілеттеріне жол ашады.

Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы оқушыны өз бетімен білім алуына, ынтасы мен шығармашылық қабілетін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейді. Қазіргі оқу үрдісінде де ұстаз тәжірибесіндегі сабақ түрлері тиімді қолданыста. Атап айтсақ, семинар сабақтары, қос, үштік сабақтар, конференция сабақтары, баспасөз сабақтары, жәрмеңке сабағы, диспут, айтыс сабақтары, көкпар, жарыс сабақтары, реферат, пікір қорғау, іздендіру сабақтары т.б.

Әдіскер ұстаз тәжірибесіндегі әдіс-тәсілдердің қазіргі күні де сабақтастығын байқаймыз. Ұстаз технологиясы бойынша оқушының тұлғалық, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда топтық, жұптық жұмыстар, диалогтік оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін тиімді ұйымдастыруға болады. Ұстаз ұсынған жазба жұмысын жүргізудегі әдістер: балама жазу, ой толғау, пікір, шығарма, эссе т.с.с. Оқушыларды креативті ойлауға, сыни көзқарастарын танытып, өзіндік ой-пікірлерін жеткізуде аталған жазба жұмыстарының тиімділігі зор.

Қазіргі оқыту жүйесінде оқушыға пәндік білім берумен қатар, жан-жақты терең, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жолға қойылып отыр. Осы орайда Қ.Бітібаеваның технологиясымен үндестігін байқаймыз. Ол туралы Қ.Бітібаева: «Өздеріне қорытынды жасатуға жағдай туғызу. Ол үшін қосымша материалдардағы жазылған дүниелерді, ғалымдар пікірін, оқулықтағы мәселелерді ортаға салу. Осылар арқылы шындықтың, құбылыстың бетін ашуға еңбектендіру...», - дейді [5]. Оқушыларды қосымша ғылыми ақпараттармен топпен де, жұппен де бірлесе отырып жұмыс жасауға жетелеуде ұстаз технологиясы маңызды.

Қазіргі күні мектеп тәжірибесінде қолданып жүрген постер қорғау, макет, жоба, Венн диаграммасы т.с.с тәсілдер өз кезінде-ақ ұстаздың тәжірибесінде қолданыс тапқандығын айта аламыз. Сондай-ақ «Ойлан, жұптас, бөліс», «Ойланып отырған үштік», «Балалар философиясы» т.с.с стратегиялардың да тиімді қолданысын анық байқаймыз. Қ.Бітібаева технологиясындағы оқушының «өзін-өзі», «бірін-бірі» бағалауы, топтық, жұптық бағалау әдістемесінің қазіргі оқыту жүйесімен сабақтастығы бар. Ұстаз технологиясында басымдық танытатын – оқушының өзіндік бағалауы, бірін-бірі бағалауы. Ал мұғалімнің соңында қорытынды бағалау ұсынуы қазіргі тәжірибеде үндестік табады. Бұдан шығатын қорытынды, Қанипа Омарғалиқызының әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиясы, әдебиетті оқыту әдістемесінің қазір де өзекті болып отырғандығын айта аламыз. Заман талабына сай функционалды сауатты, креативті тұлғаны қалыптастыруда Қанипа Бітібаеваның технологиясына әр уақытта да жүгінеріміз сөзсіз.

Қорытынды. Қорытындылай келгенде, Қ.Бітібаева - әдебиет пәнін жалаң оқытып, жаттанды әдіс-тәсілдермен жүргізумен күрескен ұстаз. Керісінше, әдебиетті өнер сабағы, ғылыми зерттеу ортасы, оқушының ой алаңы деп қабылдағанда ғана жеке тұлғаның оқырмандық қабілетін ашып, шығармашылыққа жол салатындығына сенімді боламыз. Ал ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы - әдебиетті жаңа қырынан танытып, оқушының тұлғалық қабілетін ашуға жетелейтін озық технология. Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасы әр ұстаздың бойтұмарындай болып, өз қолданушыларын таба түсетініне сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2012. – 312 б.
2. Ферхо С., Байхонова С., Тоқпатаев У., Құрманова Ж. Аңызға айналған ұстаз. – Өскемен. 2005. -224б.
3. Бітібаева Қ. Құдайбергенова Г. Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен:ШҚМУ баспасы, 2002. - 133б.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Білім Академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. -274б.
5. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.

ЗАР ЗАМАН ЖӘНЕ ӘБУБӘКІР (КЕРДЕРІ) БОРАНҚҰЛҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Дәрібаев С.Д.,

ф.ғ.к., аға оқытушы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Диярова Н.А.,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 1-курс магистранты*

Аңдатпа. Мынау әлемдік жаһандану заманында ұлт болып қаламыз ба, қалмаймыз ба деген үлкен сауал тұрған кезде ұлттық қорғанышымызды бірден-бір қалыптастырудың жолы – өз әдебиетіміз бен мәдениетімізді қайта жаңғыртып, жоқ-жітігімізді түгендеп, асыл тұлғаларымызды жарқыратып шығарып, олардың айтып кеткен дүр жауһарларын танып зерттеу. XX ғасырдың басындағы діни-ағартушылық бағыттағы сондай ақындардың бірі – Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлы. Әбубәкір Боранқұлұлының өмір сүрген кезеңі, «ақын мүддесі – ел мүддесі» екендігі баршамызға мәлім, сол себепті ақын өмір сүрген кезеңдегі елдегі жағдай, сол елдегі жағдайдың ақынның жүрегінің сүзгісінен өткендегі көрінісін, ақынның айтқысы келген, көтерген мәселелерін ақын шығармаларынан іздеу арқылы ақынның тұлғасын танып, айтайын деген ойын анықтап, ақын шығармашылығын дәріптеу жұмысымыздың негізгі мақсаты.

Тірек сөздер: Зар заман, діни-ағартушылық, би-болыс, хандық дәуір, азаттық, отар, әдеби мұра.

Кіріспе. Зар заман – Қазақ әдебиетіндегі кезең атауы. Аталған кезең Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан Қазақ хандығындағы бұрынғы ел басқару жүйесінің жойылып, халықтың саяси, экономикалық және рухани езгіге ұшыраған тарихи уақытты сипаттайды. Алғаш Шортанбай Қанайұлы осы кезеңнің ауыртпалықтары туралы «Зар заман» атты зарлы толғау шығарып, ол ел ішінде кең таралды. Бұдан кейін басқа да ақындар осы тақырыпқа көптеген өлең-жырлар шығарды. Оларды қазақ әдебиетінде «Зар заман ақындары» деп атайды.[1] «Зар заман ақындары» ұғымын қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет 1927 жылы Мұхтар Әуезов енгізген. Зар заман ақындары зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зармен жырлаған ақындар шоғыры. Зар заман ақындары шоғырының белгілі өкілдері: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан т.б. Әуезов Зар заман ақындары дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нарманбетпен аяқтайды.[2] Зар заман ақындары тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипат алатынын атап көрсетеді. Дәсүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі Зар заман ақындарын тарих сахнасына шығарған. Зар заман ақындары халқының жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімінен ажырамауға үндейді.[3]

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында патша өкіметінің отаршылдық орыстандыру саясаты қызу жүріп жатты. Қазақтың кең-байтақ даласын емін-еркін отарлаған патша үкіметі халықты тілі мен дінінен айырып, орыстандырмақ болды. Ресей үкіметінің отарлаудағы басты мақсатын кезінде халқымыздың біртуар азаматтарының бірі М. Тынышпаев: «...Тілді, әдет-ғұрыпты, барлық өзіндік ерекшеліктерді қыспаққа алу арқылы қазақтарды дербес ұлт есебінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру»- деп жазған еді. Осындай жан-жақты қыспаққа түскен қазақ халқы тұйықтан шығар жол іздеді. Ресей үкіметіне қарсы шыққан бірнеше ұлт-азаттық көтерілістер жеңіліс тапты. Академик М.К. Қозыбаев: «XX ғасырдың екінші жартысында ол қозғалыстың шешуші бір саласы ағартушылыққа ұласты. Ғасыр басында ағартушылыққа жаңадан бірнеше әуен қосылды. Оның бірі ұлт болып

қалыптасқан халыққа отаршылдық шеңбер таршылық жасады, ол егемендікті көкседі, жеке ел болып, ірге көтеруді күн тәртібіне қойды. Екінші әуен - қазақ елі отаршылар тартып алған атамекенін, көш-қонысын қайтарып алуды көкседі. Жер қайғысы ел қайғысына айналды. Тіліне, дініне қауіп-қатер төнгенін түсінген қазақ халқы да тебіреніске ұшырады. Діни әуен мен ағартушылық әуен тоғыста» - деп көрсетеді.

Негізгі бөлім. Қазақ әдебиетінің тарихындағы діни-ағартушылық ағым осы кезеңде қалыптасты. Оның ұзақ уақыт айтылмай келгені, «бізде ұлтшыл, алашшыл атаулыдан кейінгі үлкен айып діншілдік қой...бисмилла деп сөз бастаған, Алланы ауызға алған басқа ақын-жыраулар, жыршыларды клерикал, діншіл деп айыптаудан алдымызға жан салмай келеміз».[4]

«Әдебиеттегі бұл көшпелі дәуір... қазақты патша саясаты билеп алған, қол-аяғын байлап, бағындырып алған, жерін алып, өзінің төрелерін қазаққа ұлық қыла бастаған, отаршылдық әрекетін күшейте бастаған, дінінен айыра бастаған уақытында келді», - деп Мұхтар Әуезов сипаттама жазған кезеңде, қазақ әдебиеті тарихында діни-ағартушылық ағым дамып, оның өкілдері өз өлеңдерінде заман жарасынан жазылар ем айта бастады. Сондай ақындардың бірі – Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлы. Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлы (1861-1903) кіші жүз Жетіру тайпасының Кердері руынан шыққандықтан ел арасында «Кердері Әбубәкір» атанған. Әбубәкір ауыл молдасынан сабақ алып, кейін Орынбор, Троицк қалаларында мектеп, медреселерді бітірді. Өлең-толғаулары ел арасында кең тараған. Туындылары өлең, толғаулар, хат өлеңдер, арнаулар, айтыстар, шежіре-жырлар түрінде келеді. Өлең толғауларында заман, адам, дін, өнер, ғылым, әдет-ғұрып, имандылық, мінез-дағды туралы тебіренді, дәуір бағдарын байқап, халқымыздың бағзы тұрмыс-тіршілігі мен хал-жағдайын жырлады.[5] «Заманның опасыз халіне айтқан» өлеңінде мынандай мәселелерді көтереді. Адамдардың пейілі бұзылды, көңілі қатты, тілдері жұмсақ болды. Асылдардың бағасы төмендеп, билікке жасықтар келді дейді. Бұрынғы билер қара қылды қақ жаратын, ақылын Құдай үшін жолдайтын еді, бұл күнде ондай билер жоқ дейді.

Қор болды бұл заманда алты нәрсе,

Нанарсың айтқаныма көзің көрсе.

Әуелі қор болғанның бірі билік,

Тұрады қатындар да ақша берсе..

Қор болған екіншісі сопы жолы,

Бұл жолды ұстаушы еді ердің зоры.

Әліптің атын білмес надан сопы,

Қорқамын бола ма деп діннің соры?

Сопылық Қап тауынан биік еді,

Теп-тегіс жетіп кетті жұрттың қолы....

Қор болған алтыншыдан рас ақыл,

Халық жүр рас сөзден болып қапыл.

Білмейді сөз фаһамын бағзы надан,

Дұрыс сөз бенде түгел хаққа мақұл.

Қор болған алты нәрсені осылай жырына қосып, алты нәрсенің парқының қаншалықты түсіп кеткендігін айтады.

Ақын қай кезеңде де құнын жоймайтын ақыл-кеңестер айтады.

Дос болмас сыртта жүріп мақтамаса,

Бір-бірін жамандықтан сақтамаса...- деп, нағыз дос адам сыртта бір-бірін мақтау керек, бір-біріне қорған болып, жамандықтан сақтануына көмектесуі керек дейді.

... «Тілі екеудің діні екеу» деген сөз бар,

Аңдамай бұзып алма дініңді адам- деп, басқа ұлттың тілінде сөйлесең, дініңді де бұзып алатыныңды ескертеді. Бұл тақырып қазіргі кезде де өзекті. Қазақ тіліміздің ана тіліміздің дауына үлес қосып, балаларымызды ана тілінде оқытып, тәрбиелеу қазіргі кезде ең басты міндеттердің бірі болып отыр.

Зар заман ақындарына тән ой орамдары, елдегі болып жатқан жағдай, салт-дәстүр мен тұрмыс-тіршіліктегі болып жатқан өзгерістерді сынай отырып жырына қосады.

Тар шалбар, бешпент шықты қынамалы,
 Жігітке шапан киген ұнамады.
 Сары жаз самауыры тағы шықты,
 Машина шүмегі бар бұрамалы...
 Ал мына өлең жолдарында кейбір өзгерістің дұрыс екендігін білдіреді
 ...Балшық үй бастың қамын салып,
 Қатынды баламенен тоңдырмаған...
 Патшаға қызмет қылдық жолға кіріп,
 Бұ қазақ жуасыды қолға кіріп.
 Бұрынғы надандықты жерге тастап,
 Түзелді осы күнде ғылым біліп.
 Ақын «Заманның опасыз халіне айтқан» өлеңін былай аяқтайды:
 Ойласам бұл дүниенің түбі жалған,
 Болған соң не шара бар хақтан фәрман.
 Замана жылдан-жылға түрлі болды,
 Күн болды қарағай басын шортан шалған.
 Бақа би қалған көлге деген болып,
 Біздерге әкімдерден көзін салған...[6]
 Өмірдің түбі жалған екендігін біле тұра хақтың басқа салғанын көреді екенбіз. Өмірде ұстанып
 жүрген салт-дәстүріміз бен тұрмыс-тіршілігіміз өзгерістерге ұшырап, барымызды жоқтап
 отырған жайымыз да бар.
 Әбубәкір Кердері Боранқұлұлының өлеңдерінің тақырыптары өзі өмір сүрген заманның XIX
 ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы елдегі болып жатқан өзгерістерге білдірген
 көзқарасы, ішкі толғанысы, бағасы. Өлеңдерінің тақырыптарынан-ақ ақынның не айтқысы
 келгендігін бағамдауға болады. «Заманның опасыз халіне айтқан», «Өткен еміншілік заманды
 жоқтап айтқан толғауы» өлеңдерінде ұлттық құндылықтарымыз, ата-баба жолымыз әлсіреп, ұят
 пен иманның, ар мен намыстың төмендеп кеткендігін күйіне жырлайды. Бірінші өлеңінде ел
 ішіне келіп жатқан ғылым-білімді, оқуды ғана қолдап жазады.
 Патшаға қызмет қылдық, жолға кіріп,
 Бұ қазақ жуасыды қолға кіріп.
 Бұрынғы надандықты жерге тастап,
 Түзелді осы күнде ғылым біліп.[6]
 Ақынның енді бір өлеңдері ақыл, нақыл, өсиет түрінде келеді. Мысалы «Байлар хақында
 айтқан өлең», «Өткен иманшылық заманды жоқтап» өлеңдерін келтіруге болады.
 ...Қайыры жоқ байлардан
 Ел қонбаған шөл артық.
 Жапанда суы суалып,
 Бақа сорған көл артық.
 Жебеп, желеп жүретін,
 Жұма сайын келетін,
 Иманы бар өлі артық [6]

Қорытынды. Жалпы, Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының өмірі мен
 шығармашылығына байланысты зерттеулерге шолу жасап, өз пайымды жасадым. Ақын
 өмірбаяны мен мұраларының әлі де зерттеуді қажет ететін тұстарының көп екендігіне көз
 жеткіздім. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясының отарлау
 саясаты мен елдегі болып жатқан өзгерістерді суреттейтін өлеңдері тарих үшін таптырмас
 ақпараттар деп білемін. Ақынның ақыл-нақыл, өсиет түріндегі өлеңдерінің құндылығы әлі де
 маңыздылығы мен өзектілігін жоғалтпаған. Қанша ұрпақ алмасса да құндылығын
 жоймайтынына сенімдімін. Алдағы уақытта ақынның әдеби мұрасын жинақталуына,
 талдауына үлес қоссам деген арманым бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы, 4 том, 3 бөлім.
2. Мәдібай Қ., Зар заман ағымы, Алматы., 1997
3. Әуезов М., Әдебиет тарихы, А., 1991
4. Бермағанбет. С. Діни ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының әдеби мұрасы. – Алматы «Қазақ университеті», 2012.-12-15 б.
5. Сүйіншалиев Х. ХІХ ғасыр әдебиеті.- Алматы: Мектеп,1981.
6. Бес ғасыр жырлайды. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1989.

МЕКЕМБАЙ АҚЫН – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Рахымбаев Ғалымжан Курсантәліұлы
Гүлстан мемлекеттік университеті
Қазақ филологиясы бағытының оқытушысы
Өзбекстан

Аңдатпа. Мекембай ақынның шығармаларын тақырыптық-идеялық тұрғыдан үйрену және поэтикалық тіліне талдау жасаудан тұрады. Мақалада ілгері сүрілген идеялар тақырыпты теориялық тұрғыдан маңызын ашып беруге өз септігін тигізеді.

Кіріспе, Өзбекстандағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі, белгілі ақын, мектеп оқулықтарының авторы – Мекембай Омарұлын балалар әдебиетінің ірі өкілі десек, артық айтпағандық. Сөзімізді дәлелі, М.Омарұлының 2017 жылы Алматы қаласында жарық көрген «**Ай астындағы айналайындар**» атты кітабы тікелей балалар әдебиетіне арналған қомақты дүние болды. Ақынның балаларға арналған шығармалары бұл жинаққа дейін де мектеп оқулықтарына еніп, баспа бетін көрген.

Ақынның «Ай астындағы айналайындар» кітабына балаларға арналған алуан тақырыптардағы өлеңдері, мысалдары, поэмалары аңыз-ертегілері және жұмбақ-жаңылпашатары енген. Кітап жас бүлдіршіндерге, мектеп жасындағы балаларға арналған. Кітап мазмұны жиырма бір тарауды қамтиды. Атап айтсақ, кітаптың беташары «**Туыстың береке, бірлігі**» деген атпен басталады. Бұл тарауға туған-туысқандарға арналған өлеңдер топтастырылған. Яғни ақынның ана, әже, әке, аға-іні сияқты туыстық атаулар туралы өлеңдері енгізілген. Мысалы, «**Ана**» атты өлеңінде ананың қадір-қасиетін ақындық шеберлікпен жеткізеді. Бұл өлең жас оқырманның да, ересек адамның да жүрегіне жылы тиіп, ең ұлы махаббат – «анаға деген махаббатқа» бөлейді.

Ақын:

Шуақты күнді көп көрген,

Жүрегі терең көк көлден.

Перзенті үшін шырылдап,

Түн ұйқысын төрт бөлген

Анадан артық жан бар ма?¹ – деп, балаларға бұл өмірде анадан артық жан жоқ екенін ұқтырмақ болады. Перзенті үшін отқа да, суға да түсе алатын адам тек қана «Ана» деп тұжырым жасайды. Перзентінің қамын жейтін жан ана екенін айтып, бала бойында анаға деген сүйіспеншілік сезімін асыра түседі.

Негізгі бөлім. Мекембай Омарұлы – нағыз отаншыл ақын. Ақын таланты «Отан» тақырыбында Күндей нұр шаша түседі. М.Омарұлы шын мәніндегі патриот ақын. Өйткені ол өз өлеңдерімен бүкіл халықты туған жерді сүйуге, Отанды қорғап, аялауға баулиды. Сондықтан, «Ай астындағы айналайындар» кітабының екінші тарауы «**Отанның тату тірлігі**» деп аталуы бекер емес. М.Омарұлының «Отан» тақырыбындағы өлеңдерінің идеялық қуаты күшті, сыршылдығы мол, патриоттық сезімге толы.

Ақын, «Отан» атты өлеңінде:

¹ Омарұлы М. Ай астындағы айналайындар. Жинақ. –Алматы: Немцова Н.С., 2017. 6-бет.

Отан деген –
Желбіретіп туларын,
Белін мықты буғаным.
Құрыштай бір бірігіп,
Ата жолын қуғаным,² –дейді.

Өлеңде Отанға деген мақтаныш, сүйіспеншілік лебі аңқып тұр. Сондай-ақ, патриоттық сезім, өз елінің бірлігін, ерлігін мақтан тұтқан ертеңгі ер азаматтың рухы сезіледі. Жас оқырмандарын ғибратты ойларға жетелей отырып, солардан белгілі бір қорытынды шығарады. Балаларды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, бала санасына Отан қасиетін ұқтыра түседі.

«Ай астындағы айналайындар» кітабының кейінгі тараулары ақынның **«табиғат»** тақырыбындағы өлеңдерін қамтиды. М.Омарұлының бұл тараулардағы өлеңдері балаларды аң-құстар, жан-жануарлар, жәндіктер, өсімдіктер әлемімен таныстырады. Сондай-ақ, табиғат құбылыстары және жыл мезгілдерінің сырын оқырманға ақтара түседі. Балалардың жан-жануарларға деген қамқорлығын, мейірімділігін, албырт сезімін оятатын ақынның «Арманың не?», «Мойнақ», «Құмырсқа», «Балара», «Инелік», «Балық», «Көбелектер» т.б. атты бір топ туындылары да – тартымды мазмұнға құрылып, құнды ойларымен оқшаулана алатын өлеңдер.

Ақын «Көбелектер» өлеңінде:

«Қуған ұят болады таякпенен», –
Деп барлығын іштей де аяп келем.
Айтқандай, көбелектер қанаттарын

Қай суретші ағайға боятты екен,³ - деп, балаларды тіршілік иелеріне деген құрмет, бүкіл табиғатқа деген сүйіспеншілік, жәндіктерге деген қамқорлық секілді ізгі адамгершілік ойларға жетелейді.

Сондай-ақ, «Мойнақ» атты өлеңінде:

Мектепке ақ таң атқанда,
Шығарып салып, «жар салар».
Мектептен келе жатқанда,

Алдымнан шығып қарсы алар,⁴ – деп, балаларды жануарлардың достық қасиеттерімен таныстырады.

Міне, осындай идеялық мазмұны күшті өлеңдерді оқып өскен балаларда табиғатты аялау, абайлау, қорғау, қолдау сияқты мінез-құлық қалыптасады.

«Ай астындағы айналайындар» кітабының бірнеше тарауы балалардың тілін, логикалық ойын дамытатын және тапқырлыққа үйрететін өлеңдер мен жұмбақтарға арналған. Ақынның балаларға арналған өлеңдерінің бір тобы – санамақтар. Санамақ – қазақ халқының жас балаларға арналған ұлттық ойыны. Зеректікті, ептілік пен икемділікті дамытатаын ойын болып табылады. Сандарды қайталап айтқызу арқылы балаға алғашқы математикалық білім – санауды үйретеді. Ақынның «Ноль, бір, екі үш деймін», «Бірінші», «Бес саусақ» т.б. өлеңдері санамақ жанры үлгісінде жазылған. Мысалы, «Бірінші» деген өлеңінде ақын:

- Әтеш неден бірінші?
- Шақырудан бірінші.
- Есек неден бірінші?
- Ақырудан бірінші.
- Құмырсқа неден бірінші?
- Ақ бидайды жердегі

Тасудан ғана бірінші. – деп, оқырманға сұрақ қойып, әрі баланың танымдық білімін арттырады, әрі балаға реттік санды үйретеді. Мұндай өлеңдер сандар мен сөздерді қайталап айтқызу арқылы баланың ойлау қабілетін арттырып, сөздерді анық айтуды үйретеді.

² Осы жерде. 28-бет.

³ Осы жерде. 72-б.

⁴ Осы жерде. 58-б.

Мекембай Омарұлының балаларға әкелген үлкен базарлығының ішінде халықтың байырғы ауыз әдебиеті үлгілері жаңғыра түседі. «Ай астындағы айналайындар» кітабына ақынның жұмбақ-жаңылтпаштары да енгізілген. Ақын жұмбақтары алуан тақырыптарда жазылған. Мысалы, аспан әлемі, табиғат құбылыстары, жер, хайуанаттар, адам, үй жабдықтары, іс-құралдары, оқу-білім, әріптер сияқты тақырыптар.

Ақын қазақ әліппесіндегі әрбір әріпке арнап «Әріп жұмбақтар» жазды.

Ағада бар,

Жеңгеде жоқ.

Тағада бар,

Теңгеде жоқ? (А)⁵

Мұндай жұмбақтар баланың ой-өрісін, алғырлығын, тапқырлығын дамытады. Сонымен қатар әріптерді де үйретеді.

Қорытынды. Қорыта айтсақ, бүгінгі жаһандану процесінде, өз ұлтының болашағын ойлаған халықтың өз алдына қойған ең өзекті мәселесі – бала тәрбиесі. Балалардың сана сезімін улап алмас үшін, бала тәрбиесіне ерекше ден қою – дәуір талабы. Баланың қиялымен, арманымен астастыра жыр жаза білген Мекембай Омарұлы сияқты көрнекті ақын-жазушыларымыздың шығармаларын оқыту балалар тәрбиесінде ерекше маңызға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Омаров М. Күн күлкісі. – Ташкент: Истиқлол, 2013, – 72 б.
2. Омаров М. Махаббат. Жыр жинағы. – Ташкент: «Шарқ» баспа-концерінің бас редакциясы, 1999, – 80 б.
3. Омаров М. Шұғылалы елдің шабыты. Жинақ. – Ташкент: «Адиб», 2014, – 208 б.
4. Өзбекстандық қазақ ақындары жырларының антологиясы. Өлеңдер, термелер, толғаулар, айтыстар. (Құраст. М.Омаров) Ташкент, «Адабиёт учкунлари», 2017. – 502 б.
5. Омаров М. Ай астындағы айналайындар. Жинақ. Алматы, «Немцева Н.С.», 2017. – 420 бет.

⁵Осы жерде. 372-б.

КЕЙБІР ФРАЗАЛАР ТӨРКІНІ

Байкабилов Усербай Алимханович,

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Өзбек тіл білімі кафедрасы доцент м.а.

Өзбекстан

Аннотация. Қазақ тіл білімінде, түркологияда, фразеологияның ажлпы проблемалары бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ. Басқаша айтқанда, сан алуан фразеологиялық тізбектер дербес зерттеу объектісі болудан гөрі, ілгері-кейінді жазылған сөздіктерде, мақалаларда иллюстрация материалы дәрежесінде ғана қолданылып келеді.

Кілтті сөздер: фраза, тұрақты тіркестер, табу, эвфемизм, этимология, қайым, лексика-грамматикалық формалар, дыбыс құбылыстары.

Аннотация. Проблемы казахского языкознания, тюркологии, фразеологии до сих пор изучены фундаментально и не нашли своего исчерпывающего решения. Иными словами, многообразие фразеологических последовательностей используется лишь в ранге иллюстративного материала в словарях, статьях, написанных с опережением, а не как самостоятельный объект исследования.

Ключевые слова: словосочетание, устойчивые словосочетания, нахождение, эвфемизм, этимология, Кей, лексико-грамматические формы, звуковые явления.

Қазақ тіліндегі бірде бір сөз, не фраза кездейсоқ, қалай болса, солай жасала салмаған. Бәрінің де жүйесі бар, түпнегізі бар, себеп-салдары бар. Қоғам өміріндегі, халық тарихындағы неше алуан әдеби, мәдени, рухани процестердің ізі көп жерлерде тілден де орын тебеді. Мұның неше алуан дәлелін қайсыбір фразалардан да табамыз. Әрқилы әлеуметтік факторларға байланысты туған көптеген фразалардың о бастағы мағынасы әлденеше жүздеген жылдарды артқа тастаған тастаған соң, көмескілене бастайды. Тіпті қайсыбір компоненттері өлі мүше ретінде ғана тіркесіп, тірлік кешеді. Бұлар қай кезде, қандай жағдайға байлансты, қалай пайда болған деген мәселелердің басын ашу оңай шаруа емес. Ал осылардың түп төркінін тексеріп, себеп-салдарын анықтаудың тіл тарихы мен мәдениеті үшін маңызы ерекше.

Мәселен, «бұл менің қолым емес, Бибіфатиманың қолы» деген фразаны бұрын белгілі бір жағдайға ғана байланысты, діни тиісті адамдар ғана айта алады. Мұны ер кісілердің сөз қолданысынан, әрине таба алмайсыз. Босанғаны жатқан әйелдің белін ұстаушы кісі (әйел) осылай сөйлесе керек. Сондай-ақ, ертеде жыныстық ерекшелікке орай пайда болып, қалыптасқан фразалар қаншама. Тіпті алғыс-қарғыс мәнді тіркестердің әйелдер қолданысындағы түрлері бар. Табу, эвфемизмдердерге айналған сөздерге барсаң, бұл тақылеттес тіркестердің қалың қатарын тізіп шығар едік. Мысалы, *әдіра қал, көктемей, көктей солғыр, жүгермек келгір, көк шұнақ қар, желкең қиылғыр, қара басқыр, марту басқыр, төре бала, молда бала, мырза жігіт* т.б. тек әйелдер лексикасында ұшырасады. Осылардың көбінің қайсыбір сыңарлары, компоненттері бастапқы мәнінен алыстап, көнере бастаған.

Алайда бір ескере кететін нәрсе, көрінген сөзді көзінен тізіп, төркінін ашамын деп әлек болудың қажеті жоқ. Өзінен-өзі ұғынықты *бар, кел, ал, бер, жол, қара, ақ* т.т. тәрізді сөздердің этимологиясын зерттеп жатпаймыз. Жоғарыда ескерілген рухани, мәдени байланыс нәтижесінде әр кезде тілімізге енген шет сөздерді, сондай-ақ, мағынасы ескіре бастаған фразалардың сыңарларын таратып талдап беру тіл мәдениеті үшін аса қажет. Мәселен, ауызекі тілде жиі қолданылатын *пәміл шай, мәміле (мәмілелі) шай* тәрізді варианттас фразеологизмдердің пайда болуы екі түрлі құбылыспен ұштас. Бірінде – орыс тіліндегі *фамильный (чай)* сөзін қазақтар пәміл деп дыбыстық дыбыстық тұлғасын өзгертіп алған. Ал *мәміле шай* тек тікелей дыбыс өзгертуден ғана емес, өзгеше мағына танудан пайда болған. Бұл тіркестер *мәміле құрып, әңгіме-дүкен құрып ішетін шай* деген ұғымда қолданылады.

Ал *Атымтайдай жомартқа* қарама-қарсы мағынасындағы Қарынбайдай сараң тіркесі ескі діни әдебиеттердегі аңыз-әңгіме желісінде байда болған. Аңызда былай делінеді: Бұрынғы уақытта байлық Қарынбайдан аспаған, қайыр-садақа бермегені үшін оны жер жұтыпты-мыс, алдына салған қара құрым төрт түлік малы құрт-құмырсқа, бақа шаянға айналып кетіпті-міс. Мұндағы *Қарынбай* «ішек-қарын» деген төл сөзімізге тек сырттай ұқсап тұр. *Қарынбай* – арабтың *харун* сөзіне қазақтың бай сөзі қосылып жасалған деген жорамалдың жаны бар тәрізді. Түптөркіні, тегі әрі басқа тілден құралған мұндай тіркесімнің көптеген тілдерде кездесетіні белгілі.

Егінің өнімді болсын, астығыңа береке құтайсын дегенді қазақ *дихан дарысын* дейді. Қазақ тілінде *дихан егінші* деген мағынада жұмсалатыны белгілі. Орта Азия халықтарында ертеде жерге бай ақсүйек, алпауытты *дихан* деп те атаған. Бертінде бұл сөз «егінші, қара шаруа» мағынасында қолданылып, семантикалық аясы кеңейе түскен. Ал қазақ тіліндегі *дихан дарысын* деген бата-тілектің шығуы бұл сөздің парсы тіліндегі «жер атасы» деген мифологиялық ұғыммен байланысты.

Ер әбзелін түзеді деген тұрақты тіркес «ат жабдығын сайлады» деген мағынаны білдіреді. Мұндағы әбзел тіліміздегі басқа сөздермен де тіркеседі: *үй әбзелі, дастархан әбзелі*, т.б. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпанында» *шай әбзелі* деген тіркес бар. Әбзел парсы сөзі, «мүлік», «құрал» деген мағынада.

Тілімізде *жарамазан, жарапазан* деген сөз бар. Осы сөз *қашанғы жарамазан (жарапазан) айтамыз да жүреміз* («қашанғы қақсай береміз») деген фразға ұйытқы болған. *Жарамазан* сөзін қазіргі кезде бүгін сөз ретінде ұғамыз. Ал түптегіне қарасақ, екі сөзден құралған екен. Бұл сөз жалпы түркілік «жар» (жариялау, жар салу т.б.) сөзіне «рамазанның» (жылдың мұсылманға тоғызыншы айы) тіркесуі арқылы жасалып, дыбыстық өзгеріске ұшыраған. Тілдегі көмескі сөздердің барлығы бірдей шет тілдік сөз бола бермейтіні де белгілі. Ондай сөздердің бір алуаны ежелден бар, бастау тілден қалған белгі. Оларды туыстас тілдердегі факт айқындай түседі.

Қазіргі тілімізде мағынасы көмескеленіп, күңгірт тартқан сөздер, әсіресе, тұрақты тіркестер тобынан жиі ұшырайды. Өйткені олар плеоназм, қос сөз түрінде консервацияланып, басқа сөздермен жұмсалына береді. Олардың бірсыпырасын туыстас тілдермен салыстыра қарағанда «көне» сыры ашыла түседі. Мәселен, мына бір өлеңді оқып қараңыз:

Майда жал, қаз мойынды тобым қайда?

Бәрінен сыпырылдым бір-екі айда.

Үстіне жел шықпаса адам шықпай,

Бұла өскен аягөзім қандай жайда.

Осы өлеңдегі *бұла өскен* тұрақты тіркесінің «емін-еркін, өмірдің ыстық-суығын көрмеген» деген ұғымы түсінікті. Ал *бұла* сөзі жеке тұрғанда қандай мән-мағына білдіреді. Туыстас қырғыз тілінің материалына үңілсек, *бұла* дегеннің о бастағы мағынасы «жібек, биязы жүн» екен. Қырғыз фольклорында *бұла* менен жібекті...деп келетін қалыптасқан тіркес бар. Туыстас тілдердің бірінде кейбір сөздер, лексика-грамматикалық формалар, дыбыс құбылыстары көне тұрқын сақтап қалса, бірінде ішкі, сыртқы факторлардың әсерінен жаңа сипат алып, өзгеріске түсіп жатады. Сондықтан тарихшы-этимолог туыстас тілдердің фактісіне жиірек жүгінеді.

Тіл қолданысымызда *қайым болды, тұрмыс қайым болды* тәрізді тіркестер бар. Мағынасы – «өмірдің тегін білді, өмірге бейімделді». Мұндағы қайым сөзі қырғыздың «қайым айтышу», қазақтың «қайым өлең» дегендегі «қайым» сөзімен байланысты болуы мүмкін. Екі не бірнеше кісі өлең айтысқанда, бірі бастап, екіншісі қостап, аяғын жалғастыра ұйқастырып әкетуді қырғыздар «қайым айтышуу» дейді. Қазақтың қайым өлеңі көбіне той-томалақта айтылады. Қайым танушылардың жұрт таныған ақын болуы шарт емес. Кез келген қазақ қайым өлең құрастыруға икемді болады. Қайсыбір қаламгерлеріміз *күйсіз күлік* (бәйгеден бапсыз келген ат) тіркесін кейде «күйсіз көлік» деп көне тұрқын бұзып қолданады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Жүйрік атты қазақтың *сайгүлік, сайгүдік* дейтіні белгілі. *Сайгүлік, сайгүдік*

дегендегі *сай*-дың мағынасы – «аты шулы, атақты». Қырғыз тіліндегі *сай* сөзі *күлікке* де (*сай күлік*), *тұлпарға да* (*сай тұлпар*), *буданға да* (*сай будан*) тіркесе береді. Бұл үшеуі де «асқан жүйрік» мағынасында қолданылады.

Туыстас тіл материалдары мен ана тіл фактісін ұштастыра зерттеу, ішкі реконструкция тәсілін қолдану – этимологиялық ізденістің өнімді бір түрі. Тілімізде «*көбеңді көр де қой*» деген мақал бар. *Ат көбен тартты* (ат ұзақ уақыт өткізіп барып семірді деген мағынада), *көбең ат* (жедел, жіті жүрмейтін ат) тәрізді тіркестермен салыстырсақ, бұл мақалдың мәні айқындала түседі. Осылайша бір сөзге бір сөз, бір тіркеске екінші тіркес жарығын түсіріп, мағына көмескілігін ыдырата түседі. Тағы бірер мысал: *білеудей болып істі, тұлыптай болып істі, күтпей болып істі* тәрізді фразалық тіркестердің құрамындағы алдыңғы сыңарлар екінің біріне түсінікті емес, мұндай сөздердің тіл дерігінен бастапқы мағынасын іздеу қажет. *Білеу* «қайрақ» деген мағынада. Осы күнгі ұйғыр тілінде қайрақты «билэй» деп атайды. «*Жанымаға білемені білеп-білеп алып кел*» немесе «аузын айға білдеі» дегендегі *білеме, біле* сөздерінің тібірі бар. Ал жаңа туған бұзаудың терісінен істелген ыдысты қайсыбір кезде «тұлып» деп те атаған. Тілімізде *тұлып ішік* деген тіркес те бар. «Күтпей» сөзі *күпшек* (жастықша), *күпшек сан, тиірменнің күпшегі, доңғалақтың күпшегі* тәрізді сөздермен төркіндес. Қазақта «жаман-жәутік» деген қос сөз бар. Осындағы «жәутік» деген сөзге қандай мағына телінген? О баста бұл асық ұғымына орай пайда болған ба дайміз. Мүжілген асықты бір кезде «жәутік асық» дейді екен немесе құлағымызға баяғыдан сіңісті болып, жатталып кеткен «*Шық бермес Шағайбайды*» алайық. Сонда «шық» деген сөз нені аңғартады? «*Шық*» деп бір кезде түгі жоқ, тұлдыр кедейді айтқан екен. *Шығайбай* қазақ ауыз әдебиетінде сараңдықтың символы ретінде қалыптасып кеткен ұғым. Шегіне жеткен сараңдықтың *Шығайбай* деген бір сөзбен-ақ шенеуге болады. «*Шар қой*» дейміз. «Қойы» кәдімгі қой. Ал «*шар*» дегеніміз не? Бұл қартамыс, ірі, етті қой деген ұғымды білдіреді.

«*Ұлың Ұрымға (Үрімге), қызың Қырымға*» деген фразеологизм бағзы бір уақыттарда әр алуан ұғынылатын сияқты. Мұның жағымды және жағымсыз мәні бар. Ең алдымен, «ұлы-қызын өсіріп, орын-орнына жайғастырып, я жай тапқан кісі» деген ұғымды білдіретін тәрізді. Сонымен бірге, бұл фраза басқа сөздер ауанына қарай өзге де мағынаны жетелей жүреді. Мәселен, осы тіркеске *кетсін, шұбасын* (шұбатылсын) сияқты етістіктер қосақталса, жағымсыз мағына жамылып, тіпті, қарғыс мәнге көшіп кететіндері бар.

Мұның этимологиясы мынадай нәрселерді аңғартады. *Ұрым*, не *Үрім* ескі әдебиетте Византия (немесе Кіші Азия) деген ұғымды білдіреді. Осы сөздің ауанына қарай *Қырым* (ұйқас куудан туған болу керек) сөзі жарыса қолданылады. Ал *Ұрым* (Үрім) сөзі қазақ, тіпті, қыпшақ тілдерінде (қазақ, осы күнгі қырғыз, т.б.) *үрім-бұтақ* деген ұғымның бір сыңарында кездеседі. Бұл – «ұрпақ, тұқым-тұяқ» деген сөз. Тілімізде *ұлын ұяға, қызын қияға* деген бата-тілек мағынасындағы фраза да осындай жағымды мәнге ие. Демек, осы тәрізді сан алуан фразалардың түптөркінін ашып, қолданылу (стилистикалық) аясын анықтау игі міндет.

Осыған орай ескерте кететін бір мәселе, қазіргі кезеңде фразеология деген саланың лексикологиядан бөлініп, дербес отау тіккен пәнге айналғаны. Мұны құптамасқа болмайды. Неге десеңіз, бұл пәннің өзге салалардан ерекше тұратын өзіндік белгілері мен қасиеттері айқындалып бітті. Сондай ерекшеліктің біз мынадай басты-басты үш белгісін атап айтар едік. Ол, ең алдымен, тұлғалық, әрі мғыналық тұрақтылық және өлеңдегі ылғи қайталанып келіп отыратын қайырма тәрізді дайын материал екендігі. Айтылған ойдың біразын айқындай түсе ме деп, жоғарыда тұрақты тіркес, бірер сөздің түптөркініне шолу жасадық.

ӘДЕБИЕТТЕР :

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1993.
2. Байкабилов У. Тіл білімінің негіздері. Т., 2023.
3. Байкабилов У., Г.Нишанова., Д.Дуйсабаева. Қазақ тілі 6-сынып. Т., 2023.
4. Байкабилов У., Д.Дуйсабаева. Қазіргі қазақ әдеби тілі. Т.,2015.
5. Байкабилов У., Ш.Ботирова. Мәнерлеп оқу және тіл мәдениеті. Т.,2022.
6. Бектұров Ш. Қазақ тілі. А., 2006.
7. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2008.
8. Қазақ тілі грамматикасы. А., 2010.

СРАВНИТЕЛЬНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ С КОНЦЕПТОМ «ЦВЕТ» В РУССКОМ И УЗБЕКСКОМ ЯЗЫКАХ

Собирова Башират Баходировна
Гулистанский государственный университет,
Узбекистан

Аннотация. В данной статье рассматриваются паремиологические единицы русского и узбекского языков, в которых важную роль играют цветовые компоненты. Паремиологические единицы с цветовыми элементами языка имеют много общего в русском и узбекском языках, так как они отражают универсальные понятия и представления людей о мире. Тем не менее, большинство паремиологических единиц каждого языка обладают своей национальной спецификой. В данной статье приводятся паремии, которые содержат в себе культурно-национальный колорит. В результате проведенного исследования было определено, что русские и узбекские паремии, содержащие цветовые компоненты, обладают множеством удивительных значений.

Ключевые слова: паремы, выражение, фраза, словосочетание, русский язык, узбекский язык, концепт, цвет

Паремии являются народными выражениями, отражают историю и культуру языкового сообщества. Пословицы с концептом «цвет» в узбекском и русском языках обладают специфическими особенностями, выражающимися в их номинативной плотности, образно-метафорической сущности, оценочных моделях. Паремиология изучает пословицы, поговорки, пословичные выражения и изречения, которые кратко и образно отражают традиции, обычаи и ценности народа, основанные на его культурном и социальном опыте. Накопленный и обобщенный в паремиях жизненный опыт народа является объектом изучения как лингвистики, так и наук, имеющих непосредственное отношение к человеку, - лингвокультурологии, этнологии, антропологии и др. Паремиологический фонд любого языка является частью всемирного культурного наследия, богатейшим материалом для исследования, способствующим росту эффективности процесса межкультурной коммуникации.

Паремиология выступает главнейшим источником информации о культуре и менталитете народа. Параметры планов содержания и выражения пословиц и поговорок подчинены особенностям репрезентации как национальной, так и языковой картин мира лингвокультурного сообщества. Природа значений фразеологических единиц в целом тесно связана с фоновыми знаниями носителя языка, практическим опытом личности, культурно-историческими традициями народа, говорящего на данном языке. Пословицы и поговорки отражают историю народа, его этнические и языковые особенности, т.е. национальную картину мира. Если сравнить пословицы и поговорки разных народов (русского и узбекского) можно увидеть не только общее в видении мира, но и национальное, специфическое, отличающее восприятие мира и формирующее национально специфическую языковую картину мира. Изучение языковой картины мира через сопоставление пословиц разных народов дает возможность более точно описать национально обусловленные черты народа. Сопоставление русских и узбекских пословиц поможет выявить то общее, что объясняется понятием универсальности, и то частное, которое и составляет национальную специфику картины мира каждой страны. Паремии занимают особое место в языковой картине мира, поскольку они наиболее образно, аргументировано и лаконично позволяют выразить целый комплекс культурных смыслов. Причина особой роли паремий в выражении значимых для национальной культуры категорий заключается, прежде всего, в их богатом семантическом потенциале и объясняется рядом функционально-семантических особенностей, раскрывающих свойства паремий как языковых знаков особой природы. Паремии, как единое

целое, охватывают большую часть человеческого опыта. Они позволяют представить фрагмент языковой картины мира, национальный характер носителей разных языков.

Лингвокультурный концепт «цвет» представляет собой бинарную оппозицию и являются ключевыми концептами мировой культуры. Семантическое поле Белый/ок отражает философские категории человеческого сознания. Универсальные понятия, которые заключают в себе представление о добродетели и пороке, находят свое отражение в языке пословиц узбекского и русского народов, что свидетельствует о различии и особенностях их менталитета.

Рассмотрев пословицы, существующих в узбекском и русском языках, мы обнаружили как сходные черты, присущие обеим культурам, так и различия. Общий источник происхождения пословиц приводит к образованию полных эквивалентов в обоих языках. Экспрессивно-оценочная коннотация и образность как в узбекских, так и в русских пословицах создается за счет контраста, параллелизма синтаксических конструкций, нередко за счет включения необычных лексических компонентов.

Пословицы – это не только зеркало народной жизни, отражающее многовековой опыт народной мудрости, но и хранилище ценностей и богатств народа: обычаев, нравов, традиций. Мир, окружающий нас, по-разному воспринимается представителями разных стран, и таким же непохожим можем увидеть его в пословицах и поговорках. В пословицах так же, как и в притчах содержатся нравоучения и отражаются идеалы, представления народа о морально-нравственных нормах, бытовой и общественной жизни.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Алефиренко, Н. Ф. Фразеология и паремиология : учеб, пособие для бакалаврского уровня филологического образования / Н. Ф. Алефиренко, Н. Н. Семенов. -М . : Флинта : Наука, 2009.
2. Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В. Н. Ярцева. - М. : Сов. энцикл., 1990.
3. Кусковская, С. Ф. Русские пословицы и поговорки с соответствиями в английском языке / С. Ф. Кусковская. - Минск : Вьттт. тик., 1992.
6. Зимин, В. И. Пословицы и поговорки русского народа. Большой объяснительный словарь / В. И. Зимин, А. С. Спирин. - Ростов н/Д : Феникс, М. : Цитадель-трейд, 2006. - 544 с.
8. Даль, В. И. Пословицы русского народа : сб. : в 2 т. / В. И. Даль. - М., 1996.

КӨНЕ ТҮРКІЛІК ӘДЕБИ МҰРАНЫ ЗЕРДЕЛЕГЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮЛҒА

Берікқызы Нұрсәуле, докторант

Ғылыми жетекші: С.Ә. Қалқабаева, ф.ғ.к., доцент

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Алматы, Қазақстан

Кіріспе. Егеубаев Асқар Құрмашұлы – ақындық, әдеби сыншылық талантымен танылып, көне түркі дәуіріндегі әдеби мұраларды аударып, олардың мәтінін кешенді зерттеумен айналысқан аса көрнекті шығармашылық тұлға.

Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ өлеңдері мен мақалалары аудандық газетте жарияланып тұрғандықтан Марқакөл аудандық «Шамшырақ», «Маяк» газетінің редакциясы жас Асқарды аудармашы, әдеби қызметкер қызметіне шақырады. 1968 жылы Зайсан аудандық «Достық» газетіне ауысады. Асқар Егеубаевтың осы жылдардағы еңбегі туралы ҚР ҰҒА академигі, әдебиетші-ғалым Серік Қирабаев: «Бұл жылдары ол талантын шыңдап, журналистік кәсіптің қыр-сырын түсіне бастайды, өлең өлкесіне беріле жұмыс істейді. Оның өлең, публицистік мақалаларымен қатар, редакцияға келіп түскен өлеңдерге шолу жасап, өз пікірін айтқан сын мақалалары жарияланады» [1, 30], – деп баға береді.

1969-1974 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде білім алған Асқар Құрмашұлы өмірінің соңына дейін қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымына қатысты маңызды еңбектер жазды.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдан бастап-ақ зиялы қауым қазақ халқының өткен тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне аса ыжаһатпен қарап, зерделей бастады. Себебі, өткенімізді білмей болашаққа сеніммен қарау мүмкін емес еді. Әдебиетші ғалымдарымыз қазақ әдебиетінің тарихын тереңнен тартып, зерттеуге кірісті. Жазушылар қазақ ұлтының жүріп өткен кедір-бұдыры сан қилы жолын қара сөзбен бейнелесе, ақындар тарихымыздағы ірі тұлғаларға жыр арнады. Өздері де өткеннен өнеге алып, түркі дүниесінен нәр алды. Тасқа қашалып жазылған түркілік рухты көтеретін жазбалардан бастап, хандар қасында толғаған жыраулар поэзиясына дейінгі әдеби жәдігерлер қазақ әдебиеттану ғылымына құлабыз болды.

Тас қамалдар

Бірде жоқ та бірде бар.

Тас қабырға үгітіліп құм болар.

Көзің түссе жазуларға жан кіріп,

Құм астынан көтерілер күнде олар!

Сарай, шаһар, құм, тас, адам...

тағдырлас

Тағдыр бәрін жер бетінде қалдырмас.

Ғұмыр заңы.

Жазмыштан озмыш жоқ.

Жазу ғана жазмышқа талдырмас [2, 348], –

деп Асқар Егеубаевтың өзі жырлағандай, ол көне түркі әдебиеті мен жазба ескерткіштеріне өткен ғасырдың сексенінші жылдарында-ақ ден қоя бастады. 1986 жылғы түркі әдебиетінің асыл жауһары, әлем әдебиетінен ерекше ойып орын алатын, атақты «Махабхарата», «Шахнама», «Златоуст», «Сиясатнаме» сынды классикалық шығармаларымен терезесі тең түсетін, түркі заманындағы атақты қарахандықтар билігі тұсында жазылған Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» дастанын көне түркі тілінен қазақ тіліне тұңғыш рет аударады.

Негізгі бөлім. «Құтадғу білік» бұл ең алдымен адамгершілік пен имандылыққа, білімділік пен біліктілікке, әділдік пен еңбекке үндеген түркі тіліндегі дидактикалық шығармалардың көш басшысы ретінде бағаланады.

Жүсіп Баласағұнидің шығармасы жазылғаннан кейін, он ғасырдан астам уақыт өткен соң ғана қазақ тіліне аударылды. Бұл уақытта көптеген көне түркі сөздері өзгерілді,

ұмытылды, жойылды, көптеген сөздердің мағынасы өзгерді. Асқар Егеубаев өзіне дейінгі аудармаларды түпнұсқамен салыстыра отырып, біліктілік жайындағы көлемді шығарманы түпнұсқадан ауытқымай, қазақ түсінігіне сай, шұрайлы әдеби тілмен көркем аударып шықты. Аудармашы-ақын тәржіма барысында төмендегі мәселелерге ерекше мән береді:

Біріншіден, түркі поэзиясындағы ежелден қалыптасқан он бір буынды бармақ үлгісімен аударған.

Екіншіден, дастанда кездесетін қазіргі тілімізде кеңінен қолданылып жүрген сөздерін, сөз тіркестерін сол күйі алған. Себебі, түпнұсқа сөзі неғұрлым сақталса, соғұрлым қасиеті мен құндылығы арта түседі.

Үшіншіден, халық санасында қалыптасқан және ұмытылып бара жатқан сөз тіркестері көне түркі поэзиясында көп кездескендіктен теңеулер мен көркемдік желілер, айшықты сөздер өзгеріссіз берілген. Бұлай беру шығарманы ұлттық әдебиетімізге жақындата түседі.

Төртіншіден, автордың негізгі ойын, шығармадағы төрт басты кейіпкердің ішкі ерекшеліктерін, олардың өзіндік сипатын аудармашы ескеріп, жоғалтып алмауға күш салған.

Бесінші, өлең құрылымы, жүйесі мүмкіндігінше сақталған болу керек. Бірқатар бәйіттердің сөздері түгелдей дерлік түсінікті болғандықтан сол күйінде қалдырған немесе қазіргі қазақ тілі заңдылығына сәйкес тек сөздердің орындарын алмастырған.

Ақын Асқар Егеубаевтың аталмыш аудармасы жөнінде академик Серік Қирабаев: «Мұндай күрделі туындыны қолға алу үшін тек қана тәуекелге бару аздық етеді. Ол үшін ішкі дайындық, үлкен білім, асқан табандылық қажет болатын. Асқар «Құтты білікті» аудару ісіне өте жауапкершілікпен келді. Ежелгі көне түркі тіліндегі нұсқасын зерттеп барып, бұрынғы-соңғы зерттеулерді зерделей отырып кірісті. Мұның өзі ежелгі рухани мұрамыздың көркем аударылуына, оның түпнұсқаға барынша деңгейлес әрі ондағы айтылған ойлардың дәлме-дәл жетуіне себебін тигізді. Кезінде оны сынап- мінегендер де болды. Бірақ та адал еңбек адамды қашан да қиянаттан ақтап алады. Қазір Асқардың бұл еңбегі түркітану саласындағы аса құнды аударманың бірі ретінде бағаланып, шетелде де жарық көріп жатыр» [1, 64], – деген пікір білдіреді.

Асқар Егеубаев Қарахан дәуірінде дүниеге келген түркі мұрасын аударып қана қойған жоқ, сонымен қатар 1989 жылы «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны (XI) және оның классикалық қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуына ықпалы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация корғады. Мұндағы басты мақсаттардың бірі – он ғасыр бұрын жазылған түркі ескерткіштерін зерттеп саралау арқылы қазақ әдебиетінің тарихына қанығу, ежелгі түркілердің жыр жазу дәстүрін үйрену, ата-бабалар мәдениетінің қымбат қасиеттеріне, мұраларына зер салу. Аудармашы-ғалым қарахандықтар дәуірінен жеткен асыл мұраны аударып, зерттеп оны қазақ ақындарының жырларымен салыстырады. Баласағұндық ақынның шығармасында сөз болатын тақырыптық және идеялық көзқарас ұқсастығын қазақ әдебиетінің соңғы бес ғасыр ішіндегі шығармаларынан іздейді. Бұл жөнінде Асқар Егеубаев «Қалың оқырманға егжей-тегжейлі таныс Бұхар жырау, Абай, Шал ақын, Ақмолла тағы басқа ірі дарындар творчествосы мен эстетикалық көзқарастары Жүсіп Баласағұн ойларымен тұтастай бірлікте. Бір өлең, екі өлеңдегі ұқсастық жөн бір басқа, ал бүкіл шығармаларын көктей өткен творчествалық сымбат пен суреткерлік көзқарас бірлігі мүлде басқа. Бұл – дәстүр, мектеп. Жеке-жеке ірі тұлғалар мен халық эстетикасының бірлігі» [3, 166], – деп ой қорытады. Өз де адамгершілік пен имандылық, шынайы достық, махаббат, сүйіспеншілік, адалдық туралы тебірен жырлайды. Асқар Егеубаев «Әділет» атты өлеңінде:

Әділет бар
Жаратылыс заңы бар.
Жанды-жансыз мақұлықтар табынар...
...Маңайымыз әділдіктің орманы.
Бірін-бірі шырмап-матап жатқаны
Әділеттің үзік-үзік жолдары.
Бәріміз де, бәріміз де, Әділміз!
Бәріміз де, Әділетке әмірміз...

Құл етуге... құл болуға... әзірміз
Сөйте тұра Әділетке зәруміз... [2, 210], –
деп әділдікті асқақтатса, енді бірде:

Өз ортаға түсті екен бақ сынап,
Айтқан жақсы, айта білген жақсырақ.
Айтқан сайын шындық татыр ащырақ,
Айтқан сайын сөзің тартар қаттырақ.
Қатты болсын, ащы болсын - ірікпе,

Шындығыңды шаранада шірітпе!
Тірі өлікті тіліңменен тірілт те,
Шындыққа айнал,
Шындық ұқсас жігітке! [2, 210] –

деген жолдармен шындықтың туын желбіретеді.

Әділдік пен Шындық бір-бірінен ажырамас егіз ұғымдар. Бірі болмаған жерде екіншісі болуы – неғайбыл. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы ақындар бұл екі ұғымды жырлауға жалықпаған да, шаршамаған да. Әділдік пен Шындық жоқ жерде адам баласы – тірі өлік дейді. Ол екеуі жоқ жерде жалғандық жайлап, әділетсіздік билейді.

Жүсіп Баласағұн әділдікті құт-берекеге, кісілікке теңесе, ақын Асқар Егеубаев әділетті әрбір адамға, шындықты мәрт жігітке теңейді. Әрбір адам әділ болса, әділет үстемдік етпек. Оны басқадан талап етуден бұрын өз ойыннан осы қасиетті көре білу керек. Шындықты айтып, әділет жолын таңдағанда ғана Ж. Баласағұн айтқан құт-берекеге, кісілікке жетуге болатынын пайымдайды.

«Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы». Қазақ халқы ежелден білімге аса мән берген. Білімдіні өзгеден жоғары қойған. Сол үшін де «білімді мыңды жығады» деп даналықпен өсиет қалдырған.

Алған білімге масаттанып, өзгеге менсінбей қарау білімсіздіктің яғни надандықтың белгісі. Дана болу даналық халықтан шығады. Адамдармен тең дәрежеде сөйлесу ақылына – ақыл, ойына – ой қосады. Ақыл мен Білім, Парасат пен Шеберлік, Даналық пен Шешендік тоқтаусыз дами береді. Бұл қасиеттер адамға оқып-үйренумен ғана келмейді, оған сана-сезімді ұштап, ой-түйсікті шыңдау арқылы да жетуге болады. Ежелгі әдеби жәдігерлердегі біліктілік туралы жырлармен сусындаған, оны қазаққа ұғынықты, жатық қылып поэзия тілінде аударған А. Егеубаев білім мен ғылым дамыған, технологиясы шарықтаған ХХІ ғасырда оқу мен үйренуге үгіттемейді. Себебі елдің бәрі сауатты мына заманда ол туралы сөз қозғаудың өзі артық. Қазіргі уақытта негізгі мәселенің бірі – алған білімді санаға дұрыс сіңіру, өмірде өз орнымен пайдалану.

Біліміңе масаттанба, тасынба,
Білемін деп өзіңді ерек асырма!
Білмегенмен біліктідей санасып,
Ақылдассаң одан да ақыл аласың!

Білімсіздің сөзін теріп қарасаң,
Біліміңмен керек кеңес табасың.
Білімнің де, шеберліктің шегі жоқ,
Шеберлігі асқан шебер тегі жоқ! [2, 349].

Өзіне дейінгі көне түркі және қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларына қанық Асқар Құрмашұлы Егеубаев та жоғарыдағы үрдіспен жыр жазуды ұмытпайды. Ақын әрі әдебиетші-ғалым ежелгі әдеби мұралар мен қазіргі әдебиет бітімінен поэтикалық жалғастық пен жаңғырудың бір бедерін осыдан іздейді. Аталмыш көне түркі тілінде жазылған рухани мұралардың табиғатына үңілгенде олардың жеке дара жаратылмай тұтас бір имандылық, адамгершілік, ізгілік пен махаббат аясында туындағанын аңғарады. Қасиетті Құран мен түркі ақындарының шығармаларын қатар оқи отырып, түркі шайырлары құдіретті кітапта

айтылатын кісілік, ақиқат қағидаларын, шариғаттың шарттарын бұқара халыққа философиялық жырлармен жеткізгенін түсінеді. Өзі де шабыттанып:

Лә иләһа илло-алла!
Лә иләһа илло-алла!
Құдіретті бір Алла!
Үіліндей сәбидің,
Іңгәлаған туғанда!
Тілдің өзі-ақ себебі,
Кәлимаға келеді.
Бір Аллалап туған жан,
Бір Аллалап өледі [2, 273], –

деп жырлайды. Ислам көзқарасы бойынша адам баласы алғаш дүние есігін ашқанда күнәсіз, пәк, періште қалыпта болады. Нәрестенің қалай тәрбиеленуі ең алдымен ата-анасына байланысты. Оның адамгершілік қасиеті, үлкенге құрмет кішіге ізет білдіру имандылықтың нышаны. Ақын Асқар Егеубаев «Үіліндей сәбидің, Іңгәлаған туғанда», «бір Аллалап туған жан» деген жолдар арқылы қазақ халқы баланың туа бітті рухани қажеттілігін бесіктен бастап, тәрбие саласында кертартпалыққа салынбай, дінсіздік, күпірлікке жол бермей, Алланың есімін сәбидің құлағына дүние есігін ашқаннан сіңіруді мақсат тұтқанын меңзейді. Туғаннан «Алласы» аузынан түспеген тауа жанның соңғы демі таусылғанда «бір Аллалап өлетіні» тағы ақиқат. Ақын осыған кері қоғам туралы, бұдан ары:

Бас көтеріп нанбадық,
Ауызға да алмадық
Аяқ астын шұқынып,
Аяқ астын қармадық, –

деп құдайын ұмытқан қоғам туралы ашына жырлайды.

Қорытынды. Дінсіздік жайлаған жылдарда құдайға құлшылық қылу былай тұрсын, Алланың атын атап, кәлимаға тіл келтіру қиын еді. Кеңес Одағы заманында мектептер мен жоғары оқу орындарында құдайсыздық дәрістері жүргізілді. Ал тәуелсіздік алған жылдарда барлық діни сенімге рұқсат беріліп, көптеген қазақтар өзге дінге бой ұрды. Тіршілік күйбеңімен зиялылар бас көтере алмады. Жер шұқып, мұрын астымен сөйлегендері өзінен басқаға естілмеді. Ақын Асқар Егеубаев құрықсыз кеткен дүниенің сұрықсыз келбетіне таңдана қарап, жаратқан Аллаға тәубе етеді.

М. Қашқари мен Ж. Баласағұн шығармаларын ең алғаш болып қазақ тілінде сөйлетіп, ғылыми талдау жүргізген, Абай өлеңдерімен сусындап, қазақ поэзиясының бастау бұлақтарынан нәр алған ақын, сыншы, аудармашы, түркітанушы-ғалым Асқар Құрмашұлы Егеубаевтың ғылыми және әдеби шығармалары зерделеп зерттеуді қажет ететін құнды дүниелер екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қирабаев С. Ақын, сыншы, аудармашы, педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Егеубаевтың шығармашылық және ғылыми қызметі туралы қысқаша очерк // Егеубаев Асқар Құрмашұлы: Библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2007.
2. Егеубай А. Тандамалы шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Өлке, 2005.
3. Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). - Алматы: Ана тілі, 1998.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА Ә.НҮРПЕЙІСОВТІҢ «СОҢҒЫ ПАРЫЗ» РОМАНЫН ЖОБА ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ

Атаханова Н.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының докторанты

Бисембай Р.А.

С.Өтебаев атындағы Атырау МжГУ

аға оқытушы

Кіріспе. Әдебиет пәні жеке тұлғаның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады. Сондықтан да әдеби білім мазмұны болып табылатын оқу бағдарламалары мен оқытуды жетілдіру әдістемесінің даму тарихында қалыптасу үрдісінде назарда болады, сөйтіп олар әдебиет пәні құрылымын құрайды.

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі жазылған ғылыми еңбектерде, әдеби шолу мақалаларда романдарды тақырыптық тұрғыдан тарихи және заманауи деп жіктеліп бөлу жиі байқалады. Ал, осы екінші аталған тақырып, яғни қазіргі заманауи тақырыптар, қоғам мен адам, жаһандық дәуірдегі адамның жеке тұлғасы, уақыт тынысының әдеби кеңістікте қалыс қалуы қазіргі әдеби сында, жалпы оқырмандар тарапынан сөз болып жүр. Бірақ, үзілді-кесілді бұндай шешім айтып, ауызды қу шөппен сүртуге де болмайтыны ақиқат. Өйткені, әдеби процесс үздіксіз қозғалыс үстінде, қаламгерлеріміз өз үлестерін қосып келеді. ХХІ ғасыр қазақ романдарының көркемдік дәрежесі әр түрлі болғанымен, қаламгерлер өз туындыларында бүгінгі қоғамның тыныс-тіршілігін, дәуір шындығын, «адам-қоғам-әлем» сынды антропоцентристік бағыттағы бір-бірімен ажырамас ұғымдарды көркемдік тұрғыдан игеріп, адами құндылықтар, жаһандық дәуірдегі адамзаттық мәселелерді бүгінгі қазақ елінің мүддесімен тығыз байланыстыра жазып келеді.

ХХІ ғасыр шеңберінде әдеби сынға ілініп, қазіргі заманауи тақырыптарды көтерген романдардың көш басында Ә.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романы тұрса, одан кейінгі жылдарда жарық көрген туындылар қатарынан М.Мағауиннің «Жармақ» (2009), Д.Досжанның «Ақ Орда» (2005), С.Елубайдың «Жалған дүние» (2003), Әлібек Асқардың «Бір күн, бір түн» (2008), М. Шайырдың «О, данышпан дүние» (2008), Д.Батыр «Жарсыз өткен ғұмыр» (2008), Ә.Ыбрайұлының «Ұяластар» (2005), «Зауқайыр» (2014) роман-триллері, А.Әлменбеттің «Мимырт» (2013), Абдырақын Нұрқалықтың «Иірім» (2010), Дархан Бейсенбекұлының «Қылтұсау» (2015), Нұртас Исабаевтың «Өмірге құштарлық» (2012), Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» (2013), Зияш Төлеуованың «Банкирдің өлімі» (2013), Рахматулла Есенбектің «Тоғыз шақырым» (2008), Рақымжан Отарбаевтың «Аспандағы ақ көбелектер» (2009), «Біздің ауылдың амазонкалары» (2012), «Шыңғыс ханның көз жасы» туындылары көш бастайды.

Роман жанрын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Зинол-Ғабден Бисенғали: «Қоғамдық санаға біртіндеп еніп орныға бастаған ірі жаңалықтар, өтіп жатқан процестер мәдениет пен өнерге, әдебиетке жаңа таным әкеледі. Сол жаңа танымның бірден қабылданар, жинақталар және көрініс табар алаңы, осы жастар шығармашылығы. Әрине, олардың барша ізденістерін көркем үлгі, үлкен табыс деп қабылдауға болмайтыны түсінікті. Бірақ ойлана қарауға, талдап, байқауға міндеттіміз.

Жаңалық тәрізді көрініп, көңіл аудара бастаған әрбір әдеби құбылыс, әдеби шығарма көркемдік дамудың қажетті, маңызды бөлшегі ретінде қарастырылады. Ол жазу стиліне байланысты бөлектене ме, идея, мазмұнымен өзге көріне ме, әйтеуір қоғамдық санада қозғалыс туғызса ол тексерілуі тиісті» [1,133], - деп жас қаламгерлердің шығармашылықтарын да үнемі назарда ұстап, көркемдік танымға сәйкес, әдебиеттегі шығармашылық ізденістерді, құбылыстарды ғылыми тұрғыдан негіздеу қажеттігін айтады. Осы тұрғыдан келсек, жоғарыда

аталған қаламгерлер қатарындағы Р.Отарбаев, А.Әлменбет шығармашылықтары - тәуелсіздікпен бірге келген төл перзенттері. Олардың шығармаларындағы тақырып мазмұны, жанрлық жаңа ізденістеріндегі типологиялық ұқсастық, заман талаптарына сай өзіндік үнемі мен қолтаңбасы айқын сезіледі. Себебі, әдебиет жекелеген қаламгерлерден тұрады. Шын мәніндегі әрбір талантты қаламгер - өзгеге ұқсамайтын қайталанбас өнер иесі ретінде әдеби құбылыс. Барлық әдебиеттерде кездесетін ортақ ұқсастықтар олардың өзгеге ұқсамайтын өнерпаздық қолтаңбасы мен ұлттық ерекшеліктерінде жоққа шығармайды. Мұндай жағдай екі түрлі себептерден болуы мүмкін. Оның біріншісі әдебиет өмір сүріп отырған қоғамдық-мәдени ортаның ұқсастығынан болса, екіншісі - әдеби байланыстардың әсері. Әдеби ортақ қасиеттер бір ағымдағы қаламгерлерді, ұлттық әдебиет, одан қалды ұлттық әдебиеттерден тұратын әлемдік әдебиет өкілдерін жұмыр жердегі бүкіл адамзаттың бақытты өмір сүруі үшін күресінде бір-бірімен жақындастырып, ізгілікті істерге жұмылдыра түседі. Міне, осындағы қоғамдық дамудың бірдейлігінен пайда болған әдебиеттегі ұқсастықтарды типологиялық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындайды [2].

Негізгі бөлім. Білімдендіру үдерісінің субъектілері оқытушы мен студент болса, олардың білім меңгеру әрекеттерінің жемісті және сапалы болуы алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық қабілеттеріне, теориялық білімінің тереңдігіне тікелей байланысты. Ал шеберлік ұстаздың кәсіби сауаттылығы мен құзыреттілік деңгейіне, жаңалыққа ілесе алуы мен бейімділігіне, өз ісіне ғылыми тұрғыда сараптама жасай алуына тәуелді. Сондықтан мұғалім әдістемелік арсеналын үнемі толықтырып, жетілдіріп, білім беру үдерісін нәтижелі еңбекке айналдыру үшін инновациялық өзгерістерден хабардар болуы керек, себебі педагогикалық технологияларды тәжірибесіне енгізу қажеттілігі - заман талабы. Ғалымдар педагогикалық технология - мүлтіксіз орындалу арқылы анықталып, жоспарланған нәтижеге жеткізетін тәртіптелген процедуралар екенін айтады. Демек, әр ұстаз білім беру жүйесіндегі инноватикамен танысып, өзі сабақ беретін пәннің мазмұны мен ерекшелігіне қарай технологиялардың тиімдісін анықтап, таңдай алуы қажет, себебі инноватика - жаңа білімнің жасалу заңдылықтарын зерттейтін фундаментальды гуманитарлық ғылым. Инноватика - жаңа білімді меңгеру, енгізу мен жасалу үдерісін зерттейтін ғылыми білімнің саласы. Кепілденген педагогикалық мақсаттарға жетуге әкелетін мұғалім мен оқушының жобаланған ретті іс-қимылдарының жүйесі [3].

Нәтижеге бағытталған білім меңгеру үдерісі мұғалімнің шығармашылық қуаты мен ізденіспаздық қасиетіне байланысты болғандықтан, жаңа технологияларды меңгеру қажеттілікке айналды. Ол әр ұстаздың кәсіби әрекетін ғылыми бағытта ұйымдастыра алу мүмкіндігіне де, баланың оқу әрекетін өнімді және сапалы еңбекке айналдыра алу шеберлігіне де қатысты екені анық. Сайып келгенде, осының бәрі әр оқушының тұлғалық ерекшелігі, іскерлігі мен ойлау және сөйлеу қабілеті, адамгершілік қасиеттері, коммуникативтік құзыреттілігі деген мәселелермен қабысып жатады. Білімденудегі құзырлылық қатысым талдау жасай білу, салыстыра алу, қарама-қарсы қоя білу, жүйелей алу, шешім қабылдай алу, болжам жасай білу, қойылған мақсатқа іс-қимылдың нәтижесін сәйкестендіре алу тәрізді интеллектуалдық біліктерді қалыптастыруды талап етеді. Ал мұның өзі логикаға, яғни ойлау және сөйлеу әрекеттеріне байланысты.

Жаңартылған бағдарламалар мен білім мазмұны аясындағы қазақ әдебиетін оқытудың негізгі мақсаттары әлемнің дамыған елдерінің көбінде тұлғаның интеллектуалдық және адамгершілік дамуы деп айшықталады, сыни және шығармашылық қалыптасуы, ақпаратпен жұмыс істей білу білігі деп қарастырылады. Бүгінгі ақпараттық мүмкіндігі кең дамыған қоғамда басым құндылық деп информация саналатын болса, мамандардың басым дағдылары мен білігі осы информациямен жұмыс істей білуі ерекше өзекті мәселе ретінде педагогикалық гуманистік, жеке тұлғаға бағытталған, оқушыны білімдендіру мен тәрбиелеудің жеке тұлғалық-әрекеттік қатысымы, әрекеттің теориясы мәселесі айтыла бастады. Білімдендіру үдерісінің өнімді және сапалы түрде іске асуында қабілет пен шығармашылықты, белсенділікті қарқындату маңызды рөл атқаратын болса, педагогикалық технологиялардың мәне де ерекше, солардың бірі деп проект технологиясын да айтуға болады.

Жоба әдісі - туындаған проблемалар мен проблемалық жағдаяттарды шешуге бағытталған мұғалім мен оқушының әрекеті.

Д. Дьюи білім беруді белсенділікке негіздей құру өажеттілігін анықтап, ол оқушының мақсатқа бағытталған әрекеті арқылы іске асуы керек және баланың білімді қажетсінуімен қабысуы лазым екенін ескертеді. Баланың жеке қызығушылығы мен мүддесін ынталандыратындай болашақ өмірінде керегіне жарайтындай болуы керектігін де атап кетеді. [4]

Қазақ әдебиетін оқытуда бұл әдістің өрлеу себебі, ол проблеманы даму үстінде қарастыруға және ең жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді және төмендегідей мәселелерді шешуге көп ықпал жасайды:

- студенттердің дербес зерттеушілік қабілетін дамытуға көмектеседі;
- студенттердің өздік, сыни ойлауды қалыптастыру, ақпаратпен жұмыс істей білу;
- қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді түсініп, шешім табуға бағыттайды;
- ғылымның заңдылықтарына, фактілерге сүйене отырып, пайымдауға, негіздемелі қорытындылар жасауға үйретеді;
- өзіндік, аргументті шешімдер қабылдауға;
- түрлі әлеуметтік рөл орындауға, бір командада жұмыс істей білуге;
- көпшілік алдында сөйлеу алуға, яғни шешендік қабілетті дамытуға;
- іздену арқылы білімді толықтыруға, тереңдетуге үйретеді.

Сондықтан жоба әдісі проблемалық әдіс ретінде де белгілі, себебі ол әрқашан теориялық не практикалық бір мәселені шешуді қажет етеді, оны бүгінгі күні жоба арқылы оқытудың педагогикалық технологиясы деп те түсінеміз, ол - зерттеу, іздендіру, проблемалық әдістердің, эвристикалық және шығармашылық әдістердің жиынтығы. Оқушының білімдену әрекетін өзіндік белсенді іс-қимылдарарқылы шығармашылыққа бастайтын үдеріс. Жоба технологиясының мектеп үшін тартымды болуы - білімнің және біліктің интеграциялануы, түрлі ғылымдардың саласында техника мен технологиялар аумағында шығармашылық пен қабілеттердің интеграциялануы, интеллектуалдық мүмкіндіктердің белгіленген мақсаттар төңірегінде шоғырланып жұмылдырылуы. Қазіргі оқу жобаларының классификациясы бойынша:

- тәжірибелік бағыттағы жобалар;
- зерттеушілік жобалар;
- ақпараттық жобалар;
- шығармашылық жобалар;
- рөлдік жобалар деп жіктеліп жүр [5].

Кешендік жағынан жобалар: моножоба, пәнаралық жоба болуы мүмкін. Моножоба бір оқу пәні немесе білімнің бір аумағы шеңберінде іске асады. Пәнаралық жобалар - сабақтан тыс уақытта маманның басшылығымен орындалады. Контакт диапазоны жағынан олар - аудиториялық, университеттік, регионалдық, халықаралық болуы мүмкін. Ұзақтылығына қарай:

- минижоба - сабақ бөлігінде немесе бір сағатқа шақталған;
- қысқа мерзімді - 4-6 сабақтық;
- апталық, 30-40 сағатқа шақталған, аудиториялық немесе аудиториядан тыс жұмыс түрлері деп қарауға болады;
- ұзақ мерзімді (жылдық) жобалар жеке және топтық, сабақтан тыс уақытта орындалады. Жоба бойынша жұмыс 5 кезеңнен тұрады:

1.Іздену. 2.Аналитикалық. 3. Тәжірибелік. 4. Презентация. 5. Бақылау. [6].

Таңдалған не ұсынылған проблема бойынша іздену, зерттеу, материал жинау, саралау, жүйелеу, негізгісін бөліп алу, конструкциялау т.б. әрекеттерді белгілі бір алгоритмге салып, ретпен жүргізу ұтымды.

Жоба технологиясы арқылы әдеби шығарманы жан-жақты танытудың тиімділігін арттыруда, студенттердің өзіндік әрекетін белсенділендіруді, қызығушылықтарын оятуды,

ізденгіштік және шығармашылық қабілеттерін дамытуды нәтижелі түрде жүзеге асыруға болады.

Мысалы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының тақырыбы ел тағдыры, соның ішінде жазушының туған өлкесі -Аралдың экологиялық апаты және осы апаттың адам тағдырына, әсіресе теңіз жағасында өмір сүріп жатқан халықтың тұрмысына тигізген зардабы,Аралға байланысты саяси науқан, әкімшілдік үстемдік, ірілі- ұсақты әр кейіпкердің тыныс- тіршілігі, әлеуметтік тойымсыздық, өзімшілдік, достық пен махаббат, қысқаша айтсақ, жан драмасы. Жәдігер, Өзім, Бәкизат сынды кейіпкерлер арқылы қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік мәселелер, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың дағдарысы суреттеледі.

Енді осы романын жаңартылған білім мазмұнына сай жоба технологиясын Ө.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романын зерттей отырып талдау жасаудың, минижобалар дайындаудың тиімділігін байқайық.

Жобаның тақырыбы. Ө.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романы.

I кезең - Іздену.

1. Проблеманы анықтау: «Соңғы парыз» романындағы қозғалған проблематиканы айқындау, ашу.

2. Ө.Нұрпейісов шығармашылығының ерекшелігін анықтау.

3. Жазушының ішкі дүниесіндегі қайшылықты, автордың позициясын нақтылау

4. Мақсаты: шығармадағы қозғалған өзекті мәселелерді саралау арқылы, жазушының көзқарасын дәлелдеу, мақсат мүддесін ашу, поэтикалық шеберлігін анықтау, шығармасының құндылығын айқындау, дәлелдеу.

II кезең - Аналитикалық.

Шығарманы талдау.

Мақсаттары: талдау арқылы шығарманың әдеби көркемдік және құндылығын дәлелдеу, теориялық ерекшелігін ашу.

Міндеттері: автор туралы мағлұмат дайындату; аргументтер мен дәлелдер табу; гипотеза жасау.

III кезең - Тәжірибелік.

Ө.Нұрпейісов шығармасында қозғалған әлеуметтік мәселелерді басқа пәндермен байланыстыра алып, шағын ақпарат дайындау.

IV кезең - Презентациялық.

Дайындаған өнімді бағалау.

Презентацияны жоспарлау, ұсыну.

V кезең - Бақылау.

Нәтижесін талдау: «Соңғы парыз» романы арқылы нені таныдық - пайым айту. «Ө.Нұрпейісов туралы менің ойым» ой-түйін дайындау, болжамдарын дәлелдеу. Орындалған жұмысты бағалау,

Шығарманы зерттей-зерделей талдау арқылы студенттер автордың ішкі дүниесі мен ой толғамын, арман-тілегін, көңіл-күйін, болжамын анықтайды. Соның негізінде оқырмандық позициясы қалыптасып, поэтикалық шығарманың көркемдігі мен құндылығын тану, түйсіну, бағалау қабілеттері дамиды. [8].

Жаңа ғасыр - жаңа кезеңнің әдебиеті өзіне дейінгі мән берілмеген жаңа мағынадағы тақырыпқа иек артқан, қазақ әдебиеті тарихындағы бұл роман- дилогия жанрлық- стильдік бітімі, концепциялық өзекті ойы жағынан да ұлттық прозамыздағы ерекше құбылыс. Шығармадағы адам мен табиғаттың байланысы, қоршаған ортаны сақтау және қоғамдағы моральдық құндылықтар, негізгі екі- үш кейіпкерлердің өмірі арқылы жазушы экологиялық мәселелердің адамдар арасындағы қарым- қатынастар мен психологияға қалай әсер ететінін көрсетіп отырғанын айтуымыз керек.

Жаңа әдебиет авторлары жаһандық деңгейдегі оқиғаларды суреттейді. Яғни білім беру аясында қазақ жастарының өмір сүру салттары мен тұрмыс тіршіліктерін паралельді түрде суреттеу арқылы көрсетеді.Соңғы парыз» романы -табиғатқа немқұрайлы қараудың үлкен

қателік екенін, ол тек табиғатқа ғана емес, адамдардың тағдырына да қатты әсер ететінін терең түсіндірген шығарма.

Қорытынды. Қаламгерлер көлемді және шағын шығармаларында заманауи тақырыптарды қозғап, ұлттық құндылықтар, тек-тұғырымыздан ажырау, келешек ұрпақтың өсіп-өркендеуі, экология, адам мен табиғат байланысы сынды мәселелерді әдеби кейіпкерлер арқылы бейнелей беретініне сенімдіміз. Алдыңғы буын ішіндегі шоқтығы биік «Соңғы парыз» романы арқылы автор оқырмандарын адамгершілік, парыз, қоғам алдындағы жауапкершілік сияқты терең мәселелерге ой салуға шақырады. Бұл – тек өз заманының ғана емес, болашақтың да басты тақырыптарының бірі екені даусыз. Осындай туындыларды қазіргі жаңартылған білім бағдарламаларына сай проект технология, жоба әдістерін пайдалана отырып, оқыту шығарманы жайлы түсінікті нығайтып, білім сапасын арттырып қана қоймай, жастардың жан-жақты дамуына және өзіндік ойы бар, шешім қабылдай алатын тұлғалар болып қалыптасуына жағдай жасары хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бисенғали З., Манкеева Ж. Қазақ филологиясы: егіз негіз (Ғылыми мақалалар жинағы). - Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. - 352 б.
2. Ысқақов Д. Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. Turkyia.kz ақпараттық - танымдық сайты.
3. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. - М., 1956. - 347 с.
4. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы.: Ғылым, 2001 - 51 с.
5. Полат Е.С. Школьные технологии. Метод проектов: история и теория вопроса. 2006, №6.
6. Накаткова О. Павлодар. Ұстаздар газеті. 2007. № 32.01.11.
7. Жексенбаева У.Б. Жаңартылған білім беру бағдарламасы. 12 - жылдық білім. Алматы, 2006. № 7, 20-б.
8. Смирнова А.А. Бектенова А.Қ. Жаңартылған білім мазмұны: әдістемелік нұсқаулар. 2016.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Саткенова Ш.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының докторанты

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., аға оқытушы Тлеубаев С. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан, Алматы

Кіріспе. Қазіргі қазақ әңгімелерін оқытудағы жаңаша әдіс халықтың тарихын суреттейтін және қазақ халқының портретін бейнелейтін қоғамның мәдени өзін-өзі тануын қалыптастыруда елеулі орын алады. Оны зерттеу өскелең ұрпақтың бойында мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуының қажетті шарты болып табылатын адамгершілік принциптерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сапалы және дәйекті әдеби білім Қазақстанның әрбір азаматына қажет және Мемлекеттік іске айналуы мүмкін, өйткені адамгершілік мұраттары мен дәстүрлерді қалыптастырып, жаңа ұрпаққа халықтың рухани тәжірибесін бере отырып, оны сақтау – әдебиеттің ірі өкілдерінің дәңгейінде. Осы теориялық негіздемелерді ескере отырып, білім беру және мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат, біздің ойымызша, соңғы жылдары әдебиеттің орасан зор тәрбиелік және ағартушылық әлеуетін арттырып, жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, рухани құндылықтарды дәріптеу, ұлттық патриоттық сезімге

тәрбиелеу, отбасын нығайту мақсатында барынша пайдалану қажеттілігін тудырып келеді. Алайда, жаңа білім беру парадигмасында қазіргі әдебиеттерді оқытудың мақсаттары мен міндеттері Білім беру саласындағы мәселелерді шешуге бағытталған. Сонымен қатар, қолданыстағы оқу бағдарламаларына кешенді талдау мен сараптамалық бағалау жүргізуді қамтиды (оқу процесін тиімдірек ететін Университетте қазақ әдебиетін зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін анықтау).

Қазақстан Республикасында жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының тұжырымдамасымен ұсынылған негізгі ережелермен танысқаннан кейін, университеттік білім беруді дамытудың стратегиялық міндеттерінің бірі оның гуманитарлық білім беру саласындағы мазмұнын жаңарту болды деп айтуға болады. Сондықтан әдебиетті оқытудың жаңа тәсілінің өзектілігі артып келеді, өйткені әдебиет оқырман қауымның жеке басының біртіндеп дамуына, олардың әлемнің жалпы және өзіндік бейнесін кеңейтуге ықпал ететін арнайы оқу пәні болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі қоғамдық-саяси жағдай жоғары оқу орнында қазақ әңгімелерін заманауи оқытудың маңызды әдіснамалық мәселелерін анықтайды. Оны төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

1. Сыртқы жағдайлардың әсері. Яғни, әдебиеттің мәнін төмендету. Мәселен, теледидар, интернеттегі арзанқол дүниелердің кеңінен насихатталу салдарынан адами құндылықтардың мәні төмендеп келеді. Нәтижесінде көптеген балалар, жасөспірімдер классикалық, заманауи әдеби туындыларды оқу әдетінің болмауына байланысты оқушы жастардың интеллектуалдық деңгейінің біртіндеп құлдырауы орын алуда;

2. FGOS кемшіліктері. Әдебиет бойынша емтиханды енгізудің жағымсыз салдары, идеологиялық талаптар сақталған оқу бағдарламаларының көптігі ЖОО-да оқу процесін әдістемелік тұрғыдан қиындатады;

3. Мұғалімдерді даярлау мәселесі, мұғалімдердің сабақтан тыс есеп беру қызметімен шамадан тыс жүктелуі [1, 48-б.].

Негізгі бөлім. Қазақ әңгімелерін оқыту әдістемесін жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру үшін біз, ең алдымен, жоғары оқу орнының оқытушысын даярлауға, сондай-ақ мынадай теориялық қағидаттарға негізделген әдебиетті оқыту ерекшелігіне назар аударуды ұсынамыз:

- тарихи-әдеби процестің бірлігі. Әдебиет тарихында мағыналы және көркемдік құндылығы жоқ кезеңдер болмағандықтан, алдыңғы кезеңнің жетістіктері кейінгі кезеңдердің негізінде жатыр (әдебиет біртұтас тарихи және мәдени тұтастықтың мәні болып табылады);

- қазақ әңгімелерінің формасы мен мазмұнының бірлігі. Оқытуға негізделген көптеген дидактикалық принциптердің ішінде (ғылыми, қол жетімділік, жүйелілік, сабақтастық) әдебиетті форма мен мазмұнның бірлігінде зерттеу принципі маңызды;

- шығарманың идеялық мазмұны оқытушы мен білім алушының назарында болуы керек, өйткені ол әдеби білім берудің тәрбиелік, тұлғалық және шығармашылық қызметін қамтамасыз етеді;

- тарихи-дүниетанымдық принцип. Оқытудың хронологиялық жүйесі, тәжірибе көрсеткендей, қазақ және әлем тарихын түсінуі, логикалық ойлауды, рухани өзек пен патриотизмді қалыптастыру тұрғысынан нәтиже береді. Осы принциптер негізінде студенттердің адамгершілік тәрбиесі мен азаматтық санасын қалыптастыруға бағытталған университетте қазақ әңгімелерін оқытудың негізгі міндеті шешіледі. Сонымен бірге әдебиетті оқыту әдеби шығармаларды мұқият оқуға мотивация тудырып қана қоймай, сонымен қатар оқу мәдениеті мен шығармалардың идеялық-философиялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін түсінуге үйретуді де қамтуы мүмкін. Ол үшін жоғары оқу орындарына арналған жаңа бағдарлама, біздің ойымызша, презентациялар мен эсселер жазуды, олардың әдістері мен алгоритмдерін игеруді, шығарманың көркем мәтінін аналитикалық оқуды және прозалық мәтіндерді мәнерлі оқуды қамтуы керек. Сондай-ақ, әдебиетті оқытудағы маңызды компонент-поэтикалық және прозалық шығармаларды жатқа жаттау және оларды оқу. Осы мәселені шешудегі кейінгі іс-әрекетте көркем мәтіннің өзін зерттеу процесі назар аударады.

Әдебиеттерді оқытуға арналған оқу сағаттарының санын көбейту қажет (аптасына кемінде 8 сағат).

Жоғары оқу орындарының оқу нұсқаулықтары жүйесі шығармашылық тапсырмалардың едәуір көлемін, электронды курстар түріндегі аудиовизуалды және интерактивті компоненттерді қамтуы мүмкін. Бірақ интерактивті құралдарды қолдану әдебиетті оқытудағы мынадай басты нәрсені алмастырмауы керек:

- көркем шығарманың мәтінімен танысу;
- оқытушы мен білім алушының тікелей байланысы.

Теориялық негіздемесі бар, бірақ нақты университетте практикалық деңгейде шешілетін маңызды оқу міндеттері мен мақсаттарымен бекітуге болады:

- қазақ әдебиетінің таңдалған шығармаларын зерттеу арқылы адамгершілік қоғам мен біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастыру. Бұл міндет білім беру мемлекеттік маңызы бар іс, қызмет көрсету саласы емес, жеке тұлғаны қалыптастыру процесі болған жағдайда ғана шешілуі мүмкін;

- бірыңғай мәдени білім беру кеңістігін нақты бағдарламамен және жаңа оқулықтар желісімен қамтамасыз ету. Әдебиет бойынша ескірген оқулықтардың көптеген бағдарламалары мен желілері бірыңғай білім беру кеңістігін жоғалтуға, білім беру процесін мемлекеттік бақылау мүмкіндігінің болмауына әкелді. Осы мақсатқа жету үшін базалық деңгейге есептелген әдебиет бойынша бірыңғай бағдарлама құру және қазақ әңгімелерін тереңдетіп және факультативті зерттеу бойынша оқу орындары үшін арнайы бағдарлама әзірлеу перспективасы көрінеді;

- қолданыстағы филологиялық жоғары оқу орындарын дамыту және мемлекеттік қолдау мектепте әдебиетті табысты оқытудың басты шарты болуы мүмкін. Филологиялық білім берудің міндеттерін сипаттаудың мазмұны мен стиліне назар аудару қажет: филология сөздік шығармаларды (мәтіндерді) құру, беру, сақтау және көбейту ережелерін зерттейтін ғылым. Сонымен қатар, филология адамзат мәдениетін беру және қалыптастыру құралы ретінде жетекші рөлге ие. Өйткені мәдениеттің кез-келген көрінісі көркем сөз арқылы сипатталады.

Барлық қарастырылған жағдайлар қазақ әдебиеті бойынша оқу нұсқаулықтарының бірыңғай жүйесін құру қажеттілігін білдіреді. Жоғарыда келтірілген ережелерге сүйене отырып, әр көркем шығарманың әдебиет тарихында белгілі бір орын алатындығы және оны түсіну үшін ол құрылған әлеуметтік-тарихи контекст туралы білім қажет екендігі сөзсіз. Жоғары оқу орнында әдебиетті оқыту мұғалімнің жоғары кәсібилігін және пәндік және әдістемелік дайындықтың мазмұнын қажет ететіндіктен, оқулықтар желісі педагогикалық университеттерге және тіпті өзін-өзі тәрбиелеуге арналған оқу құралдарымен толықтырылуы мүмкін. Осыған байланысты қолданыстағы білім беру стандарттарын қайта қарау қажет [2, 56-б.].

Қазақ әңгімелерін оқыту әдістемесі оқытушының педагогикалық тәжірибесіне, оның шығармашылық қабілетіне, мектептегі көркем шығарманы қабылдау, түсіну және түсіндіру заңдылықтарына қатысты түсініктер мен жаңалықтарға байланысты болып келеді. Әдебиет сабағында көркем мәтінмен жұмыс жасауды үйрету оқытушылардың білім дәрежесіне байланысты. Алайда, әдістеменің тарихы жинақталған тәжірибенің саны мен сапасы оның ғылыми түсінігіне айналатынын көрсетеді. Әдеби мәтінді жалпы және жанрлық ерекшеліктеріне орай зерттеу – оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде әдебиетті игерудің тиімді алгоритмдерін анықтайды. Кіріспе сабақтар, әдеби оқу сабақтары, мәтінді талдау кезеңі, қорытынды сабақтар оларға тән дидактикалық функцияларды айтсақ болады.

Нәтижесінде, оқыту әдістері мен тәсілдерін іріктеу және жіктеу әрекеттері жүзеге асырылады. Қазіргі заманда ақпараттық жүйелермен қамтылған қоғамның мүмкіндіктері білім алушылар мен оқытушыларға қолайлы жағдайларды сөзсіз қамтамасыз ете отырып, оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және өткізу бойынша бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің тиімді модельдерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мынадай педагогикалық технологияларға қол жеткізуді білдіреді:

- білім алушылардың бастапқы жеке білімдерін жалпы қабылданған әдеби білімдермен байланыстыру;
- әдеби білімді өзінің алғашқы оқу тәжірибесін қайта қарау үдерісі ретінде бағалау [3, 50-б.].

Оқытушыға көркем мәтінді игеру кезінде сабақтың белгілі бір кезеңінде қандай нәтижеге қол жеткізгісі келетінін анықтау маңызды. Ол үшін оқушылардың жеке әсерлерін түсіну, оқырмандардың жан-дүниесінде пайда болған әсер мен бейнелерді сипаттау, мәтінді түсіндіру, көркемдік таным процесін зерделеу, жалпы қабылданған әдеби тұжырымдамаларды игерту қажет.

Оқытушы әдеби білімді немесе әдеби дамуды бірінші орынға қоюды шешеді. Қазіргі заманғы мектеп әдебиеті бағдарламасы «көркем мәтінді оқуға, талдауға және түсіндіруге байланысты нақты дағдыларды игеруге, сондай-ақ оларды ауызша және жазбаша сөйлеу сөздерін, зерттеу және шығармашылық жұмыстарды жасау процесінде, оқу іс-әрекетінде және коммуникация мен қарым-қатынас жағдайларының әртүрлі салаларында практикалық қолдануға бағытталған» [4]. Сонымен қатар, кәсіби мамандардың өз тәжірибелерін ұсыну тәсілімен ерекшеленетінін біледі. Мұны әдебиет сабағында білім алушылардың әртүрлі өкілдік жүйелеріне сілтеме жасай отырып, осылайша сөйлеу әсерін модельдеуге болады.

Қорытынды. Сонымен, сабақ барысында білім алушыларға сөйлеудің әртүрлі түрлерін қосқан жөн: «... қараңыз, біз... көреміз» (көрнекіліктер үшін); «... тыңдайық», «бұл... естіледі» (аудиалдар үшін); «... басқа тақырыбына тоқталайық», «оған қол тигізейік (кинестетиктер үшін)». Оқытушының міндеті, біздің ойымызша, өкілдіктің біржақтылығын жеңу, барлық жүйелерді біріктіру қабілетін дамыту. Көркем мәтін әдетте барлық жүйелерге бағытталған.

Тілдік тұлғаның даму деңгейі мәтінді талдау моделі-үлгісін игеру арқылы өсуде. Бұл сөйлеудің әдеби категориялармен қанықтылығында, сөйлеу тізбегін барабар таңдауда және оқушылардың шығармаларының соңында айтылған мағыналардың барабар синтезінде көрінеді. Мәтінді талдаудың игерілген үлгілерінің саны өскен сайын, өз жұмысының тәжірибесі бай бола бастағанда, дұрыстық пен мағынаны игеру деңгейінің жоғарылауы кейінірек пайда болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдильдина А. А., Абдижанова Л. А. «Цифрлы Қазақстан заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттырудағы сабақтағы өзгерістер // «Инновационные технологии в современном образовании: стратегии, задачи, вреднение» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2004. – 48 б.
2. Бутагарина А.И., Ибраева А.С. Инклюзивті білім беру – қоғамда адамның әлеуметтенуінің негізі «Инновационные технологии в современном образовании: стратегии, задачи, вреднение» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2004. – 56 б.
3. Baltabaeva G. Көне түркі көк бөрі тотемі және қазіргі қазақ әңгімесі //Türkoloji. – 2010. – №. 49-50. –50-55 бб.
4. Аушахманова Д. А. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі психологизм (М. Мағауин, Р. Мұқанова әңгімелері негізінде).

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖОО-ДА ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІ

Стамкулова Ж.Е.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

1-курс докторанты

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін ЖОО-да қашықтан оқыту технологиясының тиімділігі, оның әдіс-тәсілдер барысындағы ұтымдылығы сарапталады. Қазақ тілін оқытудың заманауи технологиялардың бірі ретінде қашықтан оқыту технологиясы бүгінгі күнде үлкен сұранысқа ие. Қашықтан білім беру мүмкіндігі бүгінгі таңда білім алушыларға ақпараттық технологияларды меңгерумен қатар білім ресурстарын қашықтан алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте білім беру ұйымдарынан оқудың заманауи платформалары, коммуникациялық байланыс құралдары, цифрлық білім беру ресурстары талап етіледі. Оқытушының аталған әдістемелік құралдарды жоғары деңгейде басқара алуы қажет. Зерттеу мақаласының теориялық және практикалық маңыздылығы қашықтан білім беру заңдылықтарын саралай отыра, нәтижелік жолға бағыттау, тиімді технологияларды анализге алу.

Түйін сөздер: қашықтан оқу, білім, методика, әдіс-тәсіл, қазақ тілі, платформа, цифрлық технология.

Кіріспе. Қашықтан оқыту – бұл білім алудың озық технологияларының бірі. Ақпараттық технологиялар мен цифрлық ресурстарды қамтитын білім беру платформалары, компьютерлік құралдар, бейне және аудио-жазбалар, электронды оқулықтар бүгінгі күнде кеңінен қолданысқа ие болуда. Себебі күннен күнге уақыттың жылдамдығы мен технологиялардың қарқынды дамуы білім алушылардан лезде мағлұмат алып, оны үдеріс барысында меңгеріп және кері байланыс ретінде қайта жауап беруін талап етуде [1, 36]. Технологиялардың мүмкіндігі сонда, білім алушы мен білім берушінің арақашықтығы алшақ болса да, олардың тұрғылықты жеріне, әлеуметтік деңгейіне, денсаулық жағдайына қарамастан оқыту үдерісін жалғастыра береді.

Бүгінгі таңда қашықтан оқыту мәселесінде отандық педагогикалық, ғылыми-теориялық еңбектер жоқтың қасы. Бұл тақырып әлемдік деңгейде зерттелу үстінде. Әйтсе де, қашықтан оқыту заманауи білім беру саласында өз орнын тауып үлгерді. Оқытудың бұл түрін өзге де оқыту түрлерімен қатар қолдануға болады. Тиімділігі – оқу үдерісінде уақыт үнемділігі, шапшаң ақпарат алу мүмкіндігі, географиялық алшақтығына қарамастан қарым-қатынас қолжетімділігі.

Қашықтан оқыту XX ғасыр аяғы мен XXI ғасырдағы ақпараттық цифрлық революция нәтижесінде пайда болды. Негізін салушылар: А.А. Андреев, В.И. Солдаткин, И.М. Ибрагимов, Е.С. Полат, А.В.Хуторской, М.Ю. Бухаркина, т.б. Отандық педагогика ғылымында цифрлық технологиялар туралы зерттеулер жеткіліксіз десек те, Г.Нұрғалиева, Ж.Қараев, Т.Балықбаев, Ә.Мұхамбетжанова [1, 37], т.б. қашықтан білім беру жүйесінің ғылыми негіздерін қарастырды. Зерттеулер дәлелдегендей «қашықтықтан оқыту» мен «қашықтан оқыту» бірдей мәнде қолданылып келеді. Е.С. Полат: «қашықтан білім беру – мақсатты және жүйелі ұйымдастырылатын білім беру жүйесі, білім мен білік және дағдылар тоғысы», - деп сипаттайды. Көбіне ғалымдар бұл тақырыпқа қашықтан студенттердің өзімен өзі шұғылдануына, өзін өзі білім алуына, педагог кадр ретінде даярлануына мүмкіндік беретін оқыту түрі деп баға береді.

Қашықтан білім беру ақпараттық ресурстардан, техникалық құралдар мен телекоммуникациялық арналар қызметіне негізделеді. Оқыту технологиялары техникалық құралдар мен цифрлық ресурстардың қарқынды даму деңгейлеріне қарай ыңғайланып отыратыны сияқты, қашықтан оқыту технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктері күннен күнге құбылмалы күйде саралануда. А.А. Андреев «қашықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдарды оқыту мазмұнын тасымалдау және

студенттер мен оқытушылардың өзара оқыту ақпараттарымен алмасуы үшін қолданылатын, көптеген оқыту түрлерімен (деңгейлей, жобалай, дәстүрлі, т.б.) [2, 146] интеграцияланған, біріктірілген, гуманистік тұрғыдан білім беру» деп көрсетеді.

Негізгі бөлім. Қазіргі таңда ҚР «Білім туралы» Заңы және қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар, «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы, қашықтықтан білім беру туралы отандық және шетелдік ғылыми еңбек көздері, білім берудің цифрлық ресурстары, цифрлық сауаттылық білім беру саласында кеңінен зерттеуде. Осы тақырыпты ғылыми анализдеу үшін Қазақ Ұлттық Университеті, филология факультеті студенттерімен іс-тәжірибе жүргізген болатынбыз. Жасалынған жұмыс барысында цифрлық ресурстармен жұмыс – 52%, қашықтан оқыту кадрларының жетіспеуі – 61%, дайын әдістемелік құралдардың жетіспеуі – 32%, арнайы платформаларда студенттермен синхрондық жұмыстың қарастырылмауы – 48%-ды көрсетті.

Студенттермен жұмыс жасаудың қиындықтары (2-шкалада): өз бетімен ізденбеу – 28%, тапсырмалардың орындалмауы – 33%, компьютер мен интернеттің қолжетімсіздігі – 10%-ты көрсетті. Зерттеу тәжірибемізде жүйелілік, іс-әрекеттік, зерттеушілік, синергетикалық қырлар, ғылымтеориялық әдебиеттерді анализдеу және саралау, модельдеу жиынтығы, жалпы талдау жүргізілді. Үдеріс барысы 1-шкалада:



Үдеріс барысында қашықтан оқытудың негізгі 3 құрамын ескердік, олар: технологиялық, мазмұндылық, ұйымдастырушылық. Ұйымдастырушылық компоненті жоғарыда аталған студенттермен жұмыс барысын анықтауға мүмкіндік туғызды.



2-шкала: Студенттермен жұмыс жасаудың қиындықтары

Қазіргі таңда өте шұғыл білім беру үдерісін талап еткен жағдайда ең тиімді платформа деп «Google Classroom» сервисі қарастырылып жүр. Бұл сервисінің сұраныста болу себебі, қолданысы тегін, тапсырмалар беру мен тексеруге, бағалауға, элективті курстар құрастыруға ыңғайлы.

Осы сияқты Google компаниясының бірқатар өнімдерін Google Drive, Google Docs, Sheets and Slides, Gmail платформалары кеңінен қолданыста. Платформалардың қарапайымдылығы білім алушы үшін де, оқытушы үшін де айтарлықтай құзыреттіліктерді талап етпейді. Арнайы конструкторлары мен модульдері жоқ десе де болады [3, 44]. платформаларда әрбір білім алушының жеке бөлмесі, тапсырмаларды қабылдап, оны орындаған соң жүктейтін қызметтері қарастырылған, кері байланыс алу мүмкіндігі де бар.

Тапсырма беру үшін оқытушы өз курс бөлмесінде нұсқаулық жазады, қажетті файлдарды, сілтемелерді жүктейді, тапсырманың орындалу уақытын белгілейді, қажет болған жағдайда бағалау критерийлерін жазады. Білім алушы өзінің курс бөлмесіне келіп тұрған тапсырмаларды орындайды, тапсырма файлдарды жүктеуді талап етсе жүктейді, жібереді. Оқытушы өз курс бөлмесіне келген білім алушылардың жауаптарын жеке қарап бағалайды және қажет етсе, кері байланыс немесе түсініктеме, сұрақтар жолдайды. Қойылған баға автоматты түрде сол курстың журналына түседі.

Соңғы кездері озық үлгідегі оқыту тапсырамаларында қолданылып жүрген платформалар class room, nearpod, padlet, google classroom, chat cpt, google forms, woodwool, umaigra, qazMath, Quizizz – Greate, quizlet, zipgrade, wooclape, т.б [3,46]

«Classroom» сервисінің білім беру платформасы ретінде пайдаланудың көптеген мүмкіншіліктеріне қарамастан соңғы оқу жылдарында бұл платформаның қолданылуына шектеу қойылды [4]. Себебі, мәліметтер қорын сақтандыру, көшіру қарастырылмағаны, ашық сайтта орналасуы, қажетті ақпараттың таралып кетуі немесе жойылып кету қаупі бар екені анықталғандықтан деп түсінік береді ғылыми әдістемелік журналдарда.

Қазіргі кезде сандық технологиямен шұғылданатын кәсіпорындар білім беру нарығына «College SmartNation» - техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірыңғай портал, басқару жүйесі жасақталған отандық платформа есебіне қарастырылып жүр [5, 87].

Платформа арқылы оқытушы студенттерді қабылдайды, тапсырмаларын өзі пәні бойынша дайындап алып, оны студенттерге жолдайды.

Мысалы, бір айлық немесе бір оқу жылының жоспары мен тапсырмаларын өзі ашқан бөлімге оқытушы дайындап қойып, сабақ кестесіне сәйкес кез келген уақытта, кез келген жерде, кез келген құрылғыдан тапсырманы жүктей алады (платформалар қолданысы 1-кестеде).

Сервистер	Қолдану аясы	Функциялары	Қосымша
https://webinar.ru/ - іс-шараларды онлайн өткізуге арналған платформа Платформа заманауи HTML5 және WebRTC веб-технологияларында жұмыс жасайды.	Кез келген салада онлайн режиміндегі жиналыстар	Жалпы чатта немесе жеке хабарламалармен сөйлесу; Құжаттар мен сілтемелерді бөлісу; Қажетсіз хабарламаларды өшіру немесе пікірлесу (комментарий) алаңына модерациялық жасау; Онлайн-тест және дауыс беруді өткізу.	Байланысқа кіру сілтеме арқылы
https://etutorium.ru – вебинарлар мен онлайн курстарға арналған	Педагогтар мен тәлімгерлер, маркетингтер, HR және T&D мамандары	Дыбыс (голос) арқылы сұрақ қою; Презентациялар мен материалдарды жүктеу; Модерациялық чатты пайдалану; Видео мен	Байланысқа кіру сілтеме арқылы

		жұмыс үстелін демонстрациялау	
Zoom – үздік сервистер	Педагогтар мен тәлімгерлер, маркетингтер, HR және T&D мамандары	Виртуальды сыныптар үшін HD-видео және дыбыстың жоғары сапасын Экранды демонстрация жасау; Біріккен хабарламалар жазуға болады.	Байланысқа кіру сілтеме арқылы
https://meet.jit.si/ – видеоконференция ұйымдастыруға арналған	Кез келген салада онлайн режиміндегі жиналыстар	Бейне қоңырау шалу; Файлдарды бөлісу; Экранды демонстрациялау; YouTube желісінде трансляция жасау мүмкіндігі	Байланысқа кіру сілтеме арқылы
Microsoft Teams – білім беруге арналған платформа	Кез келген салада онлайн режиміндегі жиналыстар	Тапсырмалар беру мен баға қою; Файлдарды бөлісу; Сынып сағаттарын, қызметкерлермен бірлесіп жұмыс істеу кездесулерін немесе тренингтерді онлайн өткізу; Сыныппен талқылау; Кездесуді жоспарлау	Байланысқа кіру сілтеме арқылы

Кесте -1. Кең таралған платформалар

Сонымен қатар, студенттерге өз бетінше жасаған жұмысын бағалау үшін мынадай жұмыс жоспарын беруге болады (кесте -2):

Қазақ тілі бойынша тақырып бөлімдері	Әр бөлімнің жиынтық бағалары
Грамматикалық қателіктерлі түзету	
Лексикалық мағыналарды ажырату	
Креативті ойлау қабілеті	
Сыни ойлау қабілеті	
Командамен жұмыс істей алу қабілеті	
Барлық жиынтық ұпай	

Баға бағамы	Нашар	Орташа	Жақсы	Өте жақсы
Әр бөлімі бойынша	0-10	11-15	16-20	21-25
Барлық бөлімдерді қосқанда	0-70	71-105	106-140	141- 175

Қорытынды. Қашықтан білім беру дегеніміз – білім беру саласында ақпаратты технологиялар мен цифрлық сауаттылықты қатар қолдану. Сондықтан оқытудың бұл түрін таңдаған білім мекемелері оқыту платформаларымен, электронды кітапханалармен, компьютерлік құрылғылармен, аудио және видео жазбалар жасайтын цифрлық технологиялармен, интернетпен, т.б. қамтамасыз етілген болуы шарт.

Сонымен қатар қашықтан білім алу студенттің қашықта болғандықтан өз бетімен ізденуіне бағытталуы тиіс. Қашықтан берілетін тапсырмалардың мазмұны мен сипаты аздап өзгеріске ұшырайды. Осы арқылы студент өз бетімен материалды жинақтау, саралау, тақырыпқа негіздеп өз бетінше орындап, қорытынды жасайды.

Нәтижесінде студенттің өзіндік білім-білік дағдысы, мета-білім, мета-дағдылары қалыптасады. Осы ретте оқытушының рөлі дәстүрлі оқудағыдай түсіндіруші, көрсетуші, үйретуші емес, кеңесші, нұсқаушы, жаттықтырушы, сарапшы, жетекші – тьютор қызметін атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.М. Бахешева, З.Ғ. Мұхтар. «Қашықтықтан білім берудің кейбір мәселелері мен мүмкіндіктері (аралық зерттеу) / Педагогикалық ғылымдар сериясы. 2020ж. №3 (64).
2. Андреев А.А., Солдаткин В.И. Дистанционное обучение: сущность, технология, организация. – М.: Издательство МЭСИ, 1999. – 196 с.
3. Гриффин Рикки. Менеджмент, 12-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 786 б.
4. Құсбекова Б. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (білім беру саласы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 304 б.
5. Скляренко Т.М. Зарубежные концепции дистанционного образования // Образование и наука. – 2013. – № 1. – С.105-115.
6. Verduin J. R., Clark T. A. Distance Education: The Foundations of Effective Practice, San Francisco: Jossey-Bass Publishers, 1991.
7. Garrison R. Theoretical challenges for distance education in the 21st century: A shift from structural to transactional issues. International Review of Research in Open and Distance Learning. – 2000. – № 1. – P. 3-15.
8. Нормативтік құқықтық құжаттар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және басқа да нормативтік құқықтық актілері.

ИНКЛЮЗИВТІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

Жылкелдиева Г.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 1-курс докторанты

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Иманғалиев Б.

Кіріспе. Инклюзивті балалар әдебиеті әрбір мектептегі оқу процесінің маңызды бөлігі. Инклюзивті балалар әдебиетіне көркем әдебиет, публицистикалық әңгімелер, суретті кітаптар кіреді. Графикалық романдар, поэзия және шытырман оқиғаларды баяндайтын көптеген басқа мәтіндер де бар. Әр түрлі кейіпкерлердің тәжірибесі, соның ішінде барлық нәсілдер мен мәдениеттер қауымдастығының өкілдері, әртүрлі құрылымдары бар отбасылар, әртүрлі адамдар, әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқаттың түрлі деңгейлері кіреді.

Инклюзивті балалар әдебиеті білім беру кеңістігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Өйткені олардың әрқайсысы басқалардан ерекшеленеді. Кітап балаларға айналыны, адамдарды және өзін тануға көмектеседі. (Monoyiou & Symeonidou, 2015, 2-бет). Балалар кітаптары оқушыларға ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көруге және түсінуге мүмкіндік береді.

Балалар әдебиеті әлеміндегі үлкен теңсіздік бар. Өлі көп нәрсе істеу керек болса да, балалар әдебиеті біртіндеп кеңейіп, ашық бола бастады. Балабақшадан бесінші сыныпқа дейінгі оқушыларға арналған балалар әдебиеті мұғалімдерге инклюзивті әдебиеттерді, ең алдымен суреттері бар кітаптарды таңдауға арналған ресурстардың қажет екенін көрсетіп отыр. Ата-аналарға, мұғалімдерге және кітапханашылар инклюзивті балалар кітаптарының артықшылықтары туралы, сондай-ақ оларға қатысты қызықты суретті кітаптарды таңдау бойынша ұсыныстар, мен суреттерді қамтитын виртуалды кітапхана құрылса деген ұсынысым бар.

Негізгі бөлім. Балалар өз тарихын бейнелейтін оқиғалармен танысқанда өздеріне тағдырлары ұқсас адамдардың болатынын түсіне бастайды. Өзінің жеке басы, сондай-ақ басқа адамдардың тұлғасын салыстырады. Кішкентай оқушылар өздерінің күйін түсінгенде, олар эмпатияны үйренеді. Бұл оларға ересек өмірде көмектеседі. Bishop (2015) жазған "айналар, терезелер және жылжымалы шыны есіктер" балалардың мәселелерін баяндайды. Bishop (2015) кейбір кітаптардың айналар, терезелер және жылжымалы шыны есіктер ретінде қалай қызмет ететіні туралы айтады. Айна ретінде қызмет ететін әңгімелер оқырманға өзін көруге мүмкіндік береді және маңызды құрал болып табылады. Балаларға өздерін оң жағынан көруге және не үшін екенін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Айналар барлық оқушыларға қажет. Терезе ретінде қызмет ететін әңгімелер оқырманға біреудің өміріне көз жүгіртуге мүмкіндік береді.

Терезелер болып табылатын кітаптар жылжымалы шыны есіктер ретінде де қызмет ете алады. Мәтіннің арқасында оқушылар өздері білмейтін әлемге ене алады. Басқа мәдениеттер мен өмір салтын түсінеді. Жылжымалы шыны есіктер сияқты жұмыс істейтін кітаптар сізге автор жасаған әлемге кіру үшін қиялды пайдаланыңыз, тек қарап қана қоймаңыз оған. Кітаптың барлық үш түрі де сыныптағы сабақтарға қажет. Bishop (2015) Сыныпта инклюзивті мәтіндерді қолданудың артықшылықтарын талқылайды, мүмкіндігі шектеулі жандар туралы кітаптарға ерекше назар аудара отырып: "Мүмкіндігі шектеулі кейіпкерлерді бейнелейтін балалар мен жастарға арналған кітаптар барлық оқырмандарға көмектесетін маңызды құралдар болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы білу, оларды түсіну және олармен қарым-қатынасты сақтау маңызды рөл атқарады" (Worrell 2011, 26-бет).

Балалар басты кейіпкерлер болғанына қарамастан, мүгедектерді кітаптардан көре алады. Мінезі түрлі немесе жоқ, бірақ бұл балаларға бұл адамдарды толық қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар, Worrell "барлық балалар өздерін әдебиетте көргенді ұнатады" деп мәлімдейді, осылайша бұл кітаптардың әсерін атап көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға олармен ортақ қасиеттерге ие кейіпкерлерді тапқан кезде шабыттандырыңыз. Оқушыларға кейіпкерлермен тәжірибе алмасу мүмкіндігі өте маңызды.

Инклюзивті оқуды таңдау критерийлері мен ұсыныстары

Инклюзивтілікке баса назар аударатын балалар кітаптарын іздеу кезінде тәрбиешілер мәтінді мұқият таңдау керек. Блэнд пен Ганның кітабы "Инклюзивті суретті кітаптарды таңдау" (2020) - бұл мазмұнды мақала балалар әдебиетін дұрыс таңдау туралы. Дереккөз балаларды мұқият тексеруге шақырады. Көптеген әртүрлі критерийлер бойынша инклюзивті болып саналатын кітаптар, соның ішінде кітаптың көркем емес немесе шынайы түрі; дәл және жақсы теңдестірілген; көп қырлы сипатқа ие болды. Әдетте басқа адамдармен қарым-қатынас жасайтын кейіпкерлер; адал, позитивті, құрметті және жасына сәйкес тілі; және кейіпкердің айырмашылығын орталық нүкте ретінде көрсетпейді.

(Monoyiou and Symeonidou, 2015, 1-бет). Дәйексөз мынаны көрсетеді. Инклюзивті әдебиет, керемет маңызды болғанымен, сапаны анықтау үшін сыни тұрғыдан қарау қажет. Авторлар әр түрлі ортадағы кейіпкерлер туралы әңгімелейтін көптеген әңгімелер жиі талқыланады. Олардың жеке басын теріс көрсететін етіп ұсынылған; бұл әңгімелердің кейіпкерлері әртүрлі оқиғаларға баса назар аударатындай етіп жазылуы керек олардың өмірі мен жеке басының жақтары, олардың даралығын көрсету ғана емес (Monoyiou and Symeonidou, 2015). Әр түрлі кейіпкерлері бар әңгімелердің таңдалынуы өте маңызды. Олардың жеке басы ғана емес, олардың адамгершілігі, тәжірибесі, шытырман оқиғалары мен даралығы тұрғысынан. Монойю мен Симеониду (2015) инклюзивті түрде кең таралған бес түрлі сюжетті сипаттайды. Әңгімелерді жазу өте маңызды, өйткені бұл балалардың осы кейіпкерлерді қалай көретініне және оларға қалай қарайтынына әсер етеді. Сол қызықты әңгімелерден мысал келтіретін болсақ.

Джордж Шеннонның "Бір отбасы" оқиғасы. Бұл кітапта ұсынылған үлкен және кіші әр түрлі отбасылардың өмірі суреттеледі. Кітаптағы иллюстрациялар әртүрлі отбасылардың қалай құрылатынын көрсетеді. Отбасындағы махаббат туралы айтылады. Әрі қарай, кітапта жер бетіндегі әрбір адам туралы мәлімет береді. Бұл кітап барлық әртүрлі отбасылық құрылымдарды қамтиды. Иллюстрациялар және әртүрлі отбасылардың шынайы бейнесі кітапты тартымды ете түскен.

Ал мына кітап көптеген адамдарға ой салған кітап болды. Инклюзивті балалар ғана емес барлық жандарды ойландырды. Әлемді өзгерткен Дженнифер Килан-Чаффинс есімді жас қыздың шынайы оқиғасын баяндайды, Капитолий ғимаратының баспалдақтарымен көтерілу ол үшін арман еді. Өйткені ол мүгедектер арбасында жүргендіктен көптеген жерлерде арнайы пандустың болмауы оның армандарына шектеу бола бастады. Дәл осы іспеттес жағдаяттар оның белсенділер тобына қосылуына түрткі болды. Бүкіл Америка Құрама Штаттарында өтетін наразылық акциясында мүмкіндігі шектеулі американдықтар туралы заңның қабылдануын талап етуге атсалысты. Олардың сұраулары мүмкіндігі шектеулі адамдарға барлық мүмкіндікті жасайтын заңның орындалуы болды. Ең есте қаларлық иллюстрация - балалар өздерін қорғаушы бола отырып, әлемді жақсы жаққа өзгерте алауы. Сонымен қатар, бұл оқиға адамдардың өзіне деген сенімін оятады. Күрескерлік қабілетін ашады.

Қорытынды. Мұғалімдердің балаларға инклюзивті білім беру туралы не ойлайтынын жақсы түсіну үшін сауалнама жүргіздім. Онлайн-сауалнамаға 35 бастауыш сынып мұғалімі қатысты. Осы онлайн сауалнама аясында келесі сұрақтар қойылды: "инклюзивті әдебиет сіз үшін нені білдіреді?" "Инклюзивті әдебиет неге маңызды?" және "инклюзивті әдебиеттерді пайдалануды қалай бағалайсыз?".

"Инклюзивті әдебиет неге маңызды?"

- Инклюзивті әдебиеттер менің оқушыларыма әртүрлі адамдар тобы және әлемнің қалай жұмыс істейтіні туралы түсінік береді.
- Инклюзивті әдебиеттер пікірталастардың дамуына ықпал етеді және адамның бастамасына жүгінеді.
- Тағы бір қатысушы: "инклюзивті әдебиет балаларға эмпатияны дамытуға көмектеседі және өз өмірінен тыс тәжірибе бар екенін түсінеді".

Сауалнамаға жауаптар мұғалімдердің тұжырымдаманы жақсы түсінетіндігін көрсетті. Оқушыларды инклюзивті кітаптардағы айналармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құндылықтар, атап өткендей оның мақаласында айналар, терезелер және жылжымалы шыны есіктер инклюзивтің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады. Инклюзивті балалар кітаптарын сыныпта құрал ретінде пайдаланудың артықшылықтары даусыз. Бұл құралдарды пайдалану үшін мұғалімдер тиісті құралдарды тандай білуі керек. Мүқият тандалған материалдар, сондай-ақ мұғалімдерге алға жылжуға және жаңа материалдарды алуға көмектесетін әдістер қажет. Әрбір қазіргі және болашақ мұғалім инклюзивтілік тақырыбына қызығушылық танытуы керек. Оқушыларға әртүрлілік пен инклюзияға ықпал ететін ресурстарға толы сыныптардың болуы пайдалы, өйткені бұл олардың әрқайсысына өз құрдастарының арасында өздерін үйде сезінгендей еркін, сондай-ақ эмпатия сезімін дамытуға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Bishop (2015) "Mirrors, Windows, and Sliding Glass Doors",
- 2 Wopperer, E. (2011). Inclusive Literature in the Library and the Classroom. ProQuest. Retrieved
3. Elena Monoyiou & Simoni Symeonidou (2016). The wonderful world of children's books? Negotiating diversity through children's literature. International Journal of Inclusive Education, 20:6, 588-603, DOI: 10.1080/13603116.2015.1102338
- March 30, 2022, from <https://www.proquest.com/openview/ed3ba48e0015fcfab37ede97df987c96/1>
4. Carol M. Bland & Linda A. Gann (2013). From Standing Out to Being Just One of the Gang: Guidelines for Selecting Inclusive Picture Books. Childhood Education, 89:4, 254-259, DOI: 10.1080/00094056.2013.815555

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КОСМОГОНИЯЛЫҚ МИФТЕРДІ ЖОО-ДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ

Лесбекова Ұ.М.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

1-курс докторанты

Қазақстан, Алматы

Кіріспе. Дүние жүзі халықтары арасында мифтердің тақырыптық аясы түрлі бағытта зерттеліп келеді. Дүние мен жердің жаратылысы туралы, олардың арасында болған оқиғалардың көрініс алуы туралы мифтерді космогониялық мифтер деп атаймыз. Яғни, олар Күн, Ай, жұлдыздар мен планеталар туралы айтылатын мифтер санатынан. Космогониялық мифтер қазақ халқында да өзге мифтердің түрлерінен ажыратып алып қарастырарлықтай кездесіп жатады. Себебі, халқымыз әуел бастан біздің жаратылысымыз қашан, қалай пайда болған, кім жаратқан?.. [1] деген сұрақтарға жауап іздеу барысында осы тақырыпта қиялға жанасымды түсініктер өрбіткен.

Космогониялық мифтерде планеталарды біркездері адам болды деген ұғыммен жанастырады. Күн сәулесінің өткірлігін оның адамның тік мінезімен байланыстырса, Айды адамның әлсіз, жұмсақ мінезімен ұштастырады. Кей жерде Ай сұлу әйелмен ассимиляциялық ұғымдарда келеді. Кейбір елдердің көне дастандарынан Жер – Әйел, Ана болса, Аспан – Ер деген көне ұғымдарды кездестіруге болады. Қазақ мифтерінің арасында аспан мен жердің, күн мен айдың, жұлдыздар мен планеталардың қалай пайда болғандығы, оларды кімдер жаратқаны туралы өте көп аңыздар мен дастандар кездеседі.

Солардың біршамасына тоқталсақ, Жерді мүйізді бұқа көтеріп тұр, ол бір мүйізден екінші мүйізіне ауыстырғанда жер сілкінеді; Нұх кемесі тоқтаған жерде тіршілік басталған; аспан иесі (әрі Жаратушы) – Тәңір, кейбір түркі халықтарының мифтерінде жердің иесі әйел Құдай Ұмай, жоғарыда аталғандай, байырғы ұғымдарда Тәңір мен Ұмай (Аспанды еркек мен Жерді әйел бейнесінде ұғыну) ерлі-зайыпты; Жетіқарақшы, Шолпан, Үркер жұлдыздары туралы аңыздар; танымал Жетіқарақшы туралы аңыз [2, 233]:

«Жетіқарақшы халық арасында ұры болыпты. Қылмысы басынан асқан соң жеті жеткізбей аспанға қашып үлгерген. Олардың бейнесінде алдыңғы төртеуі, артындағы үшеуі солардың артынан ерген құйыршығы іспетті. Екі бүйіріндегі екі жарық жұлдыз – екі батыр. Ал екі жұлдыз – Ақбозат пен Көкбозат – батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы тұрады... Ұрылар қайтсе де осы аттарды түсіріп алмақшы. Сақ қырағы күзетші оған бой бермейді. Сөйтіп жүргенде таң атады. Таң атысымен Жетіқарақшы көзден таса болады [2, 234]».

Негізгі бөлім. Қазақ аңыздарында адам болмысы, оның өмірі туралы мифтер өлім және о дүниедегі желімен өмір туралы ойлармен ұштасып жатады. Исламға дейінгі Тәңіршілік дүниетанымы бойынша аруақтарға сену және өлген адам шын мәнінде бізбен басқа әлемде өмір сүреді деген түсінік болған. Ежелден қайтыс болған адамның туған күнін тойлау оны мәңгілік тамаша өмірге жіберу дәстүрімен байланысты. Бұл концепция жергілікті мифтік наным-сенімдерге негізделгені даусыз.

Миф – дүниетанымдық феномен. Ғалымдар философия ілімдерінің өзі мифтің негізінде қалыптасқан деген ұғым қалыптастыруда [3, 55]. Грек мифологиясын антикалық философиядан бөліп алсақ, қазақ мифологиясын да қазақ философиясының түп тамырынан танып жатамыз.

Космогониялық мифтердің белгілі бір элементтері қазақ ертегілерінде, қазақ әңгіме-аңыздарында айтылумен қатар, түркі халықтарына ортақ жыр дастандарында да кездесіп жатады. Мыңдаған жылдар өтсе де халқымыздың таным аясынан туындаған аңыздар бейнесі қазіргі заман ақын-жазушыларының шығармаларынан да арагідік көрініс табады. Аталған мифологиялық элементтердің қазіргі қазақ поэзиясынан көрініс беретін тұстары да баршылық.

Маралтай Райымбектің «Кентавр» өлеңінен:

...Ғаламат солай басталып бір сәт,
 Атылдым көкке жай сияктанып,
 Тұяғым алтын – Ай сияктанып...
 Алапам тасып,
 Ақырып,
 Төніп,
 Аруағымды шақырып келіп:
 Шығысқа қарай адырна тарттым,
 Жар болса Тәңір, ақырын беріп! [3, 56]

Ақын ежелгі мифологиялық ұғым мен ақын жанын салыстырмалы түрде қарай отыра, ондағы Тәңір, Ай, аспан (көк) жаратылыстарынан белгілі бір образды жасап шығарады.

Сонымен қатар, ақын Ерлан Жүніс өлеңдерінен тұнып тұрған философиялық танымдар мен космогониялық мифтердің ұшқыны бар элементтер кездеседі. Соның бірі, «...Тыныштықты, Тауды, Көлді, Ай сәулесін, Күн нұрын, Ана жайлы сенің тәтті қиялдарың, арманың, Ана жайлы менің барлық шындығым. [3, 44]»


Аталған тақырыпты жоғары мектепте оқыту мәселесіне келер болсақ, қазіргі білім беру – білім алушының адамгершілік, мәдени, кәсіби сонымен қатар интеллектуалдық деңгейін қамтамасыз етуге бағыттайтын тәрбие және оқытудың үздіксіз үдерісі екені белгілі. Білімгерлердің білім сапасын арттыру, қабілеттерін және шығармашылық белсенділіктерін дамыту үшін пәндерді оқытудағы педагогтың педагогикалық ұстанымын дұрыс тандай білуі қазіргі таңда алдыңғы орында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

Қазіргі заманғы педагогикалық ғылымда жаңа педагогикалық технологияларды енгізуге, оқыту мен тәрбиелеуде жеке тұлғаға бағытталған тәсілге, тәрбие үдерісін ізгілендіру мен демократияландыруға бағытталған мұғалімнің шығармашылық ізденіс қызметіне баса назар аударылады.

Қазіргі мұғалім педагогикалық зерттеулермен тығыз байланысты шығармашылық ізденісті меңгеруі керек [4, 56]. Қазіргі заманғы педагог ұстанымының құрамында бірнеше заманауи компоненттер бар, оларсыз педагогикалық іс-әрекет өз дамуын жоғалтады:

1-сызба.

Педагогикалық компоненттер




Педагогикалық ұстанымдар көзделген мақсат іске асуы үшін – оның тыңғылықты ұйымдастырылуларын қадағалуымыз керек. Бұнда педагогтың жеке тұлға мен маман ретінде дамуына ықпал ету мәселесін жеке қарауды талап етеді.

А.Байтұрсынұлы: «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» дейді. Әр мұғалім өз білім алушысының болашағы жарқын болуы үшін ең алдымен өзінің педагогикалық

ұстанымдарымен көзқарастарын жүйелеп алуы керек. Жанрларды оқытуда да аталған педагогикалық ұстанымдармен оқыту жүйесі аса өнімді нәтижелерді бермек.

Көрнекілікті пайдалану, тәрбиелей отыра оқыту, ғылыми және саналылық теориялары әдеби білім беру базасын қамтитыны сөзсіз. Соңғы жылдардағы озық технологиялар саналатын «Интерактивті оқыту», «сыни тұрғыдан оқыту», т.б. оқыту жүйелері де осы аталған ұстанымдармен тығыз байланысты. Ұстанымның барлығы дерлік өмірмен байланыстыра отырып оқытуда басым назарға алады.

Жалпы, әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздерін бірнеше топтарға бөліп көрсетуге болады. Оның бір аспектісі – психологиялық қыры (1-суретте).



2-сызба. Әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздері

Қазіргі таңда көптеген сұраныстағы әдістердің бірі – интербелсенді әдістер. Атап айтқанда, әдеби жанрларды оқытуда мынадай тиімді әдістерді қолдануға болады:

«Диаманта» әдісі

Жеті жолдан тұратын өлең. Қазақ поэзиясындағы мифтік сарындағы жырларда кездесетін қарама-қарсы кейіпкерлерді салыстыру үшін қолданылады.

- Қараманның жауы:
- Алпамыстың жауы:
- Қожаға қас бала («Менің атым Қожа» романынан):
- Құрмаштың дұшпаны:
- Ертөстіктің дұшпандары:

«Өлең кестесі» әдісі

(төменде көрсетілген құрылым бойынша толтырып шығады, өлең, поэма, баллада, ода, т.б. мазмұнына қарай)

- Өлеңнің аты
- Өлеңнің авторы
- Кейіпкерлері
- Қай кезеңді суреттейді
- Өлеңнің немен аяқталады
- Өлеңдегі мифке тән элементтер
- Өлеңге тән жанр

- (әдеби жанр: өлең, поэма, баллада, ода, т.б) не үйретті.

«BLOB TREE» ӘДІСІ

Студенттің өзін бағалауына арналған тәсіл. Сабақ соңында студент сабақта өзін қалай ұстады, қандай деңгейде білім алды, ағаштан өзін тауып бояп қояды. Жұппен жұмыс істесе, құшақтасып отырған екі адамды белгілейді. Сабаққа араласпаса, жерде бүртіп отырған баланы бояп қояды [5, 77].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазіргі сабақтардың алуын түрлілігі мен олардың шығармашылық сипаттары әдебиет пәні бойынша ұйымдастырылатын интербелсенді әдістермен, яғни ізденушілік, белсенділік және шығармашылықпен үндес, мақсаттас болып келеді. Бұл сабақтар студенттердің білім деңгейінің қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге шығармашылық қабілетінің дамуына да ықпал ететіні анықталды. Демек, «Қазіргі қазақ поэзиясындағы космогониялық мифтерді оқыту» тақырыбында этномәдени дүниетаным тектері мен түрлерін танудың, оны тиімді әдістермен оқытудың бүгінгі таңдағы маңыздылығы алға тартылып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аймұхаметова Ж.Ә. Мифтің поэтикадағы қызметі. қазақ поэзиясы арқауында – Доктор. диссер., авторефераты – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2010 – 40 б.
2. Қасқабасов А.С. «Жаназық»/ Әр жылғы зерттеулер. Аударма баспасы. -Астана -2002ж. - 584б.
3. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.
4. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.
5. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2016. – 366б.

АЛМА ҚЫРАУБАЕВА – ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУШІСІ

Есентүгел А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-курс магистранты

Сарбасов Б.С.

ф.ғ.к., профессор м.а. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Қай қоғам, қай кезеңде болмасын адамзат тарихының тағлымы мол тұстарын зерттеп-зерделеу – өткенін еске алу арқылы іске асатыны белгілі. Бүгінгі мен болашағын айқындау – игі жақсы зиялы қауымның белсенді іс-әрекеті арқылы танылса керек. Сол мақсатта күш-қайратын, білім-жігерін, ақыл-ойын парасаттылығы мен біліктілігін жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз ғалымдарымыздың ұмытылмас ерен еңбектерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп отырудың үлкендер үшін де, кішілер үшін де тәлімдік мәні зор болмақ. Қазақтың ұлы ақыны әрі педагогы Мағжан Жұмабаев өзінің бір еңбегінде: «Қазақтың қаны бір, жаны бір қолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі» деп көрсеткен екен. Ендеше нағыз ұстаз есіміне сай лайықты жандарды қадірлеу, құрметтеу керектігі айқын аңғарылады.

Қазақ тарихындағы ағартушылардың жолын жалғастырған, қазақ балаларын оқытып, көкірек көзін ашуда ерен еңбек еткен ұстаз әрі бірнеше әдістемелік бағыттағы еңбектердің авторы, ғалым Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева жайында сөз ету ләзім. Ол – ұлағатты ұстаз, сарабал ғалым, білікті де жанашыл педагог ретінде танымал тұлға. Оның қазақ білімінің қара шаңырағы, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, ғылымына қаншама буын шәкірттерді дайындап берген Қазақ ұлттық университетінде білім алып, аспирантура бітіріп, ғылым жолына бет бұрғандағы бағыт сілтеуші ұстазы – Бейсембай Кенжебаев еді. Қазақ әдебиетінің тарихын

дәуірлеуде орасан зор еңбек сіңірген ғалым Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен А.Қыраубаева қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеді. Р.Нұрғали, М.Мағауин, М.Жолдасбеков сынды әдебиет алыптарымен бір ғылыми мектепте тәрбиеленген Алма Мүтәліпқызының ғылымдағы сара жолы даңғыл болды.

Ғалым Алма Қыраубаеваның еңбектерін төрт салаға бөліп қарастыруға болады: бірінші бағыты – орта ғасырлардағы шығыстық қисса-дастандар, яғни орта ғасыр әдебиетін зерттеуі; екінші бағыты – түркологиялық зерттеулер; үшінші бағыты – педагогикалық зерттеулер; төртінші бағыты – Жамбыл Жабаев шығармашылығы. Алма Мүтәліпқызы Жамбыл Жабаевтың ұмытылған термелерін жинақтап, өз орындауында Қазақ радиосының Алтын қорына жаздырып, «Жамбыл әуендері» жинағын құрастырды.

Ғалым мектеп ашумен қатар, 90-жылдары өзінің ұлттық білім ошағы, оның болашағы, ұлттық тәрбие ұстындары қандай болу керектігі жайлы ұстаздық ақжарма ойларымен – өзекті мақалалары, педагогтік толғаныстарымен республикалық баспасөз беттерінде көпшілікпен жиі ой бөлісіп, көсемсөзші ретінде де танылды. Ұстаздың тәрбие мәселелеріне арналған ой-толғаныстары «Жаным садаға» атты кітапта көрініс тапты.

Негізгі бөлім. Кез келген халықтың әдебиеті мен тарихи қалыптасуы ежелден бастау алады. Қай халықтың болмасын әдебиеті мен мәдениетін, тарихын зерттеп, оның тереңіне үңіліп, жан дүниемен түсіну үшін тамырынан өріс алу керек екені сөзсіз. Қазақ халқы да өзіндік әдебиет пен мәдениеті қалыптасқан зерделі ұлт. Біздің төл әдебиетімізді зерттеу барысында оны ежелгі дәуірден бастамау үлкен ағаттық. Осы тұрғыда, Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеу барысында Алма Қыраубайқызын айтпай кету мүмкін емес. Алма Қыраубаева көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірінің бір арналы бұлағы болып табылатын көне дәуір ескерткіштерін зерттеген, сол дәуірдің бай әдеби мұраларының халықтың ғылыми қазынасына айналуына елеулі үлес қосқан зерттеушілердің бірі.

Бұған А. Қыраубаеваның 1988 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Ғасырлар мұрасы» атты еңбегі анық дәлел бола алады. Бұл зерттеудің маңызы әдебиеттану ғылымында өзіндік мектеп қалыптастырған қажырлы ғалым Б.Кенжебаевтың ғылыми ұстанымының іс жүзіне асып, өміршендік сипат алуының тағы бір жарқын көрінісіндей еді. Ғалым А.Қыраубаева Б. Кенжебаев салып кеткен мектептің жалғастырушысы. Менің бұл сөздерімді Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Шәрбану Бейсенова растай түседі: «Алма жоғарғы курсқа келгенде өзінің зерттеушілік қабілетін анық танытты. Ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен студенттердің ғылыми конференцияларында баяндама жасай бастады» [1,7].

Кезінде бұл дәуір әдебиетінің түбегейлі зерттелуі керектігін қазақ әдебиеттану ғылымының алдына проблема етіп қойып берген ғалым Б.Кенжебаев екендігін айтқан А.Қыраубаева ежелгі әдебиетіміздің бұл дәуірін тұтас қарастыратын қазақ тілінде басылып шыққан арнайы зерттеудің жоқтығына тоқталған еді. Ежелгі дәуір әдебиеті туралы жекелеген еңбектерде нақты айтылмаса да, алқашқы пікірлер мен зерттеулер «Ертедегі әдебиет нұсқаларында» (1967), Б.Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» кітабында» (1974), Х. Сүіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (1969), «Ғасырлар поэзиясы» (1987) атты еңбектерден кездестіре аламыз. Ежелгі әдебиет тұрғысын зерттеу барысында ғалым қаламынан «Ғасырлар мұрасы» (1988), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997), «Ежелгі әдебиет» (1996), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (2001), «Махаббатнама» (1985), «Түркі әдебиеті» (1988) атты туындылар жарық көрді. Қайсыбір ғылыми ізденісті зерделеп карасақ та оның негізі өзіне дейінгі ғалымдардың еңбектеріне шолудан басталады. А. Қыраубаеваның еңбектерінен де орта ғасыр мұраларын зерттеген В.В Радловтың, Н.И.Ильминскийдің, А.А.Самойловичтің, С.Е.Маловтың, Е.Э.Бертельстің, А.М. Щербактың, Э.Н.Наджиітің, Г.Т. Тагиржановтың, қазақ ғалымдары Ә.Марғұланның, Ә.Қоңыратбаевтың, Қ.Өмірәлиевтің пікірлерін кездестіре аламыз. Ежелгі әдебиетті шыдамдылық пен табандылық көрсетіп зерттеудің нәтижесінде А.Қыраубаева «Өнер» баспасынан «Ежелгі әдебиет» деп аталатын 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа әкелді.

Бұл жайында А.Қыраубаеваның өзі былай деген екен: «Ежелгі әдебиетті көптеп айналдырып жүрмін ғой. Жеке-жеке әр жылдары шығып та жүр. Бірақ соның бәрінің басын біріктіріп, үлкен сүйекті еңбек етіп, хрестоматиялық мәтіндермен қосып шығарсам деген бір арманым бар еді,- деп бір тоқтады» [1,7].

Еңбектің алғы сөзінде ғалым: «Қазақ әдебиетінің түп - тамыры - біздің заманымыздан бұрынғы сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен бастап, Алтын Орда ескерткіштеріне дейін талданып көрсетіледі. Аталған дәуірдің өз ерекшеліктері, бағыты пайымдалады. Заманымыздан бұрынғы аңыз жырлар, Орхон ескерткіштері: («Білге қаған», «Күлтегін», «Тонұқұк»), сондай – ақ, «Қорқыт ата», «Оғыз қаған», «Жұмжұма», «Қисса Жүсіп» тағы басқаларының мән мағынасы сөз болады. Ежелгі әдебиетті зерттеудің жаңаша көзқарастары талданады» [2, 3],- деп жазды.

А. Қыраубаева өз зерттеулерінде түркі әдебиетін 5 түрлі кезеңге бөліп қарастырған: 1) Заманымыздан бұрынғы жазу- сызулар, аңыз жырлар «сақ, ғұн, үйсін дәуірі б.з.д. VII ғ. – б.з. IV ғ.»; 2) Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет (V- VIII ғ.ғ.); 3) Оғыз дәуіріндегі әдебиет (IX- X ғ.ғ.); 4) Ислам дәуіріндегі әдебиет (X- XII ғ.ғ.) оның ішінде : Сыр бойы әдебиеті және Қарахан әдебиеті; 5) Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғ.ғ.) [2,5].

Ал «Ғасырлар мұрасы» атты еңбегінде ғалым толықтай түркі әдебиетіне шолу жасаған. Ғалым кітаптың зерттеу нысаны туралы: «XIII- XIV ғасырлардағы түркі тілдес халықтар әдебиетін бұл кітапта сол замандардағы түркілердің тарихи-әлеуметтік жағдайы, әдебиеттің өзіндік сипаты, «Рабғузи қиссалары», «Махаббатнама» ескерткіштерінің идеялық көркемдік ерекшеліктері, ежелгі әдебиет дәстүрінің XIX-XX ғасырлар басындағы қазақ әдебиетіндегі көрінісі талқыланады, қисса жанры жөнінде пікірлер айтылады» [3,3].

Еңбекке филология ғылымдарының докторы Ғ.Айдаров, филология ғылымдарының кандидаты М.Мағауин пікір жазған. Сонымен қатар ғалым А.Қыраубаева бұл еңбегін Б.Кенжебаевтың жарқын бейнесіне арнаймын деп өз тілек-ниетін білдірген.

Ежелгі дәуір әдебиетінің зерттеу ерекшелігі туралы А.Қыраубаева: - «Алдымен зерттеу объектісіне жан-жақты дайындықпен келу, тосыннан жаңалық ашпау, әрбір дерек пен ойды саралау, өзіне дейінгі ғалымдардың тұжырымдамаларымен санасу және ғылыми этиканың сақталуы» осы талаптарға аса мән беру қажеттігін баса айтады. Мәселен, «Ғасырлар мұрасы» атты кітабының алғашқы тарауы «Уақыт бедерінде» осы мәселелерге жан-жақты тоқталған. Бұл тарауда Алтын Орда дәуірі кезіндегі тарихи жағдай, мемлекеттің құрылуы, оның ішкі-сыртқы саяси байланысы, сауда байланысы, сол заман кезіндегі әдеби даму туралы ғылыми деректемелер баяндалады. Сонымен қоса алыс-жақын шетел зерттеушілерінің еңбектерін сілтеме негізінде көрсетіп, оларды жан-жақты талдау жасаған.

«Адамзат мәдениетінің қай дәуірін алсақ та, арғы-бергі заманнан, тарихи оқиғалардан, қоғамдық құбылыстардан, уақыттан өзінше бөлек тұйықталып, олармен ешбір байланыссыз тылсым сыр жатқан өзгеше мәдениет болмаған. Ендеше, Алтын Орда XIII-XIV ғасырлардағы түркі мәдениетін, әдебиетін, оның көнеден жалғасып келе жатқан негізгі арқауын, алыс-жақын елдермен жан-жақты байланыс, қарым-қатынас арқылы баю жолдарын, уақыт ағымы тудырған ішкі қоғамдық жағдайларын ескермей, кең ауқыммен талдама түсіну мүмкін емес» [3, 12]. Бұдан ғалымның ішкі саясат пен мәдени-әдеби байланыс арасында гармония сақтағандығын байқауымызға болады.

Еңбектің екінші тарауында Рабғузи қиссаларына шолу жасаған. «Қисса- и- Рабғузи» туындысына ғалым көлемді мақала жазып, кейіннен оны осы кітаптың бір тарауы ретінде ұсынды. Рабғузи туындысы араб-парсы әдебиетінен келген әртүрлі аңыз қисса-дастандарға толы болғанымен, Қыраубаева оны тек сол күйіндегі толық үлгіде емес, өзінің естіп, білген аңыз- дастан, үлгі насихаттарын ұсынып, алпысқа жуық әңгімені 3 топқа бөліп қарастырып, қалың оқырман назарына ұсынған.

«Ғасырлар мұрасы» зерттеуінің үшінші тарауында Хорезмидің «Махаббатнама» дастанына толықтай сипаттама береді. Ол тарауды «Тындума әдебиет. Махаббатнама» деп атаған. Ғалым зерттеуінде: «Біз «Махаббатнаманы» түпкі бастаулары V-VIII ғасырларда жатқан ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз

тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар берідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты деп қараймыз» [3,66],- деп жоғары баға береді.

«Ежелгі әдебиет дәстүрі» атты 4 тарауында бұрынғы араб, парсы ақындары жазып кеткен сюжеттерді түркі тілінде қайта жаңғыртып жазушылық дәстүрдің көрінісін зерттейді. Бұл тарауда әсіресе, Сағди, Низами, Фирдауси секілді ғұламалардың еңбектеріне деген жаңаша көзқарас танылады.

Жалпы алғанда, еңбектің негізгі құндылығы соңғы бөлімнен соң қосымшалардың берілуі болып табылады. Яғни, ежелгі түркі дәуірі кезінде пайда болған туындыларға ғылыми негізде түсініктеме беріледі. А.Қыраубаеваның қай шығармасын алсақ та болашақ ұрпаққа берер тәрбие мен тәлімнің молдығын аңғарамыз. Осы секілді туындыларды біздің меңгеруіміздің арқасында, біз өткенге көз жүгіртіп, жарқын болашаққа нық қадам жасай аламыз. Кезінде осы талданған туындылар, яғни жалпы алғанда түркі мәдениетінің ежелгі дәуір әдебиеті тың, әрі түпнұсқа мен қолжазбалардың екінің - біріне жетіспеу, көпшіліктің қолына тимеу секілді қиындықтардың болуы әсерінен бұл әдеби кезеңнің зерттелуінің кейінге қалу проблемасы туындаған болатын.

Міне, Б. Кенжебаев бастап, ғалым А.Қыраубаеваның қолдап, бар өмірін маңдай тер төгіп, көптеген тың деректерді Ғылым академиясының қорынан алып, білімділерге, жалпы оқырманға жеткізуінің арқасында біз ұстаз Алма Қыраубаеваның ғылымға тұтастай беріліп, табандылық танытып, ежелгі дәуір әдебиетін бір арнаға салғандығын көреміз.

«Рабғузи қиссаларына» жан-жақты ғылыми талдау жасаған А. Қыраубаева туындының жанрлық сипаты мен құрылымдық ерекшелігін анықтайды. Әдеби жәдігердің негізі шығыстан – араб, парсыдан келген әңгімелерден тұрады. Ежелгі араб, парсы арасында туып, бірден-бірге ауысып келе жатқан сюжеттерден құрылған бұл туынды аударма-нәзира шығарма болып табылады дейді. Мұндағы әңгімелерді: табиғат пен дүние құбылыстарының, жаратылысының пайда болуы жайындағы діни-мифологиялық әңгімелер топтамасы; дінді таратушылар, халифалар, тарихи адамдар жайлы деректі, дерексіз әңгімелер мен аңыз-қиссалар; ауыз әдебиет үлгілері, өлеңдер деп топтастырып, жаратылыс жайындағы әңгімелері діни мифологиядан туындаса, ал, махаббатты, адамгершілікті, ұнамды, ұнамсыз қылықтарды суреттейтін шығармаларында гуманистік идеялар айтылады деген қорытындыға келіп, ғылыми пайымдауын нақты талдаулармен тарата айтады. Рабғузи кітабы сонау ескі заманда, ескі түркі тілінде жазылса да, кейінгі қазақ арасында түгелдей жат сарын, түсініксіз, бөтен дүние саналмай, ертеден-ақ танымал болған, жұрт арасына кеңінен таралған туынды дейді [4].

Дегенмен, ғалымның зерттеуінен өз уақытының белгісі де көрінеді. Қиссадағы адамның, дүние-тіршіліктің жаратылуы туралы аңыз-әңгімелерге біршама сын көзімен қарайды. Соңғы кездегі ғылымның жетістіктерін баяндаған еңбектерге сүйене отырып, аңыз-әңгімелердің бірсыпырасының астарында ерте замандағы болып өткен табиғат құбылыстарының шындық іздері жатқандығын, ал бірсыпырасы дүниенің сырын әлі танып-біле алмаған кездегі адам санасының, түсініктерінің, наным-сенімдерінің көрінісі, содан туындаған, ой-қиялында қайта жасалған көркем ұғым-танымдары жатқандығына көңіл аударады. Түркі тіліндегі бұл көлемді тұңғыш еңбекті әлемдік мәдениетпен жалғасып жатқан туынды деп қарастырды. Ондағы аңыз-әңгімелердің түп-төркінін ертедегі шумер жазуларымен, көне араб-парсы әдебиетімен, Құран, Библиямен, Фирдоуси дастанымен, басқа да әлемдік мәдениет-әдебиет үлгілерімен байланыстырып, нақты салыстырулар арқылы ғылыми дәлелдеп көрсетеді. Сөйтіп зерттеуші түркі әдебиетінде нәзирашылдық өнерінің туу және дамуына «Рабғузи қиссалары» арқылы келді. Кейінгі қиссашыл ақындардың туындыларындағы қиссалардың жырлану өзгешелігіне, уақыт талабына орай мазмұндық-идеялық дамытылуына ғылыми сараптама жасады.

Қорытынды. А.Қыраубаева ғалымдығын ұстаздықпен қатар жүргізіп, әдебиетіміздің ежелгі дәуіріне арналған жүздеген мақалалар, оннан аса оқулық пен зерттеу еңбектерін жазды. Ежелгі әдебиеттің бірден-бір маманы ретінде ерте кездердегі қазақ әдебиетінің тың өңірлеріне батыл барып, алғаш рет зерделі пайымдаулар жасады. Әдебиетіміздің терең

тамырларын зерттеуге тың жолдар салды. Ғалым қаламынан туындаған еңбектер бүгінгі күндері мектептерде, жоғары оқу орындарында оқулық, оқу құралы ретінде пайдаланылып жүр, онда көтерілген ойлар, идеялар болашақ жаңа зерттеушілердің ұйытқысы болуда.

Қорыта айтқанда, ғалым-ұстаз А.Қыраубаеваның әдеби мұрасын болашақ жас ұрпаққа оқытып насихаттау, дәріптеу біздің парызымыз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бейсенова Ш. Ол.. және ол туралы Алма Қыраубайқызы. // Түркістан.-2003. - 10 шілде. – 7 б.
2. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Өнер, 2008. – 216 б.
3. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
4. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы, 1999. – 185 б.

АБАЙ ІЛІМІНДЕГІ «ТҮЛҒА» МӘСЕЛЕСІ

Сарбасова И.С.

*ШҚО, Самар ауданы, Жамбыл атындағы
орта мектебі КММ қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Кіріспе. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, уақыт өткен сайын маңызын жоймайтын рухани қазынасы, зерттеудің көзі болып табылады. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы заңдылық. Ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз болмақ.

Адам мұраты мен халық мүддесін ұштастырудың негізгі бағыты ретінде ақын «толық адам» ілімін ұсынады. Абай мұраларындағы «толық адам», «жетілген адам» жайлы ой-пікірлер терең философияға, педагогикалық тағылымға құрылған. Ең алдымен осы «толық адам» дегеніміз қандай адам? Абай айтып отырған «толық адам» тәрбиелі, адамгершілігі мол, имандылық қасиеттерді бойына жиған, «бес асыл істі» жолдас қылып, «бес дұшпаннан» безген жан. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын» жаны сұлу адам.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» - деген ақын адамгершіліктің биік өлшемі туралы тәлімгерлік ойын он сегізінші қара сөзінде «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық» [1] деп толықтырып, тереңдете түседі.

Ал он жетінші қара сөзінде таласқан қайрат, ақыл, жүректі ғылымға әкеліп жүгіндірген ұлы ойшыл ғылымға «...үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет» деген шешім айтқызып, «Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол» деген ой түйеді. Жан-жақты жетілген адам туралы жоғарыда айтылған Абай ойларының түйіні осы сөзде жатқан сияқты.

Негізгі бөлім. Абай мұрасындағы «толық адам» жайлы ақындық пікірді жетілдіре, дамыта түсетін «үш сүю» ұғымы жайында «Ұлы ақын нағыз адам, толық адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап та береді. Абай поэзиясын тақырып-тақырыпқа бөлшектемей, тұтастай қарастырсақ үш баға жетпес асыл қазыналарды бөліп алуға болар еді», - дейді белгілі әдіскер, ғалым Қ.Бітібаева [2].

Өз топырағымызда дүниеге келген ғұлама ғалым әл-Фарабидің трактаттарында молынан сөз болатын болмыс пен адамның кемеліне келіп, жетілуі де Абайдағы толық адамның дәстүрлі таным екендігін бекіте түседі. Әл-Фарабиге ортақ кемелділік пен өз

парқынан ләззат алу танымы Абайда да бар. Тек Абай әл-Фарабидегі кемелділікті толық адам, жүректі мекендейтін үстем күш пен талпынғыш күшті сүю ретінде танытады.

Толық адам жөніндегі ақын пікірлерінің кейбір жақтары шығу төркіні жағынан шығыс ойшылдарымен іліктес жатса да, Абай оны өз заманы талабына қарай сыншыл ақыл тұрғысынан екшеп, өзінше қорытып, өзіндік ой-пікірге айналдырып жіберген. Ақынның осы бір даналығы мен шеберлігін М.Әуезов «...өзінің ой-сезім дүниесіне әсер еткен ағымдардың бәрін өзінің өздік ерекше елегінен өткізіп, қорыта өзгертіп, өзіндік етіп алады» - деп әділ бағалаған.

Абай үнемі ебін тауып кісінің адамгершілігін ұштай түсумен болады. «Адамзат тірлікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» өлең жолдарынан ақынның өзі айтқандай, адамда екі түрлі қуат бар: жан қуатымен ақыл таппақ та, тән қуатымен мал таппақ, еңбек етпек. Ақын екеуінің де адалдықпен болғанын қалайды және осы ойының жүйелі түрде қалыптасқан таным екенін кейінгі өлеңдерінде сапалы өсудегі қайталауымен дәлелдеп отырады.

Ақын бұл сөзі арқылы «адам бол, адам атын ақта» деген тағылымды ойын білдіріп отыр. Ақын өзінің арманды ойларын көбіне жастарға арнап айтады. Сол жастарды өзі армандаған адамгершілік қалыпта көргісі келеді. Қиялында, санасында қалыптастырған адамгершілік сипатын сәндей түседі, ұштай береді.

«Күншіліксіз тату бол шын көңілмен, Қиянатшыл болмақты естен кеткіз» деген өлең жолдарынан ақын адамдағы қиянатшыл қаупін көп айтады. Оның ойынша, барлық кеселді қасиеттердің шығар көзі де, өсіп, өрбіп, ұлғая жетер жері де – осы қиянатшылдық. Ақын *«әуелі көкіректі тазалау керек»* дегенде, адам ең алдымен осы қиянатшылдықтан аман болса екен дейді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақынның бұған дейін айтылып келген адам болу жайындағы ойлары әжептәуір жүйеленіп, тиянақтала түседі [2].

Абайға дейін поэзияда адам мәселесі жырланбады емес, жырланды. Адамның әр жасы, әр жастағы оның жағдайы, жақсы-жаман қасиеттері – бәрі де сөз болды. Алайда ол поэзияда сырттай сипаттау басым түсіп жатты. Ал, Абай ең басты мәселе етіп Адамды, оның жеке ісін, сезімін, тұрмысын, адами қасиеттерін алды. Оның поэзиясында Адам – Алланың махаббатпен жаратқан ең ұлы, ең сүйікті туындысы. Сол себепті бүкіл әлемнің, қауымның, болмыстың темірқазығы – Адам. Оның мүмкіндігі мен құдіреті – орасан. Адам - өмірдің қозғаушы күші, тірлікті дамытушы, қоғамды түзеуші. Міне, Абай осы адамды түсіну мен адамды тану міндетін ерекше саралайды.

Абай Адамның – танылуы қиын жұмбақ деп біледі. Абай түсінігінде, адамның құдіреті – оның рухани азаттығында, ар тазалығы мен сезім еркіндігінде, ойдың тәуелсіздігінде, сөз бостандығы мен мінездің тәуекелділігінде.

Абай поэзиясынан Адамның өзі – құдірет екенін, құдіреті білімінде, ақылында, жүрегі мен жанында екенін көреміз. Адамды бар жағынан тексерген Абай үшін адам – бір жағынан біртұтас әлем, екінші жағынан адам өз ішінде қайшылығы мол, күрделі тұлға.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін», деген өлең жолдарынан ақынның өмірлік мұраты жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру болды [3].

Жаһандану үрдісінің ықпалы күшейіп, ұлт болашағы маңызды мәселеге айналып, барлық ұлттық құндылықтарымызға қамқорлық керек болып отырған қазіргі уақытта «адамның баласы» болып, елдің ертеңі үшін өмір сүруді өсиет етіп кеткен Абайдың асыл сөздерін жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты құрал ретінде қолдану кезек күттірмейтін мәселе екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Бұл Абайдың толық адам туралы ілімінің ұлттық сипатымызды, халқымызға тән ерекше қасиеттерімізді сақтап, қазақты қазақ етіп танытатын, ел ертеңі болар ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі мен маңызын анық көрсетіп, айқындап тұрған пікір.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі жастарды діни тәрбие, имандылық арқылы адамгершілікке, адами ізгілікке жетелеу болатын болса, ұлт ұстазы Абай мұрасының осы

тұрғыдағы маңызы ерекше. Ақын түсінігіндегі «жетілген адам» - ең алдымен иманды адам. Имандылық бар жерде жамандыққа, жат қылықтарға орын жоқ екені мәлім. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген ақын өсиетінің бүгінгі күні имандылықтан ада болып, өз дінінен адасып, адамдық қасиеттерді аяққа таптап, түзу жол таппай жүрген замандастарымыз үшін өте қажет екені анық. Адамгершілікке тәрбиелеудің бастау бұлағындай болып көрінетін діни тәрбиенің маңызын ашып көрсете білген Абай мұрасы адам тәрбиесіндегі негізгі бағытты да анық сілтеп тұрғандай [4].

Ізгілікті уағыздап, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі адам тәрбиесі жайында өлмес сөз қалдырған ұлы Абайдың өзін нағыз «толық адам» десек болғандай.

Қорытынды. «Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», деп заманынан озық туған, қараңғылыққа қарсы тұрып, халық өміріне даналық сәулесін шашқан ойшыл Абай - өзі сипаттаған «нағыз адамға» тән қасиеттердің бәріне ие, ұрпаққа үлгі етерлік тұлға.

Абай мұрасы еліміздегі білім беру жүйесіндегі өзіндік мәні бар, ағартушылық маңызы зор, педагогикалық идеяларға толы, психологиялық ой-пікірлерге бай тәлімгерлік тағылымы баға жепес өміршендігімен ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық қазынамыз болары сөзсіз. Абайдың адам тәрбиесі хақындағы педагогикалық көзқарастары аса үлкен мәнге жетіп, әлі де болашақ ұрпақтың көкірегін оятар демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары: Ұлы ақынның 150 жылдығына – Алматы: Рауан, 1993
2. Әліпхан М. Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі. – Алматы, 2013
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: «Ана тілі», 1995. –
4. Мырзахметұлы М. Абайтану. Алматы, 2010

СҮЙІНБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Умбетова Ж.К.

*№2 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан, Алматы қ.*

Кіріспе. Сүйінбай – ақындық өнердің қадір-қасиетін таныған, оның мәні мен мақсатын терең түсінген саналы өнерпаз. «Өмірде құны ескірмес, бағасы құнды асыл сөз» деген ақын өлеңнің құдірет-күшін танып, ақындық өнердің қыр-сырын бойына дарыта алған. Ақын өз бойындағы ақындық шабыт туралы да жырға қосып, өз талғамы мен шабытының ерекшелігі жайлы тебірене толғаған.

Жорға едім сартылдаған, самғайтұғын,

Бәйге аттай шу дегенде талмайтұғын.

Жасымнан көп шабылған жүйрік едім,

Сұңқардай көкке өрлесе талмайтұғын.

Сүйінбай сөйлер сөзге тарылмаған,

Жалтылдап жанған оттай жалындаған.

Саңқылдап қалың қазақ арасында,

Еліріп өлең айтса арындаған, –

деп жырлаған ақын өз бағасын өзі әділ берген.

Сүйінбайдың ақындық дарынының алтын бесігі халқының ежелден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі. Құнарлы сөз, кесек ой, келелі уәж оның поэзиясына, эпикалық қарым, көркемдік сипат дарытып отырады.

Сүйінбайдың ақындық мектебі жайлы ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Жамбылдан басқа ақындар да Сүйінбайды өздеріне ұстаз тұтып, оның таланты алдында бас иген» [1,105б.], –

деп тұжырымдайды. Жоғарыдағы аталған зерттеуші ғалымдар адуын ақынның поэзиясын жоғары бағалап, Сүйінбайды таптық айқын сара бағыты бар өз алдына бөлек, бүтін бір ақындар шоғырының басында тұрған жыр алыбы деп санайды.

Сүйінбай өлерде айтқан бір өлеңінде мұрасының қағаз бетіне түсіп, жазылып қалмағанына өкінеді. Өзі қайтыс болғаннан кейін өлеңдері елдің есінде қалмай, өзімен бірге жойылып кете ме деп қауіптенеді. Өлеңінде ақын кесір мінезді Жұмыққа реніш те білдіреді. Олай болуының себебі халық ақыны Ә.Сариев былай түсіндіреді: «Аурудың батқанын сезіп, енді айықпасына көзі жеткен Сүйінбай ағасы Жұмықты қасына шақыртып алып, өзінің өлеңдерін жаздырып кеткісі келетінін айтады. Ол үшін – елден хат білетін төрт адам тауып әкел, солар менің айтқанымды жазып алсын» [2,226], – дейді. Бірақ, тағдырға бас иген, өнерге бейтарап Жұмық бұл сөзге құлақ аспайды. Қайта оның сөздерін ауру сандырағы деп түсініп, Сүйінбайға «Құдай алдында күнәлі болмай, жөніңмен жатып, тағдыр бұйрығын қарсы ал», – деп ақыл береді. Жұмықтың осындай тоң мінезін сынай айтқан Сүйінбайдың «Жұмыққа» деген өлеңі былай басталады:

Атың емес, Жұмық – ай, ойың жұмық,
Бір басыңнан шығады нелер қылық.
Сүйінбайдың аты бар, өлеңі жоқ,
Жүргендей боп кеттім – ау көзім жұмып,
Сүйінбайды апарып көмгеннен соң
Отырарсың жотада жалғыз ұлып.
Өмірді келген, кеткен аңдамайсың,
Адамның болашағын болжамайсың.
Асыл сөздің білмейсің қасиетін
Жаман ойға келгенде талғамайсың,
Қияс мінез, томырық от пен жалын
Қайтейін осыныға арланбайсың, – [3,305б.].

Ақынның қолда бар шығармаларын түгелдей қарастырсақ, оларды негізгі үш салаға жатқызуға болады. Олар: толғаулар, арнаулар, айтыстар.

Негізгі бөлім. Бірінші саласына ақынның жиырма шақты толғау – жырлары жатады. Оның мазмұны шет жұрттық басқыншыларға қарсы қол бастаған қазақ батырларының ерліктерін жырлау, өмір сырларын ақтарып, дүние – әлем, бақ – дәулет, талап – талғам, өзгерістерін толғау. Өмір – қоғам құбылыстарын байқаған, дүние, әлем, адам, оның орны туралы толғанысы терең:

Дүние – ескі сарай – ды,
Жолаушы жүрген азамат
Көркіне оның қарайды,
Сондадағы тауарих
Көшіп өткен керуендей,
Аттандырған талайды.
Өміріңнің орағы
Қуанба көріп жаңа айды [3,307б.].

Екінші бір шығармасында әрбір тіршілік иелерінің өз орны, барар жер, шығар тауы, өсіп – өнер ұясы, ұшып – қонары болатынын ескертеді. Үлкен өмірден адам өз орнын тауып, әлі келгенінше, халық үшін қызмет етуге тиіс деп біледі.

Аққу ұшса, көлге кетеді,
Көпір бұзылса, селге кетеді.
Мал – жан біткен бәрі де,
Өсіп – өнген жерге кетеді
Халқыңның күні саған түсті
Әділетті жан болып,
Басқара бер,

Басыңа салған істі.

Ақын шығармаларының бұқарашылық беті, әлеуметтік сыры айқын. Оның жүрегі елім, халқым деп дүрсіл қағып, тыным таппайды.

Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым.
Құтылып жарлы кеткенше,
Зорларды сөзбен торладым.

Ел еңсесін көтерер ерлік, батырлық екенін айта келіп, сол батырды тудырып, баптап өсіретін ел керек, ерге сай елі, еліне сай ері болса ғана іргесі тегеурінді, мықты деген ойын ақын былайша береді:

Ер қадірін ел баққан
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер баққан
Зергер білер деген сөз.

Ақын ерлікті, жауға мейірімсіздікті әр тұста жырлап, жастарды батырлар үлгісінде тәрбиелейді.

Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса.
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса.
Ел елдігі болмаса,
Ерменен жауға бармаса,
Елшілігі бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса [3,306б.].

Сүйінбай шығармалары – образды, сұлу суретті жырлар. Онда терең мазмұнға сай көркем бейне, сом тұлғалар дараланып, көркемдік шыңға көтеріледі. Әсіресе, үстемдер бейнесін жасауда олардың типтік мінездерін танытарлық суреттер қонымды бояулар арқылы реалистік өнер дәрежесінде тұлғаланады. Ал датқа, ұлық, болыс, би, ояз сияқтыларды суреттеуде Сүйінбай Абайдың “Болыс болдым, мінекей!” сияқты классикалық шығармасы дәстүріне лайық, соған пікірлес стильде тамаша сатиралық туынды жасайды.

Адам мінезін жасауда Сүйінбай өзі тұстас көркем сөз шеберлерімен бәсекеге түскендей. Махамбеттің Жәңгірге, Шернияздың Баймағамбетке, Жанақтың Рүстем төреге, Шөженің Бәйткке айтқандары сияқты Сүйінбайдың төре-сұлтандар алдында айтқан тебіреністері – үндес те мұңдас, түрі-тілі, стилі де бір қалыптас шығармалар.

Хан емессің, қиықсың,
Қалың елді айдап жеп,
Теріңе зорға сыйыпсың,
Ұры – қары, залымның,
Жаныңа бәрін жиыпсың [3,301б.], –

деп басталатын Сүйінбай тебіреністері “Хан емессің қасқырсың”, “Мен едім” сияқты Махамбеттің жалынды жолдарына пара – пар өжеттік пен өткірлікке толы шығарма.

Халқына қызмет еткендей ақылды адам басшы болса игі деген армандарын да білдіреді:

Халыққа жайлы хан болсаң,
Өкпе, жүрек қолқамсың,
Көп жұлдыздың ішінде
Жеке туған шолпансың.
Әділеттен тайсаңыз –
Екі көзі қанданып,
Жегеннен басқа білмеген

Тоғайда жүрген қорқаусың [3,306б.].

Халыққа төрөмін деп көкірексіп жүргендердің бірі хан емес, момын елге шапқан қасқыр, енді бірі төре емес, төбеде ұлыған төбет бейнесінде екенін Махамбет пен Шернияз поэзиясы анықтап берген-ді. Ал, Сүйінбай осы алып ақындар дәстүрін білгірлікпен жалғастырды.

Сүйінбайдың әрбір арнау өлендері – өзінің осы бір өжет, өткір қасиеттерімен мәнді, дәуірлік шынайы шығармалар. Ақынның бұл саладағы өлендерінде қазақтың әлеуметтік қоғам өкілдері бірінен соң бірі топ-тобымен бой көрсетеді. Әсіресе, пейілсіз сараң, адамгершілігі төмен жандар тізбектеліп, көз алдыңнан топ-тобымен өтіп жатады.

Ақынның «Жақсы менен жаманның айырмасы» мен «Нақылдары» - көтерген мәселелері жағынан тікелей тәрбиелік мәні бар шығармалар. «Жақсы мен жаман адамның айырмасы» деген өлеңінде ол адам бойындағы мінез-құлықтар туралы, адамгершілік қасиеттер жайында ой толғайды.

Жақсы адам елдің ерке серкесіндей,
Халқының қалың жүнді көрпесіндей
Жақсының айтқан сөзі тиянақты,
Түйенің аумаитұғын көрпесіндей.
Жамандар өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
Жалған сөзбен бықсытар ел

Жанбай қалған ағаштың шаласындай [4,146], –

деп ақын адамға тән жақсы-жаман қасиеттерді салыстыра суреттеп, оқырманына анық та айқын таңдау жасатады. Сөйте отырып, соқырға таяқ ұстатқандай етіп санаңа сіңіруді мақсат етеді.

Философиялық сарын өз кезеңіндегі басқа да ақындар сияқты Сүйінбайға да тән. XIX ғасыр поэзиясындағы жиі көтерілген мәселенің бірі – ғұмыр диалектикасы болса, бұл турасындағы ақынның көрнекті туындысының бірі – «Ақын боп жиырмамада» атты өлеңі. Адам өмірін кезең-кезеңге бөліп, әр онжылдықтың өзіндік ерекшелігін суреттеген ақын былай деп жырлайды:

Ақын боп жиырмамада желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым.
Отыз асып қырыққа келгеннен соң,
Қаптаған жердің жүзін селдей болдым.
Қырық асып елуге келгеннен соң,
Түбім терең құрақты,
Сұқсыр үйрек жатқан көлдей болдым [4,156.].

Ойшыл ақын жиырма мен елу жастың арасын адам ғұмырының ең жемісті кезі деп лайықты бағалайды. Сөйтіп жас шақтағы табандылық пен алғырлықтың адам өміріндегі алар орнын жоғары қойды. Ақын шығармасының негізгі идеялық түйіні - адам ғұмыры түгелдей ел игілігіне жаратылуы керек деген азаматтық тұжырымға келу.

Қорытынды. Өз сөзімен айтқанда, Сүйінбай – қынаптағы қылыш, аспаннан түскен жасын, соғып тұрған құйын, ескен қызыл жел, жүйріктей жалын тараған, күніне шауып жараған, айтысқанды шаңына көмген жүйрік, айтысқанның басынан өлең жаудырып, миын шайқатқан жырдың бораны, қияқты сұңқар. Сүйінбай жырларынан оның алмастай өткірлігі де, шайқалған жорғалығы да, тұлпарлығы да, даңғыл жыраулығы да айқын, анық көрінеді.

Қорыта келгенде, ақын шығармаларындағы көркемдік кестелер, әр сөзді орынды қолдануы ақын туындыларының тіл көркемдігін, өзіндік мәнерін, сөз қолданудағы ерекше шеберлігін анық көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 550 б.
2. Жолдасбеков М. Кісілік кітабы. – Астана: Күлтегін, - 2012. Т.ІІІ. – 254б.

3. Жеті ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: Жазушы, 2004. – 399б.
4. Аронұлы Сүйінбай Шығармалары. /Толғаулары, сын-сықақтар, өлеңдері, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1990 – 283б.

МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Оспанбек Б.

*№15 гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан, Алматы қ.*

Аңдатпа. Мақалада М.Өтемісұлының суреткерлік шеберлігі, ақынның поэтикалық тілі, өлең өрнектері қарастырылады. Ақын шығармаларының тілі туралы да ғалымдардың жеке ой-пікірлері айтылады. Тілдік құралдарды ақын қалай қолданды, олар қандай дәрежеде көрініс тапты деген мәселелерге талдау жасалынады.

Кілт сөздер: лирикалық кейіпкер, суреткерлік шеберлік, поэтикалық тіл, көркемдік ерекшелік.

Кіріспе. Махамбет – ақындық мақсатын ел мүддесімен ұштастыра білген азамат ақын. Халық қамы үшін атқа мініп, жауына қарсы өзінің жалынды сөзін жай оғымен қатар жұмсады. Ақынның өжет сөздері батырдың беліндегі ақ семсер, алмас қылыштай қиып түсер өткір қарудан кем емес еді. «Хан жақсылардың» бет пердесін ашып, ақын оларды халық алдында әбден әшкере етті. Көтерілісшілердің көзін ашып, санасын оятты. Ел басына қара түнек орнатушы хан-сұлтандар екенін алғаш ашық түсіндіруші Махамбет болды. Махамбеттің тілегі, ісі, жүрегі халықтан еш уақыт бөлінген емес. Керісінше, халықтың, көтерілісшілердің қалың қауымының мүддесімен ұштасып жатады.

Махамбет шығармаларын зерттеушілер ішінен профессор Қ.Жұмалиевтің еңбегін ерекше атап өтуіміз қажет. Ғалым «Егеулі найза» атты кітабын түгелдей Махамбетке арнаған. Бұл еңбекте Махамбеттің өмірі, шығармашылығы кеңінен сөз болады. Ғалым: «Жарқын талант, ер жүрек батыр, ісімен де, сөзімен де кейінгі ұрпақтарын таң қалдырған М.Өтемісов қазақ әдебиетінің тарихынан ерекше орын алады», – деп ақынға жоғары баға берген [1,12].

Сондықтан да, академик Қ.Жұмалиев еңбектері ішінде Махамбет мұрасына арналған зерттеулері бір шоғыр дүние. Белгілі ғалым Қ.Өмірәлиев: «Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет творчествосын барынша көп, әрі барынша терең зерттеген академик Қ.Жұмалиев болды», – деген еді [2,49].

Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет шығармашылығын көп әрі барынша терең зерттеген академик Қажым Жұмалиев былай дейді: «Махамбет - өзіне дейінгі халық әдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, кемшілігін қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетте көрнекті із қалдырған ақын... Махамбет – лирик ақын. Оның өлеңдерінде өзінің көңіл-күйі мен ел сезімі ұштасып жатады. Сондықтан оның лирикасын, ең алдымен, әлеуметтік сарындағы саяси лирик деп айтуға тура келеді. Қоғамның топқа бөлінуінің негізінде таптық күрес саяси таптық жырларды туғызады. Қоғамның тапқа бөлінуі және сол тапқа бөлінудің негізінде таптық күрес туады да, сол таптық күрес қазақтың фольклорынан айқын көрінеді. Соған қарағанда, саяси лириканың бастамасы ауыз әдебиетінде жатыр. Демек, Махамбеттің де саяси лирикасының бір тамыры фольклормен байланысты» [3,105].

Қ.Жұмалиев осы еңбегінің екінші бір жерінде ақында бар өлең түрлерін сөз ете келіп былай дейді: «Махамбет өлеңдерінде... үгіт өлеңдерімен қатар, лириканың басқа да түрлері бар.

Негізгі бөлім. Қазақ фольклорында дүние салған адамның тіршілікте істеген іс-әрекеттерін әр жағынан алып, толық баяндап жырлайтын жоқтаулар, естіртулер көп кездеседі.

Махамбет өлеңдерінің кейбіреулері фольклорда кездесетін жоқтау өлеңдерінің қысқа түріне жақындайды...

Өйткені, эпитет, метафора, теңеуді алсақ, көбіне фольклордан алынған поэтикалық тілдер». Ал енді бір ретте Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін сөз ете отырып, Қ.Жұмалиев: «Оның кейбір өлеңдерін лиро-эпикалық түрге жатқызуға болады... Лирикалық сезінуге бөлене отырып оқиғаны баяндау лиро-эпикалық жырларға тән нәрсе екендігі кімге де болсын мәлім. Бұлай баяндау сарыны (мотив) Махамбеттің «Соғыс», «Мінкен ер», «Баймағанбет сұлтанға айтқаны», «Исатай сөзі» деген өлеңдерінен айқын сезіледі.

«Соғыс» деген өлеңінде Махамбет көтерілісінің әрбір кезеңдерін тарихи оқиғаның ізіне сәйкес етіп суреттейді.... Бір қарағанда осы «Соғыспен» өрістес біркелкі өлеңдерді тіпті тарихи жыр өлеңдер тобына жатқызуға болатын тәрізді. Бірақ бұл өз алдына жеке тексеруді керек ететін мәселе. Өйткені, ауыз әдебиетіндегі белгілі бір түр саналатын тарихи өлеңдер (лиро-эпикалық жыр емес, қысқа өлеңдер) бізде әлі зерттелген емес. Махамбеттің бұл тектес өлеңдерінің ауыз әдебиетіндегі қысқа тарихи өлеңдермен байланысы айқын [3,107].

Ақынның «Баймағанбет сұлтанға» деген толғауы да реалистік туынды, Махамбет хан-сұлтандарға алғашқы болып халық қарғысын жеткізген өр ақын. Ол Исатайдың ерлік тұлғасын баяндап, сол арқылы күреске шыққан халықтың күрескер бейнесін береді. «Мінкен ер», «Тарланым», «Еңселігі екі ел», «Тайманның ұлы Исатай», «Біз неткен ер», «Туылған ұлдан не пайда», «Арғымақтың баласы», «Исатай деген ағам бар». Ақын өлеңдерінің сыры терең. Ол көтеріліс басылғаннан кейінгі жағдайды да шыншылдықпен бейнелейді. Исатай қаза тауып, басшысынан айырылған ел күйін былай жеткізеді:

Бұландай ерді кескен күн,
Біздің ер Исатай өлген күн.
Он сан байтақ бүлген күн,
Орта белінен сырлаған
Оқ жаңбырдай жауған күн.
Оң қанатын теріс жайып,
Лашын қуға төнген күн.
Желпілдеген ала ту,
Жиырылып ойға түскен күн.
Қос бәйтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп
Алыстағы дұшпанның,
Қуанып көңілі тынған күн.

Ақынның «Күн болған» өлеңінде литотаның тамаша үлгісі бар. Бұл көтерілісшілердің қайғылы күйін сипаттайтын шерлі шумақтар. Оның «Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ» немесе «Аспандағы бозторғай» өлеңдерінде де ел қайғысы берілген, ер өлімін айта отырып, ол жауға деген өшпенділікті өршітеді жігерлі қайратқа жаниды. Өзіне ерген жорықшылардың көңілдерін көтеріп, қажу мен мұңнан сейілттіп отырған.

Махамбет өлеңдерінде кездесетін ақындық «мен» айрықша. Онда халықтың ерлігі, өрлігі, қайраты, ақылы тоғысқан. «Мен ақсұңқардан туған құмаймын», «Мен тауда ойнаған қарт марал-мын», «Томағалы сұңқар мен едім», «Боз ағаштан биік мен едім», «Таудағы тарлан шұбар біз едік», «Мен шарға түскен қара балта едім», «Мен ақсұңқар құстың сойы едім», «Мен кес-кекті ердің сойымын», «Шамдансам шығар асаумын», «Шамырқансам сынар болатпын», деп келетін ауыстырулар көркемдеу құралдарының сан алуан құбылып тұратынын көрсетеді. Бір ғана «Тарланым» деген өлеңін алайықшы:

Кермиығым кербезім,
Келіскендей шандозым.
Құландай ащы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім.
Қырмызыдай ажарлым,
Хиуадай базарлым,

Теңіздей терең ақылдым.
Тебіренбес ауыр мінездім,
Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен...

Ой мен көркемдік күмбезі шеберлікпен тұрғызылған бұл жырдың тыңдаушысын эстетикалық ләззатқа бөлері рас. Бойдағы арман мен ерлік қабаттаса келіп, асқақ жыр шумақтарына айналған. Ақын ойы күрес толқынынан туындап, күрес толқыны ақын ойына айналған үйлесім іздерін оның әр жырынан көреміз. Батырлар жырының тегеурінді сарынын қолданған оның сөзі күрес идеясына толы.

Қ.Жұмалиев өз зерттеулеріне оның жыр шумағында қайталанып келетін басқы бір дыбыстың өзі ой екпінін арттырып тұрғанына да назар аударған болатын. Жырда ұйқас тәртібі, буын өлшемі аралас келе беретін болғандықтан, оның өлеңдері 7-8 буынды, 11-12 буынды да болып келеді. Махамбеттің көп қолданған ұйқасы шұбыртпалы ұйқас, «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн» т.б. Кейде кезекті, қаусырмалы, ерікті, асқақ, егіз ұй-қастарды да қолданған. Махамбетке тән бір ұйқас түрі – ішкі ұйқас. «Толарсақтан саз кешіп». Мұнда тұтас шумақтардың соңы ғана ұйқасып қалғаны айтар ойға бағынып тұрады (а,б,в,г,д,ж) мәселен, «Жайықтың басы көк шалғын» деген өлеңінің ұйқасы ерікті, оның кей тармақтары ғана ұйқасады. Өлең негізінде ішкі ұйқасқа құрылған [3,117].

Махамбеттің ақындығы өршілдік рухтың дабылы. Қазақ поэзиясында өзіндік бет-бейнесі бір жосын дауылпаз келетін бұл жырлар көтерілістің от-жалынында жарқырап тууымен ерекшеленеді. Демек, ақын өлеңдерінің де ерлікке шақыру, батырлыққа үгіттеу сарынында болуы да сол себепті.

Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы... Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі», – дейді М.Әуезов [4,25].

Демек, біз белгілі жазушы пікірін негізге ала отырып, Махамбет өлеңдерінің басым көпшілігін ерлік тақырыбына арнады. Махамбет семсерімен де, семсердей жырларымен де қараңғылық көгін қақ жарып, азаттық жолында мерт болған айтулы ақын, адуынды батыр. Оның жырлары мәңгі өшпек емес. Өйткені, ол елмен біте қайнасып, бірігіп бір әлемге айналып кеткен.

Махамбет өлеңдерінде елдің рухы биік, асқақ азаттықты аңсаған халықтың ұраны мен арманы ерекше көрініс тапқан.

Ендеше, Махамбетті әдебиетке алдымен өршіл рухты ақын ретінде танығанымыз жөн. Талай жылдар мен ғасырлар өтсе де Махамбат жырлары мәңгілік өшпестей із қалдырды.

Ал Махамбеттің ісі мен жырына ондай қауіп төнген емес, төнбейді де. Олай болатыны, оның батырлығы бір жекпе-жектегі қайраты емес – жалпы адам бойындағы қайсарлық пен ерліктің символы. Жыр-толғауы бір кезеңнің баяны емес – күллі адамзатқа тән азаттық пен теңдіктің өшпейтін ұраны. Махамбет сонысымен мәңгілік!

Махамбет күрескер, ақын және өз кезеңіндегі, әсіресе қазіргі заманғы әлемде даңқты қоғамдық қайраткер ретінде бағаланып келді, бағалана береді де. Бабамыздың елім, жерім деп еміренгені, осы арманы ғасырлар жаңғырығымен жаңа ұрпақ толқынына да келіп жеткендей.

Боз ағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
Ел құтқарар ер едім,
Жандаспай ақыры бір тынған, –

деген патриот ақын дегеніне жете алмай, қапыда қаза тапса да, оның халық сүйіспеншілігіне бөленген ер тұлғасын, күрескер ерлік бейнесін өз өлеңдерінен айқын көре аламыз.

Қорытынды. Махамбеттің қай өлеңін алсақ та ол жамбасы жерге, басы жастыққа тигенше халқын сүйген мұңын жырлаған ақын екендігін дәлелдейді.

Махамбет өлеңдері – тарихта болған оқиғалардың көркем кестесі, ер намысы, ел рухы! Сондықтан да Махамбеттің керемет дарыны мен ереуілді ерлігін айырып айту қиын. Қалам мен найза – ақын Махамбет пен батыр Махамбеттің қос қаруы. Осыған байланысты да ақын өлеңдерінің ерлік сипаты күшті болып отыр.

Махамбет Өтемісұлының құдіретті дарын иесі екендігі оның сыршыл да шыншыл, өткір өлеңдері мен дауылпаз күйлерінен көрініс тапқан. Бұл шығармалардың көркемдік мәні өте бай, сондықтан да тәрбиелік қуаты шексіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы: Жазушы, 1979. – 126.
2. Үсенбаев Б. Еменнің иір бұтағы // Ақ желкен, 2002, № 6 – 49б.
3. Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976. – 107-117б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Қызылорда: Ташкент, 1927. – 256.

МАҚАЛ-МӘТЕЛ – ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

Махамбетова Р.

*№15 гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан, Алматы қ.*

Аңдатпа. Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тарағаны және ұзақ өмір сүретіні де осы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі ғана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал мен мәтел – қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы, халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, дүниеге көзқарасын бейнелейтін шағын поэтикалық жанр. Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасы.

Кіріспе. Қазақ фольклорының көне жанрларының бірі мақал-мәтелдер ата-бабаларымыздың өткен өмірінен мол мағлұмат беретін мұралардың қатарына жатады. Өйткені, халық сан ғасырлық тәжірибеден көрген-түйгендерін қорыта келіп, ұрпақтарына «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ұсынады. Адамзаттың өскелең өміріндегі қажеттіліктерді екшелеп, ел жадында өшпестей қашалады. Бейнелі кестелермен өрілген мақал-мәтелдерде халықтың наным-сенімі, әлеуметтік құрылысы, өмірлік қағидасы, дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі жан-жақты көрініс табады.

Мақал-мәтел қай халықтың болсын ауыз әдебиетіндегі көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтелдер халықпен бірге жасайды. Біреулері ескіріп, қолданудан шығып, екіншілері жаңарып, туындап жатады. Мақал мен мәтелді де әуелде жеке адамдар шығарды. Оны біреуден біреу естіп, айтып таратады, өңделеді, өзгертіледі, сөйтіп, халықтық мұраға айналады. Демек, мақал-мәтелді де белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгені, жасаған қорытындысы, ақыл-ойы деуге болады. Мақал-мәтел көркем шығармада көп қолданылады.

Ақын-жазушылар шығармаларында халық даналығын пайдаланумен бірге, сол үлгілермен өздері де жаңа мақал-мәтелдер шығарады. Мысалы, Ы.Алтынсаринның «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» - дейтін сөзі мақалға айналып кеткен [1,21].

Мақал – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіні, сөз мәйегі. Мақал, көбінесе, өлеңдік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады. Қара сөзбен, шешендікпен айтылатын мақалдар да бар.

Қазақ – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, данышпандығын өнеге ретінде өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққанды үздіксіз үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне парықтап пайдалану дәстүрге айналған. Әсіресе қариялар мақалдап, маңызды сөйлеуді борышым деп санайды, онсыз қарт адамның сөзінің қадірі болмайды.

Отбасында ата-аналар бала тәрбиесіне лайықтап: «Ана тілін алмасаң, арың кетеді», «Әке – тірегің, ана – жүрегің», «Сабыр түбі – сары алтын», «Еріншектің ертеңі

таусылмайды», «Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, асыңды тый», «Іс істесең, ретін тап», т.б. мақалдарды жиі айтады.

Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан, оған айтылатын ақыл-насихат, өнеге, өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болуы керек. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, ана тілін ардақтауға үйретіп, ой қисындарын сөз жүйесіне келтіре алу қабілетін дамыту үшін, ата-ананың мақалдап сөйлеуінің маңызы зор [2,15].

Фольклордың басқа түрлері сияқты мақал-мәтелдер – халық оқулығы, өсиеті. Олар жастарды тәрбиелейді, жамандықтан сақтандырады. Ең алдымен қарапайымдылыққа, ұйымшылдыққа мегзейді, еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, адамгершілікті мақтап, насихаттай отырып, оған қарама-қарсы арамдық, қараулық, өтірік-өсек, жалқаулық, ұрлық, екі жүзділік секілді жарамсыз мінез-құлықтар сыналады.

Мақал-мәтел – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні [3,6].

Негізгі бөлім. «Тіл – халықтың ең ұлы байлығы» деген еді заманымыздың көрнекті жазушысы М.Шолохов. Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөз арқылы жетеді. Халқымыз «Сөздің көркі – мақал» дейді. Тарихи-әлеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып, алмастай шыңдап айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақты, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған. Әрбір тіл де, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан бері жасалып келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі. Мақал-мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тәжірибесінен қорытып ереже, өмір заңы түрінде тұжырымдалған аталы сөз халықтың ой түйіні.

Мақал-мәтелдер – халық творчествосының төл жемісі. Әуелі әрбір жеке адам ойлап шығарғанмен, жүре-бара олардың авторы ұмтылып кетеді де, жұрт сынынан өткендері халық қазынасына – фольклор (ауыз әдебиетінің) шығармаларына айналып отырады. Осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Көне түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп атайды, яғни бұл – атадан «атадан балаға мирас болып келе жатқан қазына» деген сөз [4,36].

Халық – суреткер. Ол өз өмірін, табиғат аясы мен өз ортасын жан-жақты сипаттап беріп отырған. Мақал-мәтелдердің ұзын-ырғасы мен мазмұн-көлемін түгел қамтып суреттеу мүмкін емес. Табиғат көріністері мен тарихи уақиғалар саяси-қоғамдық құбылыстар мен тұрмыстық жағдайлар (еңбек, оқу, өнер, білім, отбасы, тәрбие т.б.) моральдық қасиеттер (жақсы-жаман т.б.) тағы басқа да толып жатқан тақырыптар туралы лайықты мақал-мәтелдер шығарылған.

Мақал-мәтел ойды қысқа да ұтымды, өмір тәжірибесін туғыза айтатын сөздер. Онда ел, халық, Отан, ерлік, бірлік, өнер-білім, еңбек, отбасы, бала тәрбиесі, төрт түлік мал, жан-жануар, ас-азық, ауру-сырқау, дау-шар, жақсылық пен жамандық, адамгершілік парыз жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. «Туған жерге туын тік», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Ел іші – алтын бесік» дейтін мақалдар ертедегі батырлардан бастап, Отан соғысы күндеріне дейін елді ерлікке шақырып, патриотизмге баулыған асыл сөздер болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың сансыз ұлдары еліміздегі басқа да туысқан халықтардың өкілдерімен майданда асқан ерлік, қаһармандық көрсетіп, фашизмді күйретті. Қазақ мақалында «Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік болмай, тірлік болмас» сияқты толып жатқан мақалдардың тәрбиелік мәні зор.

Мақалда бала тәрбиесіне де үлкен мән берілген. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді», «Сіз» деген сыпайылық, «сен» деген «анайылық» деген мақал-мәтелдердің мәнісі жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні

аса зор. Білім-өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алмақ.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең ғибрат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже.

Ұл мен қыз, жалпы мінезі қандай болуға тиіс дегенге де халық мақалы бұлжымас нұсқау береді. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы адам – ел ырысы», «Бір кісі мың кісіге олжа салар», «Ақ жүрген адам – азбас», «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында», «Кісі болар баланың кісенінен белгілі, ат болатын құлынның мүшесінен белгілі», «Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады», «Әдептілік – адамдық белгісі, тұрпайы мінез – надандықтың белгісі» деп келетін мақалдардың тәрбиелік-этикалық мән-мағынасы әлі күнге өз күшінде.

Халқымыздың мақал-мәтелдерінің шешендігін лингвист В.В. Радлов былай бағалаған: «Қазақ ақындарының қабілетінің зор екеніне барған сайын көзім жете түсуде, қалай әсем сөйлейді. Айтқысы келгеннің бәрін тез түсіндіреді, қарсыласының да сөзіне шебер тойтарыс бере біледі, балаларының ақыл-ой, есі де тез жетіледі. Ойын дәл ұғындыра алады» [3, 64].

Халқымыздың мақал-мәтелдерінен оның ғасырлар бойы қалыптасқан даналығы көрінеді. Осындай қасиеттеріне қарай мақал-мәтелдерді тәрбие және оқу үрдісінде орынды пайдалану, еліміздің тарихын, тілін жетік білуде үлкен рөл атқарады.

Қазақ энциклопедиясында мақал-мәтелдерге төмендегідей анықтама берілген: «Мақал-мәтелдер – қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі жанрларының бірі. Мазмұны халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, санасын бейнелейді, табиғат, қоғам, адам жайындағы ұғымдарын, сенімдерін түйіндеп көрсетеді. Дидактикалық шағын жанрлардың аз сөзбен көп мағына беретін ең қысқа және көркем түрі» [1, 14].

Мақал-мәтелдер құрылысы жағынан ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Халқымыздың ерте заманнан бері тырнақтап жиып, сақтап, атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасының бірі - мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің ауыз әдебиетіне жататын жанрлардан өзгешелігі, көне заманның мұрасы ретінде кітапханаларда, мұрағаттарда сақталып жатпай, оның өмір талабына сай жаңарып, толығып отыратындығында және күнделікті өмірге икемділігінде. Мақал-мәтелдер қай кезде болмасын халықты жақсылыққа, адамгершілікке, кішіпейілділікке, өнер-білімге уағыздайды. Бұдан, біз мақал-мәтелдердің тәрбиелік маңызы зор екендігін байқаймыз. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер – тіліміздің лексикалық қорын байытуға әсерін тигізеді. Жазба әдеби тілінің көркейіп өсуіне ауыз әдебиеті негізгі тірек болады [5, 28].

Мақал-мәтелдер фольклор жанрының бір түрі. Осыған байланысты мақал-мәтелдер, біріншіден, халық ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін бойына сақтаса, екіншіден, қазіргі жазба әдебиетіне өзінің халық тілінде жасалған формасын ешбір өзгертпей еніп отыр.

Жоғарыдағы мысалдардан мақал-мәтелдердің бірнеше түрлі болатынын және жасалу әдістері де алуан түрлі болып келетінін аңғарамыз. Бірақ, бұлардың барлығына тән қасиет - өмір құбылыстарының мәнін, сыр-сипатын ашып, қорытынды жасауға бейімділігі. Мақал-мәтелдерді шығарушы, әрі таратушы – халық. Мақал-мәтелдер халықтың рухани бай өмірінен, ой-қиялынан, ақылынан туады. Халық – мақал-мәтелдерді өте жоғары бағалайды. Бұған дәлел ретінде: «Сөздің көркі – мақал», «Мақал – сөздің атасы» деген мақал-мәтелдерді мысалға келтіруге болады.

Мақал-мәтелдердің табиғатының күрделілігі, оның көнелігі мен қолдану аясының кеңдігінде. Белгілі бір жағдайға, тақырыпқа байланысты шебер айтылған ұтымды, тиісті нақыл сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына анау айтқандай, мынау айтқандай деп шешеннің есімімен қосарлана жүрген еді. Ал, кейін шығарушының есімі ұмытылып, ұтымды, орынды қолданылған сөздер халық сынынан өтіп, өңделіп, мақал-мәтелдерге айналып кеткен [5,76].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер жанры бұрынғы мақал-мәтелдердің жақсы да қадірлі қасиеттерін және өздеріне тән ерекшеліктерін бойына сақтай отырып дамып келеді. Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тарағаны және ұзақ өмір сүретіні де осы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі ғана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 187б.
2. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Білім, 2009. – 270б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1989 – 325б.
4. Әлімбаев М. Өрнекті сөз - ортақ қазына. – Алматы: Білім, 1967. – 185б.
5. Әлімбаев М. Халық ғажап тәлімгер. – Алматы: Білім, 2001. – 168б.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІК

Рахметова Е.

*№15 гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан, Алматы қ.*

Аңдатпа. Мақалада Оралхан Бөкейдің повестерінің мәні мен маңызы қарастырылады. Оралхан Бөкейдің повестеріндегі қаһармандар образының жасалу жолдарына талдау жасалынады. Оралхан Бөкей повестері сол кезеңнің өзекті проблемаларын көтеріп, соларды өз замандастарының образдары арқылы шешіп бере алған маңызды туындылар дейміз. Жазушы шығармаларында замандастар бейнесін көркемдік тұрғыда бейнелей отырып, адамды ардақтау, оның еңбегін бағалау туралы ұлы идеяны уағыздайды.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде, әсіресе, оның проза саласында жетекші жанр роман болса, негізінен алғанда, ең дамыған, саны жағынан да, сапалық көрсеткіші жағынан да алдыңғы қатарда келе жатқаны повесть деп айтар едік. Повесть пен романның немесе повесть пен әңгіменің арасындағы жалғастық пен айырмашылықты, өзгешелікті зерттеуші-ғалымдар өздерінше нақтылай ғылыми тұжырымдармен айқындап отырады. Кейде повестің анықтамасында әр алуан пікірлер көрініс беріп қалса да, оның жанр ретінде романдан кішірек, ал әңгімеден әлдеқайда үлкен жанр түрі екенін бәрі де мойындайды. Бірақ бұған қарап повестің жанрлық сипатын оның көлемі ғана анықтайды деу біржақты пікір болар еді. Повестің ішкі жанрлық спецификасын оның тек көлемі емес, оқиғалар жүйесі, тартыс, көркемдік бітімі тәрізді алуан түрлі көркем компоненттер жиналып келіп анықтаса керек-ті.

Белгілі ғалым, әдебиет теориясының маманы Қажым Жұмалиев: «Баяндау арқылы қарасөзбен жазылған көлемі орташа шығармалар ұзақ әңгіме /повесть/ деп аталады. Романмен салыстырғанда, ұзақ әңгімеде эпизодтар аз және алған оқиғаларының көлемі де шағын болады» [1,36] -дейді.

Ал, Мұхаметжан Қаратаев: «Новелла жанры, яки әңгіме мен повесть, романдан бөлек, бөтен категориялар емес. Олар Белинский айтқандай, ұлы өмір кітабынан, яғни романдан жұлып алған парақтар - әңгіме (ол бір немесе бірнеше эпизодты суреттейді) яки бір тарау - повесть» [2,158] - дейді.

Серік Қирабаев: «Эпостың ең үлкен түрі роман - көркем сөздің, ең биік үлгісі... Онда бірнеше сюжеттік линия (негізгі сюжеттік линияға қосымша бірнеше сюжеттер) қатар өрістеп, сол негізді халықтың көптеген тобының жан-жақты образы жасалуға тиіс. Онда оқиғалар көлемі де мол болады... Ал повесть шағын бір-екі сюжеттік линияны дамытып, соған қатысты геройлардың аз ғана тобын алдыңғы кезекке қойып көрсете алады» [3,364] - деген еді.

Ал, көрнекті әдебиет теоретигі Зейнолла Қабдолов: «Әңгіме шағын көлемді эпикалық түрдің айрықша асыл үлгісі... Әңгіменің ең елеулі ерекшелігі жинақтылығы... Ал ұзақ әңгіме, яки повесть - орта көлемді эпикалық түрдің үлгісі... Повестің жұрт таныған кейбір жанрлық сипаты - мұнда шағын эпостағыдай бір емес, бірнеше оқиға: адам өмірінің бір, не бірер эпизоды ғана емес, бір алуан кезеңді құбылыстары кеңірек, біраз дамытыла суреттеледі... Роман кең көлемді эпикалық түр... Эпостың бұл түрінде жазылған шығармалар адам мен қоғам тіршілігін мейлінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйелеп, толассыз қимыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды» [4,159] - деп көрсетеді.

Енді жоғарыда айтылған теориялық тұжырымдардан шығатын қорытынды - повестің жанр ретінде әңгіме мен романның аралығындағы көркем туынды екендігінде. Повесть қазақ әдебиетінің ең белді де белгілі жанры болып келді және ол өзінің осы орнын сақтап қала бермек.

Негізгі бөлім. Енді біз негізгі тақырыбымызға - яғни Оралхан Бөкей повестеріндегі замандастар бейнесі, оның жасалу жолына тоқталайық. Оралхан повестерінде де сан алуан адам образдары, әсіресе, сол дәуірдің негізгі қозғаушы, жасаушы, өзгертуші күші болған жастар бейнелері сомдалған.

Оралхан Бөкей сонау алпысыншы жылдардың орта тұсынан бастап әдебиетімізге өзіндік ерекшелігімен келіп танылған үздік таланттарымыздың бірі. Жазушы әдебиет табалдырығын алғаш көркем де шағын әңгімелерімен аттаса, араға жылдар салып повеске ауысты. Жазушының үрдіс қимылдар еншілеп алған жанры да негізінен осылар, яғни әңгімелер мен повестер болмақ. Бұған қарап, жазушы роман жанрына ден қоймаған деуге әсте де бола қоймас, бұл салада «Өз отынды өшірме» деген атпен басылып шыққан романы оқырман қауымнан тәп-тәуір баға алған болатын. Бірақ та, жазушыны шетелдерге танытқан сүйікті жанры - повесть жанры екенін тағы бір рет анықтай кетуді мақұл көреміз. Әсіресе, жазушының повестері оқырмандардың жылы ықыластарына бөленіп, оның есімі қалың оқырманға кеңінен танылған болатын. Оның бірден бір құпиясы жазушының ізденгіштігінде болса керек. Ол ескі сүрлеуді таптамай, әдебиетке өзіндік үнмен, сырымен, айтар ойымен келгені, өмірді өзінше көріп тануға, өзінше бейнелеуге ұмтылысы, осы жолдағы сәтті ізденістері оның өз оқырманын тез табуына, оның жүрегінен жылы орын алуына себеп болғандығы сөзсіз.

Оралхан кейіпкерлері оның өз замандастары. Олардың кәрісі болсын, жасы болсын бәрі де сол дәуірдің азаматтық міндеттерін белсенді түрде атқарған абзал жанды азаматтар. Жазушы солардың әрекеті, мінез-құлқы, көзқарасы арқылы өмір шындығын, оның алуан түрлі сырларын ғана ашып қоймайды, өткенімізге де ой тоқтатып қарайды, болашағымызға да көз жібереді. Жазушы адам характерлерін өте шебер ашады, сол кейіпкерлердің ұғым түсінігі, көзқарасы арқылы дәуірдің ең өзекті деген мәселелерін көтере біледі. Міне, осылайша, Оралхан Бөкей повестеріне баға бергенде, олардағы тақырыптың тындығы емес, көтерілген проблемалардың сонылығы тұрғысынан келу қажет.

Жазушының «Біздің жақта қыс ұзақ» атты повестер жинағы «Бәрі де майдан» повесімен ашылады [5]. Повесть сол кезеңдегі өзекті проблеманы алға тартады. Шығармада бір-біріне қарама қарсы екі кейіпкер бар. Бірі майдангер, Отан соғысының мүгедегі, ауыл-аймаққа беймаза, маскүнемдігі тағы бар Құмырай да, екіншісі еңбек ардагері, еңбекшіл, адал да абзал жан - Ақан.

Повестің қысқаша сюжетінде мына нәрселер көрінеді. Жұлдыз ауылы жеңістің отыз жылдығын тойлағалы жатқанда, Ақан қарт ертемен шығып, қасқа биесін ерттеп аттанып кетеді. Оның қайда кеткенін, неге кеткенін сұрастырған да, керек еткен де ешкім болмапты. Тек кешке қарай шалының әлденеге ренжулі екенін Алма кемпір ғана байқаған. Бірақ әрнәрсені сұрап Ақанды мазалап көрмеген әдетімен үнсіз қалған. Жалғыз-ақ шалының ел болып жиналған жерден бөлініп кетпейтінін, тек қаңқу сөзден ғана қашқақтайтынын білетін ол Ақанның бір нәрсеге қырсығып, өкпелеп кеткенін сезеді. Шынында да Ақан өкпелеп кетіпті. Аудан басшылары жеңіс тойын тойлауға соғысқа қатысқандарды ғана шақырыпты, Ақанға шақыру жібермепті. Оның үстіне Құмырайды шақыруға келген бала Ақанға бәрінде

айтып береді. Ақан ойға қалады. Үлкен тойға шақырылмайтындай жазығы неде? Кінәсі - майданға бармағаны ма? Оны майданға емес, еңбек армиясына жұмыс істеуге жіберген өкіметтің өзі ғой. Ол осындай қиын-қыстау жағдайда аянбай тер төккен жоқ па еді? Аурулығына қарамай еңбек озаты атанды. Партия қатарына кірді. Жұмысқа қыры жоқ Құмырай сияқты жалқауларды майданға жіберіп мұны 1946 жылға дейін босатпады. «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деп еңбек етті. Өкінішке қарай, осыны бағалаған ешкім жоқ. Сол кездің өзінде трудармияны киноға түсірген бір адам көрмепті, «газеттенбіз» деп бір журналист келмепті. Ал бүгін жұрт назары түгелдей майдангер-жауынгерлерге ғана ауған [3,9].

«Қазірдің өзінде қарт солдаттар соғыс ардагері атанып, «немісті тырқыратып қуып барамыз, жолдасыма оқ тиді, мен аман қалдым» деп отырғанда, «Күн демей, түн демей кен қазып, топырақ тиіп жатырмыз» деп әңгімеге араласудың өзін әбес санаймыз, - дейді Ақан – Бірақ менің жарылыстың астында қалған Бураның, ауылға келген соң көп ұзамай дімкәстік пен жіңішке аурудан қайтыс болған Қожақ пен Қаймақтың жазығы не? Жазығы сый-құрмет дәмеппей, жанталаса еңбектенгені ме? Жазығы - жауынгерлерге қару дайындап бергені ме? Отыз жыл бойы осы оймен соғысып келемін. Жеңістің отыз жылдығына шақырылмадық. Оны былай қойғанда, «Ата, сенің наградаларың неге жоқ? Әлде,соғысқа қатыспадың ба?» - деген немеремнің сұрағына да жауап бере алмадым-ау. Ол сұраққа әсте де мен емес, басқа біреулер жауап беруі керек еді!» [5,11]. Бұл үлкен қоғамдық проблема. Адамды және оның еңбегін бағалау бірінші рет іске асып отырған жерде мұндай ұлы істі аяқсыз қалдыруға ешбір жол жоқ.

Кеше ғана жеңістің алпыс жылдығын атап өту үстінде де майдан мүддесі үшін жан аямай күш жұмсаған тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлесі атап айтылды. Алайда, күнделікті тіршілігімізде үнемі еске ала бермейтініміз, олардың әрқашан сый-құрмет пен атақ абыройдан сырт қалатыны да жалған емес. Ақан осыған күйінеді. Жазушы да тыл еңбеккерлері мен еңбек армиясында адам төзгісіз қиыншылық жағдайында жұмыс істеген азаматтардың ерлігін көре білуге, бағалауға шақырады. Сондықтан да ол повесін «Бәрі де майдан» деп атап, Ақанның еңбек армиясындағы, оның әйелі Алманың ауылдағы өмірін, азапты да ауыр еңбек жолын көркем бейнелеуді мақсат еткен. Шығарманың бүкіл идеялық түйіні оның образдары арқылы ашылады. Бұл тұрғыдан Ақан, Алма, екінші кезектегі Құмырай, тағы басқалар жазушының үлкен табысы болып есептеледі.

Әрине, повестің осы негізгі қаһармандары қарт адамдар, дегенмен олар да біздің замандастарымыз. Біз олардың бойларынан адалдық пен азаматтық, Отанға деген ыстық сүйіспеншілік табамыз, олар істеген қызметтері үшін ақы дәмеппейді, қарапайым да адал жандар, әрине олардың арасында Құмырай тәрізді қазіргі заман жастарына үлгі болу тұрсын ілтифатқа да жарамайтындар бар. Негізгі құрмет Құмырай тәрізді сұмырайлардікі емес, Ақан сияқты адал жандарға берілуі қажет қой. Бірақ өкінішке орай, басқаша, тек майданға барды дегені болмаса Құмырайлардың не бітіргені белгісіз. Трудармияда жалқау болғандықтан үнемі сөгіс алып жүрген Құмырай майданда нендей ерлік көрсете қойды деген ойға қаласың.

Повестегі үлгі боларлық жарқын образ, сонымен бірге аса күрделі образ - Ақан. Ақан - жасынан еңбек астында өскен, саналы өмірін жалтақсыз, бұлтақсыз, адал өткізген адам. Намысын ешкімге бермейтін, басқаға қиянаты жоқ жан. Бүгін де ұлғайған жасына қарамай шағын шаруасын жып-жинақы етіп, дөңгелетіп ұстайды. Аурулығы себепті өкімет дайындаған шағын зейнетақысын тәуір болған соң алудан бас тартып, еңбекке қайта араласты, ауыл малшыларына газет тасиды. Қатардан қалып отырып қалғысы келмейді.

Повесте жазушы негізінен Ақанның соғыс кезіндегі еңбегіне көбірек көңіл аударады. Кейіпкер образын аша түсетін тұстар да осы еңбек армиясындағы күндер. Соғыстың төрт жылын ол Орал тауы маңында еңбек армиясында өткізеді. Жазушы кейіпкер Ақанның естеліктері арқылы Ұлы Отан соғысы кезінде майданға қару дайындасқан көпшіліктің адам айтқысыз ауыртпашылық жағдайында жасаған ұлы еңбегін суреттейді. «Біздер, еңбек армиясында болғандар, жаумен мылтықсыз шайқастық, әрине, өлім-жітім аз болды. Сондықтан да қадірсіз болдық, - дейді Ақан. Дене жарасынан жүрек жарасы әлдеқайда ауыр

дегенді ширек ғасырдан бері Құмырайға түсіндіре алмай-ақ келемін... Қайтейін, тағдырдың жазуы шығар» [5,26].

Еңбектің ауыр бейнетін кештік дегенмен, қадірсіз болдық дегенінің де жаны бар Ақанның. Еңбек армиясына қатысушылардың тұрмыс-күйінің ауырлығын, моральдік жүдеулігін біздер, соғыстан кейінгі ұрпақ кітаптардан, кинофильмдерден ғана білеміз. Әрине, автор қазіргі кезде соғыс ардагерлерімен бірге сол кезде еңбек армиясында болғандарға да құрмет ету керектігін Ақанның ойы мен сезімі, ішкі күйзелісі арқылы өте тиімді етіп ұқтыра білген. Повесте Алтай бойының халқы, оның соғыс жылдарындағы жай-күйі оқушыны бейжай қалдырмайтындай дәрежеде болып шыққан. Соғысқа қатыспағанмен, тылдағы еңбектің ауыртпалығын көрген, сөйтіп жеңіс мүддесіне жан аямай күш қосқан Ақан осындай жалған түсініктерге қарсы күреседі. Содан бері арылмай келе жатқан «қадірсіздігіне» күйінеді. Оның жүрек жарасы» деп отырғаны да осы. Бүгінгі жеңіс тойына Ақанның шақырылмай қалуы да сол ұғымнан әлі арылып болмағандықтың белгісі.

Оралда еңбек еткен жылдар ауырлығына қарамастан Ақан үшін үлкен мектеп болғанын көреміз. Ол азаматтық жол кешті. Отанға берілгендіктің, іске жауапкершіліктің, жолдастық, адамдық қарым-қатынастардың сынынан өтті. Денсаулығын сақтап қалмай, көппен бірге адал еңбек етті, абыройға ие болды. Қостас жолдастары - Қожак, Бурамен ғана емес, басқа ұлт өкілдерімен де достық қарым-қатынасқа түсті. «Бұған дейін көз көріп, аяғымыз тимеген мүлдем басқа ұлттың өкілдері бір шаңырақтың астында бірігіп, қара нан, үсіген картопты бөліп жедік. Түр-түсіміз, тіліміз бен дініміз бөлек демедік, бір ененің баласындай маңырап табыстық. Отан соғысы біздің басымызға қайғының қара бұлтын төндіріп қана қойған жоқ, біздерді айнымас ұлы достыққа да үйретті», - дейді Ақан.

Бұл айтылғандар Оралхан Бөкей повесінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбек армиясында болғандар мен ауылдағы жесір әйелдер еңбегін көркем бейнелеген туынды екенін көрсетеді. Ол бүгінгі ұрпаққа тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлесі жайын әңгімелейді. Оларды Ақан, Алма сияқты жарқын бейнелермен таныстырады. Повесті оқыған адамның бойында оның қаһармандарының тағдырымен ортақтастық туатыны, сол арқылы жаңа соғыс өртің тұтатушыларға қарсы сезім пайда болатыны даусыз. Шығарма сонымен бірге соғыс кезіндегі ауыр еңбектің майдандағы жеңіске қосқан үлесі ғана емес, адамгершіліктің, азаматтық үшін күрестің де майданы болғанына сендіреді. Ақан да, Алма да қандай азап сапарынан өтсе де, адам боп қалған қылығымен қызықтырады. Керісінше, майдан жолынан өткен Құмырай өмірдің өгей баласы қалпында қалады.

Қорытынды. Осыны көркемдік тұрғыда бейнелей отырып, Оралхан адамды ардақтау, оның еңбегін бағалау туралы ұлы идеяны уағыздайды. Повестегі негізгі кейіпкерлер Ақан, Алма, тіпті Құмырай бейнелері де шыншылдылығымен, нанымдылығымен есімізде ұзақ сақталатын, ойымызға ой қосатын жанды образдар. Олар да біздің замандастарымыз ретінде қазіргі дәуір азаматтарына өз әсерін тигізбей қала алмайды. Құмырай типіндегі адамдар қазіргі жастар арасында жоқ деп айтуға әлі ерте екенін ескерсек, повестегі образдардың өміршеңдігін тағы да дәлелдей түскен боламыз.

Сондай-ақ, кешегі майдангерлер, бүгінгі қарттар Ақан, Алма, тіпті маскүнем Құмырай бейнесі де бізге бейтаныс емес. Олар біздің кез келген аулымызда, көшемізде өмір сүріп жатқан заманы бір жерлестеріміз. Қорыта айтқанда, Оралхан Бөкей повестері сол кезеңнің өзекті проблемаларын көтеріп, соларды өз замандастарының образдары арқылы шешіп бере алған маңызды туындылар дейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1969
2. Қаратаев М. Ізденіс іздері. – Алматы, 1982
3. Қирабаев С. Шығармалар. (Сын-мақалалар мен зерттеулер) I, II том. – Алматы, 1992
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992
5. Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. – Алматы, 1984

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Макишева Г.

*№15 гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан, Алматы қ.*

Аңдатпа. Бұқар жыраудың қазақ поэзиясының даму тарихында көрнекті рөл атқарғандығы, әдебиетіміздің бүгінгі өреге жетуінде белгілі үлесі барлығы көрінеді. Сондықтан да Бұқар әдебиетіміздің тарихындағы соқталы тұлғалардың бірі болып есептеледі. Бұқар - өзі өмір сүрген дәуірдің болмыс-шындығын көркем бейнелеп, артына елеулі әдеби мұра қалдырған жырау.

Кілт сөздер: Шешендік толғау, арнау өлең, жыраулар поэзиясы, тарихи тұлғалар, авторлық ұстаным.

Кіріспе. Бұқар толғауларының өзіндік белгілеріне келгенде, біз, ең алдымен, олардың түрі мен мазмұнының терең астасып отыратынын айтуға тиіспіз. Жырау ырғақ пен бунақ, тұрақты ұйқастың бірлік-шарттылығын көбінесе айтылар ойдың мазмұнына бағындырып отырады. Осыған орай бұлардағы ішкі логикалық байланыс-тұтастықты Бұқар шығармаларының басты сипат-ерекшеліктері деп айта аламыз.

Бұқар жырау өзіне дейінгі қазақ поэзиясы тілін түгелімен пайдаланып, оны әрі қарай жалғастырушы болса, екіншіден, ол XVIII ғасырға дейінгі екі-үш жүз-жылдықтар бойы жасап келген әдеби тілдік дәстүрді түйіндеуші. Жырау тілін бізден бұрынғы зерттеушілер өте дұрыс танығандай, «Бұхар –халықтың өнеге-оқуы – дидактикалық поэзия мен азаматтық позицияның жыршысы. Ол «Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң», «Айналасын жер тұтқан» сияқты өлеңдерімен өзіне дейінгі халықтық дидактикалық поэзия дәстүрін ілгері дамытса, «Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай, Сені мен көргенде», «Ханға жауап айтпасам», «Керей, қайда барасың» әрі «Бірінші тілек тілеңіз» сияқты өлеңдерімен арғы жерде Асанқайғы, Шалкиіз, Жиенбет жыраулардан басталған азаматтық поэзияны тақырып әрі түр жағынан жетілдіріп, кемелденген поэзия үлгісін жасады» [1,148].

Толғау түріндегі дидактикалық поэзия – жыраулар мектебінің дүниесі. Бұл жанрдың басты белгісі – стильдік стандартты берік ұстау, яғни дәстүрлі амалмен көпшілікке тікелей үлгі-өнеге, өсиет-ақыл айту немесе айтпақ идеясын өмірден білген-түйгендерін (дүниетанымы мен философиясын) баяндау арқылы жанамалап білдіру. Ал дәстүрлі амал – өмір мен табиғат құбылыстарына қоғам мен адамдардың іс-әрекет, мінез-құлқын шендестіре отырып, параллельдер түзу және ол параллельдерді тұжырым етіп ұсыну. Мысалы, Еділден шыққан сызашық Мен көргенде, Тебінгіге жетер-жетпес су еді. Телегейдей сайқалтып, Жарқыраған беренді теңіз етсе – тәңірі етті деген табиғат суретін Шалкиіз жырау өз әміршісі Би Темірге «көп керіле берме, айтқан ақылымды ал», өйткені сен де менімен тең атаның ұлы едің, дәрежеңді артық етсе, тәңірі етті деу үшін беріп отыр [2].

«Жаманмен істес болма, жақсымен дос бол» деген ақылды айту үшін, яғни: Бір жақсымен дос болсаң, Азбас-тозбас мүлкі етер. Бір жаманмен дос болсаң, Күндердің күні болғанда, Жүмле ғаламға күлкі өтер деген сентенцияны (нақыл сөзді) ұсынар алдында шағырмақ бұлт жай тастайтынын, ағытқан қойды жол бастайтынын... айтып алады. Осындай өмір шындығы бар екендігіне тыңдарманның басын изеткеннен кейін, оған жақсымен ғана дос болу керектігін мойындатады. Мұндай параллельдер халыққа таныс суреттер арқылы беріледі. Ол үшін тек қана айналаны қоршаған өмір, табиғат, қоғам тіршілігінен алынған образдар көркемдеу қажетін өтейді. Өзіне дейінгі әдеби тілдің бұл стилін Бұқар да жақсы пайдаланады [1,150].

Мысалы, «Құрсағы құшақ байлардан дәулет таймас деменіз, өйткені дүние өтпелі, соны да ескер» деген ақылды айту үшін: Айналасын жер тұтқан Айды батпас деменіз. Айнала ішсе, таусылып, Көл суалмас деменіз» деген сияқты ақыл сөздерді көп кездестіруге болады.

Негізгі бөлім. Бұқар жырау дәуір алшақтығына қарамай, жырларының әлеуметтік-саяси мазмұны мен тақырыбы жағынан да, бейнелеу тәсілдері мен көркемдік құралдары жағынан да өзінен бұрынғы жыраулармен терең үндесіп отырады. Әсіресе, патша өкіметінің отарлау саясатын әшкерелеу, содан елді сақтандыру, Жиделібайсын (Жерұйық) секілді құтты қонысқа көшу жайындағы қоғамдық ойларымен ол жыраулық поэзияның басында тұрған Асан қайғыға егіздің сынарындай ұқсас, рухтас дей аламыз. Бұл орайда Бұқарды Асан қайғының ісін жалғастырушы шәкірті деп бағалаған Б.Кенжебаев пікірін орынды деп санаймыз [2].

Бір жағынан отаршылдық саясат белең алған кезде, екіншіден, жоңғар басқыншылары халқымызды «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшыратқан тұста Абылай ханның Асан жұмбағын шешу туралы айтқан өтінішіне би қырын қарап, көзіне жас алып, «бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді» деп қинала-қинала жауап беретіні бар. Осының өзі-ақ, сол толғақты мәселенің жыраудың үнемі есінен кетпей, әрқашан ойында жүргенін анық аңғартады. Соған дейін Асан қайғының ханға да, қарашаға да жұмбақ болып келген «ақ шортаны мен шөлдегі қарағайының» мән-жайын Бұқар жырау көсілте жырлап, түгелдей шешіп береді. Қ. Халидұғлының айтуына қарағанда, Абылай хан да бұл жауапқа «бекер сұраған екенмін» деп қатты өкінсе керек.

Бұқар жыраудың «Ханға жауап айтпасам» атты толғауын халық тағдыры мен оның болашағын жырлаған әлеуметтік-қоғамдық, мәнімен де, айтар ойдың бас-аяғы тұтас табиғи бірлігімен де, сипаттаудағы көркемдік-бейнелеу, шеберлік тәсілдерімен де өзге жырларынан жеке-дара тұр дей аламыз. Асан қайғы жыры да, оны Бұқар жыраудың шешуі де кешегі заманда ашықтан-ашық бүркемеленіп, жарияланбай келді. Сондықтан бүгінгі тәуелсіздік дәуірінде мұндай тарихи асыл туындыны бұзбай-жармай беруді жөн көріп отырмыз. Бұқар жырау осы әйгілі жырын:

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.
Қандыра жауап бермесем,
Халқым не деп айтады?
Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы мұндай хабарды
Сұрамасаң не етеді?
Сұраған соң айтпасам,
Кісілігім кетеді, -

деген кішігірім кіріспемен бастап, біртіндеп негізгі мәселеге қарай ойысады: Бұқар жыраудың ақындық қуаты мен дарын-күшін айқын танытатын келесі бір жыры «Әлемді түгел көрсе де» деп аталады. Мұнда ол адам баласы өмірінің сыр-сипаты мен қызық-қуанышының шексіздігін, аспанға шарық ұрып, Ай мен Жұлдызды аралаған арман-үмітінің жарқындығын шебер бейнелейді. Осы ерекшеліктерімен бұл жырды тұрмыстың әр алуан қуаныш-қызығын шалқыта, асқақ жырлайтын оптимистік гимні деуге де болар еді. Бас-аяғы он бес жолдан ғана тұратын бұл толғауды өзара астасқан мазмұны мен құрылымы жағынан да дараланады дер едік. Осы жәйт толғау жанрының Бұқар жырау тұсында жаңа бір сатыға көтеріліп, толыса, кемелдене түскенін айқын аңғартады [2].

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де -
Қызыққа тоймас адамзат!
Әлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де -
Өмірге тоймас адамзат!

Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңіл қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да -
Үмітін қоймас адамзат! [4].

Жыраулық, поэзияда адам өмірі мен табиғат құбылыстарын астастыра сипаттау сондағы көркемдік ізденістерге, тіпті бейне жасаудың тұрақты тәсіліне жол салған. Осы жәйт Бұқарға да тән. Жыраудың «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» атты екі бөлімнен тұратын жырынан мұның бізде бұрын кездеспеген жаңа бір үлгісін көреміз. Ол жұбын жазбай сымпыл қағып бірлесе ұшқан үйректердің бірлік-тұтастығын сол өзі сөз етіп отырған байлар ұлы шораларға үлгі етіп ұсынғандай болады. Осыған орай жырау сән-салтанаты мен әзіл-қалжыңы жарасқан жастардың сыпайы қарым-қатынасын да шебер бейнелейді:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек
Бұрылып ұшар жаз күні.
Боз мойынды сұр үйрек
Көлге қонар жаз күні.
Көкаланы жаратып,
Көн дабылды байлатып,
Байлар ұғлы шоралар
Көл жағалар жаз күні.
Байлар қызы бикештер
Қол бұлғайды-ау жаз күні! [4].

Рас, мұнда жаздыгүнгі ауыл өмірінің тұтас көріністері мен көл жағалай сән-салтанат құрған қыз-жігіттердің нақты тұлғасы, немесе есте қалар бейнесі жасала қоймаған. Әсем суреттемелердің орнына дидактикалық мән-мазмұн басым болып шыққан. Осы талаптарға орай ол тату-тәтті, бірлікте болындар деген кеңес айтып, кейінірек осындай сыйластық, бірлікке жеткен жастардың сырт бейнесін көрсетумен шектеледі. Ең соңында өз ойын: «Айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін» деген мағынасы терең пікір ұсынады. Бұл жыр осы сипаттарымен Абайдың «Жаз» өлеңіндегі өзара астасып, көркем өрілген табиғат пен адам сипаттамаларын еске түсіреді. Сол себепті бұл аталған жырды кейбір жетілмеген тұстары бола тұра, толғаудың сол кездегі қол жеткен бір бел-белесі деуге болар еді. Осындай ерекшелік оның «Сәлем - бір сөздің анасы» атты толғауына да тән деп айта аламыз.

Бұқар жырау бұл жырында да адам бейнесін жасауға талаптанады. Ол мұнда ұлы Абай сомдаған «бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» бәлеқорлардың типтік бейнесін жасай алмаса да, сол іспеттес өз кезіндегі алаяқ, қызылкөз сұмдардың іс-әрекет, түр-тұлғасы мен бет-бейнесін жасауға бой ұрады. Бұларды жырау «Айтқанға көніп, айдауға жүрмейтін, өтірікті шын қылған Алланың қызыл көзді пәлесі» деп бейнелейді. Өз әуенінен әсте танбайтын осындай пәлеқорлардан қашық жүрмейінше, бірлік, тірлік болмайды деген қорытынды шығарады.

Асан қайғы жырларында көрініс тапқан жұмбақ үлгісінде келетін орағыта астарлау, пернелеу тәсілдері де Бұқарда өз көріністерін тапты. Алайда, бұларға жырау үлкен әлеуметтік жүк артып, оның ұштала түсуіне зер салды.

Бұқар жырау өзі таңдап алған бір құбылысты бұрынғы жыраулардай емес, өзінше қарама-қайшылық сипатта тұрып, оның мағыналық міндетін арттыруға мән береді. Бұл орайда ол шендестіру тәсілін тиімді пайдаланады. Айталық:

Мырзалық қонаққа пайда, малға қас,
Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас,
Өтірік о дағы пайда, иманға қас,
Өткір пышақ, қолға пайда, қынға қас, -

дегенде, ол бұрынғы «мырзалық, батырлық, өтірік, өткірлік» ұғымдарының пайдасы мен зиянын жарыстыра сипаттап, егіз ұғымда беріп отыр. Жырау шешендік қисын мен астасқан ой жиынтығын аз сөзбен түйіп

беруге де шебер. Бұл тұста ол өмірлік салыстыруларды құлпырта қолданып, ұтымдылық танытады. Мәселен, мұнда ойды жекеден жалпы ұғымға аастастыра сипаттауды көздейді.

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетіреді.
Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетіреді.
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетіреді [4].

Бұқар толғауларындағы әдеби бейне жасаудың қалыпты бір түрі егіз ұғымды салыстыруларға құрылып отырады. Мұның үш түрі бар десек, біріншісі - айтар ойға іштей астасып, соның тікелей көрінісі, нәтижесі ретінде құрылатын сипаттамалар болса («Жар басына қонбаңыз, Дауыл соқса үй кетер, Жатқа тізгін бермеңіз, Жаламенен бас кетер»), екіншісі - ой-пікірдің қарама-қарсы құбылыстарымен келген шарттылығын айғақтайды. Мұнда авторлық мақсат сол құбылыстың ешбір дәлелдеуді керек етпейтін қисын-ұтымдылығымен дараланып отырады:

Асқар таудың өлгені
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені –
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны...[4].

Шендестіре салыстырулардың үшінші бір түрі жаратылыстағы ұқсастықты адам өмірімен ұштастырып, екеуінің сапалық белгілерін оқшаулап, даралай айтып жырлау болып келеді. Мәселен, жырау ақ сұңқар құстың баласы ұяда алтау өскенімен, соның біреуінің-ақ жемді ұзақтан ілетін алғыр боп туатынын меңзеп айту арқылы («Ақ сұңқар құстың баласы, Ұяда алтау болмас па, Алғырының белгісі, Ұзақтан жемді ілмес пе, Айырып жемін бермес пе, Алғырынан айрылса, Қанаты түптен қайырылса, Құс жаманы жапалақ Оған да қор болмас па?») адам арасындағы игі жақсылардың өлмес істерін сол сұңқар бейнесімен аастастыра сипаттайды («Адамзаттың баласы, Атадан алтау туғанмен, Оның ішінде біреуі арыстан болмас па, Арыстанның барында... Толғай да толғай дәурен сүрмес пе, Арыстаннан айрылса, Қанаты түптен қайырылса, Артында қалған жамандар, Бас-басына тозбас па?»). Мұндай салыстырулардың қайталаулар арқылы толыса кемелденіп келгені аңғарылады.

Бұқар жырлаған тақырыптар өзгелерге қарағанда әлдеқайда кең: ол жалпы өсиет – нақыл да айтады, қолдаушы иесі Абылай ханға ақыл-кеңес бере толғайды, жеке адамдардың (Абылай ханның, Бөгембай батырдың, өзінің) іс-әрекеттегі портреттерін береді, енді бірде алланы айтып кетеді, тағы бірде руаралық дау-жанжалды басар билік сөздер айтады, бірер толғауын біреудің (мүмкін, Абылай ханның) салтанатын, байлығын, жиһазын суреттеуге арнайды [5].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, XVIII ғасырдың ең алғашқы онжылдықтарынан бастап, соңғы онжылдықтарына дейін жырау ретінде танылып, әдеби мұра қалдырған Бұқар – қазақтың өте ертеден келе жатқан жыраулық мектебінің ең ірі, ең соңғы уәкілі, қазақ поэзия дүниесіндегі осы дәстүрге тән жанрды тақырып пен мазмұн жағынан толықтырып, тиянақтаушы қайраткер.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Өміралиев.Қ. XV –XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы,1997
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, 1992
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997
4. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. – Алматы, 1992
5. Сыздықов.Қ. Ақын – жыраулар. – Алматы, 1974

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Амілғазы Ұ.

*№15 гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан, Алматы қ.*

Аңдатпа. Жыраулар шығармашылығы ұлттық идеяны жүзеге асырудағы үлкен қозғаушы күш болып табылады. Жыраулар – Қазақ хандығы халқымыздың барлық жастағы адамдарының асыл, саналы қасиетті болуын мұрат еткен нағыз тәрбиешілер. Жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнеріндегі шынайы ұлттық сипаттың негізгі көркемдік іргетасы. Сондықтан, халықтық тәрбие дәстүрін жыраулар поэзиясы арқылы тереңдете ұғындыру – өмір талабынан туындаған мәселе.

Кіріспе. XV-XVIII – ғасырларды қамтыған жыраулар поэзиясы халқымыздың жүздеген жылдар бойы жадында сақталып, бүгінде қазақ әдебиетінің бір кезеңі болып қалыптасып отыр. Сөз қадірін білген қазақ халқы түйінді, иірім жолдарды талай аласапыран кезеңдерден алып өтіп, қазіргі әдебиетімізге аманат етіп тапсырды.

Елбасымыз Ұлытауда берген сұхбатында: «Қазақ хандығы біздің еліміздің түп-тамыры. Бұл тұңғыш мемлекетіміздің болашағын белгілеген үлкен тарихи оқиға. Біздің болашағымызға бағдар ететін ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» деген еді.

Қазақ хандығының тарих сахнасына мағлұм бола бастау кезеңін анықтаудың ғылыми да, саяси да мәні зор. Әсіресе, тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған бүгінгі таңда оның маңызы, мәртебесі, тіпті арта түспек.

Елбасы «Тарих толқынында» кітабында: «Бұл оқиғаның саяси һәм қоғамдық мән-маңызы Қазақ хандығының Орта Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғанында жатыр. Оны өздерінен бұрын өткендер немесе тарихи бабалар емес, қазіргі бар түркі халқы құрады» [1], – дейді. Сол қазіргі түркі халықтарының бір бұтағы қазақ халқы болып саналады.

Түркі халықтарының бір бұтағы саналатын Қазақ елінің әдебиет тарихының түп негізі көне дәуірге – түркі тайпалары әлі жеке-жеке халық боп жіктелмеген, ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Туыстас түркі руларының бір тобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін құрумен байланысты. ХҮ ғасырдың орта шенінен бастап дербес қазақ атымен аталатын әдебиет қалыптасады.

Қазақ әдебиетінің ортақ арнадан оңаша жол тартқан алғашқы қадамдарының өзінен-ақ келелі, өте көркем келісімге жетуі заңды болса керек.

Сол дәуірдегі түркі халықтары сөз өнерін аса жоғары бағалап, өздерінің ақын-жырауларына бас иген. Араб әдебиетінің тарихын жазған профессор Ханна аль-Фахури: «Басқа жұрттың сөзінен гөрі, ақынның сөзі өтімдірек келетін; кейде оның беделі мен билігі, тіпті, ру көсемінен де артық болатын», – дейді [2, 51-52]. Көшпенділер арасында тіл өнерінің қадірлігі сондай, сөз зергерлерін халық қастерлеп, жоғары бағалаған, құрметтеген. Қазақ жыраулар поэзиясында елдің бірлігі, тұтастығы, тарихы мен мәдениетінің өркендеп дамуы айқын көрінеді.

Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулар поэзиясының басты көтерген тақырыптары, негізінен ата-қоныстары, отаншылдық, елтанушылық, адамгершілік, тәлім-тәрбие, ұлттық дүниетаным, әсіресе қазақ халқының қасиетті ата-қоныс мекендері үнемі сөз арқауына алынады.

Жырау деген атау «жыр» сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған. Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары - туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау.

Жыраулар поэзиясы – дербес мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген Қазақ хандығы атты дәуірдің әдеби мұрасы. Көрнекті ғалым-жазушы М.Мағауиннің айтуынша: «Қазақ халқының жалпы түркілік ортақ этнос құрамынан бөлініп, дербес Орда құрған хандық заманы төрт ғасырға жуық ұзақ дәуірге созылды». Ол тағы бірде «XV–XVIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын, өр рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін ешқашан ескіrmес үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды», дейді. Яғни, жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнерінің әлемдік классикалық шығармалар шоғырына қосылатын біздің ұлттық рухани қазынамыз [3].

Негізгі бөлім. Жыраулар поэзиясының құндылығы неде? Ғалым М.Әуезов: «Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесе, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді [4]. Ғалымның осы ғұламалық пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні терең ашылған.

Халқымыздың осы зергерлік сөз тұнығына әрі ақын, әрі ғұлама Шәкәрім де ден қойған. Ол «Ескі ақындық» деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,
Суырып салма жағы артық,
Айтады олар ойланбай,
Сыпыра жырау, Шортанбай,
Үмбетей мен Марабай
Алды-артына қарамай,
Сокқанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландай.

Шәкәрім ескі ақындар поэзиясында «терең сыр» барын таниды. Олардың жырында «қыран құстың ұшқаны», «ақбөкеннің жүрісі», «жайдақ желдің желісі», «мөлдір құдың аққаны», «жел жетпейтін құландар жүйріктігі», «адам жанының жайма шуақ кезеңі» – бар-баршасы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленген деп керемет ой түйген. Жыраулар поэзиясын айтулы сөз зергері Мағжан Жұмабаев та «Батыр Баян» поэмасында:

Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда
Толқынды тұңғыық боп төгілді жыр,– [5].

деп аса қадірлеген.

Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз.

Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы.

Жыраулар поэзиясы соны философиялық терең ойға толы. Олардың поэзиясы өсиетнама түрінде келеді. Сондықтан да жыраулар поэзиясында нақыл, афористік сөз оралымдары мол.

Қазіргі таңда Елбасымыз қолға алып, қайта жаңғыртып отырған «Мәңгілік Ел» – идеясы сан ғасырлар рухының алып күші, алтын діңгегі. Ұлт болашағын кемелдікке бастайтын – ғасырлар аналардың бесік жыры. Ұлт тарихының өткені мен бүгінін тоғыстырған киелі қадам, алтын көпір. «Мен кім?» деп кезінде Мағжан ақын толғанған тарихи сауалға жауап беретін – ұлтқа ортақ таным. Ұлт арманы – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы

бакуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты «Мәңгілік Ел» болу еді. Иә, сол армандарды ақиқатқа айналды. Сонау көне түркі әлемінен өз бастауын алатын бұл ұлы идеология, қазақ әдебиетінің әр кезеңінде кеңінен көрініс тапқан. Әсіресе, қазақ жыраулар поэзиясында өзіндік ерекшелігімен дараланды.

Жыраулардың өз толғауларында көтерген негізгі тақырыбы қандай? Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер» – деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да «Қайран менің Еділім» – деп еңіреп өткен. «Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап» – деп Доспамбет жырау армандаған, «ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым... он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым», – деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған, халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пидә етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлаған.

Мысалы, Тәтіқара ақын:

Бөкейді айт, Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы.
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде, ер Жабайды айт, – деп дәріптеген [3].

Жыраулар өмір жайлы, достық жайлы, адамгершілік, ерлік жайлы, тіршілік жайлы жыр шерткен.

Олар өмір диалектикасына да терең көз жіберген, дүниенің бірқалыпта тұрмайтынын («мынау жалған дүние кімдерден кейін қалмаған» – Шалкиіз), үнемі өзгерісте болатынын дұрыс пайымдаған. Жыраулар поэзиясында адамгершілік этика, мораль мәселелері кең орын алған. Оларда бүгінгі жастар ғибрат, тағлым алар дүниелер молшылық.

Ел ертеңіне деген оптимистік сарын «Мәңгілік ел» идеясына бастайтын рухани серпіліс еді. Сол себепті де, әдебиеттанушы М.Мағауин «Қазақ жыраулары 15-18-ғасырлар шегінде бүкіләлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұра жасады» деп тебірене жазған еді [3].

Соның бір мысалы Доспамбет жырау мұралары:

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым өкінбен,
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен.

Сөз зергері өз толғауында көшпенділер мінезіне тән дала ерінің болмысын паш еткен. Толғауда өз атынан сөйлей келе, далалық мәдениеттің философиясын тереңнен танытады. Отан, туған жер, досқа деген сүйіспеншілігін, дұшпан алдындағы қайраты мен айбатын тілге тиек етеді. Жыраудың патриоттық оптимизмге толы жалынды жырлары ұрпақтан-ұрпаққа таралып, ғасырдан-ғасырға көшіп келеді.

Жалпы, жыраулар бедері мен беделі – сонау көне түркі дәуірінен қалыптасқан үрдіс. Ол туралы М. Жолдасбеков өзінің «Асыл арналар» деген еңбегінде былай дейді: «Түркі халқын әдетте хан басқарған. Ханның ордасы болған. Ордада ханмен бірге әр уақытта ақылшы жырау тұрған» [6]. Сондықтан, қашан да «шер толқытқанда» сөйлеген ерлік жыршыларының

асыл сөздері тарихымыздың әр кезеңінде зор бағаға ие болса, оның түп қазығы бабалар салған сара жолдың негізінде жатса керек.

Сондай-ақ, жыраулар шығармаларында әміршіге тікелей арнау да, мадақ өлендер де, болмыс туралы философиялық толғаныстар да, ізгілік пен зұлымдық, жақсы мен жаман, достық пен дұшпандық туралы толғаулар молынан. Жыраулар өз туындыларын, толғауларын кейінгі ұрпақтарына мәңгілік мұра етіп қалдыру жолында көркемдігі жоғары поэзия тілімен, таптырмас теңеулер, жарқын метафоралар, синтаксистік және психологиялық параллельдер арқылы баяндаған. Бұл туындылардың Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп дамуына тигізетін ықпалы орасан зор деп білемін.

Жыраулар поэзиясын оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды орынды қолдана отырып, келешек ұрпақ бойында ұлттық ділдің қалыптасуында негіз қаланады. Олар баланың ата-бабалар мұрасының маңызын дұрыс түсініп, бағалай алуына жол ашады. Әдеби шығармалардың тарихтың көркем шежіресі ғана емес, ең алдымен, сол тарихты ұлт мүддесіне қарай бұрудың да негізгі тетігі болғандығын түйсіндіру оқушының қазақ сөз өнері тундыларының халық тағдырымен ортақ сипаттарын тануына тұғыр қалайды.

Жыраулар поэзиясының заман талабымен ұштастырыла оқытылуы ғана оның болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін артырады сөзсіз, сондықтан да қазіргі жаңа білім беру мазмұнына жыраулар поэзиясын көбірек оқытуға назар аударылса, ұлттық рухани құндылықтарымыз қалыптастыруда әдебиет сабағында айтарлықтай сапалы білім нәтижесіне қол жеткізуге болады.

«Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізгі мәні мәңгілік – мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар поэзиясының басты тақырыбы – халықтың топтасқандығы мен бірлігі және әскери күш-қуатын нығайту мәселелері болды. Бұл туындылардың Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп дамуына, болашақ «Мәңгілік Ел» болуына тигізетін ықпалы орасан зор деп білеміз.

«Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетіміздің ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», – Елбасы айтқандай, «Мәңгілік Ел» – жас ұрпақ үшін маңызды мәселе болып табылады. Қазақ елі үшін бірлігін сақтауға, мемлекеттілігінің тұтастығын қамтамасыз етуге жыраулар поэзиясының беретін тәлім-тәрбиелік жақтары ұшан теңіз. Бүгінгі ұрпақ – Мәңгілік Елдің болашағы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999
2. Ханна аль-Фахури. История арабской литературы. Т. 1, М, 1959.
3. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет – Алматы, 1993
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991
5. Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. –Алматы: Жазушы, 1990
6. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, 1991

М.МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Төлеуғали Қ.

*№206 мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан, Алматы қ.*

Аңдатпа. Мұқағали Мақатаев – қазақтың ұлттық рухани мұрасының ұшан теңіз байлығын еркін меңгерген ақын. Ажарлау құралдары мен эпитет, теңеу, аллитерация, ассонанс ақын шығармаларының айнымас құралы.

Суреткер қазақ поэзиясын өзіндік жаңа эпитеттер, теңеулермен, өлең өрнегі дыбыстық әсем айшықтармен байытқан. Айшықтаудан Мұқағали Мақатаев тудырған тың арнаулар, қайталаулар, эпифора мен анафора психологиялық егіздеу қазақ поэзиясының бұл саладағы поэтикалық үлгісі болып табылады.

Кілт сөздер: Лирикалық кейіпкер, суреткерлік шеберлік, поэтикалық тіл, көркемдік ерекшелігі.

Кіріспе. Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясының көкжиегін кеңітіп, мазмұнын тереңдетіп, пішінін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты. Сондықтан да ол қазіргі қазақ өлеңінің санаулы шеберлігінің санатына еркін енді.

Мұқағали Мақатаев өзінің шығармашылық сапарында эпикалық құлашын да кең танытқан тамаша талант. Ақын поэзиясының көркемдік ерекшеліктері, тілі мен стилі тегі жалпы поэтикасы нұсқалы бай. Ол арғы – бергі замандағы қазақтың әрлі де нәрлі асыл сөздерін мол игерген, жете меңгерген және өз шығармаларына сіңірген.

Ақынның «Бесік жыры» атты шығармасы қазақ поэзиясының интеллектуалдық биігінің бір белесіндей десек, оған куә шығармада пенденің, адамның адамдығын ар сотының алдында айыра жіктеліп, өмір ұғымының Жер ананың әлдиімен өрнектелуінде деп білеміз. Мұқағали Мақатаев шығармашылығындағы нұрлы ғаламның кульминациялық биігі осы «Бесік жырында» шындап көрсетіледі:

Әлди, әлди ақ балам,
Сор да жоқ мұнда, бақ та жоқ.
Атақ та құрмет, даңқ та жоқ,
Жетпейді мұнда өсек те,
Жетпейді саған атқан оқ.
Әлди, әлди ақ балам,
Мәңгілік тыныш жат, балам.
Жоқ мұнда күрес, ерегес.
Күншілдік, қулық, төбелес,
Өзіндей мұнда көп елес,
Ақ балам, жалғыз сен емес [1,153-154].

Өмір құбылысын суреттеуде эпитет, теңеуді ақын өлеңдерінде өте шебер қолдана біліп, көркем шығуына септігін тигізген, өлеңдерінде өте жиі қолданған. Адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының сөз арқылы ерекшелендіріп, белгілерін анық көз алдына елес арқылы түрлі қозғалысқа ендіріп, адамның ой-қиялына, сезіміне әсер етіп, ақылымен бірге сенде құбылып, өзгеріп, өсіп, қуанып, қайғырып отырасың. Мысалы:

Ақ қайыңдар, тал теректер... алтын сары сырғалар,
Туған жердің кеудесінде тұнжырайды жылғалар.
Қайда кеткен жасыл алқап, жасыл орман, жасыл маң?
Қайда кеткен жақұт гүлдер паң далаға шашылған? [2].

(Тағы да күз келді)

Эпитетті қолданғанда ақын жай қолдана салмаған. Белгілі мақсатпен қолданады. Ақынның қолданған эпитеттері, суреттелген нәрсесіне өзінің қатынасын көрсетіп тұр. Келтірілген мысалдағы ақынның қолданылып отырған эпитеттері, олардың табиғатпен байланысын көрсетеді. «Ақ жайық», «Жасыл алқап, жасыл орман», «Жасыл маң», «Тәкаппар тау» ойланбай алына салған нәрсе емес. Табиғатты қайта жасаушы, табиғаттың адам өмірімен тығыз байланысты жасырмас бөлігі екендігін, уақыттың өзі табиғат құбылуларымен, құбылыстарымен өлшеулі, шекті екенін көрсетіп отыр. Тәкаппар мен салқын қандылық адам мінезіне тән ерекшеліктер, ақын оны жаңаша табиғаттың ерекшелігін суреттеу арқылы, табиғатты басқа қырынан көрсеткендей, жаңаша қырын ашқандай соны леп еседі [2,53].

Келесі өлеңдерінде:

Арым міне, сүттей аппақ алдымен көп жылап тұр,
Жаутаңдаған жанарыңда жалғыз ғана сұрақ тұр [2].

(Міне, тағы ашу келіп, алқымына тығылды)

Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар, сенде менің.
Қайрат құмдар-бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар-бусанып терлегенім [2,7].

(Кең дүние төсіңді аш мен келемін)

Бұл үзінділердегі «жаутаңдаған жанар», «кең дүние, бұйрат құмдар, бура бұлттар» эпитет, адамға берер әсері алдындағы өлеңдерден өзге. Өйткені, ақын мұнда алдыңғы үзіндіде адамдық арының таза екендігін дәлелдейді. Жаутаңдаған жанардан сұрақтың тұрғанын, күмән келтірудің ізі тұрғандығын эпитет арқылы әсерлі етіп көрсетті. *Кең дүние* - тұрақты эпитет, ал әдебиетте бұйра сөзін жаңаша «т» дауыссызды қосу арқылы қолданған, түйенің бурасы болушы еді, бұл жерде сол бурадай, үлкен деген мағынада жаңаша мағына білдіріп, жаңа тіркес өніп тұр. Ақын өлеңдерінде бір құбылысты, нәрсені суреттеу барысында, өзгеше белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып суреттеуде теңеуді өте ұтымды қолданған.

Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындай қап-қара,
Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?
Сенің көзің түпсіз терең тұңғыықтан жаралған
Шашың сенің жан баспаған жапандағы қара орман.
Күлкің қайда күмістей сыңғырлаған?
Жүзің неге ымырттай тұнжыраған? [3].

(Қайран жеңгем)

Негізгі бөлім. Келтірілген өлеңдердің үзінділері арқылы екі нәрсені кеңейтіп, бір нәрсемен салыстыруда теңелетін нәрсенің сыртқы ұқсастығына аса мән беріледі. Тек сыртқы жағы емес, оның түпкі қазығы ақынның көздеген мақсатымен байланысты болып тұрғандай. Ақын бұл жерде «қанат» сөзіне (дай) жұрнағын қосу арқылы теңеуді білдіріп тұр, «қас-кірпігің қарлығаштың қанатындай», - деп қаралығын, түсін білдіріп тұр. «Күмістей, ымырттай» күмістің сыңғырындай ерекше үнге теңесе, күннің батуы, сәл қараңғылық басуы көңіл-күйдің болмайтынын айтып тұр. Сонымен қатар ақын басқа да өлеңдерінде теңеудің соны түрлерін, жаңа сөз тіркестерін енгізді.

Мәселен:

Бұл ғасыр-менің жүрек сағатымдай,
Тамырым бірге онымен соғатындай.
Амалсыз, абайсызда қалғып кетсем,
Ғасырым бірге ұйықтап қалатындай [3].

(Менің ғасырым)

Кез-келген ақын өз ғасырын, әлеуметтік жағдайын суреттесе, әр адам өз ғасырын суреттейді, өзімен бірге тыныс алып, өмір сүруде, сырғуда, жылжуда. Ақынның жүрек

сағатындай онымен бірге соғатындай, егер ақын ұйықтаса онымен бірге ұйықтап қалатындай. Мәселен:

«Құлын-тайдай тең өскен құрбыларынан»,
«Жүрегім жүйкем бар тұлғам
Бір күнде сымдай тартылған»

(Жүрегім жүйкем бар тұлғам)

Өзеніне асыққан бұлақтайын,
Енесіне жүгірген лақтайын,
Жайқалайын жаныңа құрақтайын,
Енді мен де саған кеп тұрақтайын.
Асқар тауға соғылған дауылдайын,
Ақтарылған аспаннан жауындайын,
Дамылдайын, саған кеп дамылдайын,
Ауа бермей аулаққа сағымдайын [3].

(Өзеніне асыққан бұлақтайын)

Алдыңғы өлеңдер (дай) жұрнағы арқылы теңеу әдісін қолданса, ал, кейінгі үзінділерде ақын (тайын, дайын) жұрнақтары арқылы теңеу тәсілін өте ұтымды пайдаланған. Сол сияқты ақын өлеңнің соңында, басында, ортасында қолдансын нәзік сезімнің сырын көркем өре түседі. Ақынның зат есімнің етістіктің соңынан жалғау арқылы ашпақ ойын дәл жеткізеді. Мысалы: «Тағыдай тауда өскен тарлан едім», «Кезбе бұлттай кей ойлар көгімдей», «Қорғасындай бір салмақ кетер емес денемнен», осындағы тағыдай, бұлттай, қорғасындай сөздері теңеу болып тұр. Тәсілдердің қай-қайсысы болсын орнымен, өте шебер қолдана білген.

Айталық, айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрақша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсенді нақтылау қиын. Өлеңдерінде бұрын-соңды қолданылып, ығыр болған эпитеттерді қайталамай, өзіндік ерекшелікпен жаңа пішінді, соны мағыналы эпитеттерді қолданған, тудырған. Мәселен:

Тәкаппар таулар жатқан жан-жағында,
Барып қайт жайлау, малды ауылға [3,13].

(Бұзылған үй)

Арым міне, сүттей аппақ алдыма кеп жылап тұр,
Жаутаңдаған жанарында жалғыз ғана сұрақ тұр.

(Арым, міне, сүттей аппақ)

Шындықтың санаға сіңуі, сананың шындыққа сын көзбен қарауы ақыл-ойдың қозғаушы күші дейміз. Өмір философиясы жетімдер мен жесірлер үшін шым-шытырық болудан қалып, «жазмыштан озмыш жоқтың» немқұрайды қалпын серпіп тастап, белгілі нысанаға өмірдегі адам орны дейтін жолдарда жатқан сияқты [4,60].

Сені аңсаймын, қайнаған ақ бастаулар,
Ақ бас таулар-самайын ақ басқандар.
Сені аңсаймын, қазіргі ақ бас шалдар,
Бұрынғы өреден құрт ап қашқандар [3,89].

(Нені аңсаймын)

Қоңыраулатқан аспанды,
Найзағай шаншып өткенде [3,90].

(Есіңе мені алғайсың)

Өмір қуатына, адам атына бұдан асқан мадақтың қажеті не деген ойға қаласыз. Ойды ой қозғайды. Сіз бен біздің, замандасымыздың Дантемен үн қатысуы, Абаймен мұңдасып, Махамбетпен сырласуы, түптеп келгенде «Өмірге келу де егіз, кету де егіз» деп ақынның өзі айтқандай, поэзия мен өнер мұраты топыраққа тәуелді екенінің белгісі. Қай-қай заманда да

ақын атына ымырашылық жараспаған, күнделікті күйкі тірлікте ғана ма өмір мәні? Келудің мәңгілігі мен кетудің мәңгілігінде жатқан жоқ па негізгі түйін!?

Өмірді қалай сыйласаң, Өлімді солай жат көрме, - дейді «Ана әлдиі». Жай көзге көрініп, жай санаға қона бермес сезім түйсігі. Ана бейнесі – елес пен символикалық емес, ол – құдіретті күш. Азаматтың парызы, адамдық серті осы ана алдындағы парыз бен серт. Ол – Табиғат-Ана, ол – Жер-Ана, ол – Өлең-Ана алдындағы серт пен парыз.

Адамдық мәңгілік сапарындағы мәңгі мекені – жер-бесік. Тал бесікте жатқан пенде жер бесікке де түседі. Бесігің де бесікте тербетер анаң да – жер. Мәңгі ұйқыны күзетеді, ана болып әлдилейді. Мәңгі мекен-мәңгілік бесікте таң да атпайды, күн де батпайды, қауіп те, қорқыныш та жоқ. Қуаныш, бақыт дегенді де сезбейсің. Өлім атты құбылыстың астарын аңғарғандаймыз.

Мұқағали дәстүршіл ақын, ол өлеңге интонация, инверсия, мазмұн тұрғысынан жаңалық енгізді. Мұқағалидың поэзиясы ұлттық характерімен, мінезімен ерекшеленеді. Мәселен, «Қайран жеңгем» өлеңінде:

Су сұрасам, сүт берген, айран берген,
Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!
Қарғаның валетіндей едірейіп,
Қасыңа мына біреу қайдан келген [3,221].

Ақын өлеңге ерекше кие деп қарап, Музаға табынған:

Күтемін сенен үміт, сенен жігер,
Қисаң маған биік пен тереңді бер!
О, Муза!
Маған алыс сөренді бер!
Ғайыптан кел де мені демеп жібер [3,67].

Ақын адам жанының диалектикасына терең бойлап, оның болмысын шынайы бедерлейді («Жапырақ жүрек-жас қайың»). Ол «Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы қажет. Поэзияда философ болу өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін «адам жанының инженері болып қалу» дегенді ұстанды.

Ақынның шеберлігі өмірден өзін, өзінен өмірді көре білуінде. «Бүкіл менің жазғаным – бар-жоғы бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма» деуі – шын мәніндегі парасат иесі, өмірге ойлы көзбен қарайтын жанның жан тебіренісі, әлеуметтік ортаға айтар көзқарасы бар ақын үні. Мұқағали Мақатаевтың адамзат ғұмыры мен әлем сырын жыр еткен лирикасы қазақ әдебиетіне, қазақ халқына асыл мұра болып өшпестей із қалдырды.

Қорытынды. Мұқағалидың әдеби мұрасы жайлы Зейнолла Серікқалиев: «Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес, Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы – болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп-қадірлейтін қазынасы», – дейді.

Халқына қадірлі ақынның әр сөзінің астарында жатқан асыл жақұттарын маржандай тере, тереңіне бойлап, тебірене, емірене жазған жырларының мән-маңызын түсініп, көңілге тоқып, жан дүниемізді байыта түссек қана ұлттық ой-санамыз, өреміз толыса түсетінін жадымызда ұстайық.

Әсіресе, ақын туындыларында эпитеттер мен теңеулер мол ұшырасады. Мұқағали эпитет, теңеулерді мол қолданды дегенде, ол басқа қаламгерлердің бұл тараптағы табыстарын қайталады деген ұғым тумауы керек, керісінше, ақын өзінше, жаңа, тың теңеулер мен эпитеттер тудырды. Өзіндік жаңалықтарын жарқырата көрсетті.

Мұқағали Мақатаев – қазақ әдебиетінде өзіндік қомақты орны бар, поэзияға жаңаша өрнектер мен айшықтар енгізген, өлең логикасына өзінше қараған, қазақ поэзиясын мазмұнына да, пішініне де жаңашылықты батпандап енгізген, өз шығармашылығымен қазақ әдебиетін бір сатыға көтерген ақын.

Қорыта келсек, Мұқағали шығармаларының көркемдік сипаты жоғары дәрежеде. Оның әрбір өлеңінен ұлтжандылық, рухани құндылықтар айқын көрініп тұрады. Мұқағали шығармалары арқылы жастардың бойына азаматтық, батылдық, отансүйгіштік, адамгершілік

сияқты қасиеттерді дарытып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде мәні зор деп ойлаймын. Сондықтан да ақын шығармалары күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мақатаев. М. Шығармалары. – Алматы, 2001. – 319б.
2. Мақатаев М. Жырлайды жүрек. – Алматы, 1989. – 496б,
3. Мақатаев М. Өмір-Өзен. – Алматы, 2005. – 228 б. –
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1982. – 365б. –

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Даулетбекова Г.Е.

№211 мектеп-гимназияның

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Поэзия әлемінде өзіндік дара өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінге аманат етіп қалдырған, әр туындысынан дарындылық, шеберлік сезіліп тұратын сөз зергері – Мағжан Жұмабаев. Қазақ әдебиетіне ерекше стилімен, іші-сырты да бірдей сұлу, жарасымды жырларымен, ұшқыр қиял, бұлақтай мөлдір поэзия үлгісімен келіп, мәңгі ескіrmес, өлмес сөз өрнегінің үлгісін жасаған Мағжанның шығармалары ешқашан өзектілігін жоймайтын мәселелердің бірі.

Белгілі Мағжантанушы ғалым Ш.Елеуенов: «Мағжан шығармалары әдебиетіміздің көркіне көрік қосып, молайтқан эстетикалық дәулетіміз, рухани байлығымыз» деп бағалауы артық айтылған сөз емес [1,6].

Қазақтың ақындарының ішінде романтикалық сезімге ерекше көңіл бөліп, сыршыл, көтеріңке пофостағы шығармаларды, соның ішінде, поэма жанрын әдебиетімізге әкелген ақын – Мағжан Жұмабаев. Романтик ақын әр қилы тақырыпта лирикалық өлеңдер жазумен қатар, аса өнімді еңбек еткен, белгілі поэмасы – «Батыр Баян».

Басқа поэмаларымен салыстырғанда, бұл поэма күрделі, көркемдік тұтастығы жағынан да, сюжет желісі мен сөз сұлулығы жағынан да ерекше болып келеді. Биік романтикалық сарында құрылған аса көркем «Батыр Баян» поэмасынан екі түрлі жайды аңғарамыз: бірі – батырлық, достық, махаббат, мейірім дүниесі болса, екіншісі – ашу, ыза, онан барып әділетсіздік, өкініш туындағынан байқатады. Қаһарманның мінез асаулығы, бір беттілігін, бірақ, ниетінің ақ екенін суреттеп, ақын поэманы романтикалық шарықтау шегіне жеткізеді. Шиеленіскен оқиғаны ақын тау мен судың, күн мн аспанның кейіпкерлердің бірін-бірі қимас күнін, қалмақ қызының сұлулығын, айнала табиғат сырларын суреттеуі арқылы сезімнің қоюланып, ширығуына күннің күркірегеніндей, найзағайдың ойнағанындай, бітіспес мінездер соқтығысына алып барады, іштей өкініп, толғануға әкеп түсіреді.

Жалпы мұнда айтылып, жырланған оқиғаға келсек, ол бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заман жайында. Ақынның жазуы бойынша, бұл хикаяға Абылай ханның екі ел арасындағы бейбітшілік, достық қарым-қатынас орнағанға дейінгі оқиға өзек болған. Ашу үстінде қол бастаушы Батыр Баян өзі қамқор болып жүрген кіші бауыры, Ноянды және қалмақтың сұлу қызын өлтіріп салады. Олардың бұл тұстағы жазықтары – көңіл қосып, елден аулаққа қашу болады. Алайда екі жастың Баян айтқанына көнбей, қашып шығуының аяғы қайғылы жағдайға әкеп соғады. Жалпы поэманың мән-мағынасы, мазмұны осылай болғандықтан, мұны жоғарыда айтылған екі жақты қырынан көре аламыз.

Тек қана осы поэмасына қарап, Мағжан ақын нәзік сезімді лирикалық өлеңдерді тудырумен қатар, төрт аяғын тең басқан поэмадай ұлттық эпика жанрында төңкеріс жасаған тумысы бөлек талант деп жоғары бағалаймыз.

Мағжанмен тұстас жазушы Жүсіпбек Аймауытұлының «Мағжанның ақындығы туралы» атты баяндамасы аса құндылығымен қатар, Мағжан поэзиясын танытатын баға жетпес мұра деп білеміз. Жүсіпбек Аймауытұлы: «Ақын Мағжанның ақындығын сынауға «күшіміз кәміл жетер, жетпес» дей келе, «Қорқыт», «Баян» сықылды поэмалар – Мағжанның нағыз өз тумасы, орыстан немесе басқадан жұқтырып алды деуге келмейді» - дейді.

Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып,

Асығып екі жастың қанын ішті, - деген екі жолды алып: «Мұндай суреттер толып жатыр... Бәрін тізе берсек, көп орын алады. Мағжанның ақындық күші «Баянда» толық көрінеді» – деп ойын қорытындылайды [2,270].

Негізгі бөлім. Оның ақындық қуатын танытатын суретті өлең сөздерінен мысалдарды келтіргенді жөн көрдік. Дастанда ақын өзінің ішкі күйзеліс, өзегін өртеген күйінішімен бастайды. Заманның тарлығына өкпе, реніш білдіре келіп, енді сол қайғыдан құтылудың жолын іздейді:

Әдемі өткенді ойлап айнымасам,

Сұм өмір күшті уын аяды ма? – деп, алдына қойған мақсатының неден туғанын баян етеді. Ақын өз ішіндегі қиналыс қасіретін қоршаған ортамен байланыстыра біледі:

Бұлт құшқан мәңгі мең - зең Көкшетауға,

Бөлектеу: «Ой, бауырым!» дер анадайдан, - деген жолдар арқылы оқиға желісінің қайда апырып соғарын, не айтпақ екендігін, түбінде қара жаушы Көкшетауға «Ой, бауырымдап» біреуден қазасын жеткізуі керек екендігін аңғартады. Ақынның алдағы оқиғаны болжай білген мегзеуі шеберлегінің бір қырын байқатады.

Ақынның тағы бір ерекшелігі табиғатты, махаббатты, ерлікті, елдікті суреттегенде, алдына жан салмай, ерекше шабытпен асқақтата жырлауы.

Бурабайдың бауырында қалың ағаш,

Көкшенің жалыменен біткен жалғыс,

Арудың ақпен өрген тұлымындай,

Қарағай, қызыл қайың, жал аралас.

Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,

Дариға, бұл күндері жап-жалаңаш!

Қабірінен әулиенің алашқа артық,

Ертеде Абылайға орда болған ағаш.

Ордасын сол ағаштағы Абылайдың,

Меккедей тәуіп қылған тамам алаш.

Жол басында Бурабайды басқан «қалың ағаш» деп алса, сол ойды асыра, бекіте түсу үшін иненің жасуынан өтетін желді «Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш» деп, ағаштың бұрын қалың болып, жиі өскендігін, табиғат көркемін молдығын бұрынғы өткен өмірге келтіріп тұрғандығын байқаймыз. «Арудың ақпен өрген тұлымындай, қарағай қайың, тал аралас» жолдары Көкшетауға деген қызығушылық, құштарлық сезімінің оянуын ерекше сипаттайды.

«Дариға, бұл күндері жап-жалаңаш!» жолы әулиенің қабірінен артық көретін, Меккедей тәуіп ететін жердің тозғанына налып, өзінің дәрменсіздігіне қиналыс байқатады.

Иә, тумысы, болмысы табиғатқа жақын ақын қоршаған ортаны адамның ішкі астарлы ойымен жақындастыра, жанды мен жансызды байланыстыра жырлайды. Сұлу қызды көріп, ғашық болған Ноянды:

Мас болып, дене түгіл, жаны елжіреп,

Жұтқандай сол сәулені демін алмай, - деп ынтық жүректі, ыстық құмарлықты жас жігіттің демалысын, еріген жан сезімі күн сәулесіне теңейді. Ақын алдағы болар оқиғаны табиғат құбылысы арқылы аңғартып отырады.

Сиқырлы гүлге оранған жібек майда,

Сылдырлап сылқ-сылқ күлген терең сайда.

Ерке өзен жанын өртеп, жармен ойнап,

Сүйгізген ақ бетінен күміс айға.

Зер салып, мәнін ұғынса, «ақ бет», «күміс ай» екеуінің де реңкі-ақ. Ақ бетті алтын айға сүйдірмей, күміс айға сүйдіреді. Ақынның күміс айды қолданып отырған себебі бірі-көк, бірі жер еркелерінің бір біріне деген ақтығы, пәктігі. Қыз бен жігіттің бір-біріне деген сезімдерінің ақтығын, кіршіксіздігін талғампаздық, астарлық тұрғыда суреттеп тұрғандай.

Бір күйіп, бір суынып, бір елжіреп,
Біресе жас баладай жасын төкті.
Өртемей отты жүрек қоймақ па екен,
Тақады сұлу қыз да бетке бетті.

Табиғат, адам, махаббатты салғастыра келіп, жыр жолдарына сәулесін төге ғажап көрініс әкеледі. Табиғат та, адам да түн жамылып аңсаған сүйікті жарларымен кездесті. Ерке өзен сыртқы сезіммен ойнап-күліп, күміс айға бетін сүйгізіп, жанын өртейді. Жан – тәнімен құлай сүйген Ноян «От» деп алынған қызды жүрегімен өртейді. Кез – келген затты өртеуге болғанымен, отты жүрекпен өртеу ерекше әсерлі, өршіл пафосты көрініс болмақ [3,256]

Бұл тарихи тақырыпқа жазылған поэмалардың нағыз үлгісі, мөлдір бастауы деуге келеді. Поэманың оқиғасы қарапайым, тілі аса шұрайлы, қазақ топырағының иісі аңқиды. Бұл поэманың еркіндігі сол-ақын өзін еркін жырлатқысы келмеген қоғамның ниетін ашық айтып, бостандығы мол, кең далада желдей ескен күндерін аңсайды.

Қызыл тіл, қолым емес, кісіндеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да, -
дейді ол поэманың басында. Жан-жағынан жау қамаған заманда өз халқын тұйықтан алып шыққан Абылайдай данасын, Баяндай батырын мақтан етеді.

Артында – ор, алдында – көр, жан- жағы жау,
Дағдарған алаш елі қайда бармақ?
Сол кезде қорған болған ер Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.

Бұл поэманың көтеріп отырған тақырыбы, басты идеясы. Ал оны жеткізу, яки поэманың көркемдік ерекшелігі аса жоғары, тілі шұрайлы. Он тармақты шумақтан тұратын бұл тарихи тақырыпқа жазылған дастанның архитектурасы ажырамастай берік. Тегі жағынан эпикаға, түрі жағынан батырлықты, елін сүюді насихаттайтын поэманың басынан аяғына дейін мінсіз баяндаулы, оқиға желісі өң мен түстей тәтті, тартымды. Өз намысын халық алдындағы жауапкершілігін, дүйім жұртты көз алдында көріп отырған әділдік, мәрттігін Батыр Баян еш уақытта төмендетпеген. Сол үшін де айдаладағы тұтқын қыздың өзімен санасып, оған деген көкірегіндегі лаулаған махаббат сезіміне мәрттігі мен әділдігімен тоқтау салады.

Болмасын жас сұлудың білгеннен соң,
Ер Баян қарындас қып ерік берген.

Сол үшін де, сүйегіме таңба түсіреді деп, туған інісі Ноянды қуып жетіп, атып өлтіреді. Сол үшін де жауға жалғыз шауап, опат болады.

Поэманың көркемдігін көтеріп тұрған атрибуттардың бірі оның мотивировкасының күштілігі, яки поэмадағы бір көріністің неге олай болғанын келесі екінші көрініс мызғамастай дәлелдеп тұрады. Баянның Абылай кеңесіне неге келмей қалғанын, оның дәл осы басынан өтіп жатқан оқиғалары дәлелдемесі, Баянның Ноянды өлтіруінің себебі де жетерлік. Ал, Баянның жауға жалғыз шауып қаза болғанын бұдан бұрынғы оқиғалар бұлжытпай дәлелдеп тұрады [3].

Поэмада, Баянның ішкі аласапыран сезімін автор жеріне жеткізе ашады. Баян:

Ойламай белді бекем будым неге?
Қозымды қас дұшпандай құдым неге?
Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,
Қасқиып қарсы алдымда тұрдың неге?
Бауырыма тас жүрегім жібімеді-ау,

деп зарлайды. Осындай риторикалық сұрауларды бората келіп, іле шала қарама-қарсы пікір айтады:

Алашта ертеде өткен арыстан:
Ер Көкше, ер Қосайдай ер бола ма?
Солардың нәсілінен Сары, Баян,
Барыстай ойын салған сары далада.
Інісі ер Баянның жасық Ноян,
Атадан азып туған дер бола ма? –

деген сияқты шумақтар ұсынады.

Бұның бәрі автордың шеберлігін, асқан жүйріктігі көрсетеді. «Тілінің дәлдігі, ой-толғамдарының жаңалығы, суреттелген жайлардың айқындығы, сөз ойнату иірімдерінің таңқаларлық жарасымы – осының бәрі жинақтала келе, Мағжан поэзиясының ерекше қасиетін байқатады» [4,51]

Мәрттік пен батырлыққа, ерлік пен ерлікке толы поэма авторының өмірі де өз кейіпкері батыр Баянның жан дүниесімен ажырамас бірлікте. Өйткені оның творчествосының бір қырында мұңлы толғаныс, өкіну және қайғы-қасірет жатса, екінші бір қырында – романтикалық өршілдік, махаббат, арман, мақсат, үміт жатады. Көп қайғы қасірет шеккен, азап пен уайым тауқыметін тартқан ақын осы екі оттың жалынына шалынып, соған шарпылған. Оның творчествосы да тарих тұңғығын терең түсіну, өткенді таразылау, болашақты болжай білу, бүгіннің ақиқатына көз жеткізу сияқты терең толғаныстар заманның астаң-кестең, аласапыран атанып жатады [4].

Бұл жағынан алғанда «Батыр Баян» поэмасы Мағжан Жұмабаев жан – дүниесінің тұтас бір бөлігі, оның жүріп өткен жолын таразылауға мүмкіндік беретін өмір эпопеясы деуге болады. Мағжан жүрегінде Батыр Баянның бойында суреттелген қасиеттердің – ішкі тартыс, елін сүюшілік, оның қараңғылығына жан ашушылық, махаббат, күйініш, романтика – бәрі де бар.

Мағжанның ақындығы жөнінде: «Мағжанның көркемдік тәсілі ғана емес, жалпы төл әдебиетіміздегі бағыт, ағым, әдіс-тәсіл мәселелерін қазақ әдебиеттану ғылымы қолға алуға тиісті, оның күрделі де, қызықты проблема екендігі сөзсіз», - дейді зерттеуші – Е.Тілешев [5].

Қорытынды. Қорыта айтсақ, романтик ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың терең сырлы, арман, тарихи шындық негізге сүйенген «Батыр Баян» поэмасының көркемдік сипаты жоғары дәрежеде. Оның әрбір өлеңінен ұлтжандылық, рухани құндылықтар айқын көрініп тұрады.

Сонымен қатар «Батыр Баян» поэмасын қазіргі таңда отандық телеарналарда көркем фильм ретінде жарық көруі де, Мағжан ақынның сыршыл ойы мен арманға толы толғаныстарын, тек қана қағаз бетінде емес, тірі бейне ретінде де халық алдында көрсетілуі де биік шыңның бірі деуімізге әбден болады.

Мағжан шығармалары арқылы жастардың бойына азаматтық, батылдық, отансүйгіштік, адамгершілік сияқты қасиеттерді дарытып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде мәні зор деп ойлаймын. Сондықтан да ақын шығармалары күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. - Алматы: Жалын, 1997.
2. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған Әшімханов Д. - Алматы: Жалын, 1992.
3. Жұмабаев М. Шығармалар. III т. - Алматы: Білім, 1995
4. Жұмабаев М. Батыр Баян. Өлеңдер, поэмалар. - Астана, 1998.
5. Тілешов Е. Мағжан Жұмабаевтың ақындығы. Жұлдыз. № 9. 1996.

«ЕР ТӨСТІК» ЕРТЕГІСІНДЕГІ КЕНЖЕ ҰЛДЫҢ ДӘРІШТЕЛУІ

Мужигова Г.¹, Сейсенбиева Э.С.²,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті^{1,2}

Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада «Ер Төстік» ертегісіндегі кенже ұлдың отбасындағы орны мен дәріптелуіне талдау жасалады. Сонымен қатар, «Ер Төстік» ертесінің қазақ және қырғыз нұсқаларының ерекшелігі мен зерттелуі қарастырылады. Қиял-ғажайып ертегілер халық ауыз әдебиетіндегі ең көне жанрлардың бірі. Оның шығу мезгілі алғашқы қауымдық қоғым дәуірінен бастау алады. Шындығында ертегінің бұл жанрында адамзаттың ертедегі өмірінің көптеген белгілері сақтала білген.

Кілт сөздер: ертегі, фольклор, қиял-ғажайып, кенже ұл, образ, батырлық ертегілер, тұрмыс-салт.

Кіріспе. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері есте қалмаған ерте заманда туып, талай ғасырмен бірге жасап біздің дәуірімізге жетті. Ол өзінің қалыптасу, даму жолында көптеген өңдеу-өзгерістерге де ұшырады. Бірақ, солай бола тұрса да, қиял-ғажайып ертегілері негізгі тақырыбы жоймағаны, қайта оны жетілдіру, ажарлап айту үстінде болғаны байқалады. Мұхтар Әуезовтың зерттеулеріне қарағанда, қазақтағы қиял - ғажайып ертегілерінің алғашқы тақырыптары аңшы-мергендер, бақташы-малшылар жайында болған.

Ертегілердің классикалық типі қаһарманды басқа дүниеге аттандыру, ғажайып құралдарды табу, қиын тапсырмаларды орындау, құда түсу, жауыз күштерден құтылу сияқты композициялық бөлшектері қамтиды. Ол көбіне қаһарманның үйленуімен және таққа отыруымен аяқталады.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері жанрлық жағынан біркелкі емес, оның құрамында алғашқы қауымға тән қарапайым әңгімелер, батырлық ертегілер кездеседі, сондай-ақ тұрмыс-салтты авантаюралық шығармалар да ұшырасады. Демек, ертегінің бұл түрі жанр жағынан синкретті.

Қазақтың «Ер Төстік» ертегісінің сюжеттік құрылысы өте күрделі. Ондағы оқиға бірде жердің бетінде, бірде астында, бірде бұлттың үстінде, бірде көлдің түбінде өтеді. Осындай фольклорлық классикалық шығармасы бір елдің шеңберінде шектеліп қалмайды, ол-тілі тектес, жер жағдайы шекаралас, тарихи тағдырлас көрші, туыс елдерге тарайды.

Қазақтың «Ер Төстік» ертегісі мен қырғыздың «Эр Тештук» жырының арасында бірқатар айырмашылықтар бар. Қазақ ертегісі таза көшпелі халықтың сюжетте қалатын болса, қырғыз жырында парсы, ауған ертегілерінің сюжеттерінің араласқандығын байқауға болады. Бір ғана мысал: ертегіде Ер Төстік кемпір мен шал керегеде ілулі тұрған төстікті алып асып жегеннен кейін дүниеге келсе, қырғыз ертегісінде жағдай басқаша өрбиді: «Зеңгір зеңгір таулар мен әртүрлі шөлдерден өткен Еламан мен кемпірі Баабеддин әулиенің мазарына түнейді. Еламанға түсінде қызыр кіріп, тоғыз қызғылт алма және бір қызыл алма береді. Соңғы туған ұлының атын Төстік қоюын ескертіп, оны суға салсаң батпайтын, отқа салса күймейтін ерекше батыр болатындығын айтып ғайып болады». Ертегілерді салыстыру арқылы «Эр-Тештук» эпосы мен қазақ халқының «Ер Төстік» ертегісінің сюжеттік шығу тегі мен жасалу жолдары әр дәрежеде бірдей болуымен қатар, әр шығарманың өзіне тән ұқсастықтары мен өзгешеліктерінің бар екендігін айқын аңғарамыз.

Революцияға дейін «Ер Төстік» әр түрлі варианттарын В.В.Радлов, Г.Н.Потаниндер жарияланған. Совет дәуірінде қырғыз фольклористі Ж.Суванбеков «Эр-Тештук» «Қырғыз халқының батырлық эпосы» деген еңбегін жазды (1963). «Зерттеуші «Эр-Тештук» эпосының төрт нұсқасына әртүрлі салыстырулар жүргізген, әр көркемдік сөз кестесіне жан-жақты талдау жасаған. «Эр Төштүк» эпосы көне қырғыз халқының мифологиялық әлем бейнесін жинақтаған таптық дәуірдің классикалық туындысы болап табылады. Эпос батыры жер асты әлеміне саяхатқа аттанып, құбыжықтар және алып-дәулермен соғысады, ұрланған адамдарды

тұтқыннан босатып, туған жеріне қайтып оралтады. Мұндай эпикалық өлеңнің сюжеті көптеген Оңтүстік Сібір және Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтарда кең танылған. Ал қазақ, башқұр, татар және өзбек халықтарында аталмыш эпостың ертегілік нұсқалары бар [1, 61 б.].

Негізгі бөлім. Иран, ауған ертегілерінде түгелге жуық баласы жоқ патшаға не байға бір дәруіш келіп, қолына бір алма, не жарты алма ұстатады да, тоғыз ай, тоғыз тоғыз күннен кейін балалы болатындығын айтады. Мұнысы қырғыздың жырына белгілі бір мөлшерде парсы фольклорының әсері болғандығын байқалады. Немесе «Еламан он ұлына он қалыңдықты бір үйден табу үшін жолға шығады. Оған жолда кездескен көрместі көріп, естімейтінді еститін сәуегей кемпір Ер Төстіктің болашақта бастан кешетін оқиғаларын айтып, Сарыбайдың он қызына құда түсіп, ең кішісі Кенжекені Ер Төстікке қосуын өтінеді». Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің сюжетіне поэтикасы мен құрылысында батырлық жырлар үлкен ықпалын тигізген болса, ауған, тәжік, парсы елдерінің ертегілерінің сюжетінде ислам дінінің ықпалын көруге болады. Әдетте сюжеттің прологында ертегі қаһармандарының кәрі ата анасы мен оның тууы туралы баяндалады: қартайғанша перзент көрмей кубас атанған кемпір мен шал құдайдан бала сұрап, әулие әнбиелердің басына түнеп жалбарынады.

Мұрагерлік құқық аса қатты дәріптелетін ертегілердің бірі - «Ер Төстік» ертегісі. Ертегінің негізгі идеясы – адам баласына қастандық жасаушы жауыздық күштерге қарсы күресу, оларды қарапайым адамның қалайша жеңгенін көрсету [2, 106 б.]. Алайда осындай ауыр міндет Ер Төстіктің мойнына артылады. Қаһарманның, ең алдымен, жасайтын ерлігі ағаларын құтқарып әкелу болмақ. Ер Төстік бұған бөгде адамдардың араласуынсыз өзі барып, жеңіске қол жеткізеді. Демек, бұл кейіпкердің өз бетімен жасаған үлкен әрекеті. Оның алдында тосылып тұрған сынақтардың бастауы десек те болады. Кенже ұлдың күмәнсіз басқалардан артықтығы осыдан көрінеді.

Ер Төстік өзінің қанғып кеткен сегіз ағасын жалғыз іздеп шығады. Бұл жолда ол көптеген қиындықтарды бастан кешіреді де, ағаларын тауып әкеледі. Ер Төстіктің бұл ісі ертегіде батырлық әңгіме ретінде алынады.

Дүниедегі ең күшті алып самұрық құс қаншама мықты болса да, жыл сайын Әкесі Ерناзар Төстік пен сегіз ағаларына қалыңдық іздеп жүргенде, сегіз ұлым бір төбе еді де, Төстігім бір төбе еді деп сырын ақтарып салады. Әкесінің Төстікке үміт артатыны, оны басқаларынан артық көретіні байқалады. Ер Төстіктің айдаһарды шойын құлақты жеңуі оның батырлық бейнесін кеңінен аша түседі.

Дүниедегі ең күшті алып самұрық құс қаншама мықты болса да, жыл сайын балапандарынан айырылып қала береді. Оның балапандарын айдаһар жеп кетіп отырады. Бір қанаты он күндік жерді алған, ұшқанда қанатымен дауыл тұрғызатын алыс қарақұс жаңағы айдаһарға қарсы амал жасай алмайды, одан балапандарын қорғай алмай жүреді. Сөйткен айдаһарды Ер Төстік ғана жеңіп шығады да, одан жас балапандарын қорғап қалады.

Бұл жерде байқалатыны, Ер Төстік жалпы табиғаттың зұлым күштері алдында өзінің мықтылығын, күш-қуатын байқатады. Соншалықты зор алып құс жеңе алмаған қарақұсты Төстік садақпен атып өлтіреді. Сондықтан Төстіктің нағыз ерге тән мінезі, оның адамдар алдында да, жыртқыш аңдар алдындағы да басымдылығы көрінеді.

Төстікке жан серігі Шалқұйрық та парапар. Ол – әрі жүйрік, әрі адамша сөйлейді, неше түрлі кереметтердің барлығын біледі, болашақты болжайды. Төстіктің шамасы келмейтін қиын істерді Шалқұйрық атқарады.

Мазмұны мен сюжет желісіне, кейіпкердің функциясына қарағанда «Ер Төстік» - ең ескі ертегі. Алдымен айтатын нәрсе, бұл сюжеттің түп-төркіні алғашқы қауым кезінде болған Ер балаларды кәмелеттік сынақтан өткізу салтына меңзейді. Әкесінің Төстікті жалмауыз кемпірге беруі, оның баруы, одан қашып жүріп, жер астына түсіп кетуі, онда небір ғаламат оқиғаларды басынан кешірді- мұның бәрі сол ғұрыптың елестері деп баға беріледі.

Бұл ертегінің көнелігінің тағы бір белгісі - батырдың жер астына түсіп, бірнеше патшалықты аралауы, оған Көлтаусар, Желаяқ, Таусоғар сияқты әр түрлі ғажайып кейіпкерлердің жолдас болып, қайтар жолда өз мекендерінің шекарасынан шықпай, сол

жерлерде қалып қоюы. Мұның бірі көне замандағы түсінік бойынша адам үш әлемді аралай алады деген түсінікпен байланысты.

«Ер Төстік» сюжетінің арқауына өмір беру емес, әлденешеу. Ол кезде алты қабат аспан, жеті қабат жер жайындағы ұғымдар болған. Халық түсінігі бойынша адам жер астына түссе де өмір сүре білмек. Осы ретте Ер Төстік пен Шалқұйрықтың жер астындағы жылан Бапыхан, Темірхан, Кеше хандармен күресінің өзі де адамзат қиялының көрегендігінен, сыншылдығынан хабар береді. Сол хандардың өз аралары да бүтін емес, Мысалы, өлмелі шал Бапыхан Темірханның қызын зорлап алмақ. Оған сыннан өткен Ер Төстікті жұмсайды. Бұл тұста да жамандық пен жақсылық тартысқа түсіп, әділет, дұрыстық іздеген адам арманы әр қилы формада бой көрсетеді. Ер Төстік қайтадан жер бетіне көтеріледі. Енді ол Бекторы мен Шойынқұлақты өлтіріп, мұрат – мақсатына жетеді. Бір ғажабы, қаншама қиыншылық көрсе де, халық творчествосы өзінің негізгі қаһармандарын өлтірмейді, халық идеясына өлмес қуат, өлмес қасиет береді. Мысалы, Кенжекей мен Ер Төстіктің жер бетінде қайта табысқан жерін ертегі былай суреттейді: «Ақсақал шалдың астындағы ақсақ боз ат кісінеп қоя береді. Кежекей аттың кісінеген дауысынан оның Шалқұйрық екенін таниды. Кенжекей мен Құба інген екеуін Ер Төстік таниды... Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді» [3, 57 б.].

Қорытынды. Олай болса, ертегілердің оқиғасы мен идеясын төтелей, тұрпайы түсінуге болмайды. Әрбір ертегінің айтар бөгде идеясы, жұмбағы болады. «Ер Төстік» ертегісі сондай жұмбақ пен философияға толы. «Ер Төстік» ертегісінде драматизм аса күшті. Қайғылы жай, тез ауысып отыратын ой – сезімдер мол. Тартыс барған сайын ауырлап, өзгеше бір қозғалмалы - динамикалық формада баяндалған. Сол үшін оқиға салдары баяндалады.

Қорытындылай келе, ертегілердің тәрбиелік, көркемдік, танымдық қуаты төтенше. Ертегіні көп оқып, содан тәлім – тәрбие, өнеге алмаған бала ел тарихын, оның сан заманғы фантазиясын, келешектен күткен арманын ұғып, соған өзі қандай үлес қосуға тиіс екенін түсіне алмайды. Қазақ фольклорында ертегіге тең келерлік өнер кем. Өйткені ол – халықтың психологияның көрсеткіші.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қайыпов С. Т. Проблемы поэтики эпоса «Эр Тештүк» – Фрунзе: Илим, 1990. – 320 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 2014ж. – 272 б.
3. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2017. – 264 б.
4. Қасқабасов С. Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы. – Алматы, 2011ж. – 317 б.
5. Тұрсынов Е. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 167 стр.

ҚАЗАҚ-ОРЫС БИЛИНГВИЗМІ ЖӘНЕ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Мұқият Ділімұр

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

«8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

Білім беру бағдарламасының докторанты

Аңдатпа. Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, ал орыс тілі ресми түрде ұлтаралық қатынас тілі ретінде танылған. Бұл жағдай қазақ қоғамында қазақ және орыс тілдерінің билингвизмі кеңінен таралғандығын көрсетеді. Екі тілді бірдей деңгейде меңгеру қажеттілігі түрлі әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлармен байланысты. Бұл мақалада қазақ-орыс билингвизміне байланысты теориялық және практикалық аспектілер қарастырылады. Билингвизмнің түрлі типтері, оның психолінгвистикалық және когнитивтік ерекшеліктері, интерференция мәселесі талданады. Қазақстандық билингвизмнің тарихи және әлеуметтік контексте алатын орнына шолу жасалып, тіл үйрену және оқыту әдістерінің тиімділігі туралы ұсыныстар беріледі.

Кіріспе. Қазіргі қоғамда екі немесе одан да көп тілде еркін сөйлеу және жазу қабілеті, яғни билингвизм, ерекше өзектілікке ие. Билингвизм - бір қоғам ішінде әр түрлі тілдердің қатар қолданылуы немесе жеке тұлғаның екі тілді меңгеруі дегенді білдіреді. Бұл құбылыс әлемнің көптеген елдерінде кең таралған, әсіресе көпұлтты және көпмәдениетті мемлекеттерде айқын байқалады. Көпұлтты және көпмәдениетті мемлекет ретінде Қазақстанда екі тілдің қатар қолданысы бірнеше кезеңдерді басынан өткерді [2].

Қазақ-орыс билингвизмі Қазақстанда Ресей империясы кезеңінен бастау алады. Ресей империясының қазақ даласын отарлауы нәтижесінде қазақтар мен орыстар арасында алғашқы тілдік және мәдени байланыстар орнай бастады. Сол кезеңде қазақ қоғамында орыс тілін меңгеруге қажеттілік туындады. Ал Кеңес Одағы кезінде бұл процесс одан әрі тереңдеп, орыс тілі Қазақстанда негізгі байланыс тіліне айналды. Кеңестік кезеңде қазақ тілі мен орыс тілінің арасындағы байланыс күрделене түсті. Орыс тілі мемлекеттік тіл ретінде барлық салада қолданылды, ал қазақ тілі көбіне отбасылық және этникалық ортада шектелді. Бұл жағдай қазақтардың орыс тілін кеңінен меңгеруіне себеп болды, алайда қазақ тілі қолдану аясының тарылуына алып келді. Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізіп, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін қайтарып алды. Бұл қазақ тілін жандандыруға бағытталған тіл саясатын құруға негіз болды.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, қазақ-орыс билингвизмі қазақстандық қоғамның біртұтастығын нығайтуда маңызды рөл атқарады. Қазақстанда этникалық топтар арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық орнату үшін екі тілдің қатар қолданылуы қажеттілігін көрсетеді. Әсіресе, қала тұрғындары арасында орыс тілі кеңінен қолданылады, ал ауылдық жерлерде қазақ тілі басымдыққа ие. Бұл айырмашылық қостілділіктің қоғамда қалыптасуына және тілдердің қолданылу аясын түсінуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса, қазақстандық қоғамдағы билингвизм білім беру, бизнес және бұқаралық ақпарат құралдары салаларында кеңінен көрініс табады. Мысалы, мектептерде қазақ және орыс тілдерінде білім беру жүйесі қалыптасқан, бұл екі тілде де сөйлейтін болашақ мамандарды даярлауға ықпал етеді. Бұқаралық ақпарат құралдары екі тілде де таратылады, бұл қоғамдағы ақпарат алмасу мен мәдени байланыстың нығаюына себепші болады.

Билингвизм адам миы мен ойлау процесіне ерекше әсер етеді. Қостілділік тек тілдік қабілетке ғана емес, сонымен қатар когнитивтік дамуға да ықпал етеді. Қазақ және орыс тілдерін қатар меңгерген адамдардың миында екі тіл бір уақытта белсенді жұмыс істеп, өзара байланыс орнатады. [3] Билингв тұлғалар екі тілде сөйлеу барысында әр тілдің ерекшеліктеріне сәйкес ақпаратты өңдейді. Бұл мидың жұмысын арттырып, адамның тілдік және когнитивтік қабілеттерін жетілдіреді. Қостілді адамдар мидың екі тілге жауап беретін бөлігін теңестіріп, бір тілден екінші тілге тез ауыса алады. Қазақ және орыс тілдерін қатар меңгерген адамдар осы процесті жиі қолданғандықтан, олардың миы екі тіл арасындағы айырмашылықтарды интуитивті түрде ажырата алады. Психоллингвистика саласында билингвизмнің әсері бірнеше аспектілерде зерттеледі:

Негізгі бөлім. Когнитивтік икемділік: Қостілді адамдардың миы әр түрлі тілдік жағдайларға жылдам бейімделеді, бұл олардың когнитивтік икемділігін арттырады. Олар тілдік емес ақпараттарды да тез қабылдап, жаңа ақпаратты игеруге икемді болады.

Ойлау құрылымы: Әрбір тілдің өзіндік құрылымы мен мәдени ерекшеліктері болғандықтан, қостілді адамдар бір ойды екі түрлі тілде жеткізу арқылы оны әр қырынан көре алады. Қазақ және орыс тілдерінде сөйлейтін адамдар үшін бұл ойлаудың екі түрлі үлгісін біріктіруге мүмкіндік береді.

Жадының күшеюі: Қостілділіктің адамның есте сақтау қабілетіне оң әсері бар. Екі тілде ақпаратты сақтап, қажет кезде сол тілдерге байланысты ақпаратты еске түсіру қабілеті артады.

Қостілділіктің когнитивтік артықшылықтары кеңінен зерттелген. Қостілді адамдарда когнитивтік бақылау, есте сақтау, шешім қабылдау сияқты қабілеттері жоғары деңгейде

дамиды. Бұл қасиеттер әсіресе балаларға тән. Ерте жастан бастап екі тілде сөйлейтін балалардың когнитивтік дамуы бір тілді балаларға қарағанда жылдам болады.[4]

Қазақстандағы қазақ-орыс билингвизмі жеке тұлғалардың когнитивтік дамуына оң әсер етеді, бірақ оның өз қиындықтары да бар. Қазақ және орыс тілдерінің грамматикалық, лексикалық және фонетикалық айырмашылықтары екі тілді де меңгеруде қиындықтар туғызуы мүмкін.[5] Бұл әсіресе, тілді үйрену барысында интерференцияға әкеледі, яғни бір тілдің әсері екінші тілге ықпал етіп, қателіктердің пайда болуына себеп болады.

Билингвизм термині қазіргі тіл ғылымында кең ауқымды түсінікке ие және ол түрлі тілдік, психоллингвистикалық және әлеуметтік тұрғылардан зерттеледі. Билингвизм, жалпы айтқанда, жеке тұлғаның немесе қоғамның екі тілде сөйлеу қабілетін білдіреді. Билингвизмнің бірнеше типтері бар және оларды анықтау үшін түрлі критерийлер қолданылады: меңгеру деңгейі, тіл қолдану саласы, меңгеру уақыты және тілдердің ара қатынасы. [1]

Жеке және топтық билингвизм Жеке билингвизм деп жеке тұлғаның екі немесе одан да көп тілде сөйлеу қабілетін айтады. Мысалы, Қазақстанда қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген жеке тұлғалар көп. Топтық билингвизм - белгілі бір топ немесе қауымның екі тілде сөйлеуі. Қазақстанда қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуы арқылы топтық билингвизм қалыптасқан. Бұл тілдердің арасындағы байланыс мәдени және этникалық топтардың өзара түсіністігі мен ынтымақтастығын күшейтеді.

Ерте және кеш билингвизм Ерте билингвизм - балалардың екі тілді ерте жастан бастап меңгеруі. Мысалы, қазақстандық отбасыларда балалардың қазақ және орыс тілдерін бала кезінен бірдей үйренуі жиі кездеседі. Кеш билингвизм - ересек жаста екінші тілді үйрену. Бұл жағдайда тұлға бастапқы тілін толық меңгергеннен кейін екінші тілді меңгереді. Қазақстанда мектеп және жоғары оқу орындарында екінші тілді үйрену арқылы тілдік интерференциясы бар адамдардың саны артуда.

Интерференция - бұл қостілді адамдарда бір тілдің екінші тілге әсер етуі нәтижесінде пайда болатын тілдік қателіктер немесе ауытқулар. Қазақ және орыс тілдерін қатар меңгерген адамдарда осы екі тілдің құрылымдық, лексикалық және фонетикалық айырмашылықтарына байланысты интерференция жиі байқалады. Бұл құбылыс, әсіресе, қостілді балаларда және екінші тілді кейінірек үйренген ересектерде айқын көрінеді. Бұл қостілділіктің табиғи бөлігі болып табылғанымен, оны азайту немесе болдырмау мақсатында арнайы әдістемелер қолдану маңызды. Интерференцияның бірнеше негізгі себебі бар, және бұл факторлар екі тілдің табиғи ерекшеліктері мен қостілді адамның тілдерді меңгеру деңгейімен тығыз байланысты:

Тілдер арасындағы құрылымдық айырмашылықтар: Қазақ және орыс тілдерінің құрылымдық айырмашылықтары интерференцияға себеп болады. Қазақ тілі - жалғамалы тілдерге жатады, ал орыс тілі - флективті тіл. Бұл айырмашылықтар сөйлем құрастыру мен сөз түрлендіруде интерференцияға әкеледі.

Сөздік қордың алмасуы: Қостілді адамдар тілдердің лексикалық құрамындағы айырмашылықтарды сезінбеуі мүмкін. Бұл жағдайда олар бір тілден екінші тілге сөздерді немесе тіркестерді тікелей аудармай қолдануы ықтимал.

Тілдерді бір уақытта қолдану қажеттілігі: Қостілді адамдар қазақ және орыс тілдерін бірдей деңгейде жиі қолданғандықтан, оларда бір тілдің элементтері екінші тілге енеді. Бұл көбінесе аралас ортада өсіп келе жатқан балалар мен жастарда байқалады. Интерференцияның ықпалын азайту үшін арнайы әдістемелік тәсілдерді қолдану қажет. Бұл тәсілдер мектептерде, жоғары оқу орындарында және қостілділік жағдайында тілді оқыту барысында маңызды рөл атқарады.

1. Тілдер арасындағы айырмашылықтарды түсіндіру: Мұғалімдер мен тіл үйретушілер тілдердің құрылымдық және грамматикалық айырмашылықтарын қостілділерге нақты түсіндіруі қажет. Бұл олардың интерференция мәселесін түсініп, тілдік қателіктерді азайтуына көмектеседі.
2. Практикалық тапсырмалар мен жаттығулар: Интерференцияның алдын алу үшін қазақ және орыс тілдерінде сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығуларды қолдану тиімді. Сөйлеу әрекеттеріне негізделген тапсырмалар

костілділердің тілдерді араластырмай, әр тілдің өзіндік ерекшелігін сақтауға көмектеседі.

3. Әр тілде жекелей сөйлеу тәжірибесін дамыту: Тілдерді араластырмау мақсатында әр тілде бөлек сөйлеу жаттығуларын орындау интерференцияны төмендетуге септігін тигізеді. Мысалы, қазақ тілінде сөйлеу кезінде тек қазақша сөйлеуге, ал орыс тілінде тек орысша сөйлеуге машықтандыру керек.

Қорытынды. Қорыта айтқанда Қазақстандағы қазақ-орыс билингвизмі — қоғамның мәдени, әлеуметтік және тілдік ерекшеліктерін айқындайтын маңызды құбылыс. Сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынастың нығаюына, әлеуметтік байланыстардың жақсаруына ықпал етеді. Коммуникативтік, грамматикалық және когнитивтік тәсілдер арқылы костілділерге қазақ және орыс тілдерін толыққанды меңгеруге мүмкіндік жасалады.

Десе де, тілдік интерференцияның кең таралуы, тіліміздің экологиясына тікелей кері әсер етеді. Сол себепті үйретудің тиімді әдістемелері тілдік дағдыларды дамытуға және интерференцияның ықпалын азайтуға бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Смит, Д. (2020). Билингвизм және когнитивтік функциялар. Лингвистика журналы, 34(2), 123-145.
2. Джонс, А., & Браун, Л. (2018). Билингвалды білім берудің әлеуметтік әсері. Білім беру зерттеулері тоқсандық, 51(1), 23-40.
3. Миллер, Р. (2019). Қостілділерде тілдік интерференция. Халықаралық психология журналы, 12(3), 78-99.
4. Чен, Ю., & Ли, Т. (2021). Билингвизмі тарихының аспектілері. Еуразиялық мәдени шолу, 17(4), 101-119.
5. Байзақов, Қ. (2014). Қазақ-орыс тілдерінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлі. *Мәдениеттану және қоғам*, 22(3), 112-125.
6. Уокер, П. (2018). Ерте және кеш қостілділік: салыстырмалы зерттеу. *Дамыту лингвистикасы журналы*, 19(2), 211-234.

БАҚЫТ БЕДЕЛХАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РУХ КОНЦЕПТІСІ

Бейсен Айдана

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Әдебиеттану мамандығының

2-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада Бақыт Беделханұлының поэзиясындағы рух тұжырымдамасы жан-жақты талданған. Ақынның шығармашылығында ұлттық рух, тарихи жады, мәдени құндылықтар және рухани ізденістердің көрінісі кеңінен қарастырылады. Мақалада рух тұжырымдамасы поэтикалық тілмен қалай берілетіні, ақын шығармаларындағы рух пен ұлттық болмыстың сабақтастығы философиялық және эстетикалық тұрғыдан талданатыны зерттеледі. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі автор поэзиясындағы рух тұжырымдамасының орны мен маңызы, оның қазіргі оқырманға әсері зерттеледі. Мақала Бақыт Беделханұлының шығармашылығын рухани жағынан да, мәдени жағынан да тереңірек түсінуге бағытталған.

Түйін сөздер: қазақ поэзиясы, рух тұжырымдамасы, лирикалық қаһарман, рухани ізденіс, диахрондық байланыс

Кіріспе. Қазіргі қазақ поэзиясы - қазақ әдебиетінің маңызды және қарқынды дамып келе жатқан саласы. Ол көпқырлылығымен, тақырыптық байлығымен және түрлі стильдер мен жанрлардың үйлесімімен ерекшеленеді. Қазақ поэзиясының қазіргі жағдайын толық сипаттау үшін оның негізгі ерекшеліктерін, даму бағыттарын және өзекті мәселелерін қарастыру қажет.

“Поэзия - өмірдің әрі мен нәрі, қайнап қорыған жамбысы. Поэзия бақшада құлпырған роза гүлін сипаттамайды, оның дөрекі заттық жақтарын лақтырып тастап, хош иісін әсем

құбылғыш бояуын алады да, осылардан жаратылыстағыдан да әсем өз розасын жасайды. Поэзия - сәбидің күнәсіз ажары, жарқын жанары, күміс күлкісі, жанды қуанышы. Поэзия - көрікті қыз жүзінің ұялшақ, албырт қызғылты, теңіздей, көгілдір аспандай тұңғыық көзінің ынтықтық сәулесі, әйтпесе оның қара көзіндегі өткір от, мәрмәр иығына төгілген бұйра шашының толқыны, торғын кеудесінің демігіп тыныстауы, күміс үнінің гормониясы, сиқырлы сөзінің музыкасы, тал бойы, сұңғақ сымбатының мінсіз мүшелері, сұлу қозғалыстарының ғажайып сиқыры... Поэзия - қайратты қайнардай балғын жігіттің отты көзі, өрен ерлігі, тентек тегеуріні, аспан пен жерді жалынды құшағына сыйдырмақ болған, өмірдің уы мен балын бір-ақ рет сарқа сімірмек болған тойымсыз талабы... Поэзия - ұйығандай, құйылғандай орныққан, өз еркін әбден билеген, өмір үшін жетіккен, тәжірибемен шыныққан, рухани күші теңескен, көңіл көзі көреген, ойға батыл, майданға батыр ер қуаты...

Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір - поэзия дүниесі, осы құбылыстардағы құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар - поэзияның тетігі мен жаны. Поэзия - әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні”[1].

Тақырыптық байлыққа тоқталатын болсақ, қазіргі қазақ поэзиясы тақырыптық тұрғыдан өте бай. Ол ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды, тарихи естеліктерді, табиғаттың әсемдігін, махаббат пен адамның ішкі жан дүниесін қамтиды. Сонымен қатар, поэзияда әлеуметтік мәселелер, урбанизация, экология, жаһандану және заманауи қоғамдағы өзгерістер туралы да сөз қозғалады. Бұл поэзияның әртүрлі аудиторияға жақын әрі түсінікті болуын қамтамасыз етеді.

Ал жанрлар мен стильдердің әртүрлілігіне байланысты дәстүрлі және жаңашыл бағыттар қатар дамуда. Дәстүрлі өлеңдер, термелер, эпикалық жырлармен қатар, еркін өлең (верлибр), поэма, проза-поэзия (прозалы өлең) сияқты жанрлар кең таралған. Жас ақындар постмодернистік, абсурдистік және эксперименталды стильдерге жиі жүгінеді, бұл қазақ поэзиясын жаңа қырынан көрсетеді.

Негізгі бөлім. Қазіргі қазақ ақындары поэтикалық тілдің мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмтылуда. Олар қазақ тілінің байлығын, диалектілік ерекшеліктерін және түрлі тілдік құрылымдарды пайдаланады. Сонымен қатар, лексикалық және стилистикалық эксперименттерге, метафоралық және символикалық тілге жиі жүгініп жүр.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі ақын Темірхан Медетбек “Алтынкөпірліктер” атты әдеби талдауында былай дейді: “Мен өзім өлең жазатын адам болғандықтан, әрине, алдымен бақылайтыным да, бірден көз салатыным да поэзия жанры ғой. Мен, сөз жоқ, күнделікті баспасөз арқылы поэзияның сол жылдары да, онан кейін де бірде-бір үзіліп қалмай үздіксіз жұмыс істеп жатқанын көріп те, біліп те отырдым.

Бірақ несін жасырып, жаба тоқимын, әдебиетке тоқырау келді деп толассыз айтылып жатқан көпшілік хорға қосылып кеткен өзім де біраз уақыт сол ойдың шырмауында қалған болатынымын. Поэзия тінінің үзілмегенін біле тұра дүдәмал күй кешкенімді бүгін енді жасыра алмаймын. Дүдәмалдың аты – дүдәмал. Онда күдік те, үміт те болады. Әрі тарт та бері тарт сол бір күйде біршама уақыт жүрдім де, ақыры не күдігімді, не үмітімді бекітейін деген ниетпен, алдымен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, сонан кейін жаңа ғасырдың о жақ, бұ жағында әдебиетке келген жастардың шығармаларын мұқият оқып-білуге кірістім. Сөйтсем, бірден айтайын, поэзияда түк те тоқырау болмаған екен. Өскен, өркенін жайған. Жаңа өріске шыққан. Яғни, басты айып өзімізде жатқан болып шықты. Жастар поэзиясын өз кезеңінде оқып жарытпағанбыз, дер кезінде бағасын бермегенбіз.

Менің бұл көлемді мақалам «Алтынкөпірліктер» деп аталады. «Неге Алтынкөпірліктер?» Енді соған келейік.

Бірден айтайын, «Алтынкөпірліктер» атауын мен ойлап тапқам жоқ. Бұл сөз – Маралтайдың сөзі. Ол өз толқынының әдебиетке келу кезеңін осылай атаған. Яғни, ол толқын сол бір сапырылысы да, алыс-жұлысы да көп, бүкіл ел тауқыметті, таршылық заманды басынан өткеріп жатқан тұста, көп ақын-жазушыларымыз не істерін білмей абдырап, дағдарып, қаламы мен қағазынан көз жазып қалғандай болған кезеңде ұлы Мәртебелі поэзияның кешегі

жағалауын ертеңге, яғни бүгінгі жағалауға қосқан көпір міндетін атқарды. Шын мәнінде алтын көпір бола білді.

Мен алтынкөпірліктер поэзиясын Маралтай Райымбекұлы, Әмірхан Балқыбек, Жарас Сәрсек, Бауыржан Бабажанұлы, Нұржан Қуантайұлы, Батырболат Айтболатұлы, Әлібек Шегебай, Бақыт Беделханұлы, Дәурен Берікқажыұлы, Бақытжан Алдияр, Алмас Темірбай, Танакөз Толқынқызы, Айнұр Әбдірасылқызы және сырттан өз еліне енді оралып жатқан Ұларбек Дәлей, Тоқтарәлі Таңжарық, Нұрбәтима Байтұрсын, Отар Шауқан шығармалары арқылы танып-білгім келді”[2].

Жоғарыда аталған бір топ қаламгердің ішінде рухты жырларымен елең еткізіп, ерекше стилімен, лирикалық шегіністермен баурап алатын ақын – Бақыт Беделхан.

Бақыт Беделхан – заманауи қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, оның шығармашылығы ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды дәріптеуімен ерекшеленеді. Ақынның поэзиясындағы басты тақырыптардың бірі – рух концептісі. Бұл ұғым оның өлеңдерінде кеңінен көрініс тауып, жеке тұлғалық және ұлттық деңгейде қарастырылады.

Беделханның поэзиясында рух ұғымы тек қана жекелеген адамдардың емес, бүкіл халықтың ішкі күшін, рухани байлығын білдіреді. Ақынның шығармаларында рух пен халықтың өміршеңдігі тығыз байланысты. Ол рухтың адам өміріндегі маңыздылығын, оның қиындықтарға қарсы тұру қабілетін көрсетеді. Мысалы, "Бөрі-сөз" атты өлеңінде ақын адамның қиындықтарға қарсы тұру қабілетін суреттейді:

“Мен жаралы бөрімін,

Сен зауалды пендесің...

Мен кешегі, бабаларыңның кегімін,

Қайтара алмаса, қасқыр боп туған ерге сын”[3, 100 б].

Бұл өлеңде рух – адамның ішкі жан дүниесінің тереңдігін көрсететін символ ретінде көрінеді. Ол өмірдің барлық сынақтарына төтеп бере алатын күшке ие. Ақын рухты "шыңға шығаратын, құзға құлатпайтын" қуат деп сипаттайды, бұл оның тек адам өмірінде ғана емес, жалпы өмірдің мән-мағынасын түсінуде де маңызды рөл атқаратынын білдіреді.

Ұлттық рухпен астасқан туындыларында қазақ халқының тарихи тағдыры, оның батырлары мен ақындары туралы жырлайды. Ақынның пікірінше, халықтың рухы – оның мәдениетінде, тарихында, тілінде, дәстүрлерінде көрініс табады. Осы арқылы ақын өз шығармаларында ұлттық бірегейлікті, өз мәдениетін мақтан тұтуды насихаттайды. Оның өлеңдерінде ұлттық рухты сақтаудың және оны болашақ ұрпаққа жеткізудің маңыздылығы жиі кездеседі.

Ұлттық деңгейде Бақыт Беделханның поэзиясында рух қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрмет ретінде көрініс табады. “Рух жыры” атты поэмасында ол ұлттық рухтың қазақ халқының еркіндік пен тәуелсіздік жолындағы күресінде қаншалықты маңызды болғанын айтады. Поэмада рух халықтың батылдығы мен табандылығының символы ретінде көрсетіледі. Ақынның айтуынша, рух – халықтың болашағына сенімін нығайтуға көмектесетін, оны алға жетелейтін күш. Ақын шығармаларында қазақ халқының тарихы мен мәдениеті рухани мұра ретінде дәріптеледі, ал бұл мұра ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, сақталып отыруы тиіс.

“Рух жыры” қазақ халқының еркіндік пен тәуелсіздік жолындағы күресінде рухтың маңыздылығын айқын көрсетеді:

Алашпын, ар алдында адал, ақпын,

Қасиетке қазақ боп қада қактым...

Өсиет пен өнеге, шежіреде

Ешкім сырын аспаған дара бақпын”[3, 12 б].

Мұндағы рух – ұлттық еркіндік пен бірліктің символы ретінде бейнеленеді. Ақынның айтуынша, қазақ халқының рухы оның тәуелсіздік пен еркіндік жолындағы күресіне негізделген.

Сонымен қатар, Бақыт Беделханның өлеңдерінде рухтың табиғатпен байланысы да жиі кездеседі. Мысалы, “Өтеуіл” атты поэма-хамсада ақын табиғаттың сұлулығы мен адам

жанының тереңдігі арасындағы үйлесімділікті суреттейді. Ол табиғатты рухани жаңғырудың қайнар көзі ретінде көреді. Бұл өлеңде табиғаттың өзі рухтың бір көрінісі ретінде бейнеленеді, бұл идея автордың рухты тек адамға тән қасиет ретінде емес, бүкіл әлемнің негізі ретінде қарастыратынын көрсетеді. Соның айқын дәлелі ретінде төмендегі өлең жолдарын мысал ете аламыз:

“Босат, - деді, - тұмылдырық, бұғаудан!
Босат, - деді, - шынжырдан да шылаудан!
Босат, - деді, - қорлық пенен азаптан
Тектілігін жоғалтпайды тірі арлан!
Босат, - деді, - үш бөлтірік күшігін,
Пұшпақ-шапан кигізбек пе ең бұлардан?!”
Байғұс ана шыр-пыр болып арада,
Күйіп-пісіп күбірлеп жүр жыларман...”[3, 95 б]

“Ал бейбіт күндерде біздің елдің ішкі-сыртқы тіршілігінде жазушылар араласпайтын сала кем де кем. Мұның бәрі суреткер - қоғам қайраткері екенін көрсетеді. Бұлай болмайтын реті де жоқ. Қаламгерлік іс - қоғамдық іс; көркем әдебиеттің қоғамдық мәнін, әлеуметтік мазмұнын еш нәрсемен салыстыруға да, ауыстыруға да болмайды”[4, 20 б]. Сол себепті де Бақыт Беделхан поэзиясындағы рух концептісі оның шығармашылығының басты идеяларының бірі болып табылады. Ақын рухтың адамның өміріндегі маңыздылығын, оның ішкі күшін, батылдығын, табандылығын, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлін ашады. Бұл ұғым оның өлеңдерінде терең философиялық мағынаға ие және оқырмандарды рухани тұрғыда байытуға бағытталған. Сондай-ақ, “Кеудемде көктің нұры бар” деп басталатын өлеңінде ақын адамның рухын ішкі жалынмен салыстырады, ол жалын өмірдің қиын сәттерінде де сөнбеуі тиіс. Осы өлең рухтың адамды қиындықтарға қарсы тұруға, өмірде алға ұмтылуға ынталандыратынын көрсетеді.

“Табанымда жердің бүрі бар,
Замандардың жүріп өткен зар - көші.
Жанарымда елдің мұңы бар,
Оның дағы шайылар кезі бар - деші?!
Бар - деші, бітсін, мұның дағы әуресі...
Мойнымда мың сайтанның жүгі бар,
Түсіріп ал, тілі - бал!
Иығымда әлгі,.. періштенің бірі бар,
Мықты болсаң, жұлып ал да, мініп ал!”[5, 117 б]

Дәл осы өлең жолдары терең философиялық және психологиялық ойлармен ерекшеленеді. Мұнда адамның ішкі әлемі, өмір мен өлім, тағдыр мен еркіндік сияқты күрделі мәселелерді қарастырылған. Ақын поэзиясы тек ұлттық мәселелермен шектелмейді, сонымен қатар адамның ішкі жан дүниесін зерттеуге де бағытталған. Бұл ерекшеліктер оны қазіргі қазақ поэзиясындағы терең ойшылдардың бірі ретінде көрсетеді.

Қорытынды. Бұл мақалада Бақыт Беделханұлының поэзиясындағы рух концептісі жан-жақты талданды. Ақынның шығармашылығында ұлттық рух, тарихи жады, мәдени құндылықтар және рухани ізденістердің көрінісі кеңінен қарастырылды. Мақалада рух концептісінің поэзиялық тілмен қалай жеткізілетіні, ақын шығармаларындағы рух пен ұлттық болмыстың сабақтастығы, сондай-ақ философиялық және эстетикалық тұрғыдан талданды. Сонымен қатар автор поэзиясындағы рух концептісінің қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орны мен маңызы, оның қазіргі заман оқырманына ықпалы зерттелді. Мақала Бақыт Беделханұлының шығармашылығын рухани және мәдени тұрғыдан тереңірек түсінуге бағытталған.

Бақыт Беделханның поэзиясындағы рух концептісі оның шығармашылығының негізгі тақырыптарының бірі болып табылады. Ақын рухты адамның ішкі күші, халықтың тарихы мен мәдениетінің символы, табиғаттың тылсым күші және мәдени мұраның негізі ретінде қарастырады. Беделханның өлеңдері оқырмандарды рухани байытуға, ұлттық құндылықтарды

бағалауға және оны сақтау жолында табанды болуға шақырады. Оның поэзиясы арқылы рухтың адам өміріндегі маңызды рөлі мен оның қоғамдағы орны ашылады.

Сонымен қатар, Бақыт Беделхан шығармашылығы ұлттық және рухани құндылықтарды насихаттаумен, философиялық тереңдікпен және заманауи мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді. Ақынның поэзиясы қазіргі қазақ әдебиетінің көпқырлылығын көрсетіп, оны байыта түседі. Ол ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды сақтап, оларды қазіргі заманның талаптарымен үйлестіре отырып, қазақ поэзиясын байыта түседі. Ақынның шығармалары көптеген оқырманға рухани азық беріп, қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосуда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. В.Г.Белинский. Собр. соч. в трех томах. М., ГИХЛ, 1948, т. 1, стр. 643-644.
2. Темірхан Медетбек. Алтынкөпірліктер (ult.kz)
3. Беделханұлы Б. Ауадағы жазу. - Астана: Фолиант, 2018. - 240 бет.
4. Қабдолов Зейнолла. Сөз өнері. - Алматы: "Санат", 2007. - 360 б.
5. Беделхан Б. Темірен. - Алматы: "Abai" baspasy, 2021. - 144 бет.

ШӘДІ ЖӘНГІРҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НӘЗИРА ДӘСТҮРІ «НАЗЫМ СІЯР ШАРИФ» ҚИССАСЫ

Мамирбаева Аида 2-курс магистранты

Мәтбек Н.Қ. ф.ғ.к., доцент.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан, Алматы қ.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде нәзира дәстүрі – түркі және парсы әдебиеттерінен бастау алған әдеби үрдіс. Бұл дәстүрде ақындар бұрыннан белгілі сюжеттерді жаңа қырынан қарап, өздерінің ұлттық болмысы мен дәстүрлерін қосып қайта жырлаған. Бұл әдіс орта ғасырлардан бастап қазақ ақындары арасында да кеңінен тараған. Нәзира дәстүрі парсы мен араб әдебиетінде туындаған құбылыс. Классикалық парсы поэзиясындағы Фирдоуси, Низами сынды ұлы ақындардың шығармалары шығыс халықтарының әдебиетіне терең ықпал етті. Атап айтқанда, парсы поэзиясындағы махаббат, батырлық және діни тақырыптарды жаңаша жырлау үрдісі кейіннен түркі халықтарына да келіп жетті. Бұл дәстүрдің өзегі белгілі бір тақырыпты жаңа көзқараспен жеткізіп, оны әрі қарай дамыту болды. Әрбір ақын өз заманындағы әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, бұрыннан танымал шығармаларды қазақтың дәстүріне сай етіп жаңартты.

Шәді Жәңгірұлы – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ ақыны, нәзира дәстүрінің көрнекті өкілі. Ол шығыс классикасындағы сюжеттерді жаңаша жырлап, қазақ әдебиетіне тың серпін берген тұлға. Шәдінің шығармашылығында шығыс дастандарының сюжеттеріне ерекше мән беріліп, оны қазақ халқының мәдени және тарихи шындығына сай етіп жырлаған.

Шәді өз шығармаларында нәзира дәстүрін ұстана отырып, шығыстың классикалық сюжеттерін қазақ тұрмысы мен дүниетанымына бейімдеді. Оның дастандары халық арасында кеңінен таралды. Бұл шығармаларда діни және тарихи сюжеттермен қатар, адамгершілік, имандылық, адалдық секілді жалпы адамзаттық құндылықтар көрініс тапты. Шәді Шығыстың эпостарымен қоса, қазақ эпостары мен халық аңыздарын да дамытқан.

Шәдінің нәзира дәстүріндегі шығармашылығы қазақ әдебиетіне бірегей үлес қосты. Оның арқасында шығыс классикалық шығармалары қазақ оқырмандары арасында кеңінен таралды. Шәді нәзира дәстүрін қолдана отырып, өзіндік стиль қалыптастырды. Ол қазақы нақышпен жазылған, өмірге жақын, мазмұны бай дастандар жырлап, қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысын нығайтты. Бұл дәстүр қазақ мәдениетінің дамуына әсер етіп, ұлттық әдебиеттің баюына жол ашты [1, 231 б.].

Нәзира дәстүрі шығыс пен түркі халықтарының әдебиеті арасындағы байланысты нығайтқан маңызды құбылыс. Шәді ақын осы дәстүрді қазақ әдебиетіне лайықтап, оны байытып, жаңа деңгейге көтерді. Шәдінің шығармашылығы арқылы қазақ әдебиеті шығыс поэзиясының үлгілерін қабылдап, оны өз ұлттық ерекшеліктерімен ұштастыра білді.

Негізгі бөлім. Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасы қазақ әдебиетінің классикалық мұраларына жататын маңызды туынды. Бұл шығарма діни-тарихи тақырыпты қозғайтын дастандар қатарына жатады және нәзира дәстүрінің аясында жазылған. Шығарма Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірі мен оның исламды тарату жолындағы қызметін жырлайды [2, 36 б.]. Мұндай шығармалар ислам дінінің қазақ халқы арасында терең тамыр жайып, діндарлықты күшейту үшін үлкен рөл атқарған.

«Назым сияр шариф» – исламның негізін қалаған Мұхаммед пайғамбардың өміріне арналған эпикалық шығарма. Шығарманың негізгі мақсаты – Мұхаммед пайғамбардың адамгершілік қасиеттерін дәріптеп, оның имандылық пен әділдік жолындағы күресін көрсету. Бұл шығармада пайғамбардың өмірі исламның қағидаларына сүйене отырып, жыр формасында баяндалады. Қазақ әдебиетінде осы тақырыптағы шығармалар діни білімді насихаттау, имандылыққа шақыру және ислам тарихын түсіндіру мақсатында жазылған. «Назым сияр шариф» осы міндетті атқара отырып, халықты исламның рухани-адамгершілік құндылықтарына үндейді. Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасы бірнеше ерекшеліктерге ие:

1. Діни және тарихи мазмұн. Қисса діни және эпикалық жанрлардың үйлесімі болып табылады. Діни мазмұнды поэтикалық формада баяндап, пайғамбардың өмірі мен оның ислам дінін тарату жолындағы күресін жырлайтын эпос үлгісінде жазылған. Қазақ әдебиетінде діни-эпикалық жанр көбінесе исламның қасиетті тұлғалары мен оқиғаларын жырлауға бағытталған. Шығарма исламның рухани құндылықтарын насихаттап, пайғамбардың өнегелі өмірін көрсету арқылы халықтың діни білімін байыту мақсатында жазылған.

2. Нәзира дәстүрі. Шәді Жәңгірұлы шығармасында нәзира дәстүрін ұстана отырып, ислам дініне қатысты тақырыптарды қазақ ұғымына лайықтап, ұлттық рең беріп жырлаған. Ол шығыстың классикалық үлгілерін қазақ халқына түсінікті етіп жеткізе білді. Бұл дәстүрде ақындар бұрыннан белгілі діни және тарихи сюжеттерді жаңаша тұрғыда жырлап, өз ұлтының дүниетанымы мен мәдениетіне бейімдейді. Шығыс әдебиетінде көп тараған пайғамбарлар мен әулиелердің өмір жолы туралы дастандар қазақ ақындарына да үлгі болды. Шәді бұл шығармасында Мұхаммед пайғамбардың өмірін қазақ тұрмысына жақын сипатта жеткізіп, ислам дінінің мәнін қазақ оқырмандарына түсінікті етіп көрсеткен.

3. Қазақ тіліне бейімделген діни мәтін. Шығарманың негізгі мақсаты халыққа ислам дінінің тарихын жеткізу болғандықтан, Шәді Жәңгірұлы шығарманы қарапайым қазақ тілімен жазып, дін туралы білімді халыққа жақындатты.

4. Рухани тәрбие. Шығарма Мұхаммед пайғамбардың моральдық-этикалық үлгісін көрсетіп, оқырманды имандылыққа, әділдікке, төзімділікке шақырады. Пайғамбардың өмірін баяндай отырып, исламның басты құндылықтары дәріптеледі. Шығармада рухани тәрбиеге үлкен көңіл бөлінген.

Ғалым Қ.Тәжиев: «Шәді ақын шығармасына ат қоюға да ерекше көңіл бөлген. Назым деген – өлең (жыр), поэзия, нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі, сияр – Пайғамбарымыздың өзі туралы айтқан тарихи тұрғыдағы сөздері, яғни хадис шарифтері мен сахабаларының кейінгілерге айтқан ақиқат хабарларынан жинақталған өмір тарихы, ал шариф – арабтың «ашраф» және «шурафа» сөздерінің жекеше түрі, яғни «көрнекті», «ізгі ниетті» деген мағына беріп, Мұхаммед Пайғамбардың немересі әл-Хасан ұрпақтарын ғана атаған, ал сайидтерді оның інісі әл-Хұсайын ұрпақтары деп бөледі. Шариф деп бастапқыда мұсылман ақсүйектерін, яғни арабтардың жаңа жерлерді жаулап алуы барысында пайда болған жаңа билеуші топ ретінде қалыптасқан белгілі әулет басшыларын атау үшін қолданылған. Кейін Мұхаммед Пайғамбардың өлімінен соң пайда болған ағымның насихатының ықпалымен Шариф термині бірте-бірте Мұхаммед ұрпақтарына қатысты

қолданыла бастайды. Бұл Мұхаммет Пайғамбарды құрметтеудің бір жолы болып табылды. Алайда шарифтердің көпшілігі дүние кұмай кедейшілікте ғұмыр кешті. Бұл – Пайғамбардың қасиетінің бірі. Сонымен «Назым Сияр Шариф» – Алланың соңғы Елшісінің өз аузынан шыққан және оның сахабаларының көзімен көріп, есіткен аса көрнекті де ізгі ниетті тарихының ақиқат шындығы туралы жазылған нәзік сезімді, назым түріндегі поэзия. Мұнда автор тарапынан көркемдеу мен әсірелеулер, өз тарапынан қосып-алар пікірлер болмайды немесе күдікті, сенімсіз әлдебір екіұшты ой, пікірлер айтылмайды» [3, 16 б.], – деп шығарманы жазудағы автор жауапкершілігінің өзгеше деңгейде болғанын атап көрсетеді. Туындыда баяндалып отыратын оқиғалар жеке-жеке тақырыптармен беріледі.

«Назым сияр шариф» – қазақ әдебиетінде діни және тарихи мазмұнды эпикалық шығармалардың бірегей үлгісі. Шығарма дін мен тарихтың ұштасқан, адамгершілік қасиеттер мен имандылықты насихаттайтын маңызды туынды ретінде танылды. Мұсылмандықтың қазақ даласындағы нығаюына және халықтың рухани өміріне ықпал еткен бұл шығарма діни білімнің халық арасында кең таралуына себеп болды.

Шәді Жәңгірұлының әдеби мұрасы қазақ, өзбек, қарақалпақ және түрікмен халықтарына ортақ деуге болады. Ол осы елдердің ауызша және жазбаша мәдениетін терең меңгеріп, оны өз шығармашылығында тиімді пайдаланып, сол халықтардың шайырларымен тығыз қарым-қатынас орнатқан[4, 132 б.]. Шәді ортақ тақырыптарды өзіндік ерекшелігімен қайта жазып шыққан, бұл оның жан-жақты ізденіс пен қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін көрсетеді. Шығыс классикалық әдебиетінің назира дәстүрін жетік игерген Шәді ақын, гуманистік және ағартушылық бағыттағы шығармаларын дәстүрлі тақырыптармен үйлестіріп жырлаған. Ол мазмұны, формасы мен идеясы жағынан жаңашыл, өзіне тән төл туындылар жазған.

Қорытынды. Шәді ақынның шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениетіне тигізген игі ықпалы ерекше. Оның еңбектері, оның ішінде шығыс әдебиетінің дәстүрлерін қазақ аудиториясына жақындатып, шеберлікпен бейімдеген. Орыс халқының тарихын да зерттеген ол, қазақ әдебиетінде шығыс және орыс мәдениетімен байланыс орната білді. Өз шығармашылығын ой елегінен өткізіп, терең мағыналы туындылар ұсынған ақынның біраз еңбегі көзінің тірісінде жарияланған. Шәді шығармалары қазақ әдебиетін мазмұн мен идеялық жағынан байытып, оның көркемдік құралдарының дамуына айтарлықтай әсер етті. Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шариф» шығармасы – қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын діни-тарихи дастан. Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен ислам дінінің таралу жолын баяндаған бұл шығарма арқылы Шәді Жәңгірұлы қазақ оқырмандарына имандылық пен діннің маңыздылығын жеткізе білді. Дастан халықтың рухани дамуына, моральдық-этикалық құндылықтарын нығайтуға ықпал еткен әдеби туынды ретінде қазақ әдебиетінің алтын қорына енді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. Алматы: «Білім». 1999. - 256 б.
2. Жәңгірұлы Ш. Назым Сияр Шариф. – Алматы: «Алаш», 2007. – 180 б.
3. Қазыналы Оңтүстік. 80-том. Шәді Жәңгірұлы. Назым сияр шариф. Бірінші кітап. Алматы: Нұрлы әлем, 2012. -343 б.
4. Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы. 1978. 12т. - 265 б.

ҒАЛАМТОР АЙТЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Базарбек Б.Ғ.

*Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты*

Кіріспе. Ежелден халқымыздың ауыз әдебиетінде қалыптасып, бүгінгі күнге мол мұра болып жеткен айтыс өнерінің жаһандануы еш уақытта тоқтаған емес. Қазақ қазақ болғалы бірге жасасып келе жатқан ұлттық өнер – жыр жарысы жылдар мен ғасырлар өткен сайын жаңа бір белестерді аттап келеді. Десек те, әуелден тұрмыс-салт жырларының қатарынан табылып, еншісін алып сөз өнерінің үлгісі, жыр жарысына айналып, уақыт өте келе суырып салмалық өнердің озық үлгісін көрсете білген айтыс өнерінің жаңашылдығы халық арасында әлі де туа бермек.

Тарих беттерін парақтасак, көшпелі қазақ халқының өмір салты айтыс өнерінің ғасырдан-ғасырға дамуы мен кең таралуына әсер етпей қоймады. Себебі, әуелде дерттен айығу не ойын-тойларда көңіл көтеру үшін ғана шырқалатын сөз жарыстары халқымыздың әр салтанатында орын алып, уақыт өте келе ұлы даламыз сөз шеберлерін тәрбиелеп, суырып салма айтыс ақындары бір-бірін іздеп келіп, сөз жарыстыратын сәттер де болған. Әр кезеңде ұлы өзгерістерді бастан кешірген айтыс өнері ХХІ ғасырда да жаңашылдыққа ие болды.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде сөз сайыстыру арқылы тапқырлық пен алғырлықты сынайтын айтыс өнерінің тағы да бір жаңғыруы карантин мерзімінде өтті. Заман өзгерісі мен дамыған технологиялық құралдар пандемия кезінде де айтыстың жаңа қырынан белең алуына әсер етті.

Әлемдік пандемия қазақ даласына келген сәттен бастап, әлеуметтік-қоғамдық қажеттіліктерімізді қолымыздағы смартфон арқылы шеше бастадық. Жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отыра, рухани азығымыздың барлығын әлеуметтік желілер арқылы алдық. Солардың бірі әрі бірегейі – төл өнеріміз айтыстың да онлайн сахнаға көшуі. Бұл бұрын соңды қазақ тарихында болмаған жаһандану кезеңі болды.

«Ақынды танымал ететін ғаламтор да, телеарна да емес – көрермен» - деп Ринат Зайытов айтпақшы, ғаламтордағы айтыстарда да көрермен көңілінен шығатын салмақты түйін, өмір шындықтары, әзіл-қағытпалар мен қоғам мәселелері қозғалып отырды.

Негізгі бөлім. Айтыс өнерінің ғаламторлық нұсқаға ауысуы – жаңашылдықтың бастамасы. Себебі, барлық қоғамдық шешімдер ғаламтор арқылы шешіле бастаған уақыттан бастап, айтыс өнерінің де халық арасында тарауына ғаламтордың пайдасы орасан болды. Көптеген әлеуметтік желілер, сайттар, радио арқылы айтыстар өткізу белең ала бастады. Ғаламтор арқылы өткен айтыстарда ақын шабытын көрерменнің онлайн қошеметі арқылы ашса да, басқа айтыстардан кем түсе қойған жоқ. Қазақстанның түпкір-түпкірінде, аудандық, облыстық, республикалық онлайн айтыстар өткізіле бастады.

Әртүрлі қоғамдағы маңызды мәселелерді халыққа экранның арғы жағынан жеткізе алу да - бір өнер. Айтыстың алтын алқабына онлайн қосылған әрбір ақынның өзінше жаңалығы, өзінше мақамы бір-біріне ұқсамайды. Халық шығармашылығының қайталанбас өнерін карантинге бейімдеп, алғаш рет ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Агенттік жанындағы Республикалық ақпараттық-ағартушылық штабтың бастамасымен он күнге созылған республикалық ақындар айтысы болып өтті. Айтысқа әртүрлі өңірлерден 16 суырып салма ақын қатысты. Оның ішінде үлкен айтыстардан алғаш көріне бастаған жас ақындар мен республикалық және халықаралық айтыстардың жүлдегерлері Сырым Әуезхан, Данияр Алдабергенов және Жұлдызай Маратбекова және тағы да басқа белгілі айтыскерлер болды.

Айтыскер ақынның халық алдында қоғамдағы өзекті мәселелерді жүйелі жеткізе алуы – оның біліктілігі мен білімінде жатыр. Аталмыш айтыс ақындары өлеңмен сыбайлас жемқорлық көріністерін ашық айтып, халықты жаман әрекеттерден тыюға шақырды. Он күн

бойы әртүрлі кезеңдерден өтіп, жастарға таза ниет пен адалдыққа үгіттеп, жемқорлықтың ел болашағына үлкен зияны тиетінін, бұл жолда күресу керектігін насихаттады.

Нұрсұлтандық Бек Шымат, Семейлік Айшолпан Тілеутай, Ақтөбелік Нартай Тілеуқұл, Өскемендік Жұлдызай Маратбекова өлеңмен қағыта отыра, онлайн айтыстың сәнін кіргізді. Ғаламтор арқылы өткен аталмыш айтыстың өту барысы штабтың Facebook, Instagram, YouTube парақшаларына жүктеліп, қалың көпшілікке ұсынылды. Онлайн айтысты тамашалаған әлеуметтік желі қолданушылары Telegram арнасында өз сүйікті ақынына онлайн дауыс берді. Он күнге созылған айтыстың іріктеу кезеңінде мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтың төрағалық етуімен қазылар алқасының арасында жеңімпаздар анықталды.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әртүрлі шаралар мен іс қимылдар жүргізіліп жатқанмен, атқарылуы тиіс жұмыстардың көш басында халыққа берері мол айтыс өнерінің биігі тұр. Адам санасына сыналап сіңген сыбайлас жемқорлықпен күрес біздің қоғамның азаматтық ісі. Расында әрбір азаматтың санасында «мемлекет маған не берді?» емес «мен мемлекетке не бердім?» деген ой сыналап жатуы тиіс. Әсіресе, айтыс арқылы дау-жанжалдар шешіліп, түйіліп келген топ ашығын айтқан әділ сөзге тоқтайды. Онлайн айтыс біздегі сананы жаңғыртып қана қоймай, түйткілді мәселелердің шешілу жолдарын айқындайды.

Қазақстанда алғаш болып өткен онлайн айтыстың қоғамға айтары мол. Айтыс атмосферасын үлкен сахнадағы секілді бере алмаса та, онлайн айтыстың жұрт көптен күткен жаңашылдық болғаны рас.

«Төле би он үшінде төрелік айтқан,
Қазыбек би он бесінде дау шешкен»

- деп шаршы топта сөз бастаған даралардың ұрпақтары екенімізді ылғи мақтана айтамыз. Десек те, аталмыш айтыста қолына домбыра ұстап, елдің мұң мен шерін шертіп, сөз қағыстыруға келген айтыс ақындарының дені жастар. Олардың қатарында әр заманда айтыскер ақынға қойылатын басты талап – жаңа кестелер туғызып, сөз өнерінің тың бейнесін халыққа ашу. Көтерген мәселелері өзін алаңдатып қана қоймай, халық пен қарсыласын сендіріп, сөзден шалып құлатқан Бек Шымат пен Мұхтар Ниязовтың айтысы қағытпа мен әзілге толы болды. Өзінің ағалық борышын өтеп, қарсыласына бата беріп, бірнеше жыл бұрын айтыс көгіне қанат қақтырғанын айтып өтті. Ұстаз бен шәкірттің сырласуы іспеттес бұл айтыста елімізде ашылмай жүрген көптеген іргелі мәселелер көтерілді. Айтылған әрбір сөздің межелі жеріне жетіп, үкіметке ой салғанын алға тартқан ақындар Қордай өңіріндегі жігіттердің мәселесінен бастады. Әскерге алынған ұлдардың артынан мақтау қағазы емес, қара қағаз келіп жатқанына ашынды. Ел алдында перзенттік борышын өтеуге асыққан жастардың құпия өлім құшып жатқанына ызаланды.

Ертеңі еліміздің не болады,
Бас көтерген ұлдарға төне берсе,

- деп Бек Шымат елімізді қорғауға титтей де болсын пайдасын тигізуге асыққан жастардың мұндай хәлге не себепті түскеніне бас қатырып, еліміздің ертеңіне алаңдайтынын, басшылықтың осындай істерге салғырт қарайтынын атап өтті.

Соларды үйден алып, тергеуге әкеп,
Таяқты жегізеді жемегенше.
Мерт болса, өзіне-өзі қол жұмсады деп,
Себебін күттірмейді не дегенше,

- деп Бек Шымат қазақ жігіттеріне тигізіп жатқан залалын ашына айтты.

Сонымен қатар, бірінші кезеңде сегіз жұп, екінші кезеңде төрт жұп өзіндік көркемдік әлеміне көрерменді баурап, кекесін қалжыңмен әртүрлі қоғамдағы мәселелерді көтерді. Қазақстанда болып жатқан соңғы жағдайлардың ішінде Арыс қаласындағы жарылыс пен далада қалған халықты, Мақтарал ауданындағы су басып, қираған үйлерді, карантин кезіндегі несие мен көп балалы отбасыларға көмек мәселелерін көтерді.

Арысқа да қаншама ақша бөліп,
Елде осы істерді талдағандай.
Қаншама ақша жетпеп еді межелерге,
Қиындықтар кездесіп жолда қалмай.
Басшыларға Құдайым иман берсін,
Ең соңында іс болмай дау болардай.
Қалың жұрттың жағдайын ойласа екен,
Халықтың қиналғанын пайдаланбай...

– деп Бек Шымат басқа түскен ауыр хәлдің оңай соқпағанын, қалың жұрттың жағдайын ойлайтын үкіметтің, жетіспеген көмек қолының халыққа жасалған қиянаттың салдарын қозғайды.

Айтыстың үшінші кезеңінде өнер көрсеткен Ақтөбелік Нартай Тілеуқұл мен Нұрбол Жауынбаев бір-бірін мінеп, тұтқиылдан тиісудің орнына, бір-бірінен қапы қалмай, тапқыр айтыс үлгісін көрсетті.

Бір-бірін тұқыртуға тырыспай, әдемі әзілмен, алғырлықпен қазіргі қоғамның мәселелерінің диалогын жасады. Сөз барысында карантин кезіндегі «жиырма бір мыңның» жырын жырлады, халқымыздағы отбасының беделіне тоқтала өтіп, ананың қадір-қасиетін аша білді.

Жиырма бір мыңды дау қылдық қой,
Дау қылардай көп көмек болған жоқ еді.
Заманның суығы мен ызғарына,
Анадай аяулы жан тоңбау керек,

- деп Нұрбол Жауынбаев аналарды бәрінен жоғары қояды. Өмірге сәби әкеліп, оны жетілдіріп, өсірген аналарымыздың жиырма бір мыңды ала алмай жүргендерін де астарлап жеткізеді. Аналарды құрметтеу, аналарды аялау, аналарды бағалау керек екенін айтады.

Сөзінің соңында:

Абайдай ұлдар тусын десек егер,
Ұлжандай аналарды қолдау керек,

- деп Нұрбол Жауынбаев ақылды да дана Ұлжан анамызды қазақ әйелдеріне үлгі етеді. Аналардың жұмыс мәселесін, әлеуметтік жағдайын қолдауға атсалыссақ, Абайдай ұлдардың дүниеге келеріне сенеді.

Демек, айтыс халық арасында да, ғаламтордың арғы жағында да өз құндылығын жоғалтпаған бағалы өнер. Айтысқа қатысушы әрбір ақынның көркем тілі мен келелі ойын сараптап, баға беруші көрермен де даяр. Тек қана қоғамға бейімделу арқылы жаңа дүниелердің жасалуына мүмкіндік алып отырмыз. Бұл мүмкіндікті карантин кезінде пайдалану ең ұтымды шешімдердің бірі. Ғаламтордағы айтыс арқылы сахнада тамашалап отырған көрермендерге ғана емес, бүкіл қазақ жұртына, бүкіл ғаламтор қолданушыларының айтысты тікелей тамашалауына мүмкіндік туып отыр. Сол себепті сөз жарысының бұл жаңғыруы – келешекке қажетті елеулі өзгерістердің бірі болды.

Өрелі сөздері мен көкірек көзін оятар жырлары халық жүрегіне жол тапқан ақындардың өткір тілін карантиннің өзі тоқтата алмағанын тілге тиек еттік. Халықтың жаны әрдайым айтысты сүйеді, айтысты іздейді. Десек те, қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткеріп жатқан халық үшін айтыскер ақындардың бағыт сілтеуі, қолдау беруі аса маңызды болды. Денсаулық, отбасы тіпті қалалар мена ауыл-аймақтардың карантинге жабылуы халықты аландатып, вирус жайыла бастаған уақытта күнкөріс қамымен жүрген қазақ елінің жанына демеу бола білді. Ежелден-ақ ән мен күйді сүйген, өнерді аса бағалайтын қазақ халқы үшін үйде отырып айтыс қарау бөлек сезім сыйлай алғаны рас. Жабырқау көңілдерін жазып, әр шумағынан бал тамған айтыс ақындары әркез халықтың еңсесін көтере білді.

Карантиндегі халыққа айтыстың онлайн түрін алып келудің себебі жайлы Жүрсін Ерман былай дейді: «Өмір сұлықсыз, сүлеңсіз болғанмен қазақ тіршілігі жалғасып жатыр.

Атырауда, Таразда, Қызылжарда өтетін айтыстар сырылып кетсе де, ақынның тілін ешкім байлап тастаған жоқ. Сондықтан онлайн айтысқа радио арқылы айтыс жасап, халықтың есесін көтеріп, жырлар айтады.»

Расымен де, жалынды жырларымен халықты бір күлдіріп, бір жылатуға асық, әрбір өткір ойымен есте қаларлық, шындықты шырылдатып айтып, өтірікті айқара ашатын, ал қоғам мәселелерін бүкпесіз төгетін айтыс ақындарының рухын карантин көтеріп тастаған болатын. Халықтың қошеметін аңсап, қолдарынан домбырасын тастамай, отты жырлары арқылы үзіліп бара жатқан қарапайым жандардың келешекке деген үмітін жалғасыра білді.

Халық басына қандай қиыншылық түспесін суырып салмалық дәстүр жалғасын тауып, өркендеп дамып отырды. Түрлі жыр бәйгелері халықтың жанында сақталып қалды. Қай кезеңде болмасын, айтыстың ішкі мазмұны сол қоғамдағы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, саяси-әлеуметтік жағдайына, кемшіліктері мен жетістіктеріне қатысты дамып, әсемдігі жағынан биік белестерге көтерілді. Осылайша, әдебиет тарихында дәстүрлі сөз өнерінің мұрасы ретінде жазылып қалды. Әрі халқымызбен бірге ғасырлар бойы жалғаса беертініне күмәніміз жоқ.

Мұндай тағы жаңа бір бастаманы Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман ұйымдастырды. Халықтың көңіл-күйін көтеріп, жанына медеу болуға асыққан, орақ тілді, сөзге жүйрік айтыскерлерді радио арқылы онлайн байланыстыра отыра, рухани айтыстың жаңа бір дүниесін жасап шықты.

Айтыс өнерінің нағыз жаһандануына мүмкіндік берген бұл тұста қоғамдағы кемшіліктер жыр тартысында айтылып, іс-әрекеттерді айғақты түрде ашық көрсетті. Онлайн айтысты алып келу де ұлттық өнерді дамытып, ұрпақтың санасына сіңіріп, келешекке аманаттауда үлкен мүмкіндік берді.

Алғаш рет Қазақ Радиосының бастамасымен «Нұр Отан» партиясының қолдауымен мен Халықаралық айтыскер ақындар, жыршы, термешілер одағы ұйымдастырған онлайн жүйесіндегі радио айтысы бастау алды. Әр апта сайын сөзден түйін түйген, суырып салма ақындардың өнері радио арқылы ортаға түсіп, әлеуметтік желілерде халықтың қошеметіне ие болды.

Бұл туралы Жүрсін Ерман өз сөзінде былай дейді: «Карантинге байланысты айтыстың берекесі қашып кетті. Айтыс деген көрерменнің, халықтың ортасында қиқумен өтетін, көпшілікті сүйетін өнер. Бірақ төтенше жағдай кезінде үнсіз қалмау үшін Қазақ радиосы ақындарды бір-бірімен айтыстырудың амалын ойлап тапты. Неше түрлі жақсы айтыстар болды, елдің көкейіндегі сөздер айтылды. Карантинге байланысты басқа түскен қиыншылықтар, соған байланысты жағдаяттар, кейде шын сөзбен, кейде әзіл сөзбен біраз қамтылды.»

Бұлай дейтініміз, апта сайын Қазақ радиосының төрінде аламан бәйгеге шыққан әрбір айтыскер ақынның сөзінде тірілік пен іріліктің белгісі бар. Айтыс майталмандары ХІХ ғасырдан бастап, халықпен бірге күн кешіп, күнкөріс мәселелерін шешіп, дау-дамайларға атсалысып отырған. Ал бүгінгі таңда карантин кезіндегі айтыскерлердің әрбір сөзі халыққа қуат берері анық.

Сондықтан радио айтыстың әрбір майталманы өзіне тән ерекшелікпен, халықты қолдауға тырысты. Екі айға созылған айтыста Мұқтар Ниязов пен Рүстем Қайыртаев, Шұғайып Сезімхан мен Қазірет Бердіхан, Аяулым Жұмабекқызы мен Дәурен Ысқақов, Мейірбек Сұлтанхан мен Шалқарбай Ізбасаров және тағы да басқа еліміздің жыр жарыстарында жүлделі орындардан көрінген танымал айтыс ақындары төбе көрсетті.

Бұл қазақ радиосы құтты шаңырақ,
Талмайтын тұғыр болған тіл жарларға.
Айтыспен дәстүрімді насихаттап,
Алашымды бастаған шын заңғарға,

- деп Қанат Мырзахан онлайн режимде жыр додасын өткізуге мүмкіндік берген Қазақ Радиосын тілге тиек етті.

Жамбылдық Қанат Мырзахан мен Ақтөбелік Ақниет Жұбанышовтың сөз сайысы да көкпарда бір-бірінен оза тапқан екі жүйріктей кезектесіп отырды. Сөз бастаған Жамбылдық ақын:

Ата-анаң қыз болады деп күткен шығар,
Ер бала болуыңды қаламастан.
Сондықтан туылғанда қоямыз деп
Қыздың атын жиған-ау бар Алаштан,

- деп Ақниет Жұбанышовтың есіміне батыра тиісті. Сөзін жалғастыра келе:

Роддомға мас күйінде келген шығар,
Бойындағы қызуы тарамастан.
Қыздың атын қоя сап қайтқан шығар,
Бет түгіл беліңе де қарамастан,

- деп Ақтөбелік ақынға әкесінің қыздың есімін қойғанына батыра айтып жіберді. Тарихта бір-бірінен сөзден жеңілмес үшін дөрекі сөздерді де айтып жіберу орын алып тұрған. Бірақ, Ақниет Жұбанышов әкесінің өзіне қыз баланың есімін қоюын әзілге айналдырып, қоғамдағы маңызды мәселенің бетін ашты.

Ақниет қыздың аты дегеніңмен,
Ақниет қыз мінезді боп өскен жоқ.
Атымды қойған әкем кінәлі ғой,
Оған бола әкеммен егекем жоқ.
Негізі менің әкем қызық адам,
Ат қоярда менімен кеңескен жоқ,

- деп әкесіне құрметін білдіріп, Ақниет деген есімінің мағынасын көркем сөзбен ашып береді:

Арулар қылығымен жеңу керек,
Жігіттер оған көңіл бөлу керек.
Әрбір ару еріне қорғаным деп
Әкесіне сенгендей сену керек.
Ал жігіттер қыздарды анасындай,
Құрметтеп мейірімін төгу керек.
Аруға қол көтерген жігіттерге
Сексен дүре аямай соғу керек.
Қыздың арын аяққа таптағанды
Қабырғасы сынғанша тебу керек,

- деп ақын қазақ қызы – болашақ ана, шаңырақтың берекесі ретінде қарап, оның тәрбиесіне баса мән берген. Әлеуметтік желіде де көп талқыланатын мәселенің бірі – қыз тәрбиесі екені белгілі. Қарындастарымыздың киім киісінен бастап, сөйлеуі, тамақ дайындауы, тіпті атқарып жүрген қызметі де талқыға түсіп жатады. Қыз тәрбиесіне немқұрайлы қарай алмайтын қасиет қазақтың қанына сіңгендіктен ақын сөзін осылай жалғастырады:

Ұлтым ертең құрдымға кетпеу үшін,
Қыздың арын қызғыштай қору керек.
Айналайын, Қанатжан сондықтан да,
Жүректер ақ ниетке толу керек.
Еркекке Ақниет деп есім берсе,

Астарына көп көңіл бөлу керек.
Қара ниет қаптаған бұл қоғамда,
Жігіттерде ақ ниет болу керек,

- деп Ақниет Жұбанышов қыз баланың ары мен абыройы, сыры мен сымбатына қатысты ойын білдіреді. Халқымызда «бір ұл тәрбиелесең – бір әулетті тәрбиелегенің, бір қыз тәрбиелесең – бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген дана сөз бар. Қыз бала әлемнің көркі әрі ұрпақ көбейтуші. Қыз баланың тәрбиесін ұлттық болмыстың барлық іргетасымен астастыратын халықтық қағиданы бүгінгі таңда біз де қалтқысыз ұстануымыз қажет. Оның болмысын биіктететін, тұлғалық ерекшеліктерін айқындайтын тәрбие мен ұлттық құндылықтарды айтып өтеді.

Ақниет есімімен бастау алып, қыз құндылығын қозғаған ақын қоғамдағы қыздардың жағымды, жағымсыз әдеттері мен қыз тәрбиесіндегі олқылықтарды ашып айтады. Келін болып түскен қыздың өз елінің барлық жақсы қасиеттерін, рухани-моральдық құндылықтарын өзімен бірге ала келіп, табалдырығын аттаған босағасының игілігіне, қала берді бүкіл сол бір қалың елге сіңіреді. Бұл жақсы үрдіс, ғибратты ғадет бүкіл ұлттың бірлігіне, рухани болмысына игі ықпалын тигізген. Сондықтан да халқымыз қыздарына төрден орын беріп, қонақ деп еркелеткен, парасаттылыққа баулып еркін өсірген.

Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді-тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы, әрине, әйел-ана. қасиетті Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі.

Қорыта айтқанда, ғаламтордағы айтыс - қазақтың халық ауыз әдебиетінен бері жалғасын тауып келе жатқан айтыстың заманауи бағытқа жаһанданған түрі. Күнделікті ұялы телефон қолданатын халыққа кез-келген уақытта айтыс тыңдауға мүмкіндік береді. Әрі үлкен сахнаға дайындық барысында жүрген жас айтыскерлердің өздерін шыңдауға экран артындағы айтыстар ыңғайлы болушы еді. Ғаламтордағы айтыстарда да өлеңді табан астында шығарып, тосыннан сөз таластырады. Өлеңмен әртүрлі сұраулар қойып, бір-бірін тығырыққа қамау үшін, бір-бірін сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақтайды, жеке басын әзіл-қалжыңға қосады. Қарсыласы қанша сүріндірсе де сөз таба алған, жүйріктігі мен білгірлігі, елдің шежіресін, тарихын, жайын білетін ақындар ғана шаршы топты жарып шыға алады. Радио айтыс – бұрын соңды қазақ халқының айтыс өнерінде кездеспеген онлайн сөз барымтасы болды. Радио айтыстың көптеп халық арасында таралуына да әлеуметтік желілердің орыны бөлек болды. Екі ай бойы апта сайын ақындарды сөз майданына салып, жеңімпаздарды инстаграм әлеуметтік желісі арқылы анықтады. Мұнда айтысқа түсетін әрбір ақын тыңдаушыға махаббатпен қарап, елдің хәлін, пайдасы мен зияндарын талдады, бір-бірімен жауаптаса отырып, білім шарқын байқатты, әзілмен қағып, есекке кері мінгізді, ілтипат көрсетіп, карантиннен кейінгі өмірдің хәлін сипаттады. Айтысқа түскен екі ақынның да көрісуінен бастап, сөз қағысуының үдей түсуі, көрерменге нағыз айтысты онлайнда да сезіндіре алуын, көптеген мәселелерді көтеру арқылы ой сала білуін, әртүрлі тақырыптарды қамтып, халық мұңы мен халықты күлдіретін жайттарды еске салып отырды.

МАЗМҰНЫ

Пленарлық мәжіліс баяндамалары

<i>Ақыш Н.</i> «Қан мен тер» романындағы дискурстық аспект.....	3
<i>Орда Г. Ә.</i> Нұрпейісовтің «Күткен күн» романындағы майдан шындығын бейнелену тәсілдері.....	7
<i>Сейпүтанова А.</i> Тарихи дәуір мен ел тағдырының тамыршысы, классик жазушы – Ә.Нұрпейісов.....	11
<i>Оразов Б.Т.</i> Әбдіжәміл Нұрпейісов және ұлттық таным.....	14

Қазақ прозасының дамуы мен қалыптасуы

<i>Әбдиманұлы Ө.</i> Қоғам тарихы, адам тағдыры, табиғи орта – үш таған бірлігінің көркемдік таным шындығы.....	16
<i>Қалқабаева С.Ә.</i> Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы әдеби характер және психологиялық талдау.....	19
<i>Мәдібай Қ., Мұхамади Қ.</i> Әдебиет тарихы.....	22
<i>Құрманбаева А.Ә., Шиндалиева М.Б.</i> «Соңғы парыз» немесе экологиялық иман аспектілері.....	25
<i>Серікжанова М.С., Сейсенбиева Э.С.</i> Бұқаралық әдебиет жанрының ерекшеліктері.....	28
<i>Исабекова Ж.А., Сейсенбиева Э.С.</i> Р.Мұқанованың «Сарқаншық» әңгімесіндегі автор мен нарратордың қызметі.....	31
<i>Кенжеқожаева А.М.</i> Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңіндегі мән-мағына поэтикасы.....	35
<i>Утепбергенова Г.К., Бисенғали З.Қ.</i> Х.Есенжановтың «Ақ жайық» романындағы тарихи тұлғалар бейнесі.....	37
<i>Зиядибеков Н.Д.</i> Әдебиеттанудағы фантастика жанрының дамуы.....	40
<i>Тұрдалі Т.</i> Фэнтези жанрының мифологиялық және магиялық негіздері.....	43
<i>Тойбазар А., Даутова Г.</i> Қазақ және сібір түркілері эпостарындағы ортақ сарындар.....	44
<i>Калыбеккызы С.</i> Бұқаралық әдебиеттің даму деңгейі мен ерекшеліктері.....	49
<i>Полатбек Г.Ж. Мамбетов Ж.О.</i> Шерхан Мұртазаның «Сояу» повесіндегі авторлық ұстаным және өмір шындығы.....	51
<i>Тайбекова Қ.М.</i> Бексұлтан Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай» романында аштық тақырыбының көрініс табуы.....	55
<i>Сарсенова А. А.</i> Роман әлеміндегі құпия қойма: оқиға мен ой астары.....	59
<i>Тұрғымбай А.Қ.</i> Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі психологизм мәселесі түйіндеме.....	62
<i>Амангельдин Е.А.</i> Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы уақыт пен кеңістік категориясы.....	65
<i>Жолдасқалиқызы Ә.</i> «Кішкентай» шығармасындағы кішкентай қоғам.....	69
<i>Жұбатқан М.</i> Образ дракона в мировой мифологии.....	72
<i>Байқонысова Г.А.</i> Медеу Сәрсекке романдарындағы тұлғатану мәселесі.....	76
<i>Болатханқызы Ғ.</i> Стереотиптің түрлері және оның этномәдени сипаты.....	79

Әдебиеттану, фольклортану ғылымының өзекті мәселелері және тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі

Сарбасов Б.С., Қалиев С.А. Заманауи білім беруде ұстаздың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру.....	84
Умерджанова Ж.Т. 10-сыныпта «Қан мен тер» романынан үзінді оқыту.....	87
Ахмадиева Д.Ж., Байтанасова Қ.М. Қазақ әдебиетін Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде оқытудың әдістері.....	91
Дәрібаев С.Д., Диярова Н.А. Зар заман және Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлы шығармашылығы.....	96
Рахымбаев Ғ.К. Мекембай ақын – балалар әдебиетінің көрнекті өкілі.....	99
Байкабилов У.А. Кейбір фразалар төркіні.....	102
Собирова Б.Б. Сравнительно-семантический анализ паремииологических единиц с концептом «цвет» в русском и узбекском языках.....	105
Берікқызы Н., Қалқабаева С.Ә. Көне түркілік әдеби мұраны зерделеген шығармашылық тұлға.....	107
Атаханова Н.А., Бисембай Р.А. Жаңартылған білім мазмұны аясында Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романын жоба технологиясы бойынша оқыту.....	111
Саткенова Ш.Б., Тлеубаев С.Б. Қазіргі қазақ әңгімелерін оқытудағы жаңаша көзқарас.....	115
Стамқұлова Ж.Е. Қазақ тілін ЖОО-да қашықтан оқыту технологиясының тиімділігі.....	119
Жылкелдиева Г., Иманғалиев Б. Инклюзивті балалар әдебиетінің маңызы.....	123
Лесбекова Ұ.М. Қазіргі қазақ поэзиясындағы космогониялық мифтерді ЖОО-да оқытудың интербелсенді әдістері.....	126
Есентүгел А., Сарбасов Б.С. Алма Қыраубаева – ежелгі әдебиет зерттеушісі.....	129
Сарбасова И.С. Абай іліміндегі «тұлға» мәселесі.....	133
Умбетова Ж.К. Сүйінбай поэзиясындағы ұлттық құндылықтар.....	135
Оспанбек Б. Махамбет поэзиясының тілдік ерекшелігі.....	139
Махамбетова Р. Мақал-мәтел – халық мұрасы.....	142
Рахметова Е. Оралхан Бөкей повестеріндегі суреткерлік шеберлік.....	145
Макишева Г. Бұқар жырау шығармаларының көркемдік ерекшелігі.....	149
Атілғазы Ұ. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық идея.....	153
Төлеуғалии Қ. М.Мақатаев шығармаларының көркемдік ерекшелігі.....	157
Даулетбекова Г.Е. Мағжан Жұмабаев «Батыр баян» поэмасының көркемдік ерекшелігі.....	161
Мужигова Г., Сейсенбиева Э.С. «Ер төстік» ертегісіндегі кенже ұлдың дәріптелуі.....	165
Мұқият Д. Қазақ-орыс билингвизмі және интерференция мәселесі.....	167
Бейсен А. Бақыт Беделхан поэзиясындағы рух концептісі.....	170
Мамирбаева А., Мәтбек Н. Шәді Жәңгірұлы шығармашылығындағы нәзира дәстүрі «Назым сияр шариф» қиссасы.....	174
Базарбек Б.Ғ. Ғаламтор айтысының қалыптасуы.....	177

Ғылыми басылым

**«ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН
ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР»
атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, 29 қазан 2024жыл

Мақала мәтініне автор жауапты

Электронды басылым

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 171-үй
«Қазақ университеті» баспаханасы

